


Мүкадес ЕСЛӘМҒАЛИҰЛЫ

ӘЙТЕКЕ БИ

(Тарихи-философиялық диалогия)

427302



АРЫС

«Арыс» баспасы
Алматы
2003

ББК 63.3 (2Қаз)

М 83

Мұқадес Е.

М 83 Әйтеке би (тарихи-философиялық диалогия). – Алматы, «Арыс» баспасы, 2003. – 376 бет.

ISBN 9965-17-132-7

Белгілі жазушы, Халықаралық “Алаш” әдеби сыйлығының лауреаты Мұқадес Есламғалиұлының екі кітаптан тұратын жаңа романында негізгі кейіпкері ойгілі Әйтеке би ғұмырнамасын Темірқазық ете отырып, тарихымыздың “алтын ғасыры” саналатын XVII–XVIII ғасырдағы есімдері ел аңызына айналған Тәуке хан, Төле, Қазыбек, Әнет баба, Соқыр Абыз, Мәті, Болдыш секілді және олардың төңірегіндегі, кейінгі ұрпаққа бекзаттықтарымен белгісін қалдырған алып тұлғаларымыз – батырларымыз, шешендеріміз, айыр көмей ақындарымыз бен өнерімен өнеге өрнегін кестелеген сері-сыпаларымыз хақында тарихи-философиялық ой толғайды.

Сонымен бірге, қазақтың салқар даласына қызыға да, қызғана да қараған екі көздің бірі жауығып тұрған кездегі Тәуке ханның, тек алты Алаштың ғана емес, түбі бір түркі жұртының тұтастығын көксеумен өткен Төле, Қазыбек, Әйтеке секілді көсем билеріміздің ел бірлігі мен ынтымағы жолындағы қорегендіктері мен өзара достық, сыйластық өнегелері, әр сөзі бұлжымас жарғыға татырлық философиялық ойлары көркем бейнеленеді.

ББК 63.3 (2Қаз)

М $\frac{0503020905}{446(05)-03}$

ISBN 9965-17-132-7

© Есламғалиұлы М., 2003
© «Арыс» баспасы, 2003

АЛҒЫ СӨЗ

Халқымыздың қайта тумас үш дарағы — Төле, Қазыбек, Әйтеке сынды дана-гойлер сөзінің сыр-сипаты мен мән-мағынасына үңілген сайын тілі сайын сахараның саумал самалындай есетін Гиперидтің, сілтеген тұсын түп-талырымен қиып түсетін Дикуретің, Афиннің небір асыл сөзін суша сапырған Фемистокльдің, сайыққанның төбесінен күн күркіретіп, найзағай ойнатқан Перикльдің, даналықтың шетсіз-шексіз дариясы саналған Платон мен Аристотельдің, шешендіктің қыран қанаты жетпес шырқау биігінде самғаған, “сөздеріне бір ауыз сөз қосуға да, бір ауыз сөз алуға да болмайтын” Демосфен мен Цицеронның, астарлы ойының қатпарын ақылдының өзі абайлап барып ұғар, мысқылынан талайдың мысы басылған Эзоптың, орыс заң тілінің суырып салма саңлағы, анасы қазақ Плеваконың, әділдік әлеуетімен қысқа күнде ханның өзін қырық тұрғызып, қырық отырғызған Жиреншенің, “түгел сөздің түп атасы” атанған Майқының, өмірі халқына жер жөннатып іздеумен өткен Асанқайғының асыл ойлары мен таңғажайып гибраттарын қайта оқып отырғандай сиқыр дүниесіне сұңгисің.

Қайыра-қайыра оқисың. Толғанасың. Тәубаңа келесің. Сөт сайын әсер дариясында жүзіп, шын мәніндегі адами тұлғаға енгендей сезінесің. Сондай шақтың сәтті бір күнінде Әйтеке жайында қолға қалам алдық. Ал, ол жайында жазу тарих тұңғышына сұңғу болып шықты. Ол туралы жазу тарихи тұлғалар туралы тынымсыз ізденіс болып шықты. Мақсатты бағытта жүзжылдықтар қойнауындағы алыптармен “тілдесуге”, “сойлесуге” тура келді. Кітаптың алғашқы бетінен-ақ Тәуке хан, Төле, Қазыбек, Әнет баба, Соқыр Абыз, Едіге, Мәті, Болтыш, Ақсуат, Майлы, Сұны-Әзиз, Қожаберген, Малайсары, Шолан, Дат секілді талай билермен, батырлармен бірге “жүруге”, “сырласуға” тура келді. Ойтпейінше, ұлы би туралы сыр суыртпақтау мүмкін емес екен.

Әйтеке олармен тағдырлас екен. Олар бір-біріне жарығын, жылуын төгіп тұрған Шоқжұлдыздар екен.

Ал, тағдырластарды бір-бірінен даралап қарай да, тани да, жаза да алмайды екенсің.

Бұлардың әрқайсысының өмірі ел тарихымен, халық тағдырымен, қандастарымыздың шежіресімен бірге өріледі екен.

Қолданыңыздағы мүжәмал — тек Әйтеке бидің ғана емес, ел тағдырының, теңдессіз тарихи Тұлғалар гибратының бір парасы. Әлқиссасы деп қабылдасаңыз да ырқыңыз.

Парақтап көріңіз, құрметті оқушым!

Қаншалықты кәдеңізге асарын кім білсін, бірақ қайыра бір парақтарыңызға — мен кепіл!..

Автор



БІРІНШІ КІТАП



АР ЖОЛЫНДА

Сенін шешен болғанын —
Шер халкынның арқасы.
Сенін көсем болғаның —
Ер халкынның арқасы.

* * *

Би болсаң, арқан салқын, күшағың жылы болсын!

(Халық тағылымдары)

ҚАРАБАЛЫҚ

“... Оу!.. Ие, саған не бар, қарабалық! Қара! Қарай гөр өзін! Көзің сондай коргіш, ә? Менің сәулем саған сонша таңсық болғаны ғой, шамасы? Ал, қарай ғой онда. Жер бетіндегі қара сақал, қапсағай кісінің бейнесі саған соншалықты қызық көрінсе... Тәйірі, о несі-ей, жетіп келіп, түймедей қозімен теймеңдей қалғаны!? Бар! Бара ғой, енді. Өне, көрдің бе, сен менің судағы бейнеме аузыңды ашып, таңырқап тұрғанда, үйірің шашырап, жан-жаққа босып кетті. Жольңнан қалма. Көзіңді мөлтендетіп, желбезегің желпілдейтіндей жер бетіндегі екі аяқтының еш сыйқыры жоқ. Болды. Бара ғой...”

Қасиетіңнен айналайын Нұрбұлақтың иесі де, киесі де бір өзің болғаның аз ба! Өне, қарашы! Суы зәмзәм көусар бұлақта өзіңнен, сосын анау қотандастарың ба, қандастарың ба — кім еді, солардан басқа қыбыр еткен тірі мақұлық бар ма! Құдды құдіреті күшті Аллатағала осы бұлақты Әзірет-Әліге емес, бір сендер үшін жаратқандай жүрген жоқсындар ма қоралы қотандарыңмен қожалық етіп... Ие, “киелі жерде киесіз мақұлық жүрушімет?” дейсіңдер ме? Опына кімнің таласы бар? Нұрбұлақ та киелі, соған жалғыз өздеріңді ис ғып жарата салған Жасаған Иенің, қарабалығы, сендер де киелісіңдер... Шебер Құдай-ау, не астыңда, не үстінде қыбыр еткен жөндігі жоқ, моп-мөлдір тас бұлақтан сонда сендер не тауып, не талғажау етесіңдер? Әлде бар қорек-нәрлерің қасиетіңнен айналып кетейін Нұрбұлақтың суы ғана болғаны ма!? Онда пейіштің нұрынан жаралып, пейіштің нұрымен тірлік ететін судағы періштелер өздерің болмаса негіті! Әлде балық атаулының сәруары* — Қарабай** өздерің болармысындар!?

Осыдан бірнеше дем бұрын бұлақ ағысына қарсы қасарыса жүзіп келіп жеткен қарабалық үйірінің алдында басқаларынан мойны озыңқы, тұрқы сом бірі су жағасында отырған қапсағай бойлы, қара сұр кісінің тұсына жете бере, жалт бұрышып, жақындай бергені.

Енді, міне, өзгелерден тұрқы сом, бұқа мойын, қара жота үйір басы жағадағы жалғыздың жадында осыдан бірер жыл бұрынғы оқиғаны еріксіз жаңғыртқан-ды.

* Сәруар — пір деген мағынада.

** Қарабай — балық пірінің аты.

Жылжып, аунап, сумандай аққан бұлақ бетіндегі ойнақтаған күн сәулесінен көз алмаған күйі қиялы қиян кезіп кете барды.

Бес арна – бес саға, не заманнан кемерін ғана еміп жататын Нұрбұлақтың, аса биік болмағанмен сан тарау сілемді оңірі малға да, жанға саялы Нұрата тауының жаралу шежіресін осы аймақтағылардан сұрай қалсаңыз, баян қыямастап бұрын әуелі бие сауым тамсанысып отырғандары. Ашырқанысы қапқан шамада барып ағытылады дерсің!

Оларға ден қойсаңыз, Нұрата мен Нұрбұлақты ұзақ жылғы, қиян жолғы жорықтан сілелей қалжырап, су мен қорекке зарыға сансырап келе жатқан Әзірет-Әліге, оның қисапсыз жасағына арнап Алланың жарата салған сиына саяды.

Сосын да олар үшін осы Нұратаның қарыс сүйем жері киелі. Суы зомзом Нұрбұлақ киелі. Ондағы жалғыз тіршілік иесі қарабалық киелі.

Сол бір оқиғадан бері, саудаға келгенде ынсалты ұмытып, ындыны ашылатын сартқа осы манның жұрты назалы. Аштан өлгенінің қойнынан жарты тоқаш табылатын сарт неменің ендігі бар несібесі соған қарап қалғандай, көзді ала беріп Нұрбұлаққа ау тастамасы бар ма!..

Соны күтіп жүргендей сонау Іресейден суретшіміз дей ме, жұлдызшымыз дей ме, жаратылыс зерттеушіміз дей ме – бір топ көуір сау етіп келе қалыпты.

Мархантаң* кез келген махаллалары** мен кешкілерінде*** сатылатын көуіріңгі кекіріктері азған сорғайнағандардың қаға берісте буын бұрқыратып, сарт сатып жатқан қарабалықтарға көздері түспей ме... Әкесінің асын қорғеннен бетер қарындары айналып, бүйендері бітелгенше ал кеп комағайлансын!..

Ертеңіне жалға берген тағы бір сарттың үйінен серейе, сеспей қатқан бес көуірдің сүйегі шығады.

Не болды?!

Қазақты тыңдасаң – қарабалық киелі, жеуге болмайды.

Сартты тыңдасаң – жарылып өлген.

Көуірді тыңдасаң – балықты улаған.

Сол-ақ екен, Тобыл мен Шаштың, Мархантаң арасындағы жолдың екі жыл бойы шаңы тұнбай-ақ қойды. Сары сақал, сал бөксе мырзалардың байбалтамының беті бөлек.

“Бұл – қастандық!”

Шаш пен Мархантаң хакімсымақтарында ес жоқ. Әуелі: “Қарабалық – киелі, оны жегендер өледі. Ал, сіздерге қарабалықты сатқандарды өз қолымыздан жазалаймыз” деп ақталып көріпті.

Ондайды көуір мырзалары құлағына қыстырсын ба! Қокан-лоққыдан от үйіріпті бастарына.

“Қастандық жауапсыз қалдырылмайды. Ондай сандырақтарыңды Іресейдің от қаруы төбелеріңнен жасын ойнатқанда айтарсыңдар!”

Жандары мұрнының ұшына келген бір сарт: “Қарабалық Нұратада ғана бар. Ал, Нұрбұлақтың бойы – ылғи қазақтардың қонысы. Балықты ұласа, солар ұлайды” деп жаңдалбасалай сандалыпты.

Аспандағы ай мен күнді өзі жаратқаннан бетер кеуделеген кекірт көуір мырзасы қара аспанды төндіре түседі.

* Мархантаң – Самарқанның ежелгі аты.

** Махаллалары – көшелері.

*** Кешк – дүңгіршік.

Сенің шешен болғаның —
Шер халқынның арқасы.
Сенің көсем болғаның —
Ер халқынның арқасы.

* * *

Би болсаң, арқан салқын, күшағын жылы болсын!

(Халық тағылымдары)

ҚАРАБАЛЫҚ

“... Оу!.. Ие, саған не бар, карабалық! Қара! Қарай гөр өзін! Көзің сондай көргіш, ә? Менің сөулем саған сонша таңсық болғаны ғой, шамасы? Ал, қарай ғой онда. Жер бетіндегі кара сақал, қапсағай кісінің бейнесі саған соншалықты қызық көрінсе... Тәйірі, о несі-ей, жетіп келіп, түймелей көзімен телмендей қалғаны!? Бар! Бара ғой, енді. Әне, кордің бе, сен менің судағы бейнеме аузыңды ашып, таңырқап тұрғанда, үйірің шашырап, жан-жаққа босып кетті. Жолыңнан қалма. Көзіңді мөлтендетіп, желбезегің желпілдейтіндей жер бетіндегі екі аяқтының еш сыйқыры жоқ. Болды. Бара ғой...”

Қасиетіңнен айналайын Нұрбұлақтың иесі де, киесі де бір өзің болғаның аз ба! Әне, қарашы! Суы зомзәм коусар бұлақта өзіңнен, сосын анау қотандастарың ба, қандастарың ба — кім еді, солардан басқа қыбыр еткен тірі мақұлық бар ма! Құдды құдіреті күшті Алдатағала осы бұлақты Әзірет-Әліге емес, бір сендер үшін жаратқандай жүрген жоқсыңдар ма қоралы қотандарыңмен қожалық етіп... Ие, “киелі жерде киесіз мақұлық жүрушімет?” дейсіңдер ме? Онына кімнің таласы бар? Нұрбұлақ та киелі, соған жалғыз өздеріңді не ғып жарата салған Жасаған Иенің, карабалығы, сендер де киелісіңдер... Шебер Құдай-ау, не астында, не үстінде қыбыр еткен жәндігі жоқ, моп-молдір тас бұлақтан сонда сендер не тауып, не талғажау етесіңдер? Әлде бар корек-нәрлерің қасиетіңнен айналып кетейін Нұрбұлақтың суы ғана болғаны ма!? Онда пейіштің нұрынан жаралып, пейіштің нұрымен тірлік ететін судағы періштелер өздерің болмаса нетті! Әлде балық атаулының сәруары* — Карабай** өздерің болармысыңдар!..

Осыдан бірнеше дем бұрын бұлақ ағысына қарсы қасарыса жүзіп келіп жеткен карабалық үйірінің алдында басқаларынан мойны озыңқы, тұрқы сом бірі су жағасында отырған қапсағай бойлы, кара сүр кісінің тұсына жете бере, жалт бұрылып, жақындай бергені.

Енді, міне, өзгелерден тұрқы сом, бұқа мойын, кара жота үйір басы жағадағы жалғыздың жадында осыдан бірер жыл бұрынғы оқиғаны еріксіз жанғыртқан-ды.

* Сәруар — пір деген мағынада.

** Карабай — балық пірінің аты.

Жылжып, аунап, сумаңдай аққан бұлақ бетіндегі ойнақтаған күн сәулесінен көз алмаған күйі қиялы қиян кезіп кете барды.

Бес арна – бес саға, не заманнан кемерін ғана еміп жататын Нұрбұлақтың, аса биік болмағанмен сан тарау сілемді оңірі малға да, жанға саялы Нұрата тауының жаралу шежіресін осы аймақтағылардан сұрай қалсаңыз, баян қылмастан бұрын әуелі бие сауым тамсанысып отырғандары. Ашырқанысы қанған шамада барып ағытылады дерсін!

Оларға деп қойсаңыз, Нұрата мен Нұрбұлақты ұзақ жылғы, қиян жолғы жорықтан сілелей қалжырап, су мен қорекке зарыға сансырап келе жатқан Өзірет-Әліге, оның қисапсыз жасағына арнап Алланың жарата салған сиына саяды.

Сосын да олар үшін осы Нұратаның қарыс сүйем жері киелі. Суы зәмзәм Нұрбұлақ киелі. Ондағы жалғыз тіршілік иесі қарабалық киелі.

Сол бір оқиғадан бері, саудаға келгенде ыңсапты ұмытып, ыңлыны ашылатын сартқа осы маңның жұрты назалы. Аштан олгенінің қойлынан жарты тоқаш табылатын сарт неменін ендігі бар несібесі соған қарап қалғандай, көзді ала беріп Нұрбұлаққа ау тастамасы бар ма!..

Соны күтіп жүргендей сонау Іресейден суретшіміз дей ме, жұлдызшымыз дей ме, жаратылыс зерттеушіміз дей ме – бір топ көуір сау етіп келе қалыпты.

Марханттың* кез келген махалдалары** мен кешкілерінде*** сатылатын көуіртан кекіріктері азған сорғайнағандардың қаға берісте буын бүркыратып, сарт сатып жатқан қарабалықтарға қоздері түспей ме... Әкесінің асын қорғеннен бетер қарындары айналып, бүйендері бітелгенше ал кеп қомағайлансын!..

Ертеніне жалға берген тағы бір сарттың үйінен серейе, сеспей қатқан бес көуірдің сүйегі шығады.

Не болды?!

Қазақты тыңдасаң – қарабалық киелі, жеуге болмайды.

Сартты тыңдасаң – жарылып өлген.

Көуірді тыңдасаң – балықты улаған.

Сол-ақ екен, Тобыл мен Шаштың, Марханттың арасындағы жолдың екі жыл бойы шаңы түнбай-ақ қойды. Сары сақал, сат бөксе мырзалардың байбаламының беті бөлек.

“Бұл – қастандық!”

Шаш пен Марханттың хакімсымақтарында ес жоқ. Әуелі: “Қарабалық – киелі, оны жегендер өледі. Ал, сіздерге қарабалықты сатқандарды өз қолымыздан жазалаймыз” деп ақталып қоріпті.

Ондайды көуір мырзалары құлағына қыстырсын ба! Қоқан-лоққидан от үйіріпті бастарына.

“Қастандық жауапсыз қалдырылмайды. Ондай сандырақтарыңды Іресейдің от қаруы тобелеріңнен жасын ойнатқанда айтарсыңдар!”

Жандары мұрнының ұшына келген бір сарт: “Қарабалық Нұратада ғана бар. Ал, Нұрбұлақтың бойы – ылғи қазақтардың қонысы. Балықты уласа, солар ұлайды” деп жандалбасалай сандалыпты.

Аспандағы ай мен күнді өзі жаратқаннан бетер кеуделеген кекірт көуір мырзасы қара аспанды төндіре түседі.

* Мархант – Самарқанның ежелгі аты.

** Махалдалары – көшелері.

*** Кешк – дүңгіршік.

“Бізге сартпысың, қыртпысың, қазақпысың, қырғызбысың, бәрібір: қырамыз да саламыз шеттеріңнен. Кінәліңмен өзін есеп айрыс!”

Орманнан көп кәуірден бір, от теңізінен сел жасайтын шойын добынан екі қорқып, жандары қасым болған қай сарттың аузына ит сарығанын кім білсін, ақыры: “Нұрбұлақтың балығын ешкім ауламасын деп суын улап қоятын қазақтар” дегенге кәуір мырзаларын сендіріп бағыпты. Сенбегендерінің комейіне тайтай жібек пен тең-тең асыл мүлік тықпалапты. Қарақан бастың қамы үшін төсекте басы, төскейде малы бірге өрген қазақ түгіл Құдайының да басына күйелеш қазанын жаба салуға бар сілімтіктің сол сарсаңы қаншама күнге, күнге дейді-ау, табаны күректей екі айғы сандалысқа созылды.

Құба жонның желіндей мың құбылған опасыз дүниенің өзін опынтқан түсы жетерлік-ақ шығар. Әйтсе де, Шамдағы бір “түсінісу” сәтінде шытыр жегендей шәрттік қарын, әйнек көз, мандайы мен қарақұсының арасына қылтанақ оспеген. арыстанның жалына ұқсап желке түгі сабалақтанған кәуір кінәзінің мұның кеудесіне сұқ саусағымен қайта-қайта нұқып тұрып, зіркілдей өкіректегенін қайтіп ұмытар. Есіне түссе, әлі күнге көкірегін ит тырналап жатқандай сезінеді. Жеті жұрттың тілін білем деп жүрген өзінің кәуір тілінен мақұрымдығына опынды әуелі. Сосын кәуірленіп кеткен ескер тілмаштың не мұны, не оны түсіндіре алмаған шоре-шоре мүттәйімдігі зығырданын қайнатты. Ал, кәуір кінәз мыртық саусақтарымен мұның көзін шұқып алардай шошандатқан кезде қорланғаны сондай:

“Тәйіт әрі! – деп қамшысының сабымен оның мыртық саусақтарын қағып кеп жіберді. – Мына оспадарсыз неме қайтеді-ей!”

Кінәз деп дардай ғып тұрғаны жас балаша баж ете түсіп, әуелі саусағын аузына, сосын қос қолын бұтына тығып шыр қобелек айналды да қалды.

Ескер тілмаштың шыж-быжына құлақ салмастан бұрылып кете барды.

Өз жұртының кіндігінен шеткері аймақта жүріп жатқан оқиға секілді көрінгенмен, түлтің түбінде зауал бұлты отын оттап, суын сулап, жайымен жайылып жатқан қазаққа қарай дөңбекшір ме деп қауіптеніп жүрді көпке дейін.

Сөйтсе...

Күндердің-күнінде тағы бір сыпсың сыбыс қураған қауға тиген жалынша лаулап, жаллақ жұртқа тарап кетті. Сөйтсе, өңгіме қарабалықта да емес, өлген бес кәуірдің қаны жат жұрттықтардың өз мойындарында болып шықты. Әрі сол қауесеттің тарауы мұн екен, кәуір шаһарлары мен аралықтағы жол шаңы біржолата сейілді. Әрине, ол кезде қай сыпсыңның түп мәнін кім түсініп, кім бағамдаған, әйтеуір қазауатсыз аяқталған дау-дамайдың ақырына қайыр тілеуден асқан ешкім бола қойған жоқ-ты. Кейін саралап, бажайлап қараса... Құдай-ау, бәрі ықылым заманнан сарапталған сайқал зымияндық... Теңіздей тынып, сүттей ұйып келе жатқан Түрік жұртын бір кезде шілдің қиындай шашырата, тоз-тоз қылған – осы зымияндық.

Қазинесі кең Жаратқанның пейілімен айналасына айбарын асырып, кәуір жұртының өзін боданы етіп бұйдалаған Алтын Орданың шаңырағын ғана шайқалтып қоймай, ойранын шығарып, ортасына түсірген – осы зымыстандық.

Тұрағы берік, тұғыры биік бес арыс Тұран елін көк Байрағы астында қайтып басы бірікпестей ғып тұралатқан да – осы аярлық.

Күні кешегі, Қасым ханға дейінгі қазақ Туының астындағы сегіз санның* бүгін қаншасы қалды?..

* Сегіз сан – Қазақтың үш жүзі, түрікмен, катаған, қырғыз, өзбек, қарақалпақ жұрты.

Әйтеуір, шаң тұнып, жер жаралғалы ібілістің қиялына сыймас зымияндық атаулыны адам баласы ойлап таба беріпті. Таба беріпті... Соның ішінде өзгені иттен арыстанға емес, арыстаннан итке айналдыруға келгенде екі аяқтыңың игермеген айла-шарғысы жер бетінде қалмапты. Қолынан келгені әуелі арыстанды итке айналдырады екен. Сосын бір-бірімен ырылдастырып, шайнастырып, тірілей терілерін сыдыртып барып, әлсіреген шағында қыңсылауға да шамасын келтірмей, екеуін де талғамай жұта салады екен. О, хикмет-ай!..

Енді, міне... Сол оқиғадан бері кейде басы қосылып, кейде сыртын берген бес арыстың бірі өзбек пен қазақ арасы жүз шайысып, сырт айналыспаса да, араларына сына түскені сезіледі. Ал, дінгегіне сына түскен ағаш қайта жымдасып, қайта мәуелеп кете ала ма? Сына түскен жерге құрт үйір. Сол құрт жегіге айналса ше?..

“...Е-е, сен өлі кеткен жоқпысың?..”

Өн бойы көтөрөки шынардай тіл-тік, шар болаттай шымыр денесі бүгіліп барып қайта жазылған жігіт ағасы салалы-саусақты, жап-жалпақ алақанымен қырым етсіз атжақты бетін бір қармап өтті де, қияқтай ғып бастырған қара мұртын, самайы мен иегіне тұтаса қаулаған бір тұтам сакалын саумалай сипап, әуелі судағы өзінің ептейсіз бейнесіне, сосын соған әлі молтендеп тұрған қарабалыққа қайта назар салды. Қарабалықтан басталса да, қиянға безген безбен ой қайта жерге түсті. Жота қанатын жымып алып, ағыспенен ұсақ бауыр қанаты желп-желп еткен су асты мақұлығы түймедей көзі молтендеп, кіп-кішкене ауызын ашып-жұмып, әлденеге телміре қалыпты.

“...Сен, тәйірі, менен жейтін бірдене дөметіп тұрмасаң нетті! Қой, әрі. Бара ғой. Киелі бұлақ киелі мақұлығын аш қалдырушы ма еді. –Күректей қос алақанымен уыстай су толтырып алып, қарабалықтың үстіне сыздықтата құйған. Су көпіршіктерін ауызымен қармаған қарабалық: “Осыншама күткенде бергеніңе береке берсін!” дегендей жалт бұрылып, бұлақ ортасына қарай суси ойысып кетті. Жай ойысып қана кетпеді, әлденеге ызалы репет танытқандай қос айрық жота қанатымен, құйрығымен бірнеше қайыра бұлғақ қағып, су үстіне иірім үйірді. Сол-ақ екен, әлгіде ғана қара үзіп, маңып кетпесе де, жап-жаққа пышырап, әрлім-берлім мағынасыз босып жүрген “қандастары” үпір-шүпір қотандаса қалды. Өзгелерден жотасы жұмыр, тұрқы күдіре, күдіс мойын, үйір басы жалпақ құйрығын кербез бұлғап, басқаларынан бой оздыра берді де, ізінше ағысқа қарсы көсілте сілтеді. Манадан соны күтіп жүргендей алқа-қотан үйір андағайлап соңынан салды. Бара-бара жапатармағай жайылмай, тәшірлеріне дейін өздеріне ғана ұғынықты түзім жасап, лезде көзден ғайып болды.

Ат белін суытқан, “қашты-кетті, қуды-жетгіден” саябыр кездері ертенді-кеш, екі мезгіл Нұрбұлақ жағасына келіп, кәусар суына беті-қолын шайып, өз ойымен осылайша ұзақ-ұзақ серіктесу – жігіт ағасының қашаманғы гадеті. Сондай сәттерде Нұрбұлақтағы жалғыз жаралған тіршілік белгісі қарабалықтардың жаңағыдай жұптасып, үйірлесіп жосып жүретініне көзі қанық. Әйтсе де, олардың бүгінгі қылықтары тансық көрінді. Үйір басының да, оның соңындағы шұбырынды “қандастарының” да әр қылығына шындап мән беруі, сірә, бүгін ғана.

“Қарай гөр өздерін. Сонда бұлар да ұжымдасып, үйірлесіп жүретін болғаны ғой әмсесі?.. Неге? Мұнда не күпия, не сыр бар? Жеке жайылып, дара лағып жүріп, жолыққан азулының жемсауында кетуден жасқандырған табиғат бұйрығы дейін десең, бұларға тіс салар жау түгіл, қорек болар тірі жәндік Нұрбұлақта

атымен жаралмаған. Сонда?.. Неғылғанда да бір бұтақ, бір өрім – қашдастық бұларда да болғаны ғой, шамасы?

Жағадағы жалғыз оз жорамалына кекесін екені не таңырқау екені бейімәлім жағдайда миығынан жымиды. Қадай болғанда да Жаратқан Ие осылайша жұптарын жазбайтын үйірлестікті жазғаны. Айналып келгенде мұны бірлік дей ме?.. Бірлік!.. Ға-жа-а-ап!.. Әлгі сонда үйір басы болғаны. Өмірінің күштісін, нәрменінің мықтысын қара!.. Хикмет-ай!.. Құйрығын екі-үш қайыра бұлғап еді, “туыстарының” ойдағысы-қырдағысының бәрі заматта сап түзеді. Міне, Құдірет!.. Тек бұл сонда үйір басының құдіреті ме, солай пешенелеріне бұйыртқан табиғаттың құдіреті ме?.. Қайсысының құдіреті десең де – мұны Бірлік дейді. Балық екеш балыққа да бірлік керек екен... Оны адам да біледі, Бірақ бірлікті айтып отырып мәмлесі кенде, тірлікті айтып отырып, тәлімі кенде қала беретіні несі көп жағдайда? Бірлігі жараспағанның Алла жаратқан ырыздығы маңдайларына сыюшы ма еді! Сыйса қос кіндігі – егіз пайтағының* бірі Шаштан** айырылар ма еді қазақ? Қырғыз, қарақалпақ, өзбек, құрамалармен де қазақтың арасы күні өткен сайын ақтандақ жұттан шыққан котерем малдың қабырғасындай арсаланып баратқанын қормегеннің көзі басыр. Ол аз десең, кейінгі жиырма жылда сайда санын, қырда ізін таппауға айналған қазақты қара өзек үзілер шақта оупірімдеп бір ханның билігіне бас иірдім бе дегенде, өз қандастарының арасындағы күндес әйелдің күнкіліне үксес күбір-күбіріні, ішіне пышақ айналмайтын сығырлардың сытсыңын, өзінің күшігі жүгірмесе, өзгенікі күл болмаса, бұл болсын дейтін мысық тілек, мыстан қылығын қашан, қайтіп тыярсын. Өз бауырыңнан ірісең, өз өкпеңнен шірісең – оған қандай ем, қандай дауа іздемексің? Айналаңдағы анталаған қиық қоз жат жұрттықтардың да аңдығаны сол – өз бауырыңнан ірігенің, өз өкпеңнен шірігенің. Озі жартыекешті жырымдап, бүтінді бүйректей болгенің қашан жайлауы жарасың, өрісі кеңіген? Етегі апышырып, жеңі тапышырып, жағасын жау түгіл көлденең қоз атты жұлмалаған алмағайып аламан тағдыр – жер жаралып, су аққалы сондай алауыздардың несібесі. Ал, соны түсіне тұрып та қашан қызы күң, ұлы күлға айналғанша мойынсалдықтан арылмайтын...”

Ту сыртынан ақырын басқан аяқ дыбысын, келушінің баяу тамағын кенегенін естісе де мойын бұрмады. Мұндай өзімен-өзі онаша қалған сәтте жақын келіп тілдесуге туыспағанмен, туғанынан кем тұтпайтын Қара бидің ғана батылы бара алатын.

– Әлгілер келді, Әй-аға.

Әйтеке мың бұралып аққан бұлақтан қоз алмаған күйі таңырқай сұралы.

– Не, екеуі бірге келді ме?

– Аралары сүт пісірім.

– Бәсе, – делі миығынан жымған би. – Сөзі біріксе де, ісі бірікпейтін немерлер мен шақырды екен деп қайдан басы біріге қойсын! Қой, ондай мырзаларды күттіріп қойғанымыз жараспас. Баралық.

Әйтеке серіплеше шыыршық атқан денесін лып котеріп, иығынан сыпырылып бара жатқан түкті қара мақпал шапанын жүре түзеп, ауылға жүзін бұрды.

Қараның “әлгілері” – Тамдың бий Серғазы мен Кенімыңның бий Орбұғы. Көптен бері бір-бірімен қырыс қабақ жүрген екеуін күні бұрын уақытын белгілеп шақырған Әйтекенің өзі.

* Пайтақ – қарақалпақша “астана” деген мағынада.

** Шаш – Ташкент.

Тамды мен Кенімынның бұрынғы биі Саға осыдан екі жыл бұрын дүниеден озған. Пейіште иұры шалқығыр, қаншама жыл екі руды елдің терезесін тең ұстап, шылбырын уысынан шығармай-ақ өтіп еді. Қайтып бұл дүниеде бет көріспек оз алдына, қандары қарайып, пышактасқалы тұрғандардың өзін ебін тауып қушактастырып жіберетін Сағадан асып бұған дау жете бермейтін. Жазымышқа лажың қайсы! Козі жұмылар-жұмылмаста қырық құрау екі тайла қак жарылды. Құдайдың құтты күні мұның үйінің кермесінен ат кетпейтінді шығарды. Тамдылықтар Сағаның орнына Серғазы болсын дейді. Орбұғы кенімындықтардың ауызын біржолата өзіне қаратып алығты. Екі жағы да дегендері болмаса ордалары ортасына түсетіндей табан тіресе сіресіп бақты.

Серғазы мен Орбұғыны Сағаның қолөңкесі құсап әмәнда жанында жүретінін қоретін. Бір-бірінен мойын оздырып, алысты көрмегенмен, аяқ жолдарынан жаңылмайтын, бетегеден биік, жусаннан аласа жандардың санатына қосатын екеуін де. Сағаның ауызынан шыққан сөзге бас шұлғып тұратын ыңғайтоктігіне қарап екеуін ботадай тату да деп есептейтін. Сөйтсе...

Біріне-бірін жығып бермей, ақыры екеуін екі тайпаға би сайлата сайғаны сондықтан. Тіпті, шындап келгенде, ол екеуінің мүддесі үшін емес, онсыз да қырық ру, қырық құрау екі тайпаның түпкілікті мерейі еді ойлағаны. Енді келіп аңысын аңдаса, Сағаның бетінің айбарынан, сөзінің сатмағынан қаймығып, іштен борсып жүргендер екен. Бейбақтар арада күн айналмай жатып бір-бірінің ырыздықтарын обып кеткеннен әрі бақастанып шыға келгенін қормейімісін! Екеуінің де ойлары – Сағаның кезіндегідей екі тайпаға тұтас билік жүргізу.

Орістері ортақ, жайлауы еншілестердің қонаққыда қозы-лақтары алмасып, көзді ала бере, желбастау қыз-бозбалаларының бір-біріне “күле қарап” қоятындары қашанғы ғадеттері емес пе! Сондайда қара ормандары күйіп, тұқым тұяқтарын тұл қылып кеткеннен бетер қикуласа жөнелетін қормәдіктерін етегінен басып, жеңінен тартып бағудың орнына өздері солардан асыра үрителиқтасып, ат сабылтып, дау сауып, болмашыны делқұлының тымағынша желіздеде жөнелетін мұнапик билерден не бәтуа сұрамақсың!

Әйтеке үй арасындағы “қиқулар” мен билер арасындағы ми борсытатын күңсік күбір, сыпсын сыбырларды құлақтан асыра салуға тырысатын. Әйтсе де, қара бастарының қамына келгенде шайтанмен де құдаласа салудан қашпайтын ол екеуінің ауыл арасын шаңға айналдырып бара жатқан қылықтарына лайық дұғасына келтіріп қоюдың амалын қарастырмасқа шарасы қалмаған-ды.

Анада, қыс ортасында Серғазының салып ұрып жетіп келгені. Бұрын байқампты: мойыны қаз көрген қаршығаша қылқындап тұратын, нағыз сөзуар екен. Мұнапик неме әдейі сөз орайын Орбұғыға қарап ініп әкеліп, оны іреп-сойып, орға да апарып омақастырды, сорға да апарып тұншықтырып бақты. Қымыз, шәй ішіліп, ас желінің болғанша оны ләм-мим деместен тындады. Мұның сызды кейпін сезсе де сезбегенсіген Серғазы кетерінде қиялай қолпаш білдірді.

– Ақылды құс қанатын, ақылды адам сөзін аяйды. Тіл қатпай тындағаныңыздың соңында тастан ауыр ой, судан терең шешім жатыр деп аттанбақпын.

Бұл одан Үрімге үлгі болар сөз күткен репетпен әдейі сауал қойды.

– Өз ойың, өз байлауың не?

– Өз ойым – би екеу болса, дау төртеу. Байлам мен шешім – жиырма тоғыз рудың екі тізгін, бір шылбырын ұстаған оз қолыңызда.

Ол аттанып кетті.

Серғазының келіп кеткенін естісе, Орбұғы да тыныш жатпас деп топшылаған. Жорамалы дәл шықты. Арада екі жұма өтер-өтпес шамада Орбұғының қылыш күйрек, ешкі бас, күрең жорғасы кермесіне келіп байланды. Айырмасы Серғазы құсап суырыла сумандап, соқтыра жамандай жонелмеді. Тіпті Серғазы жөнінде де, екі ауыл арасының құлақ сарсылтқан майда-шүйде ызыңына да жуымай қойды. Бұл оның аярлығы мен зымыстандығы бақасынан асып түспесе, мысқал кем соқпайтынын сезетін. Әйтсе де, екі ауыл арасының әлгідей тоң қабақ, тонтеріс қылықтары жайында бұл да тіс жармады. Ас-су ішіліп, атанар шақта ғана:

– Би, шаруанды айтпадың ғой? – деді.

Мұның дауысындағы сызды Орбұғы жазбай таныды. Ондайды аңғармай қалт жіберсе, ол Орбұғы бола ма! Аңғарды. Аңғара тұра “жалт ойынға” басты. Мұның шаруа сұрағанына разылық шырай танытқансып, су егіз сөзін сапырды дерсін!

– Шаруа – амандық түгендесу. Өзінің рабайлы лебізінді есту. Қала берді, ауыл-аймақ, бота-тайлақты бытыратпай бірлікте ұстаудың жаңа мәуріті* болса, өз ауызыңнан сусындап, көкірек кеніту. Олқы түсіп жатқан тұстарымыз ұшырасса, енесі тепкен құлынның еті ауырмайды, айыр тілді биіміздің әділ күкіміне жонымызды тосу...

Орбұғы жел сөзден орай да борай боран соқтырып кете барар ме еді, бұл шорт кесті.

– Жарайды! Ендігі хабар өзімнен болсын!

Қос үйді қоса қондыра алмай жүрген Орбұғы іштен тағы не қиғылық ойлағаны беймәлім күйде аттанып кеткен-ді. Сыңар аяқ соқпақпен Әйтеке алда, Қара соңында, ауыл ортасындағы дөңге көтерілді. Дөң ортасы – ауылды қақ жарған терен сай. Жазғытұрым арнасынан асып-тоғіліп, арқырап-сарқырап, тұлан тұта тасиды да, шілденің шілінгірі түспей жатып ары-бері кісі бойлап өтерліктей саязданып қалады. Сайдың екі бетіндегілер аспалы екі көпір арқылы қатысады. Дөң үстіне шығып, көпірге аяқ артарда би едәуір кідіріп, төңірекке көз сүзіп шығуды қашаннан әдетке айналдырғанын өзі де ұмытқан-ды. Тап осы жерден қақ жарылған екі ауылдың о шеті мен бұ шеті алақандағыдай көз алдында. Мына, сол жақ беттегі шикі кесектен біршама биік қып салынған, тактай қақпалары доғалана ойылған, айналасы қолына іліккен далбасаның кез келгенімен қоршала салған тамдар – өзбек қоңсыластарының баспанасы. Сол жақтарындағы бар айырмасы қақпалары түйе өркештеніп келетін тамдар – сарттардікі. Солардың ортасынан аса биік болмағанмен, шикі кесектен құйылған тамдардың қасынан киіз үй көрсеніз, ол – қазақтардың, қарақалпақтардың не құраманың баспанасы дей беріңіз.

Бидің көзі солардың үстінен тез сырғып барып, әуелі терістіктегі Синесоф буа** қорымы аталатын аумақты қабірлер ішінен өзгелерден анағұрлым биік көрінетін бейітке байыздайды. Көрген сайын іштей бір күрсініп, дұғасын бағыштайтын.

Сосын құйған кірпіші кезінде Самарқандтан әкелініп қаланған, шығыс беттегі қызыл мешітке көзі арбалады. Бұл да бабаларының көзі мен сөзіндей ыстық: мұны кезінде осы өңірдің шайхысы Әбдірәсіл тұрғызғанмен, барлық шығыны мен мұқаммасын мойнына алған атасы Жалантөс баһадүр-ді. Төрт бұрышындағы алтын буымен апталған күмбездері бүгінгідей ашық күндері мешіт түгіл аспанның өзіне әр мен сән беріп, сикыр сөулеге шомылып, құлпырып тұрғаны анау.

* Мәуріт – әдет-ғұрып, үлгі-өнерге

** Синесоф буа – парсыша “жаны пәк, әулие жан” деген сөз. Әйтекедің үшінші атасы Сейітқұлды бүкіл Әсия. Шығыс жұрты солай атаған.

Сол мешітпен қабырғаластырыла, қан қызыл кірпіштен өрілген дорісхана да баһадур атасы мен шайхыдан қалған мұра. Ал, мешіттің алдындағы намазғақты аумақты етіп қызыл кірпіштен қалатып, қамсау жасатқан өзі.

Аумағы ат шаптырым Нұрата қыстағының бүгінгі көз қармалар бар сөн-салтанаты – осы екі ғимаратқа әрлі-берлі өткен сайын құмарта қарап, іштей төу ету – әрдайымғы бұлжымас қағидасына айналғалы қашан!.. Бүгін де соларға қарап бекем шешімге тоқтады.

“...Ауыл-аймақ күн өткен сайын өсіп барады. Тағы бір ғибадатхана мен медресе салдырмаса болмас!..”

Көпірден түсе бере Қара:

– Ала тайды жықтық, – деді. – Сіз айтқандай, қазанға ыли-жыли қазы-қартасын салдырдым.

– Әлгілер қайда түсіп еді?

– Мүсекеңнің үйіне.

– Онда үйге шақыр.

– Мақұл.

“СЫБАҒА”

Қараның “Мүсекеңі” – мұның пірі Мүсірәлі. Баяғыда Бұқара медресесінің мың бір шәкіртінің ішінен тандап, өзі арқалап шыққан он төрт жасар бала – бүгінде осы аймақтың үлкен-кішісіне түгел “Мүсеке”. Желқұйын уақыт одан беріде, санап қараса, он үш жылды шаңға көміпті. Бұған ат басын тіреп келгендер әуелі сол Мүсірәліге кіріп, сәлем беріп шығуы – соңғы жылдардың оябындағы қалыптасқан әдет. Дәл қазір мұның оздерін неге шақырғанын көміп Орбұғы мен Серғазы Мүсірәлінің қас-қабағынан аңдып, әр немені бір бопсалап отырғанын көміп.

Мұның таяп қалғанын өріден байқаған Рухия сегіз канат киіз үйдің есігін көтеріп, өзі бір қырындай жол ұсынды.

– Армысыз, көкесі!

Рухия – жеңгелей алған қосағы. Ауыл-аймақ, көрші-қоланға сыйлы. Келім-кетім қонақ атауды да Рухияның қолынан аттанып жатады. Соңғы он шақты күннен бері бұл бәйбішесі Жүзімнің отауынан қарға адым ұзамай, Мүсірәліге машырық хамсаларын оқытып, Қарамен тоғызқұмалақ ойнап, арасында қарақалпақ көршілері Қожамқұл би мен Қойшым қажыдан пәтия* тыңдап, бұлай қарай із салмаған-ды. Жанына сәл аялдап, сарықарын жасқа таяп қалса да сырды алдырмаған келісті жүзінен өзі ұзақ-ұзақ сапарлардан оралған кезіндегі асып-төгіліп тұратын сағынышты байқағандай болды.

– Қалайсың, Рақыш?

– Дәтке – қуат, тіршілікке – тәуба, көкесі.

Оның иығынан аялай сыйпап өте берді. Астына шыпта төселген бұқаралық қалы кілемді жаныша басып, он жақ іргеге жайылған қос қабат шәйі қорпеге, патсайы тысты қос күс жастыққа жантайған-ды. Ізінше алдарына Мүсірәлі мен Қараны салып Орбұғы мен Серғазы келді. Жамырай сәлемдесіп, төрге оза бергенде, қарақалпақтың “қос қоңыры” – Қойшым қажы мен Қожамқұл би де жұптаса “Ассалаумағалейкумдерін!” жарыстыра енді.

* Пәтия – қарақалпақша көне баталар

Қонақ ретінде Серғазы мен Орбұғы төрге, өзгелері осы үйдегі дағдылы орындарына жайғасысымен Әйтеке меймандарға “жыл қайырлы болсын!” деген жоралғымен бет сипады.

– Әумин!

– Жыл жақсылығымен келсін!

Ізінше Әйтекенің жақында ғана үйленіп, отау көтерген үлкен ұлы Отебас пен қызметші жігіт қолдаса көтеріп, қымыз шүпілдеген қос құлақты күбіні әкелді. Оларға ілесе енген Рухия көңілге жылы тиер жұғымды үнмен:

– Оң сапарларыңыз болсын, меймандар! – деді күбі қақпағын ашып жатып.

Мейман билер әлденеге қозғалактасып:

– Ниетіңіз қабыл болсын, бәйбіше!

– Дегендеріңізге жетіңіздер! – десті.

Лезде кеңсірік қытықтап, төбет шақырған қымыз иісі үй ішін жайлап алды. Рухия Қоқанның күміс ернеулі ағаш көзслерімен қымыз жағалатты.

Бұл үйдің қашанда қымызының нәрі оңаза. Ол үшін әрдайым он-он бес қара бие бөлек байланатын. Олардың өзге қылқұйрықтан бағым-күтімі де мүлдем бөлек. Сондықтан ба, әлгі мама биелер қашан құлындар алдына дейін суалмайтын да. Ауық-ауық пісіп, бабын қайырғанда болмаса, бес күнсіз қымыз күбінің ауызы ашылмайды. Сол бабымен қайырылған қара қысырақтардың бес күндік бал татыған сары қымызының кем дегенде бір-ер көзесін сіміріп алмай тұрып қонақ атаулының комейі ашыла бермейді. Міне, қазір де қатқактан қайтқан жылқыша тамсаныса сораптасып, көзені бастарына көтеріп-ақ тастады.

Ертеңді-кеш жиналмай, үстемелене беретін дастарқан дәмі қол-қосір. Қонақтар жайғасқалы бетіне адам сәулесі ойнайтын Самарқанның ақ самаурыны екі-үш қайыра еселеніп қайтты. Дастарқан үстінде шай кесе қоятын орын жоқ: қызыл қоңыр бауырсақ, заузаның от сары майы, қауынқак, қаймағы айырылмаған қой сүтінен жасалған түйе құмалақ құрт, жаубүйрек, түннен қалған ет пен тоңазытылған қазы-қарта, оның үстіне ақбөкеннің іш майына бұқтырыла пісірілген бұлдырықтың буы бұрқыраған еті келді. Әрқайсысының дәмі мен иісінің өзі-ақ ішпей-жемей тояттатарлық.

Үй иесі де Орбұғы мен Серғазы арасындағы кикілжіңді мүлде ұмытқан пішінде. Пейіл танытып, қайта-қайта: “Дәм алыңыздар”, “шай ішіңіздер” деп қояды. Әйтсе де, осындайда ауызы ашылған тоғанша ақтарылып жүре беретін әңгіменің қиюы қашып, орайласпай, пышырай басталып, өрілу орнына түйіліп, үзіліп қала беруде. Үй арасының қонақтары – Мүсірәлі, қарақалпақтың “қос қоңыры” арагідік “тұздықтап”, “оттық” тастап, Серғазы мен Орбұғыны әңгімеге жетектейді, бірақ басқа жерлерде әріден толғап, тереңіне жете алмағанмен, реті келсе сөз дестелеп, кеудесін биіктен көрсетіп қалуды мансұқтайтын Серғазы бүгін тым үркек. Әркімнің, әсіресе Әйтекенің қас-қабағын бағып, аузына жалтақтауда.

Ал, Орбұғы әуелден “сыз жерді” бірінші баспайтын, сауысқаннан сақ. Дастарқан сықасқан дәмге, әркімнің аузынан шыққан там-түм пікірге ықылас-пейіл танытқансығанымен тап осы сәтте жарым ауыз оқыс сөз айтып қалып “тұзымды” жеңілдетіп алмайын деген оймен арпалысып, аласапыран көңілін сабасына түсіру үшін окта-текте жібек шапанының өңіріне қол сұғып, тілінің астына тірнек* тастап қояды.

* Тірнек – апынның бір түрі

Әйтеуір шақырулы меймандардың іштей “жасырынбақ” ойнап, өзгеше бір ала күйін көңіл үстінде аландаулы екендіктері тосын көздің өзіне анық байқалатын. Екеуі де “мысық” тілеу үстінде. Тілейтіндері – мыналардың бірі болмаса бірі бақасының атына тым құрыса “айраны ірірлік” бір ауыз сөз айтып салуы. Сөйтсе, бірінің айбары асып, екіншісінің қайтып тіл қатпастай боп тауы шағыла-тындай көрінеді. Олай болмаған күнде екеуін де бір тосын өмір, тосын жаза күтулі екенін сезеді. Ал, Әйтеке мүлдем жұмбақ күйде. Ол солғұрлым жайбаракат репет танытқан сайын бұл екеуі іштей айран-асыр кеп кешіп, тағдырлары безбенге түскеннен бетер абыржулы.

Орбұғы ойлайды: “Бұл шақыруы тегін емес, Жеті атасынан бері хан да, би де, өмір де, батыр да боп, атақ-лауазымды қанына туа сіңіріп өскен мұндайлардың қолы қатты, үкімі аяусыз. Ат күйрығына байлап жібермегеннің өзінде тап осы жолы бір көздегені бар-ау... Не?.. Не екен?.. Тіл қатпағанмен, қаптардың қара суығынан бетер қалтыратқан өткендегісі не ызғар?.. Бүгінгі мына жаймашуақтың астарында қандай ызғар, қандай үкім жатыр?..”

Серғазы ойлайды: “Киелі қамшысымен” ұрмақ па? Әлде қарсы келгенді тірілей жерге тығатын, өліні кордеп тұрғызатын “Айыр тілімен” іреп-соймақ па?! Не істеймін десе де көктегі Құдайдан басқа оның қолынан қағатын жерде жан баласы жоқ. Өткен жылы “Жеті жарғы” қабылданған “Хан кеңесіне” барып келгендер көздерін жұмып, таңдайларын қағысып: “Ойпыр-ай, ханның өзі сөз бастарда әуелі Әйтеке, Төле, Қазыбектерге бір қарап алып барып сойлейді екен” десіп жақтарын саумады ма! Хан ойтпегенде қайтушы ет!.. Осыдан бес жыл бұрын хан сайлаған жиында бүкіл төрелер мен сұлтандар: “Ата жолына жығылсаң – жол Уәлібақынікі. Аға тұрғанда, ініні таққа отырғызғанды кім көрген, жосықтан аттамалық” дегенде, осы үшеуі кезек-кезек оре тұрып: “Әділдікке жығылсаң – тақ пен тәж Тәукенікі. Хан елге сыйлылығымен қадірлі. Хан қашанда табылар. Қасынан қашанда халқы табылуын ойлайық!” деп тіресіп бағыпты.

Әрі үшеуін жалпақ жұрт, қалын ел алдын кесіп көрмеген Әнет баба, Едіге, Соқыр Абыз, Мәті, Майлы, Болпыш қолдаған тұста төбелерімен көк, аяқтарымен жер тіреп шіренген төрелер мен таңғұттар* қолдарынан екі тізгін, бір шылбырдың қалай сусып кеткенін білмей, мыстары басылыпты.

Содан кейін хан бұл үшеуіне қарап сөйлемегенде, көкке қарап сойлей ме!.. Олай болса, жарылқап, көп қыламын десе де, қаһарын тогіп, жоқ қыламын десе де өзінің ендігі тағдыры мына сылыңғыр қара “жолбарыстың” күдірет-пәрменінде. Мұның қолынан ешкім ала да алмайды, қолынан қаға да алмайды. Тек осы жолы құзырына құлдық ұрып, аман қалса, қалған ғұмырында тышқан мұрнын қанатпай, бас бағып, тыныш жүруге ант-су ішуге өзір...

Жарма есік баяу сықырлап, ішке Әйтекенің кіші ұлы Жалтыр бас сұқты.

– Көке, ас дайын. Қолға су құя берейін бе?

Мүсірәлі тамағын кенеді.

– Әй-аға, біз – үй арасының қонағымыз. Күнде татып жүрген дөміміз. Мына Қойшекем мен Қожекем де таңмен жолға шықпақ. Біздің үйге әлі Самарқаннан келмек хазіреттің де жететін уақыты болды. Сый қонақтарыңызбен “хош” десек деп ек.

– Соншалықты асығыс болсаңыздар...

* Таңғұттар – бұрын ұлыс басқарушы төрелерді осылай атаған.

— Қонақ келмей-ақ та дастарқаныңыздың үш мезгілгі дәмі бізсіз ішілмейді. Бізге ұлықсат етіңіз.

Бұлардың бүйтіп “асыға” қалғанының мәнін сезгендей болды. Мына екеуінің ғана шақырылуының, ала тайдың жығылып, ыли-жыли қазы-қартасының ғана салынуының тектен-тек еместігін олардың да сезгеніне жорыды. Сосын да әзір дәмге қарамай, асығыс жиналуларын “дастарқаннан аттаған” ерсілікке санамады.

Олар дүрк көтерілгенде, керісінше, мейман билер бұрынғыдан да сезіктене, секемдене қозғалақтаса түскендері байқалды. Қол жуылып, бидің ортаншы ұлы Қонысбай үйме табақты дедектей көтеріп келіп, ет турауға кірісті.

Табаққа көздері түскен қос қонақ келгелі бір-біріне алғаш жалт-жалт қарасты. Іштеріндегі үйіре соғып өткен таңғалыс жүздерінен үркесок нышан танытыпты. Соңғы кезде ұшырасқан сайын таусылмайтын нықырtpa, қыжырtpa тәжікелерін бұл жолы көзбен айтысты.

“Әй, маубас, сен не түсіндің?!”

“Кемел тусан, айтпаймысың өзің, тауық ми!.. Әйтеке саған бір жапырақ қара ет қостырмай, кіли-жыли қазы-қарта астырыпты. Ал, же асатауыңды*!”

“Корейін әуселенді, жемей бақшы өзің!”

“Жоқ, сен айтшы, әлгілердің сыпырыла тайып тұруында не сыр бар?.. Жылқының басқалай сүбелі мүшесі таусылып қалғандай, мынау не сый?! Қай жұмбағы?..”

“Әншейінде ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейтін кемеңгерсымақ ең! Тап өз түйінді! Таппасаң, сұра өзінен бұл не құрмет деп, тәуекелің жетсе!”

Үй иесі бұлардың ішкі аласапыранын мүлдем сезбеген репетпен басқа бағытта өңгімеге ауысты.

— Мына өзбек қаншама өз ағам десеңдер де, саудаға бастырылыққан, қадым заманнан бақа бас кетпен, шаян тіс қайламен жер саууға дағдыланған отырықшы жұрт. Біз болсақ, қысқы қыстауын, жазғы жайлауын былай қойғанда, қоршімізге көңіліміз қалса да, қонысынан бір аунап түспесе, құйрығы байыз таппайтын, қазаны теңде, жүгі қомда жүретін жұртпыз. Бұқара, Шаш, Самарқан секілді ірі шаһарларды айтпағанның өзінде Тамды, Кенімың, Нұрата, Ақтау, Қызылшатау маңында елу мың түтін — қазақ. Түбі осылай ел тыныш тұрса, уақыт оза келе жан мен мал көбейіп, өріс те, қоныс та тарысмақ. Қалай тартысып, қалай айтысқан да атақоныстың иесі қашанда отырықшылар боп қала бермек. Сонда анадай шалқар даласы бар қазақтар ағайын жұрттың тоқымдай жеріне қашанғы қыстырылып-қымтырыла бермек. Сол үшін жүз шайысып, жаға жырттысып жату кімге барақат! Не ойларың бар?

Мына сөз қонақтардың көңілін біршама орнықтырғандай болды.

— Шаһар жұртына жақын отыру — біз үшін аса қолайлы емес дегеніңіз бе?— деді Орбұғы.

Серғазы етке қол соза беріп:

— Бұл сонда қоныс аударалық дегеніңіз бе?— деді.

Келісті пікір, кесімді уәжі жоқтың қашанда бір сауалына қарсы екі сауал қоятын әдеті.

— Ас алындар, — деді би сүлесок сылқ етіп. — Бұл үшеуміз ғана шеше салатын шаруа емес. Менікі күні бұрын құлағдар жүрсін деген. Бұл жайындағы келелі

* Асатау — адамның дүниеден озар алдындағы татқан соңғы дәмі.

кеңесті рабиғұл Әулие айынан кейін, іле-шала өткізерміз. Өзгелерді де құлағдар ете жүріңіздер.

Ала тайдың қазы-қартасы талмамай-ақ жұта саларлық боп балбырап піскенді. Арда емген жас малдың осы бір сүбелі тұсы қаншама бал татиды дегенмен, қара еті араласпағасын жүрекке шық ете қалады екен, әсіресе қараңғыға байланған соғым малы секілденіп, келгелі астан ауыздары босамаған қонақ билердің дәмнен беті тез қайтты.

Әуелі Орбұғы құйрығымен кері жылыстады.

— Дәмді екен. Коп алдық.

Кетпеннің басынан жалпақ алақаны қашанда нені болмасын мол қамтитын Серғазы да мелдектеп қалған-ды. Сол жалпақ алақанының іші-сыртын жалаған күйі:

— Лықыдық, — деді. — Ниетіңізге ризамыз.

— Ал! Алындар!

Үй иесінің бұл жолғы “Алы!” құрметті қонаққа білдірген сый-отініштен гөрі бұйрық тәрізденіп естілді. Амаңыз алға үмсынып, табакқа қол созысқан екеуі бір-біріне ұрлана қоз тастан “тіл” қатысты.

“Әй, қосемсымақ, мына құрметтің соңында қандай жаза жағыр?”

“Кеспірсіз-ау, білсең, тілінді біреу кесті ме? Айтсаң-шы өзін!..”

Өздеріне көрсетілген “тұқымы” бөлек құрметтің байыбына жете алмай дағдырған меймандарының репеттерін аңғарған Әйтеке тағы бір түспалды, астарлы сөз тастады.

— Бұл өздеріңе арналған сыбаға. Өткен, әр бидің өзіне лайық сыбағасын беріп, сый-құрмет көрсететін уақыт жоқ.

Қос қонақ түйіліп қала жаздады.

Сыбағаның салмағы ауыр, мәні тереңде екенін біршама байыптағанмен, Орбұғы орағыта жалтарды.

— Әулие Сейітқұл бабаңызбен бір кезде Нұрата маңына еріп келген қырық мың түтін бүгінде алпыс мыңға аяғын жимай жетті. Алпыс би. Бұған құзырыңыздағы өзбек, қарақалпақ, құраманы тағы қосыңыз. Жалпақ Кіші жүз билерінің саны қанша екенін бір Алла біледі. Ат аяғы бірде жетіп, бірде жетпей отырған Ұлы жүз бен ну орман Орта жүздегі сыйлас билеріңіз қаншама. Солардың әрқайсысына...

Дауысын барынша сенімді шығарып, сәндеп, мәңдел, зерлеп одан әрі термелей берер ме еді, кім білсін, Әйтеке “жетер” дегендей тамағын кенеді.

“Түнде жымып келіп, қойдың құйрығын сорып кететін борсықтан өткен мына зымыстан “жылы-жылы сөйлесең, жылан да інінен шығадынын” керімен қаһарлы неменің бүйрегін өзіне бұрып ала ма” деген оймен әлдене айтып қалмаққа үмсынған Серғазы да құйрығын жымды. Әйтеке Қараға:

— Қонақтарға менің атымнан ет асат, — деді.

Кеңірдектей мелдектеген билер табакқа қайыра қоздері түскенде, сарала қазыдан жүректері лобығандай түстері бұзылып сала берді. Бас биді жер-жебірімізге, жекен суымызға жеткенше “айыр тілін сұққылайтын шығар” деп келген меймандар енді ол тап қазір “тас шайнаңдар!” десе де бас шайқауға шамалары жоқ-ты. Қарындары илуге келмегендіктен ырсыл қаға, қос жұдырықтарымен жер тіреп, Қараның күрек басынан жалпақ алақанындағы үйме қазы-қартаны зорлана асағанда, көздерінен жас ыршып-ыршып кетті. Енді манағы қымыз ішкен әйдік көзелермен әкелінген, майы бетінде туырылған сары сорпадан қонақтардың ерін ұшын тигізіп, ырымын жасауға ғана шамалары жетті. Бірі қара тақиясының ішкі

астарынан, екіншісі өңірінің әлдебір жерінен алып, аршадан жонылған шұқығыш-тарымен тістерінің арасын тазартуға кірісіп, әлсіл-әлсін жарыса кекірісіп қояды.

– Ал, шаруа айтыңдар, меймандар!

Әбден зықысы шыққан қонақтар бас биге жаутандасты.

“Бұл тағы қай жұмбағын, шақырулы қонақтан шаруа сұрағаның!..”

“Көке, тап қазір шу асаудың күйірығына байлап жіберсең де, айтып олтірші!..”

Дегенмен, Орбұғы бұл жолы Серғазының алдын орап қалуға асықты.

– Ел ішінің тірлігі мен күйбені таусылған ба! Бірін істедім, тындырдым десең, артынша істелмегеніне, тындырылмағанына сүріптіп-жығылып жатасың. Келіп шаруа жайын ақылдасу орайы біздікі еді. Әдейі шақырып, сыбаға жегізіп, алдағы кеңеске хабаршы болыңдар деп шақырмағаныңды да көңіл шіркін сезет. Біз де пендеміз ет пен сүйектен жаралған. Кетігімізді бүгіндеп, кемісімізді толтырар кеңесінді жерге тастаған тұсымыз болса, оны айт. Тапсырар қызметіңе ордайым құлақ түрулі, білек сыбанулы, бас би.

“Ымыңды түсіндік, ебінді түсінбедік” дегендей естілген мына сөзге Әйтеке оқшырая қарап, іштегі сыр мен сынды, сыз бен әмірді енді созбақтай бергісі келмей лақ еткізе салды.

– Мен айтарымды айтып болдым. Ендігісін қалай зерделеу – өз ырықтарың.

Ток кісінің еңсесі езілгені ауыр соғады екен: екеуі де иықтарынан дем алып, ентигісіп қалды. Ел-сал қылған ой ортақ: “Бұл не айтты, біз не ұқпақпыз?!”

Қарын тойса – ой шабан: аяғына қан ұйыған жылқыша кібірткітеп, алысты меңзетер, болжатар емес жуық маңда. Бұлармен осы жолғы мәмілені аяқтауды ұйғарған Әйтекенің дауысы күзгі бұлт ішінен шыққан күннің шуағындай қайтадан жылы естілді.

– Ал, меймандар, қонамын десеңдер – төр сендердікі, жүремін десеңдер – жол сендердікі. Жауыңды көп ұстама – сырынды алады, досыңды көп ұстама – жолынан қалады дейді екен бұрынғылар.

“Қайтсек, осы жолы кәріне ұшырап қалмай, аман құтыламыз” деп қипақтаған қонақтардың да күткені осы-тұғын.

– Жүреміз, Әйеке! Жүреміз! Алла разы – біз разы!

– Бағың мен барыңа кие қонсын!

– Онда сендерге ақ жол!

Жарыса разылық білдіріскендер абың-күбін: қимылдары қопалақ, тік тұрғанда тобықтарына келетін ұзын шапандары осы жолы ит әлекке түсірді. Аяқтарына оратылып, бойларын тіктей алмай, бірі еңбектеп, екіншісі күйірығымен жорғалап, есік көзіне қалдырған пұшық кебістеріне зорға жетті.

Олар ұзай бере, үй иесі сыртқа шыққан. Бөлек-бөлек келген олардың Қызылшалыға қарай ат бүйірін жанаастырып баратқанын көргенде, екеуіне рәсуа кеткен уақытына күйінгені ме, бүгін үзенгілескенмен, ертең тізгін қосарларына сенбегеніне ме – еріктен тыс күрсініп салды.

* * *

Қызылшалы мен Нұратаның арасы он екі фарсан*. Нұратаның көусар бұлағына қанып, жағасының көк балауса құрағына сиыр сәскеден бері еркін оттаған, су төгілмес күрән жорға мен Сүркожектің былайғы аттың ит бұлкілін ілестірмес

* Он екі фарсан – сегіз-тоғыз шақырым молшерінде.

шайқалақтаған аяңымен екеуі әп дегенше жол ортасын соқтырып тастаған. Қызылшалыдан ары қарай жолдары екі айырылмақ: бірі — Тамдыға, екіншісі — Кенімыңға. Оған дейін әлі жар жол бар. Серіктескендеріне разы болғандай екі ат бәсеке аяңға ауысып, әлсін-әлсін зың еткізе үзеңгі қағысқанмен, иелері ләм-мимсіз. Бір-бірінің “ырыздықтарына ортақтасқандарына” әбден өзді-өзі отін жармай тыншымайтындарына емес, осындайда уақытша болса да, ортақ мәмілеге қазық таппағандарынан әлі тымырайысып келе жатқан-ды. Алайда, тап осылай томсырайысып кете бара алмайтындарын да іштей топшыласып қойған еді. Тек қайсысы әңгімені бұрын бастаса, сонысы кішірейіп, аласарып, мүжіліп қалатындай бәдік намыс көгендеп келеді. Ақыры, іш бағысын келе жатқандарға тіл қатысар себеп табыла кетті.

Өткен күз бен қыс мал тісіне ергендерге жайлы болып, биығы көктем коделі майсасымен айналасың жазығы мен тау-тасын шымқай көмкерген. Тіпті айтақырланып жататын жол аңғарына ат шашасынан асатын балауса қаулай өсіпті. Бұлар сол бұрынғы жол сорабының бағытымен үнсіз келе жатқан-ды. Кенет аяқ астындағы боз көденің арасынан бытпылдақ қаға бодене жанұшырып шыға келгенде, екі ат өнімді аяндарынан жаңылып, тірсек соғыстырып, кегжендесе, бір-біріне азу салардай ойқастай оқыс мінез танытқан. Мүлдем бейғам, бос тақым келе жатқан иелері аттан сыпырылып қала жаздап ашуға булығысқан.

— Жамалдатқыр! Торғай көрмегендей не албасты басып келеді! — деп Серғазы Сүркожегің басын кегжендете, тізгінін шірей тартқан беті сауырдан төрт ормесімен осып-осып алды.

— Ен дала жетпегендей екеуінің тақымдаса қалғанын көрмеймісің! — деді Орбұғы басынан түсіп қала жаздаған тақиясын қайта баса киіп жатып. Сосын шоқтана өскен көдеге де, арасынан оқыста ұшып шығып, аттарын үркіткен боденеге де кінәлі кісіні іздегендей тосын сауал қойды.

— Әлгі төртқараның “айтқанды қалай зерделеу — өз ырықтарын” деп жұмбақтағаны несі?! Біз оны қалай зерделеуіміз керек екен сонда?

— Оның не жұмбағы бар, — деді серігі оның бопсалаған сөзіне күрең қабақтанып. — Құдай берейін десе, көзсіз жомарт. Төртқараның ішінде Ораздың тұқымына байлықты да, бақты да, тақ пен төжді де маңдайларына жазып қойыпты. Жаңағысы — сендер де ашсам алақанымда, жұмсам жұдырығымдасындар дегенін түсінбейтін несі бар. Айдыны асып, пәрмені жүріп тұрған кісі сойдемегенде не деуші ет. Сен онан да әлгі сыбаға-сыйының мәнісін айтшы. Өз басым осы ғұмырымда...

Орбұғы қашанғы дағдысымен анқауси, сырғақсыта, бұлталаққа басты.

— Екеуімізді шақырып, бір табақтан дәм татырғаны, сірә, әлгі екеуіміздің біраздан... Неғылғанда да татулыққа шақырғандағысы да. Өзің қалай ойлайсың?

— Жарайды, солай-ақ болсын, — деді Серғазы Орбұғының тағы да караға жоламай, жалт ойынға салып келе жатқанына кіділене түсіп. — Мені тандандырғаны — ол емес. Жұмбағы — тайды сойдырып тұрып, басқа мүшесінің бүлішкесін салдырмай, қазы мен қартасын пісіргені — қай жұмбағы? Қалған ғұмырымда сені көсем тұтып-ақ өтейін, осының мәнісін ұғындырышы маған.

— Имандай шыным. Түсінсем бұйырмасын!

Серғазы тақымдай түседі.

— Жок, сен осындайды бұрын-соңды естігенің бар ма, отті-кеттіде?

— Құлағым керек болсын естісем.

Қайта ымыраға келгендей үзенгі қағыстыра тайпалатқан қос ат Ақтаудың жатаған жотасының біріне қайқая котерілгенде, етегіндегі қыстауы мен киіз үйі бытықы-шытықы боп быжынай қаптаған Қызылшалы мекенінің үстінен түскен-ді.

— Әлгі жыртқық қолтық өзбектің шайханасы қай тұста еді?—деді құрғақсыған тамағын жұтына түскен Орбұғы.

— Әне, анау емес пе, — деді Серғазы дуалсыз, сыртын әктеген, аласа тамға қарай иегін меңзеп. — Таңдай жібігіп шықпасақ болмас. Қаным кеуіп кетті.

Шайхананың алды ығы-жығы: кез келген жерге қалай болса солай жасай салған кермелер мен қазық-қадақтарда атарба, есек ерба, салт ат пен тоқымдары жалбыраған есектер, әлденеше тұста ауыздарын қайзаңдата малжандасқан түйелер шөгіпті. Үстеріндегі ала қап теңдері түсірілмей, бір-біріне нокталарымен матастырыла салғанына қарағанда, алыстан кіре тартып жүрген саудагерлердің кішігірім керуеніне ұқсайды. Бірқатары енді келіп, бірқатары шайханадан шыға сала, асығыс аттанып жатқандар да баршылық.

Бұлар шеткі қадаудың біріне аттарын қазықбаушалай салып, шайханаға кірді. Іші сыртынан өткен даңғазы екен: құдды араның ұясы дерлік, айқайлап сөйлемесен, жанындағының өзіне естілерлік емес, гу-гу, ду-ду, кеу-кеу қыза түскен әнгіме, қызына сөйлеген айтыс. Дөңгелек жозаларға төрт-бестен, бес-алтыдан айнала шөкелесе, малдас құра, жүгінсе жайғасып алып, төрткүл дүниенің бар дау-дамайын осында түгендемек сыңайда. Әсіресе оң жақ бұрыштағы оншақты өзбек пен ұйғырдың саудасы пісінкіремей жатқанға ұқсайды. Өңештерін соза, қызыл кеңірдектесіп, кермалдасып-ақ жатыр. Біреулері сарт-сұрт алақан соғыстыра қол алысса, енді біреулері қоткеншектесе өжектеседі. Сірә, алыс жолдан келгендер болса керек, басқалары бір-бірін түтіп жесе де шаруасы жоқтай ақ қалайы табақшалардағы буы бұрқыраған палауды уыстай асап, көкшайдың кесесін бастарына төңкеріп жатқандар да аз көрінбейді, озді-өзі топтаса қалса, “порсышылап” ала жөнелетін сарттар да жетерлік: төрт-бес тұста шоғырланып алып шауқылдасқан олардың даң-дамасы бәрін басып тұр.

Тізе бүгер жер іздеп, бұлар есік көзінде бөгеле берген. Мына даңғыра мен даң-даманың бәрінен асып, өпірем үнмен әкірендей бұйырған жуан дауыс екеуін еріксіз мойын бұрғызды.

— Әй, Жаншұқырдың қос бозымбайы, бері!.. Бері келіндер!

Басына бұқар қалпақ, үстіне қытайы қара жібек шапан киіп, бұйырғын мен ізенге жайылып семіріп алған малдай бет-ауызы бес батпан сарыны бұлар әуелкіде танымай қалғандай кідіре берген сайын анау жандарын шығарып баратты.

— Әй, мырулар! Арқаларына жүк батқан есекше неменеге итие қалдыңдар! Бері! Бері келіндер деп тұрмын ғой сендерге!

Құнара киім өзгертіп, сәліктене кербезсіп, сырбазсып, әрдайым өзгеден бірер омыртқасы артық жаралғандай ордандап жүретін ақкетенің биі Үркінді бұл маңның адамы түгілі иті таниды. Тек кекетіп, кемсіте керауызданып, жанына жолап кеткенді айғыр талаған сәуіркей қылатындығы үшін шама келгенше бойларын аулақ салуға тырысатын. Дегенмен, бұл жолы бұлтаруға ырықтары қалмады. Шаш тордегі дөңгелек жозаға жақындай бергенде, Үркін жанындағы үш-төрт кісіге:

— Әрі! Әрі барындар!—деп бұйырды. —Жаншұқырдың мына қос биінің төңірегінде жын-шайтандары өріп жүреді. Аузы-бастарынды қисайтып кетер. Басқа жерге барып отырындар!

Жанындағылар ыржалақтай күлісіп, ары ығысып кетті. Бұлар жарыса қол ұсынып, жанына тізе бүгісті.

— Ой, мынау бір қызық жай екен, — деді Үркін өтірік таңдана, онкеңдей күліп. — Жұрт сен екеуіңді ары қараған беттері бері қарамастай болып, үйлерінің есігін теріс қаратып алысыпты, қазір бір-бірінің үйінің көлеңкесіне иттері де жатпайды деп жүр еді. Неғып бүгін қосарласа қалдыңдар?

Серғазы сұйықтау езу тартып әзілге сайыды.

— Нағашы, өстіп нықыртып, тұқыртып алмасаңыз, ішкен-жетеніңіз бойыңызға тарамайды-ау деймін.

— Аулак! — деді Үркін ат-тонын ала қашқансыл. — Ақкетенің қыздарын кім алмай жатыр... Басқаны былай қойғанда, бақа жеген қалмақтың қанжығасында қаншасы кетті! Сен сияқты көкжасықтар маған жиен боп жарытпас. Тіпті ішіне сыймай бара жатса, оңашада айтсаң бір сәрі. Мына секілді құрдастар естісе “жиенінің түріне болайын!” деп мазақтап жүрер.

Сосын Орбұғыға ошарыла бұрылған Үркін енді оны мүйіздел ала жөнеледі.

— Әу, табындағы азбан бұқаша әукең неге салбырай қалды сенің! Бірдеңе десең-ші!

“Қайдағы бір жағына жылан жұмыртқалаған кержамбайға қайдан ұшыраса қалып ем” деп ыдырына опынған Орбұғы:

— Құрдас, қаным кеуіп келді. Олтірсең де әуелі шай алдыршы, — деп жақауратты.

— Е, сөйде. Шөлдеп келдім де. — Үркін әр жозаға палау, шай, тоқаш тасып зыр жүгірген, жастығына қарамай бет-аузын жүн басқан өзбек даяшыға айқайлай өмір етті. — Әй, бит сақал тамыр, мыналарға палауын мен шайынды жеткіз тез!

— Палау керегі жоқ. Тек шай болса жетеді.

— Алла разы болсын, тек шайын тезірек әкелсінші.

— Патша көңілдерін білсін онда. Ақкетенің биі көк шаймен шегімізді жуып жіберді. Қуса құмалақ түспейтін сараң екен деп кетпесендер болғаны.

Үркіннің “тамырын” түсінгенмен, “бит сақалын” қақпаса керек, жайпақ ақ қалайы табақшасына екі кесе, екі тасқұманын салып, басына жастық, астыңа көрпе болуға дайын даяшы иіліп-бүгіліп лезде жетіп-ақ келді.

— Ал, ішіндер! — деді Үркін бұйыра сойлеп. — Түрлерін тоқ кісіге үқсайды. Өзі барыс-келістерін қай жақ?

— Алыс емес, — деді тасқұманға үмсынып жатқан Орбұғы.

— Алыс болмаса, не о жақта шай бермеді ме?

Айтқылары келмегенмен, Үркіннің бәрібір тақымдап қоймайтынын білетін Серғазы немқұрайлылау ғып:

— Нұратадан, — дей салды.

— Нұратадан! — Әуелі ақшаң ете қалған көзі сәтте жайнап сала берген ақкетелік би жеті қат жер астынан іздегенін жанынан тапқаннан бетер жұтынып шыға келді. — Ойбай-а-ау, ие-ие, естігем. Әйтеке сендерді шақырып, күн кесіп қойыпты деп... Қасқалар-ау, Нұратадан келеміз дегенше қансоқтадан келеміз десендер-ші! — Оның разы болғаны сонша, қорбаңдап, бұларға шайды өзі құя бастады. — Шүкір, Шүкіршілік дендер. Тірісіндер ғой, әйтеуір. Құдаяны сендер үшін мен атадым онда. Тәуба! Ит аузына түскен соқта жаншылмай шықпайды. Не жандарын қалды, сорлылар?! — Ол өзі айтып, өзі күліп, өзі сұрап, өзі жауап беріп, әбден айызы қанды. — Сорғайнағандарым-ай, тоқпыз дейді. Қайдан тоқ болайын деп ендер. Әйтеке сендерге ақ ботаның басы мен боз құлынның шекесін

ұстатпайтынын білем ғой... Бәсе, жүнделген түйеге ұқсаған түрлерің келіспеп еді-ау көргеннен. Берген-ақ екен сыбағаларыңды!..

Орбұғы бұдан арыға шыдай алмай шытыңқы қабақ танытты.

— Әйтекені қалай десең де, ұр да жықтың кісісі деп кім айтты?

— Лақпа далаға! — Үркін одан әрі оны сөйлетпей тастады. — Оны ұр да жықтың адамы деген кім бар? Айтсам, оның азулылығын айттым. Айтсам, оның шар болатты да сындырмай иетін шешендігі мен билігін айттым. Айтсам, жеті атасына әруақ қонып, Алла қолдаған адам екенін айттым. Тіпті қазір кім-кімді де қағып, жеті қат жер астына тығып жіберем десе де, отқа қақтап, күлін кокке ұшырып жіберем десе де, сені мен мені оның қолынан Құдай алмаса, адам баласы ала алмайтынын айттым. О несі-ей, далаға қарап кісінегені...

— Бәсе, солай шығар, — деді енді Орбұғы даусына кекесін ойнатып. — Әйтпесе, онымен Ұлыс билігіне таласқан кідісін әлі ұмыта алмай жүр ме деп қалғаным.

Үркін жанды жеріне тисең, жаймалап қалатын одетіне ауысты.

— Қойшы, қайдағыны айтпай. Әйтекемен таласып, тастай алмай жүрген жаным бар деймісің. Сен де кейде, құрдас, ит жылғыны күңсітесің остіп...

Бұдан кейінгі әңгіме күрт жаймашуақтанып жүре берген. Келер күз бен қыстың болжамы, жазғы жайлау мен қысқы қоныстың жыл өткен сайын тарылып баратқандығы, соның кесірінен ағайын арасындағы керіс, бота-тайлак арасындағы тебіс секілді таусылмайтын шаруа қамын түгендескен. Көптен көріспегендіктерін сылтауратып Үркін бұларды бөгей түсті. Қайта-қайта шай алдырды.. Әңгіме ағымы бір ауық соңғы кездің оябында бұл жаққа сарттардың ағылып келе бастағандықтары, салттарының өзбек ағайындарға қарағанда өзгешеліктері жайына ауысқанда, Құдай Серғазыны аузынан жаңылдырды.

— Біз сарттардың салтын айтамыз-ау, — деді ыстық көк шайға жіпсіген маздайын алақанымен құрғатып жатып. — Осы бізде, қазақта қонаққа өзге мүшесін араластырмай, кілі-жыли қазы-қартадан табақ тартқанын қорғенің бар ма, нағашы?

Орбұғы көзді ала беріп оның сан етін ондырмай бұрап кеп жіберді. Ыршып түскен Серғазы алая қарап:

— Саған не көрінді! — деді ытырынып.

Үркін: “Мынау не айтып отыр?” деп әуелі таңырқай түскенмен, ізінше жирен мұрты жыбырлап, жасыл жанарын сықсита, екеуін барлай, тына қалды. Қазіргі кейпі әрдайым үйірсек азбандай одыраңдап, айналасындағыларды тастабакша қағыстырып жүретін Үркіннен гөрі тышқан інін баққан әккі мысыққа келінкірейтін. Бір кезде барып көмейінен ыс-ыс еткен дыбыс шығарып, бүкіл денесі іркілдей селкілдеп ала жөнелді. Содан, біраздан кейін ғана тыңға келді.

— Әй, әулиесің ғой, бар болғыр! Әулиесің! — деді ішіне сыймай селкілдеткен күлкисін сыртына ақтарып. — Құдай біледі—соның ісі. Содан басқа ешкімнің ойына сыя бермейтін іс — бұл. Сенің де сол әулие басыңды біреулер бір күні терлеп-тепшіп қараңғы көрге көміп жатады-ау! Ой, дүние-ай!.. Сенімен бір кезде ұлыс билігіне таласып жүрген мені ұрып өлтіретін кісі жоқ. Әне! Жиен деп соны айт! Ақкетелер қыздарын ылғи сондайларға берсе ғой... Жо-оқ, оны атасы Жалаңтөс секілдендіріп, аталық атандырып, ұрпақ алуымыз керек біз одан...

Орбұғы ауызы жеңіл Серғазыны атарға оғы болмай, қайта-қайта алара қарап, ыдырына қозғалақтайды. Ағаттығын кеш аңғарған Серғазының өзі де іштей күйгелек халде. Ал, Үркін өзі айтып, өзі пішіп, ащы жегендей ашырқанып, айызы қануда.

— Ойпыр-о-ой, таппайтыны жоқ-ау марқасқаның! Қанын шығармай сойып, жанын шығармай өлтіреді ғой бұл Әйтеке. — Үркін сақылдан кеп күлсін. — Әй, мырым жиен, сен оның бұл жорасын қалай деп ұқтың?

— Нағашы, жиен деп мені әрі итеріп, бері жыққанынмен, кара орман орнында. Күйген ештеңе көре алмадым. Әйтеке шақырып, екеуімізге бір табақтан дәм татырса, біздің арамыздағы олпы-солпы кикілжіңді естігені шығар. Қазы мен қарта сыйласа, бірліктерің дәл осындай тәтті болсын дегені шығар. Ал, сенің неменеге осыншама жетіскеніне жол болсын!

Орбұғының амалсыздан Серғазымен тізе қосуына тура келді.

— Серғазы жон айтады, құрдас. Сен оған күлме. Араларына осек-аяң жүгірін, теріс қабақ тартқандарды елдің жосықты адамы үйіне шақырып, бір табақтан дәм татырып, ұғыстырып, табыстырып жіберу — әуелден, тіпті өлімсақтан жұртымыздың жоралғысы.

Оның сөзін ақкетелік би шорт үзді.

— Былжырапсыңдар! — деді езуіндегі табалаған жымысқы күлкісі құбыла түсіп. — Сендердің бұларың дәрмені жоқ, тобаға тоймастың керімен өздеріңді жұбатқансу. Ымға да, дымға да түсінбейтін көрсоқыр би бізбиз десендер сөзім жоқ. Жақауратқандарына сене қалатын ноқайларың мен бе! Қазы мен қарта қанша тәтті десендер де, айналып келгенде, бар болғаны бөк қарынның қабы ғана. Әйтеке сырттарың жылтыраған, тілдерің тәтті болса да, іштерің толған бөк екен депті сендерге! Өне, ұрмай-соқпай жазалау деп соны айтады. Әй, түпсіз тереңсің-ау, Әйтеке! Қылығыңды қылшығыңнан танытын әулие, өне, сондай боп келеді. Ыммен-ақ зағиптың көзін, кереннің құлағын ашады-ау, сабазың! Ал сендер келіп...

Орбұғы қынжыла бас шайқады.

— Біз сені сыйлас деп сырымызды...

Үркін сона көздене ежірейді.

— Не дейді! Сыйлас дейді!.. Керек еді! Сен мені сыйлама! Қорық! Қорықпаған соң, сыйлағаныңның құны — мен үшін қарабақыр! Өне, әйелдеріңнің дамбалын бастарыңа кигізіп жіберген Әйтекеге ыңқ дей алмай келіп отырған сықпыттарың — мынау. Ойткені, одан қорқасындар. Енді келіп сені сыйлағандықтан деп былжырағандары несі-ей!

— Сөзің — ашутас, тілің — тотияйын-ау, усойқы!

— Усойқың не, нағыз үббенің* өзі де!

— Мені қалай ғайбаттасаңдар да — ырықтарың. Менің айтқаным — Әйтекенің сендерге берген бағасы. Мені бірін нағашы, бірін құрдас деп өзімсіңген шығарсындар. Енді қайтып бұл турасында жан баласына тіс жарушы болмаңдар. Елге маскара боп жүрерсіздер.

Орбұғы мен Серғазының шаптарына шок түсті. Ашы колдің балығынша боп-боз түрлерінен көкіректерінде әлдекімге деген кекті ашу атойлап шыға келгендері байқалды. Тап қазір сол кек пен улы зәрлерін жасынға айналдырып, төбеге ойнатуға әзір.

Бірақ...

Кімге?

Қашан?

Арғы алтыншы аталары бір қаптан, бір саптан өрбігенмен, баталары бірікпеген екі би Үркінмен “хош” деспестен сілкіне қимылдап, сыртқа қарай қайқайды.

* Үббе — су түбіне тартатын пері.

“Түрт шайтандаған!” Үркіннің ғана ұпайы түгел: көзі шокша жайнап, екеуінің соңынан табалаған кекесінің ытқытты.

— Сырты жібек, іші кебек немелер, сендерге керегі — сол. — Жиырма тоғыз ру — Кіші жүздің бас биі кім дегенде, “Әйтеке!”, “Әйтеке!” деп ауларың айрылғанша әулігіп, Мәртөбенің басын кошiрiп жібере жаздап ендер. Әйтекеден бүгін келістіріп-ақ сыбаға-керлерінді жепсіңдер! Менің де күткенім — сол... Жүрт әлдеқалай бір оқпен екі қоян атқанына мөз. Үркін бүгін бір оқпен үшеуінді сұлатты. Ал, жабысындар бір-біріңнің жағаларыңа!..

ҚОНАҚ ӘКЕЛГЕН ХАБАР

Екінді таяп қалған шак.

Бірде мақпал мінез жанның лебізіндей, бірде сұлу қыздың іттипатындай ауық-ауық желпіп өткен сәуірдің кәусар самалы көкірек кеңітіп, көңіл сергітіп, әлсін-әлсін кеудеңе уыс-уыс шуақ құйып өтеді.

Мана, осыдан бие сауым бұрын Әйтеке мен Мүсірәлі Ақтаудың жатаған, кәрі сілемінің біріне шығып, күйрық басқанда, аспан өлі көк ніл қалпында еді. Қаратау мен Қазықұрт жақтан тоқымдай-тоқымдай ақ шулан бұлттар тасып басылған өзен үстіндегі майда сендер құсап жылжып келеді екен. Шығыстан ойда-жокта пайда болған сол бұлттар батыс беттегі кәрі атанша сұлап жатқан Нұратауының құшағына енді-енді еңбекші қызыл таба күннің шұғыласымен қауышып, жалқындана, алаулай шырайланып алыпты.

Би мен пірі тізе бүккелі оқта-текте ғана тіл қатысып қояды. Сол шолтақ сауал, келтек жауаптың аржағында бүкқан ұзақ сонар ойларымен өздері оңаша қала береді.

— Мына бір қияфаттың* болегін-ай!..

Би пірінің әсершілдігін де, онысын әрдайым сыртқа шығара бермейтін тасқамал беріктігін де сезетін. Әсершілдігін жастығына, беріктігін ерте толысқан кемелдігіне саятын. Көз қиығымен шолып, оның ана бұлттарға еліге үзілген кейпін байқады. Мұның өзін сырттай бақылағанын сезген пір де зейін бағдарын басқа жаққа аударып әкетті.

— Әй-аға, біздің мешіт күннен-күнге жұпыны тартып бара ма, қалай?

Етекте ат шаптырымға созылып жатқан жалпақ ауылдың шетіндегі көк күмбезді мешітке жүдей назар салған Әйтекенің дауысы нали естілді.

— Жүр ғой әлгі Әбдімәлік ишанымыз ақырзаманды төндіріп. Жөндеуге ойсан қаржы сұрайды. Ықыраждан** да ойсан мал мен мұкамал түсуге тиіс-тін. Медреседегі оқуға жұмсалады дейді. Рас та шығар. Кейінгі жылдары ойдан-қырдан жиналған шәкірттердің қарасы молайып барат. Тек ишанның өзі тірлік етіп қам жасамай, сұрамсақтанып кеп жүретініне қарның ашады. Бір амалын биыл қарастырмасак, мешіт те, медресе де сұрқай тартыпты. Бұрнағы жылғы қабағат жұттан кейін өлі әбекоңырлықтан арылмаған жалпақ жұртқа ауыртпа-лық арту орынсыз. Әрі биылғы түрлі рама^т*** пен ықыраждан, ат аламан мен қазан аламаннан**** босатпасак, жалпақ жұртқа ауыр соғатын ынғайда.

* Қияфат — көрініс деген мағынада.

** Ықыраж — пітір, зекет секілді діни салықтар.

*** Рамат — түрлі салықтар.

**** Ат аламан — соғысқа, қазан аламан — төрелер мен билерге жаңалатын сойыс малы.

Амалдап, екі жыл осындай рамааттардан азаттасак, біржолата сарыңұттанғып кетпегенмен, қабырғаларына шарбы жүгірер ме еді. Одан арғы жылғы жиналатын рамаатты Керминенің* базарына апарып қаржылап, осы мешіт пен медресені жондеуге жаратқанымыз мақұл шығар.

— Оған торелер мен хазіреттер көне қояр ма екен оңайықпен? — деді Мүсірәлі шүбасын жасыра алмай.

— Билер конеді, — деді Әйтеке сенімді түрде. — Кондіремін. Хан кеңесіне жеткізсек, торелер де жалтара қоймас. Шаһарлардағы біраз ауқаттылар мен саудагерлерге құлақ қағыс қылғам... — Шырты шалым мүдіріп барып қынжыла сөзін жалғады. — Биыл біразы Меккеге бармақшы бола қалыпты.

Мүсірәлі ақырын мырс етті. Би оған сұраулы пішінмен мойын бұрды.

— Естігем.

— Нені?

— Сондайларға “намазынның қазалығынан артыңның тазалығы жақсы емес пе” дегеніңізді.

— Қайтейін. Күйінгеннен шыққан күйдіргі сөз де. Мұсылманшылықтың қырық парызын қылапсыз орындап, енді тек Мекке-Мединеге бару ғана қалғандай сықпыттарына болайындар... Әйтпесе, мен олардан Қағбаны қызғанды деймісің.

— Солардың көбінікі риялық** пен мұнапықтық. Бай екем, бар екем — мен де Меккеге баруым керек деген бәсеке.

Жас пір алда тағы да сүргін дау-дамайдың күтіп тұрғанын болжады.

Осыдан он шақты жыл бұрын, “Үлкен ақ қояннан” кейін Әйтеке күйзелген жұртты бірер жыл жиналатын түрлі рамааттан босату жөнінде сұлтандар мен ауқаттыларға қолқа салғанда, ел қаралай қақ айрылған. Ақыры, қабырғалылар дегеніне жықты. Қарашылар рамаатты қатты күйзеліп барып өтеді. Онда Әйтеке ұлыс биі ғана болатын. Қазір тұтас Кіші жүздің екі тізгін, бір шылбыры қолында. Айбарымен ықтырып, билігімен бұқтырып тұрған шағы. Айбарлығын аталарының әуағына, қаһарлығын “камшысының киесіне” балап, “айыр тілді” Әйтеке деп былайғыда иіліп-бүгілгенмен, күні ертең рамааттардан түсетін қол-көсір “ырыстарынан” қағылатынын білсе, өлгі ауқаттылардың аяқ астынан бас асаулары ұстап, қалай мәнкітіндері тағы белгілі. Итырғылжын айтыс, бұлғаққа бастар дау сонда оршиді.

— Сұраймын деп ұмытып жүр екем. Аңада медресеге барғаныңда не байқадың? Ишанның ойы не?

— Тәлім жайын айтамысыз? Әрине, Самарқанмен біздің медресені теңестірем деп сіз де ойламаған шығарсыз. Бірыңғай мазһип*** қана оқылады екен. Ишан білімді ұстаз жалдауға қаржы жоқтығын сылтаулайды.

— Солай де. Әрине, мазһип оқылу — бірінші шарт. Бес арыс Тұран Жамуриятын**** ғана басқарып қоймай, жалпақ Әсия мен мөшырық елдерін бір камшымен айдаған Темір де дін мен жарғы божысын тең ұстаған әрдайым. Тіпті бөрінен жоғары қойған. Діннің божысын біз де босаңсыта алмаймыз. Ал Жарғы расиласын***** тереңдете оқыту — келешектің ісі. Тағы бір жадылайтын нәрсе — таурих расиласы. Ел-жұртының, торткүл дүниенің таурихынаң мақұрұм шәкірт —

* Кермине — қазіргі Ноуаи қаласы.

** Риялық — мақтансүйерлік

*** Мазһип — діни сабақ

**** Жамурият — мемлекет деген мағынада.

***** Расила — пән деген сөз

шідерімен текіректеген шобыр. Шобырдан отбасының, әрі ұзаса руы төңірегіннің дау-дамайын қуғаннан басқа не күтпексің игілікті. Таурихты білуің – атакүлдігіңнің кешегісін білумен бірге болашағыңа жаққан жарық шырағың. Қой көбейтеміз деп жүріп көп ойдан қысыр қалыппыз. Менің ат арқасын жауыр қылудан басқаға мүрсатым жоқтығын көріп жүрсін. Пешенеге жазғаны сол шығар. Иә, жаңа саған не айтпақшы ем... Биыл, “Хан кеңесінен” кейін Самарқанға жүреміз. Сенің міндетің медресеге таурих және жарғы расиласынан тәлімші табу. Білімі терең тәлімші-исандардың Самарқанды тастап, Нұратаға келе қою да екіталай. Дегенмен, сен ізде. Бұл – бір. Сосып Еділден бастап барлық қағандар мен Әсия елдеріндегі, мәшырық жамурияттарының шахтары мен әмірлерінің ел, құкмет басқару жайындағы тәмсіл, ғибыраттарын жинастырып көрсен қайтеді?

Кітап – ақыл-қуатың. Кейінге қалдырар ұлағатың мен оснетің де – кітап. Сен көп білесің. Тоқуың мен зерделеуің тіпті ғанибет. Соны жинақтап жазып қалдырмасаң, жерін жыртқанмен дәнін сеппеген дихан не – сен не! Ертедегі ғұламалар тақтан бұрын кітапты, ғылымды таңдаған. Ал, сондарында қалған сол кітаптарды олардың сайрап тұрған тілі, өлі күнге соғып тұрған жүрегі демей қорші кәні!.. Сен жаз. Опалылық кітапта. Олмейтін бір нәрсе – исандар мен кәтибтердің* хаты. Біздің таурих сынтастар мен балбалда ғана қалса, келер ұрпақ бізді кешірмейді. Ол үшін мешіт, медресе шырақтарын маздат қолыңнан келгенінше. Қадым заманғы халқыңның ізін тап. Жаңарт. Ықтиятта, қайтып көмескі тартпастай қыл... Жаңа өзің айтқандай, біздің медресе Самарқандағы медреселердің ілім-тәлім беру жөнінде шалымына келмес. Бірақ медресені бұл күйінде қалдыруға да болмайды. Ал келем деген тәлімші шығып жатса, ақы-пұлынан тартынба. Жә, мұның бәрі Самарқанға барғаннан кейінгі әңгіме. Оған дейін де алқымнан алғалы тұрған жұмыс бастан асады. “Хан кеңесіне” барғанға дейін біз біраз сұлтандар мен аумақтылардың алдынан өтуіміз керек. Әлгі жұттан кейін құбадүмбіл жағдайдағы жұртты рамааттардан босату жайындағы әңгімені айтам. Әйтпесе, “Әйтеке мен төңірегіндегілер жерден жік шықты ғып, бірдеңені ойлап табады да жүреді” деп ғайбаттаушылар да табылмай қалмас.

Жоғарыдан құс қанатының сусылы естілді.

Үстерінен бірде далбалақтап, бірде шүйіп қос құзғын ұшып өтті. Сол екен, жан-жақтағы ағаш бастарынан даурыға, қопарыла көтерілген қарақұрым қарға қарқылдап-барқылдап, апақ-сапақ күйде әрлі-берлі алашапқын жасап, сапырылыса дүбіліп жүрді де, жаңағы қос құзғынның соңынан бытырай аңдыздап, Қызылшалы тауының бөктерлеріне сіңіп, көзден ғайып болды.

– Биыл осы тазқара, күшіген, кезқұйрық ала-бөле көптеу көрінеді емес пе, Әй-аға?

Басы артық тұжырымға бара бермейтін Мүсірәлінің сауалы тіксінткенмен, жамандыққа жоруға ауызы бармай, аса мән берменгенсі салды.

– Солай ма өзі?.. Қыс шығар алдындағы қатты боранда Қызылшалының биігінен ыққан құлан, киік көп мерткікті деп ет. Өлімтік иісін сезіп жүр-дағы...

– Құс киесі – Шегірбаян деседі. Жөн-ақ. Құладыңды неге осы құстың құлы деседі? Басы мен көзі жапалаққа ұқсағанмен, жалпы тұрқы қаршығаға келеді. О да құс қағады. Шынында құс азғыны ана құзғындар мен қара қарғалар емес пе. Қайда да қан иісі мен өлімтікті басқадан бұрын сезетін де солар.

* Кәтибтер – кітап жазушылар деген мағынада.

— Түрқы қаршығаға келіп, арагілік күс шалғанмен, құлалыптың да негізгі коритыны — олімтік. Әрі андитыны да өзге күстардың ұясы. Ұябұзарлық — харамның қылығы. Есінде ме, Жөнібек ханның Асанқайғыға: “құладыңға ку алдырып, той жасағанымда неге келмедің?” деп ренжитіні? Сонда Асанқайғының не айтқаны есінде ме?

— Есімде.

— Міне, содан келіп, ажалың жауыңнан болса да, құлдың болмасын деген тәмсіл қалған ел аузында. Бүркіт пен қаршыға да күс қағады. Олардікі — жаулықтан гөрі еркін, таза, адал, тірі мақұлықтан несібе айыруға дағдыланғандық. Жаратылыстың бүйірікті кесімі. Олар ешқашан күс ұясына шүйімейді... Құлдың ішінде де қожасына қасық қаны қалғанша құлдық ұрып отетіндері ұшырасады. Құладыңдікі — солардың ішінде тексіздерінің қылығы... Е-е, күн де батып кеткен бе... Қызыл іңірде тобе сақтағанымыз ырымға қайшы. Қайталық.

Екеуі белдерін жазып, томен қарай ойыстай бергенде:

— Пай-пай, мына бір қан жиреннің аяңы неткен еспе еді, — деді Мүсірәлі сүйсіне. — Алыстан келе жатқан біреу болмаса неғылсын. Мынау бастыққан, сарынды жүріс қой. Мұндай дығал қан жирен бұ маңда кімде бар еді?

— Көзіме түспеген секілді. Бү төңіректен емесі көміл. Бірақ ешкімнен сұрау-сауалсыз біздің тамдарға қарай бағыттағанына қарағанда...

— Атқа отырысында бір паңдық бар ма, қалай?

Қаратау мен Ақтаудың қолтықтасып кеткен көп дөңбек, сілемдерінің арасынан жаңа ғана қылт етіп шыға келген жалғыз жолаушы сөттің шамасында қыстақты бүйірлей жанаған беті, бұлардың мекен-жайына тотелей салып ұрып бара жатты. Ертеден қара кешке дейін мұндай жолаушылардың қаншасы келіп, қаншасы кетіп жатады. Солардың ішінде арнаулы шаруалары түскендері де, жолсоқпайлары да, жай сөлемшілері мен ел ақтаған қыдырмалары да жетіп артылады. Әйтсе де, қызыл іңірде атын омыраулата, тура мұның үйіне қарай кетіп бара жатқан жолаушыға бидің көзі едәуір шаншылып барып шырамыта кетті.

— Сен сіргелі Қазыбектің Жабайын танушымен?

— Тоқсаба* Жабай ма? Откен жылы Мәртөбеде алыстан көргенім бар. Тілдеспеген адамым.

— Мынау — көміл сол. Атқа отырысы — соныкі.

— Тоқсаба ғана емес, өзінің арқасы мен көріпкелдігі бар деген не сөз?

— Жұрт солай десе, күр жаяу болмағаны да. Ал, қалың жау ішінен өз жасын талай аман алып шыққандығын аңыз қылып айтып жүргендерді өз құлағыммен естігем.

— Небір батырлар мен қолбасылар жау күрсауында қалып амал таппағанда, осы кісінің бастауымен жарып өтеді екен дегенді менің де құлағым шалғаны бар.

— Ондайларды халықтың қолбасы демей, тоқсаба дейтіні сондықтан шығар, сірә... Жаңағы менің айтқаным да осы. Сонау Еділ, Тұмар қыз, Шыңғыс, Бейбарыс, Темір, Қасым, Тоуекел, Есім хандар мен жамурият басқарған қадым замандардағы халифаттардың жарғылары мен мәуріттерін, ғаскер басқарудағы, жеңісті жорықтағы құпияларын шежіреле. Бұл сен үшін, мен үшін емес, ел үшін, ұрпақ үшін қат дүние. Біздің медреселерімізде осы жағы қазір олқы. Олқы деген не — жұрдай. Бү жағы Темір, оның немересі Ұлықбек және Жалаңтос атамыздың

* Тоқсаба — жасак басы деген мағынада.

кезінде тиынақты оқытылыпты. Кейін ғой қожырағаны. Жә, бұл жөнінде Самарқанға барған кезде егжей-тегжейлерміз... Мынау шынында сол Жабай құрдасымыз болды.

Бұл кезде жалғыз атты жолаушы Әйтекенің сегіз қанат киіз үйіне таяп қалған-ды. Лезде іштен Жалтыр шығып, ат шылбырын ұстап, Отебас қонақты қолтығынан демеп түсіріп алып жатты.

Бұлар үйге таяп келгенше, қонақ ішке кірмей, екі жасоспірімнен жай-жапсар сұрасып, бөгеліп тұрған-ды.

– Е, құдай-ау, сені сонау Қазықұрттан мұнда жеткізген қай хикмет?—деп би қос қолын ұсына жақындай бергенде, қонақ айқара кең құшағын ашты.

– Дидар ғайып де, құрдас!

– Онда зәуімен келген қонағымсын.

Үй иесі мен мейман үш қайыра төс түйістіріп, құшақтарын жазған кезде Мүсірәлі таяп келіп қол ұсынды.

– Армысыз, аға!

– Бар бол, шырақ! — деп оның ұсынған қос қолын ұзағырақ қысып, бөгеле түскен мейман толқи сөйледі. —Былтыр Мәртөбеде жүзіңнен нұр көргендей боп ем. Жасағанның сыйы ұзағынан болғай! Шалағат-мерейің шалқысын, пір інім!

– Сол жолы көптіктің ішінен өзіңізге сәлемдесуге орайы түспей қойғаны, — деді Мүсірәлі кінәлі кейіппен.

– Оқасы жоқ, — деді Жабай жадырай түсіп. — Ондайда біз болмасак, кеңес келелі, іс жүйелі болмай қалатындай қапылып, жастарға көз салуға шақат таппай жүретін кино өзімізден.

Әйтеке оны киіз үй жанындағы еңселі саз тамға қарай бастады.

– Ал, құрдас, үй де, есік те баяғы өзін көрген орнында. Ішке кірелік.

– Қоя тұр, — деді Жабай. —Сазды үйдің ығғалы өкпемді қабады. Мынадай саумал самалды киіз үй тұрғанда, тамға қамалып... —Бұрыла беріп торткүл мөр ошақ жаққа көзі түскен ол әзілдей кідірді. —Деген-ай!.. Мәме қаздай мамырлаған мына бәйбішелеріңе күл көсетіп қойғаның қалай? Бұлардың да қолын ұзартып, өзін де жас иіс иіскеп дегендей, құрдас-ау, мұның не?

Бұл кезде Рухия ошақ оңешіне ағаш кесінділерін толтырып, Жүзім қазанға су құйып жатқан. Үйге түтін келеді деп әдейі өріректен салынған ошақ жанында жүрген екі әйел қонақтың назары өздеріне ауғанын аңдап бойларын түзеді.

– Армысыз, батыр! — деді Жүзім малына төгілген ақ шарқатының астынан келісті беймарал жүзі жарқ еткендей боп.

Рухия ұзын кірпігін көтермеген беті сол жақ тізесін сәл бүгіп, сәлемдесу ишаратын жасады.

– Бар болындар, бәйбішелер! Менікі — әзіл. Кермаралдай керіліп сен екеуін секілді кермақасы мен кермиығы тұрғанда, Әйтекенің көзі басқаға түсер ме!..

Қонақ ішке еніп, төрге жайғасысымен, сықырлауық сырлы есіктен Қонысбай бас сұғып, тегене күйрық қара секті көлденең тартты.

– Қосаба аға, бата етіңіз!

Жабай рәсім ынғайымен қолын жайды.

Семіз қой бақтың,

Қонаққа тарттың.

Пейілің — дария,

Сусаған қансын!

Алдыңнан ордайым
Шамшырақ жансын!
Аллаакбар!

Қос қапсырма есік жабылысымен, іргедегі тегене құсжастыққа арқа тірей жайғасқан Жабай риза пейілмен:

— Құдайға шүкір, балаларың өйтеуір өлдекімге ұқсап өздек* не әнжі** боп өсіп келе жатқан жоқ екен, — деді.

Ле ішке “Ассалаумағалсікумдерін” жарыстырып қарақалпақтың “қос қоңыры” мен Қара келіп кірді. Жапатармағай мейманға оң сапар тілесіп, Мүсірөлінің сол жағына жайғасысымен, Рухия кіріп, іргеді айналасын ақ сүппен тұмшалатаған тайжүзгеннің*** бетін ашып, сапар көзелермен айнала шұбат жағалатты.

Әңгіме өріліп жүре берді. Әсіресе үй иесі мен мейман сағынысқан шыраймен аман-саулық жайын қайыра-қайыра түгендесіп барып, жаны елдің шаруа қымын, жаз жайлауы мен қыс қонысын, жақын жылдар маурітінде қайыр-хош боларлық игі ахуалдарды не аяққа тұсау, мойынға бұрау боларлық кегежесі кері кеткен, мірі кем тұстар хақында кезек толғасқан.

— Дегенмен, жалпақ сахарадағы жұртқа қарағанда, мына өздерің секілді қазақ, өзбек, қарақалпақтар қотандас қоныс тепкен жердегілердің жағдайы жұт кезінде де аса сансырап қалмаған сыңайлы, — деді Жабай дастарқан жайылып, шай өзірленген кезде.

Бұл жөнінде пікірлері бір тұстан түтін қосты.

— Жерді біз, қазақтар малдың өрісі деп қана білеміз. Жер шіркін шүкі білгенге иіп тұрған нағыз сауын сиыр ғой. Кейінгі кезде бұ жақтың қазақтары да өзбек ағайындарға еріп, қолдарына кетпен-шот ұстай бастады. Әрине, ауыздарынан ақ май ағып жатқандары шамалы. Өйтеуір бір-біріне септесіп, жұттан аман шықты.

— Байкалып тұр, ауылдарың бұрынғыдан да жайылып, шаһарға айналып бара ма деп қалдым. — Жабай қоштау сөзінің аяқ жағын өзілге жалғастырды. — Өзбекпен қоныстас боламыз деп жүріп өздерің өзбекке айналып кетпесеңдер жарады тегі... Жаңа осылай қарай келе жатып, әйелің көк шаймен шегімді жуып жібере ме деп келіп ем. Бәйбішенің шайы тілімді үйірді.

— Ол да қиын шаруа емес, бар болғаны өзбектен қатын алсаң, жетіп жатыр, — деп күлген Қойшым қажы ел ішіндегі сондай оқиғалардың да ұшырасатынын еске салды.

Үй ішіндегілер отырықшылыққа бейімделген қазақтар арасында қоршпi жұрттан қатын алып, өзінен гөрі өзгеге бейімделуге ыңғайтоқ тұратыны, сойтіп, не өзі емес, не өзге емес, шөре-шөре боп күлкіге қалатыны жайында ашы өзілді біраз қауғағаннан кейін қонақ тың әңгімеге бұрылды.

— Жолай біріне қонып, біріне түстеніп дегендей бірнеше ауылға аялдауға тура келді. Бөрінің аузындағы әңгіме, құрдас, сенің Орбұғы мен Серғазы билі арнайы шақырып, қорсеткен сый-құрметін жайында. Бірқатары мысқылдап, ожуалап рахаттанса, бірқатары сенің тай сойып, бір оңкей қазы-карта тартуыңның мәнісін талқыласады. Жаза десен де, сый десен де, мұндай құрметтің түрін мен де естімеппін бұрын-сонды.

* Өздек — баланың тым ерке, шолжан мінезділігін білдіреді.

** Әнжі — болбыр, шірік деген мағынада.

*** Тайжүзген — екі кісі қолдасып көтеретін үлкен қымыз не шұбат күбі.

Коңіл қошуақ меймандар мұны да ашы мысқыл араластыра әзілдеп, әсіресе Әйтекеден қорыққаннан әлгі екеудің қазы-қартаны зорлана жегенде қоздерінен қалай жас парлаганына дейін айтып, біраз мөз болысты.

—Әйтеуір не десе де, есалаң түйген түйінді кейде данышпан да шеше алмайды деп жатпаса болар.

Әйтеке бұл оқиғаны осымен жаба салмақ-ты, алайда Жабайдың айтары әлі кейінде боп шықты.

—Сенін мұныңды жаза десе де, ымыраға шақырғандық десе де, әлгі екі биін жұмдасар ниетте екен. Жолай шол баспаққа Қызылшалының шайханасына соқпай ма. Сойтсе, онда ақкетенің биі Үркінге ұшырасыпты. Суырпақтай сұрап, екеуінің қайдан келе жатқанын біліп алмай ма. Әлгіні естігенде, Үркін екеуінің күйрығына шала байлапты да жіберілті. Өзі нағыз ділмар неме болса керек, екі даудан бір ұтысты табатын.

“Сол Үркін дегенің баяғыда сенімен Кіші жүздің билігіне таласатының бірі ме?” деп қала жаздап тілін тістей қойды. “Күл астынан су жүгірткендей боп қайттем...”

Бұл әңгімені Әйтекенің өзі доғарды.

—Жарайды, құрдас. Ел ішінің ырын-жырыңы өз орнына келе жатар. Жоқтан жиын, онайдан кнын, дау жоқта дау, жау жоқта жау туғызатындардың аужайын талай көріп алғанбыз. Өзге не хал-ахуал?

—Жон-ақ, — делі Жабай әдемі қара мұртын өзі де қызықтағандай шай ұрттаған сайын бір сишай сүртіл. —Қарашы бектер мен билердің қылығы — үй арасы балаларының тентектігі ғана секілді. Бас асуалық шықса, төре-сұлтандардан шыға ма деп қауіптенем. Тәукені хан сайлап, бәрі боз биенің қанымен жұмдасуға серттескенмен, қаншама жыл бастарына жүген-құрық түспеген тарпан немелер әлі күнге әрқайсысы әр жаққа қарап кісінейді. Бәрінің көкірегін кемірген жегі құрт — тақ пен төж. Көпшілікті әрі тарт та, бері тарт қып, алтыбақан алауыз ететін де солар.

—Жоқ! — деді үй иесі оның сөзін бөліп. —Тәуке аман тұрса, тақ пен төж дара. Жалпақ бұқара үшін де керегі тақ пен төждің даралығы. Тәуке төре-сұлтандарды жығып бермегенмен, бұрынғыдай қарашының тобесіне әңгір таяқ ойнатуларына жол бере қоймас, еншіалла! Тек Жасаған Ие жазған жолынан жаңылдырмасын ылайым. Қазір біз үшін, жалпақ ел жұттан кейін әлі жақыбай жағдайда тұрғанда қауіптісі — сыртқы жау. “Ұлы жоза” жарғыларын қабылдаған қырық жылдан бері жоңғар қатты қабырғаланды. Қаз тұрған сәбиінен еңкейген көрісіне дейін бес қаруын бастарына жастанып жатады деседі. Аржағындағы от қаруы бар, күмір-сқақша қаптаған шүршітпен бүгінде екі туып, бір қалғандай сынайда деседі. Көуірден от қару алатын бопты деген қауесеттің әзірге қаншалықты рас-өтірігі бір Аллаға ғана аян. Рас болса, көуірдің жоңғарға неғып бауыры шіри қалды? Міне, бұл нағыз жұмбақ... Олары расқа айналған күнде жоңғардың ежелгі жауы біз ғана. Хақтағалланың бір жарылқағаны ма — Моншақ хан өлгелі Еділ маңының құба қалмағы біршама баяз тапқандай.

—Баяз тапты ма, әлде бір өзінің Кіші жүзге тісі батпасын біліп бұғын жатыр ма? — делі Қожамқұл би тістене кекеткені байқалып. —Иттің бірі үрсе, ұяласы өре тұрмаушы ма ет. Онтайлы сәтін күтіп жатқан ол да — барыс.

—Иә, баяз тапты дегенім — ала арқаннан аттамас, екі туып, бір қалғанымызға айналды дегенім емес, — деді би сөз сүбесін салмақтандыра. —Моншақтың орнына хан болған баласы Аюке Тәукемен бәтуаласуға құлықты. Күпті жері аржа-

ғындағы айдаһар Іресейдің қас-қабағына жалтақтайтыны байқалады. Ал көуір – қашаннан да қазақ үшін жұмбақ жұрт. Аңда болайық деп ат сабылтқан Тәуекел баһадүрден бері тілін көрсетіп, тісін жасырумен келеді. Қаншама тымырайғанмен, комейлері көрінгелі қашан!.. Олардың көксегені – аңдалық емес, бодандық. Осыдан он бес жыл бұрын елшілеп барған Шора батырдың шопшегі Тұғынай мен шапырашты Қарасай батырға ашық айтпаса да, өзіне боданына айналған елдерге ұжмақ орнатып қойғандай-ақ сайрапты. Қазақ оған: “Е-е, солай екен-ау, бізді де боданың ғып ала көр” деп елпектей қоймағасын, сырын сездіргенмен, шынын ішіне бүгіп тым-тырыс. Тұнық қолдың түбі – күрт. “Көуірге сенгенің – суға сүйенгенің” деп кетіпті бұрынғылар. Түбі құба қалмақты жоңғардан да бұрын қазаққа қарай айтақтайтын да сол – көуір бола ма деп қауіптенем. Откен жылғы Мәртөбедегі кеңестен кейін ел бетке ұстарларымен хабар-ошарым сирек. Сенің бір табан жер жақындығың бар. Төлемен, Қазыбекпен бұл туралы тіл тартпадың ба?

Шай кесесін дастарқан шетіне қисайтқан Жабай аласы молдау, үлкен қой қоздерімен сынай қарап сәл бөгелді де, Мүсірәліге мойын бұрды.

– Құдай біледі, сен, осы інім, алысты жақын, жақынды тілдес қылатын қасиеттен құралақан емессің-ау, шамасы..

Қандай жағдайда да биязы мінезінен ауытқымайтын Мүсірәлінің жүзіне жұмсақ күлкі нышаны жүгіріп өтті.

– Ағаның көтермелегені – қашанда ініге медеу. Тап сіз ойлағандай сәуегейлігім болмаса да, Әйкемнің сауалына бір жауап әкелгеніңізді сезгендеймін.

– Жо-оң. Бәрін қолға ұстатқандай көріп-біліп отырмағанмен, құралақан да еместігіңді өзім де сезгем.

Мейман жанындағыларды түгел қозбен шоғып барып, келген шаруасына қарай ойысты.

– Болдым. Төледе де, Қазыбекте де болдым. Осылай қарай бағыттар алдында арнайы ат басын екеуіне де бұрғанмын. Енді танқалудамын. Неге деймісін? Ой-бұйда, долбарларын бір. Жорамалдарын тап қазір ақылдасып алғандай. Төле айтады. Жуықтағы жау – терістігіміздегі жоңғар дейді. Қазақ қабағат жұттан шықты ғой, бел көтеріп алсын деп күтпейді. Жұттан шыққан елдің несін тонаймыз демейді. Мал өздерінде де жетеді. Оларға керегі – жер. Биылғы жыл оларға ең онтайлы сәт, бір шойтым қылмаса неғылсын деген күдік үстінде. Қазыбек те сол пікірде. Менің саған соғатынымды естігенде, осы жайында тіл тарта келерсін деп әдейі аманаттаған. Мен айтпай-ақ өзін сұрадың. Жауабын да өзін шешіп қойғандайсың. Терістіктегі жоңғар бүгінде түгел ат үстінде деседі.

– Қара қалмақ атқа мінді бар ғой, құба қалмақ өре тұрады. – деді Қойшым қажы манағы Қожамқұл бидің күдігін қайта қоздатып. – Ханмен уағдасы – уақытша көз алдарқату.

Қойшым мен Қожамқұлдың Еділ қалмақтарына шүбасы негізсіз де емес-ті. Қарақалпақ жұртының басым көпшілігі Сихай* теңізінің батыс бетін мекендейтін. Осыдан бес жыл бұрын құба қалмақ, “Елдеселік, жұмдасалық, төскейде малымыз, тосекте басымыз бірге өрсін” деп күн құрғатпай ат салып жүріп, ойда-жокта қарақалпақ жұртының ойран-ботқасын шығарғаны бар. “Еркек тоқты – құрмалдық”: жасау-жарақсыз бытырай қарсы шапқан қаншама боздақтың шейіт

* Сихай – Арал теңізінің бұрынғы аты.

кеткенін айтпағанда, қаншама өскін ұлы күл болып, қаншама он екі де бір гүлі ашылмаған қыздары құба қалмақтың тақымында кетті. Жауға кеткен мал-мұкамал – жан садақасы дегеннің өзінде, жау сарып кеткен ар-намыс қарақалпақ жұртының жанын безбенге тартқан.

Жайықтың бергі бетіндегі, Құлынды* төңірегіндегі қалың алышындар: “Ежелгі жаумен тым ауыз жаласып кетіп едіңдер, өз обалдарың өздеріне!” деп әуелкіді кіді сақтағанмен, ықылым дәуірден бір Ту астында қансоқтаға бірге түсіп келе жатқан қандастық намыс көп кешіктірмей сыпыра атқа қонғызған-ды. Содан қазақ, қарақалпақ қолы Жайық маңында сыңсып отырған құба қалмақты түре қуып, Нарынның қалың құм шағылына апарып тыққан. Ежелгі жаудың екідегісі есіне келтіріліп, мал-мұкамал әлденеше есе артығымен қайтарылды. Тірі қалған мұңылықтар қарындаспен қайта қауышты. Тек жау сарыған көңілдегі сартап тат жуылмай, тазармай қала берді.

Қойшым мен Қожамқұлдың дауысындағы кекті ыза қарақалпақ жұртының тағдырындағы сол ұмытылмас қаралы күндерді қайта жадылатқандай әлденеше дем үнсіз отырысты.

– Жаңа Қазыбекке де соқтым дедім ғой. Оның да көңілі күпті. Кәуір мен қара қалмақ арасында сауда деген желеумен қарым-қатынас жиілеп кетті дейді соңғы кезде. Мұның түбі жоңғарлардың Іресеіден шойын доп алуымен бітпесе неғылсын деген қауіп айтады. Биыл “Хан кеңесінен” кейін Іресеіге елші салғанды мақұл көріп отыр. Ханда қырық кісінің ақылы бар. Тәуке де бұл жайында бейхабар емес шығар. Дегенмен, бір амалын “Хан кеңесіне” дейін өзіміз мақұлдаса барғанымызды жөн көреді. Биыл қарашы атаулыны түрлі раматтан азаттай түру жайында хабар салған екенсің екеуіне. Олардың да күдігі – төрелерде. Көнер-көнбестеріне дұдамал.

Қонағының сөзіне едоуір кідіріп барып ортаға ой тастады.

– Күстың мекені – ұясы, төренің мекені – халық емес пе! Онсыз да битін сығып, қанын ішіп отырған халықты енді тірілей жерге көме ме! Хан кеңесіндегі ендігі үміт өздерің секілді дуалы ауыздарда. Ауқатты атаулыға бер деп отырғанымыз жоқ, алмай тұра түр деген сөзіміз бір жерден шықса...

– Баяғыда бір тентек әкемді алған Құдайға сенбеймін деген екен. Мен сол төре-сұлтан, ауқатты-сауқаттыларыңа сене бермеймін, – деді Жабай.

– Онда асауға ауыздық, тарпанға тұсау бар емес пе!

Би тұжырымының арғы астарын жанындағылар бағамдап үлгергенше ішке қаз мойын жез құманы мен ақ қалайы легенін салдырлатып Қонысбай кірді. Тегіс қолдарын жуысып, дастарқан қайта жайылды.

Кішігірім тайдың басындай манағы қара сектің басынан жанындағыларға “мүшел” үлестіру сәтінде, қонақ өзінің осында келуі жайына ойысты.

– Жосыққа шорқақ ат үстінде тұрып шаруа айтады деп сөксеніздер де ырықтарың. Бәрібір әңгімеміз төре жайына кеп тірелген соң несіне іркем. Келуіме – екі себеп, бір сылтау. Сылтауым – құрдаспен дидарласу. Екі себеп – Төле мен Қазыбектің қоржынындағы сәлемі. Екеуінің де сәлемі – Әлі төре жайында. Ол тұрасындағы оқиғалардан құлағдар шығарсыздар?

– Иә, сол ырың-жырыңның өзі бітетін түрі бар ма?

– Шет пұшпақтап естігеніміз болмаса...

* Құлынды – қазіргі Орынбор маңы.

—Сол даудың піспей қойғанына жылдан аспады ма?

Жағалай отырғандар бірі сұрап, екіншісі долбарлап, Әлі төңірегін біраз жерге апарып тастаған. Үндемген Әйтеке ғана. Сыр мен Сихай маңдағы шұрайлы өлкені ең жайлаған төре әсіресе соңғы жылдары жақсылығынан гөрі жат қылығын дабырайтыңқырап алған-ды. Төрт әйелінен өрген он бес ұлдың кісісінен кісөпірі басымдау екенін де естіген. Соның ішіндегі бір лаңкес қормодігі ауылдарындағы қотаны қораш біреудің жас, сұлу қызына сұғын қадапты. Барға, дәулеттіге біткен сұлу қыз — қазынаға, жоқ-жітіктіге біткен сұлу қыз — сорға айналатынын қайтерсін! Әллі кісөпір дегеніме қонбедің деп біржолата көзі шелденіп, қоңілі қарайыпты. Үрерге иті жоқтың қызы демесең, қыз әнші, домбырашы, суырып салма ақындығына ақылы егіз жаралған сол оңірдегі жалқы жан секілді. Дәйім дегеніне қол жеткізіп дөніккен неменің ит ертіп, күс салатын аусарлығына не берерсін! Былтырғы салбурын шақта ауыл шетінде қызыл орамал тартып кетіп бара жатқан қызды қорса сала, елірме ұрған байғұс ат үстінде тұрып, бүркітінің томағасын сыпырыпты да, “Ал! Қарма! Шап!” деп ұрандап қоя бермей ме! Алта аралатып алтайы қызыл түлкіге түсіп жүрген күс шіркіннің нағыз елірме, зар шағы екен. Барыпты да шүйілті. Сегіз болат тырнақ жұрт барып ара түскенше, қыздың қарақұсын пәршалап тастапты.

Міне, содан басталған ырың-жырың дау ат аяғы жегер жерге естілсе керек. Аз үй керейді көзіне ілетін Әлі ме! Кемсіткіш қарауыздығына басып, маңына жола-са, ит қосып қуыпты. Келе-келе бұл ат тобеліндей аз керейдің дауы ғана емес, сол оңірдегі қарашы атаулының намысына қамшыдан қатты тиіп, әбден ушығыпты. Ара түсем деген біраз бидің беделі Әлінің қаһары алдында қол сұртуге жарамай, айрандары қара суға айналыпты.

Жанындағылардың туырылықша желпілдеткен талқысы біраз жерге барып қайтқан шамада Жабай:

—Қарашы мен төренің арасы алшақтап баратқанына алаздаған Болпыш би бітуажаға жүрмекке ниеттенген екен, Әлі сөйлеспек өз алдына қабылдамай жіберіпті,—деді.

—Көзінің еті әбден өскен екен төренің,—деді Қойшым қажы. —Талай аранға түскен Болпыш биді қомсынғаны...

—Бұл әлі жанжалдың басы ғана,—деді қонақ сүзбе қатқан майлы сорпаны оқта-текте бір ұрттап қойып. —Болпыштың назары төмен түскеніне намыстанған Құлындының батыры Шолан төреге қарсы атқа қонбақшы. Байбақтының батыры атқа қонды деген сөз... Оны білетін шығарсыздар?..

Соңғы жылдары мәрттігі мен батырлығы ерен танылып жүрген Шоланның есіміне бұл төңіректегілер де әбден құлақ сіністі. Әсіресе осыдан бес жыл бұрынғы қазақ, қарақалпақ қолының құба қалмақты Нарынға апарып бұқтырған кезінде Шолан мен Сайқының жекпе-жегін көргендер баяндағанда ауыздарының суын сорады.

Екеуінің де отызды орталаған, орда алар шағы. Екеуі де бес қарумен ойыншықша ойнаған кезде жай қарап тұрған талайлардың иманы қасым бопты деседі. Сайқын қырыққа жуық түрікмен, қазақ, башқұрт батырларының басын жұтқан нағыз дүлей күшпен қоса, ұрыс үстінде ақшайтанның өзін арбарлық айлакер боп шығыпты.

Екеуінің де тоғыз қабат тоқыма сауытын жебелері жұрта алмапты. Найза морт сынып, қылыш майырылыпты. Ақыры, барлық сауыт-сайманды сыпыра

лақтырып тастап, кара жұдырыққа кезек беріпті. Екеуінің де алты айрықтарынан тер моншақтап, кезек-кезек қан түкіріпті. Тағы да сүт пісірім итше аунаскан. Бір кезде барып, шынында күші басым түсті ме, әлде “Әруақтап!” күңіренген қазақтардың тілегін Құдай хош корді ме – әйтеуір ит сілікшелері шыққан шамада Шоланның бүркіт саусақтары қалмак батырының кеңірдегіне ілігіпті. Қолының қарысқаны сондай, жанындағылар әлдеқашан жан тәсілім қылған жауының алқымынан босата алмай, шай қайнатым әуреленіпті.

– Шолан тым қызба батыр, – деді Жабай жанындағылар батырдың Сайқынмен жекпе-жектегі ерлігін тәмамдай бере. – Әліге хабар салыпты. Болпыштың сөзін аяққа басқаны үшін айыбын төлеп, қыздың құнын өтемесе, мамырдың он бесінші жұлдызында шаңырағын шауып, ортасына түсірем. Әзірлене берсін. Оның алдында тағы бір хабар салармын. Одан әрі – екіншісі депті. Қазір албырт батыр Болпыштың басу сөзіне де тоқтар емес секілді. Шабынып алыпты. Жағаласпай, жандаспай тынар сынайда емес деседі.

Жабайдың әр сөзіне қозғалақтасқан үй ішіндегілер Әйтеке мен екеуіне кезек жалтақтасуда. Жабай одан әрі байытты.

– Болпыш Қазыбекке хабаршы салған екен. Жер табаны маған жақын демесен, ел ноқтасы Әйтекенің қолында. Жау бөліскенім емес, дау бөліскенім емес. Даугер керей екен деп орта жолдан киліккенім – жосық аттағандық депті. Маған төре мен қарашының арасына қара мысық жүгіртпейтіндей не амалы, не ойы бар екен, біле кел деп тапсырды.

Әйтеке шындап ойланды.

Не істеу керек?

Бұлғақты төренің қай жағынан орағаны мақұл?

Ерлігі мен мәрттігі ел аузына іліккен батырдың қыннан қылыш суырам дегелі – қай асығыстық!

Қазыбек “әйтелік”, “бүйтелік” деп ақыл қоспапты. Сұңғыла би: “қандай ойы бар екен?” деп емеурінмен меңзепті. Не ойы болушы ет! Бұл уақиғаның бүтешігесіне дейін өзі де құлақсіңісті. Тек соңғы жылдар мұғдарында осындай қылықтары үшін төре-сұлтандармен арагідік “бет жыртысуға” дейін барып қалатыны жол бөгеу болып жүрген. Әсіресе ана жылғы, “үлкен қояннан” кейін тақыр кедейлерден рамат жинауға қарсылық білдірген кезінде ауқаттылар мен төре-сұлтандар біржолата өзіне кектеніп кетпегенмен, көкіректеріне қатқан мұздары жібі қояр ма екен жуық манда!..

Оң қапталындағы Мүсірәлі баяу тамағын кенеді. Бұл оған көз қиығын жүгіртті. Ол ортадағы “ондық” жез шамдалдан көз алмаған беті өзімен-өзі сөйлескендей бол бәріне ой тастады.

– Әйкем өзі атқа мінбесе, осы істің ақыры жазылмас жара, бітуажасыз бұлғаққа айналмаса неғылсын.

– Талай тарпан төрені көріп ек, – деді Жабай әр сөзіне салмақ сала сойлеп. – Бет жыртысса да, сүйек сындыруға бармайтын. Әлінікі – есек семірсе иесін, есер семірсе киесін тебедінің кері. Біле білсе, қалың қарашы – киесі емес пе!

Табакқа оқта-текте енжарлау қол созған басқаларында үн жоқ: Мүсірәлі мен Жабайдың уәжін іштей қостағанмен, ендігі байламды бас бидің өзінен күткен сынайда.

Әйтеке қордалы ойдың тереңіне батып барып тез серпілді.

– Дәм алыңыздар, меймандар, – деді өзі де табакқа үмсынып жатып. – Суып бара ма қалай... Қазыбек те осыны меңзепті. Жолы үлкен болғанмен, жасы

кішілігінен аттамай, не ойы бар екен депті. Киіз кімдікі болса – білек те соныкі екені түсінікті жай. Ал, Әлінің баласыныкі – есерлік, өзінікі – өдейілік пе деген шұбам бар. Қияңқы неме екі даудан қайтсем бір ұпай алып қалам деп жүрсе керек. Оның күткені де Шолан секілді қызбалардың артық ауыз сөзі мен қия басқан ізі. Қияңқы адам қашанда несібесін қиямпырыстықтан іздейді. Оның жстегінде кетуге жол бермелік. Жүрелік. Бүрсүгіні... Сен. Қара, қасына жер танабына жетік бір қосшы алып, танертең аттанып кет. Төреге бұрын барып ескерт біздің келе жатқанымызды. Қасына сөзін сойлер биін ала ма, сойылын соғар тобырын жинай ма–қапы қалмасын!

–Сойтпесе болмас.

–Бөрекелді. Жөні – осы.

–Шынында, енді кешеуілдеудің соңы жақсыға соқлас, –десті өзгелері.

Әйтеке Жабайға қолка салды.

–Құрдас, сонында тығыз шаруаң қыстамаса, Мүсірәлі екеумізге шылбыр қос. Қонақ шырайлана қабыл алды.

–Әлдебір дараның дауы емес, ерді сынар елдің дауына айналып кеткелі тұрған бұдан артық қандай асығыс шаруа болмақ. Жердің қиыр шетіне баралық десен де мен өзір.

–Иә, ел тыныштығынан қымбат не бар, –деді би мейманның пейіліне разылық сезіммен жеңіл күрсініп. –Халқыңның иығы бүтін, елің тыныш болса, корде жатсаң да аманмын де деген осындайдан шыкса керек.

Ас қайрылып, ұйыған аяқтарын жазысқан ауыл арасының қонақтары көп кідірмей, алдағы сапарға сәттілік тілесіп, үйді-үйділеріне тарасты.

Үй иесі мен мейман онаша қалды. Соңар сұхбат қайыра соқпағын тапты. Қазақ қазақ болғалы кәуметі мен нәубетін, сан қайыра мәуесін өрт шалған тұстарын қабырғалары сөгіле сөз етісті. Соның бәрінен тамыры аман қалып, өртенге оскен гүлдей қайта құлпырған мәу шақтарын еске алғанда, тәтті дәмін жұтуға қимағандай елти тамсанысты. Сосын бермен оралып, жалпақ сахараның қиыр-қиырында жүрген жампоздар мен сырттандарды түгендей келе, олардың биылғы “Хан кеңесінде” ел іргесін бекітер ортаға қандай ой тастарын топшыласты. Бұра тартыл, бұралқы мінез танытады-ау дегендер де ұмыт қалмады. Мың құлпырып, тусырап жатқан туған өлкеге сырттан сұғын қадаушылар да күн өткен сайын көбеймесе, азаймай, казактын адымы ұзарып, айбыны артсын деушілердің кемшінденіп баратқанын еске алғанда, қабырғаларын біртіндеп соқкендей еріксіз еңселері езілді. Сырттан қашан, қай тұстан келіп қалар екен деп күткен аламан аз болғандай, жүрімі қысқа, көрімі келте, билігі шолақ, бар мұрат-мүддесі – хан тағы мен алтын төжіне айналып, ат сабылтып жүрген кейбір төресымақтардың күніне мың құбылатын мінездері қашан болмасын ауыздықтарлар шағы қайсы?.. Олардың көксегені – жалпақ жұртты бірі ары тартып, екіншісі кері тартып, “тентек” ауруына ұшыраған қотан секілдендіріп мәңгіртіп ұстау. Ондайлар жалпақ жұртты қалаған уақытында, қалаған жағына ықтырып, қоғадай жапырып ұстауды ғана көксейді. Әйтеуір қашанда бағынан соры қалың жаралған қазақпыз деген халықтың бүгінде бір ханның дәрегейінде, бір тудың астындамыз деген үмітті шағын малданғанмен, ертеңінің бәрін әлі мұнар тұмшалағандай болады да тұрады. Бейне сағымды ғана серік еткен, құс ұшып, құлан баспас құладүздегі жалғыз жолаушы секілді көрінетін.

Көкірек сауған көп-көп сөздің басы қайтты. Екеуі таң толық рауандап, ашық түндіктің әр тұсынан бозторғайлар жарыса үн қосқан шақта барып кірпік қамастырды.

Қасына қайынкаптал, көзін танып қойсан, жеті түнде жер танабын жазбай танытын жылқышы жігіттің бірін ілестірген Қара сол күні тауық шақырмай тұрып, Қыз-Бибінің батыс бетіндегі шетінен екі күншілік жердегі Самырсын жайлауына жақында ғана көшіп келген Әлі торенің ауылына жедеғабил аттанып кеткен-ді. Сөйлесе сөз ұстайтын, әрпіл-тәрпіл бейнауыздықтан ада, қай іске де тындырымы мен тиырымы қапысыз, көп жылғы серік-қосшысы Қара биге Әйтеке қылаусыз сенетін.

Әлінің оңай шағылмасын біледі. Жастайынан Төукенің ағасы Уәлібақымен ауыз жаласқан алпауыт, апайтос төре тегіндікпен кеудесін бастыра қоюы екіталай. Құдай оң қабақпен қараған шығар, тақ пен төж Төукеге бұйырды. Сол болбырға пәрмен, пәрмендіге айбар берер тақ жас жоралғысына жығылып, Уәлібақыға бұйырғанда Әлі бүгінде оның оң қолы, оң көзіне айналып алып, жалпақ елге айтқанын істетіп, айдағанымен жүргізіп, қылышынан қан тамып тұруы хақ-ты. “Мұрагерлік жол-жоралғымнан аттадыңдар, жасымды сыйламадыңдар” деп өкпесі қара қазанға айналған Уәлібақы хан сайлауы отер-отпесте ат басын қайтып бұрмастай боп Хиуадағы нағашысы Қайыпқа тартып тұрды. О жақта сұлтан деген аты болмаса, ұлтан құрлы бірдене тындырып жүргеніне қазір кім-кім де күмәнды. Төукені хан сайлаған тұста боз биенің қанына қолын малып тұрып, қоқай мінез, қодыраң қылық танытпағанымен, сыры мен сызын ішіне бүгіп, Әліге дем беріп, қарашының қаймағы – Әнет баба, Соқыр Абаз, Едіге, Мәті, Төле, Қазыбек, Әйтекелерге қайта-қайта шайпау сөз айттырған сол деседі.

Ал, Төуке сонау, жалпақ дүниені қаһарымен қалтыратқан он алтыншы атасы Шыңғыстан бергі үзілмей келе жатқан мөуіртті жиып қойып, қарашы бектерді көгермелеп, үш арыстың екі тізгін, бір шылыбырын Төле, Қазыбек, Әйтекелерге ұстатып жіберуі бірқатар сұлтан, төрелердің ішіне қан қатырмағанмен, жуық маңда жіби қоймас мұз қатырғаны кәміл.

Міне, содан бері Әлі секілділер би десе бас асауы ұстап, теуіп жұлын үзбегенмен, жұғыспаудың есепті жағына әуес. Сонау Керей ханнан бергі ата-бабаларының тақ пен төж жолында күшіктері жүгірмей, Жәнібек ханның ұрпақтары алдарын кесе беріпті. Сойтп, уақыт тегіршігі алға жылжыған сайын Керей әулеті Жәнібек әулетінің қолымен мен ығында қала беріпті. Оның үстіне сұқтандармай қоймайтын сұлуларын өздері әйелдікке алғанмен, қарашыға қыз бермеймін деп жүріп, тұқым-тұяғы күрт шүлдірелті де, Жәнібек ұрпағының құсы биіктей түсуі үшін аса көп уақыт керек бола қоймапты. Жәнібектің мауыздай тоғыз ұлы – Қасым, Өсеке, Айтық, Жәдік, Таныш, Жаныш, Ираншы, Қамбар, Махмуттардың ұрпағы жайлы қыстың көктемгі нөсерінен кейінгі қаулаған жер түгінде желкілдегіті. Әсіресе бүгінде Қасым, Жәдік, Айтық, Ираншы ұрпақтарының айы оңынан, күні солынан туумен келеді. Тақ пен төж де, атақ пен абырой да солардың арасында кезек алмасады. Әлі болса, Керейден қалған әулеттің ішіндегі белдісі де, бетке ұстары да. Бірақ айналасында қаумалаған тірегі мен сүйініші кенде шіркіннің Жәнібек әулетімен иық тіресіп, есе қайырап қауқары мардымсыз.

Әлгі Жәнібектен өрген тоғыздың өзі жарма-жар алауыз. Жартысынікі—тақ пен төж жолындағы тар маңдай сорлылық. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруға берген серттеріне бейілділері Төуке жағында. Төрежак, қаражак боп қал айырылмағанмен, түптеп келгенде, қалың бұқара қашанда солардың сонында. Егер Үркін, Серғазы, Орбұғы секілді майшабақ билердің күңкілін үй іші.

ошақ басының сылдыры десек, туы көтеріліп, ұраны шақырылған шақтарда қазақтың басы қосылмаған кезі ұшыраса қоймапты. Тек айқара жолын сілтер ханы, пышақтасып келгенді құшақтастырып жіберер биі, кесірткеше қаптап келген жауға қарсы ақырғанда айбыны асар батыры болса, халық қай отжалман мен топан суына да кірпік қақпай барудан беті қайтпапты.

Осының бәрін Әлі сараласа, таланына тақ жазылмаған Уәлібақы секілділерді үритсоқтап, несібесін даудан іздегенше, терістігімде күні ертең етегімді ашып, күлімді шашар жоңғар жатыр-ау деп ойламас па!

Осының бәрін жобаласа, қашан болмасын қалт кеткенінді күтіп Қоқан, мүлт кеткенінді бағып Бұқар жатыр-ау деп алаңдамас па!

Алмас қылышы мен ақ найзасын қарауылына іліксен, қапы жібермейтін ақ мылтыққа жанталаса ауыстырып жатқан хиуалықтар ну орман көуір мен қара қарғаша құжынаған қара қытайға әлсін-әлсін құда түсу үшін барып жүр деп ойлай ма әлде? Түптің түбінде, сол ақ мылтықтың қарауылы қазақтың небір жайсаңы мен жамлозын нысанаға алады-ау деп бір ауық тәубасына келсе, бүйгіп екі күннің бірінде дау жоқта дау, жау жоқта жау іздер ме!.. Әлде оның аржағындағы жылан бауыр алдаспанын жастығының астына жасырып, оңтайлы сөгін күтіп жатқан, талай заман қызыл қанды суша сапырған қызылбастар екіталай күн туса, қазақтарды айды деп дөмете ме! Күні кеше Сайхын батырынан айрылып, аңырап барып көуірдің етегіне тығылған Еділдің құба қалмағы ендігі уақытта қазақтың тілеуін тілейді деп біреуі құлағына сыбырлап па? Әуелі қазақпен айқасып көріп, әуселесінің алысқа бармасын біліп, бүгінде көуірдің қойнына біржолата кіріп алған естектің түпкі мақсаты неде? Олардың қазаққа жасаған бүгінгі барымтасы ертеңгі бітіспес жаулығының басы екеніне Әлі секілділер кепілдік ете ала ма?

Осының бәрін қара ойға қайыра-қайыра таразылаған Әйтеке мен Жабай қайткенде де Әліні сындырмай иудің жолын іздестіріп бақты. Бір ғана жол — дауласса ел алдында, жауласса — хан алдында тізе бүктіру. Осылайша хан сөскеге дейін мәсіліхат құрып, сыртқа бетегенде Жабай кезінде алты алаш “синесофбуа”. “Байходжиби”, “Әулие” атандырған, мұның арғы атасы Сейітқұлдың басына мінәжат ететінін білдірген. Әлдебір сырлы ішіне бүккен би оны ауылдың терістігіндегі, аумағы тай шаптырым “Сейітқұл әулие” қорымына бастады. Ауыл жақтан қарағанда Сейітқұл қабірінен бес аршын алда тұрған, биіктігі кісі бойы, қол созым қара мәрмәр құлпытас көзге шалына бермейтін. Бидің ішке бүккен өлгідегі “күпиясы” да осы құлпытаста. Бұл өздері бағыштап келе жатқан Сейітқұл әулиенің атасы Ораз қажының қабірі еді. Кезінде Әмір-Темірге бата беріп, “көреген” деген ат қойып, кейін сол бес арыс Тұран жамуриятының айбыны мен айбары жер-жиһанға мәшһүр өмірінің бас кеңесшісі болған оның төртқұлақты, сазбалшықтан құйылған өйдік биік қабірі бүгінде уақыт илеуімен шокпен нардай ғана боп аласарғанмен, мәрмәр құлпытасы бәз-баяғы қалпы: әулім, асқақ. Мұны бас кеңесшісінің дүниеден озған “жүз күндігіне” Әмір-Темірдің өзі сонау Мекке-Мединеден әкеліп қойдырған. Ал, оң жағында құлаш бойы кейін жатқан, оның бел баласы, кезінде Әмір-Темірге кінәратсыз қызметімен жаққан Тоқпан батырдың қабірі. Таудың қызыл тасынан қиып өрілген қабір құдды күні кеше тұрғызылғандай, мұқым бітімі тырнақ ізіндеі мұқалмаған. Сейітқұл — сол Тоқпаннан қалған үш ұлдың ішіндегі кеңжесі. Жақындай бере, уақытында үш мың биенің сүтіне саз бен қыл араластырыла соғылған әулім бейіттің тасасынан шыға келген қос қабірдің ерек кескініне Жабайдың көзі арбалды.

Көрі құлақ Жабай Әйтеке бабаларының уақытында кім болып, мына жалғап-ға қандай із-сонарларын қалдырғанын біршама жақсы білетін. Қағыс тұсы – Сейітқұлдан басқаларының қай жерде мәңгілік тыныштықта екендігі.

– Жалантос атаның қабірі Самарқанда деп естігем. Ақша атаң мен Бәйбек әкеміздің мәңгілік мекені қай тұста?

– Әкеміз осы қорымның ана шетінде, – деді Әйтеке негімен қорымның шығыс бетін меңзеп. – Ақша атамыздың мәйіті киелі Ясыда.

– Солай де...

Өзі бағыштап келе жатқан әулиеден бұрын, жоралғыға жығылған Жабай әуелі Ораз қажы мен Токпан батырдың басына құран оқығаннан кейін мінәжат кезегі Сейітқұлға бағышталды. Бұдан кейін осы қауымдағы барша марқұмның әруағына жеті киелі дұға бағыштап барып, қорым шетіндегі Бәйбектің басына тізе бүгісті. Сосын бірі қос уыс төмпек боп шөккен, енді бірқатарының лақаты ойылып болмашы шұқырға айналған, көбінің құлпытасы құлап, қираған қалың қорым ішімен абайлай оралып келе жатып Жабай өзінің күйма құлақтығын тағы байқатты.

– Ақша атанның Қоканда хан болуы жайынан құлақ кестілеумін. Баяны қалай өзінің?

– О жағын менен емес, басқадан естігенің мақұл.

– Басқадан естігенім де бар. Сен тек соның қаншалықты расқа саятынына көзімді жеткіз.

– Айтып көр.

– Шамасы, осыдан алпыс, алпыс бес жыл, әлде жетпіс жыл бұрын Абдолла хан Сихай жағасын жайлаған қарақалпақтарды шабады. Әрине, өзбек ханының ойсан қолына қамсыз жатқан қарақалпақ жұрты төтеп бере алмасы түсінікті. Өзбекті өзектен итерген қазақ жоқ. Дегенмен, қарыстан сүйем жақын. Қашаннан қонсылас, еншілес келе жатқан қарақалпаққа көмекке Жалантос баһадүр аттанады. Оның келе жатқанын естіген Абдолла қарақалпақ жұртына жасап жатқан қансоқтасын доғарып, Жалантостен бітім сұрайды. Рас па?

– Жобаға соғады.

– Жобаға соққаны қалай?

– Әуелі соғысып көреді деседі...

– Бірақ Абдолла әлі күшті еді. Осылай тыныш қанат жая берсе, түбі қазаққа да ауыз салудан тартынбайтынын батыр баба сезеді. Сезеді де, Абдоллаға әуелі өзі қарсы аттануды қарастырады. Басқаны кем өлшеп, келте піше де, Абдолла қулыққа жүйрік. Жалантөстің бұл ойын сезісімен, басқа дәулетінің садақасы етіп Самарқан мен Қокан шаһарларының кілтін баһадүрге қоса ұсынады. Батырдың жаугершіліктен бір қолын екі ете алмай жүрген кезі. Өзі Самарқан уәлиатының билігін алады да, Қоканды ағасы Ақшаға ұсынады. Әзірге білерім – осы.

– Осыдан артықты мен біледі деп кім айтты саған?

– Өзім жауабын таппаған жайым бар.

– Сұрап көр.

– Самарқанда сол бабаң салмаған ғимарат жоқ деседі. Тіллә-Қари мен Шер-дорды көргендер таңдайын қағып, ішегін тартқаннан басқаға тілдері илікпейді. Шахрисабздағы жетім балаларға арнап салғызған медресесінің әңгімесі өз алдына. Соның бәрін дәулеті асып, күдіреті тасып тұрған шағында баба Яссыға неге салдырмаған?

– Жалантос атамыз қайтқанда, мен он үште, Ақша атамыз қайтқанда он алты-да едім. Сірә, менімен ақылдасуға ертерек деп санаған шығар.

—Бәйкем секіділерден естімесең дегенім де.

—Әкеміз марқұм о кісілер туралы ештеңе айтпайтын. Со жасқа дейін аталарымның қолында тәрбиеленгенім жетеді деген шығар. Он алты жасымда, аталарым қайтысымен өз қолына алды да, Нұрата төңірегіннің билігін маған тапсырысымен, аурушаң әкеміз көп ұзамай дүниеден озып кетті ғой. Ал, сенің сауалыңның жауабын мен де іздегем. Әсіресе соңғы жылдары мазалауда. Меніңше, ол кезде бабамыз қазақ пен өзбек түбі қазан-ошағын бөлек құралы деп ойламағанға ұқсайды. Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан жаңа. Байқап-бажайласаң, таурих-шежіре соңғы кездері жиырма-отыз жылда жан танымастай өзгерумен келеді. Бір-бірімен қидаласып жаудаспағанмен, түбі қазақ пен өзбек енші ажырасары бүгінде балаға да белгілі жай.

Бұл кезде екеуі ауылды жанай отпн, Нұрбұлаққа қарай бет түзеген. Тұңжыраңқы кейіпте ілби басқан қонақ өз-өзінен толғана күбірледі.

—Қайран қазағымның мандай тері, аққан қаны, ақы-адал мүлкі, алды-артына айта жүрерлік сөзі мен ісі қайда қалмай жатыр. Талысы бір тоймайтын кара жер неткен мешкей! Елінің данасы, халқының дарасы болған небір жайсаңдар мен жамлоздарды, сүлейлер мен сырттандарды жұтып жатыр, жұтып жатыр. Аллатағала да пендесіне шүкіршілікті аямай-ақ қиған екен! Арғымақ өлсе, артында құлыны, атасы өлсе, артында ұрымы қалады деумен келе жатқан адам неткен тастан қатты, темірден берік!

Көп ұзамай жатаған жарлауыттың астынан үнемі қыз бұрымындай боп өрімдене ағатын Нұрбалық шыға келді. Сол лөм-мимсіз беттері үстегіндегі шапандарын, бірі басындағы кіршіксіз дағара сәлжесін, екіншісі жаздық күндыз малакайын жағаға жете бере сыпырып тастап, жейделерінің жеңін кара шынтаққа дейін түре сала, бұлаққа жүрелей еңкейісті. Әуелі қос шынтақтарын үш қайыралан шылап, сосын үш қайыра ауыздарына су алып шайды да, өкше іздеріне бүрке шашты. Үш қайыра беттерін құлақ шекелерімен қоса шайып, үш қайыра қос алақандарын тоқтыра су жұтып, бір сәтке мейірлері қана, үкі ұлпасын желпірлік сәуірдің саумал лебіне жүздерін тоса қыбыр-қимылсыз қалды.

Нұрбұлақтың жаратылысы бөлек: небір сағалы сай-салалар, өзендер жазғытұрым жан-жақтан қораланған таулардың басындағы қар еріп, төмен сарқыраған сумен арнасынан аса, бұлаң-талан тасып буырқанып жатқанда, не жаз ортасы болмай жатып солардың бәрі сабасына түсіп, тіпті кейбір шолақтары мен кенерсіздері кеуіп үлгеріп жатқанда өзгермейтін, ағысынан жаңылып, құбылмайтын жалғыз бұлақ — осы. Қыста қатпайды. Жазда суы таңқы, молдір. Тіс сырқыратар салқын. Қаталап, қаны кеуіп келгеннің үш қайыра уыс тоқтырып жұтуы жан шақыруына жетіп жатыр.

Бүтсіз күнгі әр тұстан андыздаған таулардың айшықтана бедерленген пішімдеріне тесіле қараған Әйтекенің қонағына әдекалай көзі түсіп кетті. Қонағының екі көзі бұлақтың бұрама ағысына шаншылғанмен, жүзіне әлдебір жұмбақ жымыс үйірілгенін байқады. Мұның танырқап, өзіне шаншыла қарағанын ту сыртымен сезген ол күрек тісі аксия:

—Сенің бала кезінде Байкемнен жеген бір шапалағың есіме түсіп кетіп, — деді.

Көбіне аталарының тәрбиесінде өскен мұның әкесінен жеген сол жалғыз шапалағын бұл неғып ұмытсын. Тек соны өз көзімен көргендей қонағының есіне алғанына қайран:

—Сен сонда қасымда тұрғандай сойлейсің ғой.

– Кейде естігеніннің өзі көргеніннен артық өсер ететіні болады.

“Оны қайдан естіп жүр?” деп даң болғанмен, лезде сол бір балалық кез деп аталатын шырайлы шақтың көбі Уақыт атты мұзтаудың жал-жал тасасында ұмыт қап бара жатқанын қимаған өсер жетегіне бұйдаланды.

Ұмытпаса, Самарқандағы медресенің алғашқы табалдырыған төмамдап, жазда азды-кемді күнге ауылға оралған кезі. Марқұм әкесі Бәйбек пен Қосуақ би өмір бойы бір-бірінің бетіне жел боп тимеген күйі қандай татулықпен өтті десей-ші! Жаз жайлауда, қыс қыстауда үйлерінің арасын ары кетсе жиырма-отыз қадамнан асырмай тігетін. Қайсысының дастарқаны бұрын жайылса, сонысы ашық іргеден айқайлап, шақырысып жататын дауыстары да дәл қазіргідей құлағында. Сосын ойға да, қырға да аттарының күйірығы бір-бірін сабалап, бүйір түйістіре қапталдасып бара жатқандары.

Мына Жабай құрдасының мұның әкесінен шапалақ жегеніне айызы қаңғандай еске алған оқиғасы қателеспесе, Қосуақ бидің үйіндегі оқиға. Иә, сонда... Шаңқай түс шамасында Қосуақ бидің үйіне үш-төрт қария келіп түсті. Корші бидің екі ұлы да үйленіп, енші алған тұстары. Сондықтан ол үйге келген қонақтардың қолына су құю – мұның міндеті. Үлкендердің қолдарына су құйып, баталарын алуға тетелес ағасы Қашқынмен таласып қала беретіні де бар. Әйтеуір сол жолы шүмегі қаз мойын, дәу шойын құман мен ойлік жез легенді салдырлата өрең көтеріп ішке кірді. Сақалдары шошандаған манағы қариялар мұның түсінуінше, баяғыда сүйегі курап қалған, тіпті қашан болмасын топта тоқпан жілік ұстаған-ұстамағаны да беймәлім әлдебіреулерді айтып қызыл кеңірдектеңе дауласып жатты.

Міне, қызықты қараңыз... Сонда бұл оларға не айтқысы келді?.. Ие, не айтпақшы еді!? Ұмытыпты. Бәрібір қазір есіне түсіре алмасы көміл.

Қосуақтың үйіне келсін, мейлі өз үйіне келсін бұл үлкендердің әңгімесін тыңдауға сондай әуес-ті. Әкесінің тізесіне қос шынтақтай сүйеніп алып, талай кеу-кеу даулы сөздерді де, қызықты-қызықсыз, тіпті мән-мағынасын өзі түсіне де бермейтін ұзақ сонар әңгімелерді тыңдаудан жалықпайтын. Ал, қазір солардың қайсыбірін ұмыта да бастағанын көрмеймісін. Әйтеуір сол арада мұны ақ шайтан тұртті. Әлгі қарияларға әлдене айтқысы кел кетті. Қолға су құюды сол жақтағы Қосуақтан бастап тұрып:

– Дат, аталар! – демесі бар ма!

– Не дейді! – деді ортадағы қушық жақ, арық, қайқы тос қара шал жағымсыз сөз естіп қалғаннан бетер басы қақшаң ете.

– Дат сұрайды, – деді Қосуақ жайбарақат.

– Даты несі! – деді қыркла сақал, бұйрығын мен изенге еркін жайылып семіріп алған өгізше өңкіген бірі. – Ақ сақалды аталары тұрып, енді баланы тыңдауымыз қалып еді, түге!.. Сенің балаң ба?

– Байкем баласы.

– Қайсыңның балаң болса да үйретіп қоймайсындар ма, үлкеннің сөзін болмеуге.

Таластары сөтке тынып барып қайта жалғасты. Бұл іштей шамырығып, бала-сынғандарына қорланып, қайдағы бір бұралқы намыс бойын билеп алды. Тымырайған беті құман мен легенді жағалатып болып сыртқа шыққан. Суды төгіп, кніз үйдің қос табан көлеңкесіне отыра кетті.

Түс ауып баратқанмен, күннің ыстығынан қорғалап, әлі өріске шыға қоймаған отыз-қырық ешкі Қосуақтың әдейі көлеңке болу үшін жасаған жаздық лепесінің астында теп-тегіс сұлап, бырт-бырт күйсеп жатыр. Тек орталарындағы

бұғы мүйіз көрі теке ғана түреген тұрған күйі малжан-малжан күйсеген сайын шошан-шошан еткен кере қарыс сақалы әлдененені еске түсіруі мұң екен, балалық тентек мінезі атойлап шыға келгені.

Талай ат қылып мініп, жуасытып тастаған текені қақпайлап өкеліп, сықырлауық есікті айқара ашып жіберіп, тақпактата жөнелді.

— Бала созін бөлсінген, оңшең жайсаң керімдер. Сақалды сілеттеп, дау шешсен, осыған-ақ айта беріндер! — деді шәңгірлектеу дауысы сүңк-сүңк етіп.

Қариялар әп-сәтте қатты әбіржісті.

— Мынау не дейді-ей!

— Аталы жердің баласы деп жүрсең...

— Бәйеке, тыйсаң-шы балаңды!

Бәйбек орнынан абын-күбің тұрып, айтарын айтып болып, теке үстінде екі аяғы жерге сүйретіле бейғам отырған бұған жетіп келді де, шапалақпен жағынан тартып кеп жіберді.

Тағы ұрар ма еді, Қосуақ әмірлі үнмен зекіп тастады.

— Әй, Бәйбек, бір жолға арашамды бер! Коршілік қарызым қайтсын!..

Сосын жанындағыларды оқты жанарымен шолып өтіп:

— Айтып-айтпай не керек, өзімізге де со керек! — деді. — Араша, ағалар, ол-осер, елге пана бәйтерек! Соншама апшығандарыңызға жол болсын!

Мұның кім боларына бас қатырып жатқан олар да жоқ-ты: кеу-кеуді қайта маздатысты.

— Байекеннің иі жұмсақ кісі десетін. Өмірінде жеген таяғың сол шығар?

— Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды. Әкенің шапалағы деген не тәйірі!

Ақ ойымды алапеске айналдырып, кең пішкенінді кем кесіп, барың мен бағыңды кемшін, талабың мен талайыңды тапшы жаралғандай ғып корсетуді ғана мансұқтайтын кешегі өзің айтқан Үркін секілділердің таяғы менің жонымда ойнағалы қашан! Ондайды “шайтан таяқ” дейді... Бесін намазы боп қалған ба, жүр, қайталық үйге.

Орта жолда мейман кешелі-бүгін түйгенін айтты.

— Мен кісі танысам, Мүсірөлің — арқалы корішкел.

— Солай ма? Кеше, қаға берісте сені де күр жаюу кісі емес деген.

— Басқа не айтты?

— Кешелі-бері ме? — Әйтеке біраз мүдіріп барыл есіне түсірді. — Соңғы кезде қарға-күзгын көбейіп барады деді.

— Бәсе, әбіржімегенмен, жүзінде әлденеге алаңдаушылық бар ма деп қалғам.

— Мұның ертеңгі сапарға қатысты мәні бар демексің бе?

— Жоқ. Ондай таяудағы іске қатысты бірдене болса, ендігі ашық айтпағанның өзінде сездіреп еді. Сірә, әріректегі бір жай-ау...

ЖОЛДА

Айнала ию-қию ырғын тау.

Нұратаның арық түйенің оркешінен аумайтын сілемдері.

Қыз-Бибінің ауық-ауық ұшырасатын ит азу жалама күз-жартастары, майсан тобелері мен ұңғыл-шұңғыл қолаттары.

Ақтаудың көтерем жылқының шүйдесіндей қылыш қыраттары.

Өзі қияндағы көк мұнарға шоккенмен, үнемі айбармен сес корсеткендей боп жететін Қаратаудың дәу таз төбелері.

Қатқактың шөлінен қандары кеуіп, бір-бірінің соңынан түзім салып, өзенге құлаған киікше шұбырған Қызылшалының көкмауыт мақпал сілемдері.

Алыстан талып жетіп, әукесін Нұратаға артқан Қазықұрттың дара сағасы.

Бәрі-бәрі үшқаттасып, бауырласып, өзді-өзі көрік, сән-соулет жарыстырып, әсіресе биыл ерекше көзқұртқа айналыпты. Әрқайсысының бір-бірін қайталамайтын көркі мен мінезі бар. Ол көзі түскеннің көңіл қошына орай өзгеріп тұратындай, тау біткен жусап, айнала бусанып жатыр.

Сәуірдің соңғы күні. Көктемнің жомарт бейіліне жер жерігі өбден қанған көусенді шағы. Қарға адым аттасаң, түгі өзгеріп, құбыла құлпырып, аңқыған неше түрлі жұпар іс жанды райыс күйге бөктіріп, сезім шабақтайды.

Онсыз да қысы қысқа, көбіне қара суық, жаз бойы көк тосінен нәр ембеген жылдардың өзінде Нұрата аймағының бала майсаң реңін жоғалтқан жылдарына қуә стерлік жандарды бұл маңнан таба қоюың екіталай. Ал, биылғы реңі – алаботен: тоқтысы қысыр қалмас, берекелі жылдың хабаршысындай, айнала бөліп жатыр. Әсіресе қоршай қордаланған тауларға нәр, мейір, шырай мол бұйырылты. Кейбір тұстардағы кеудесін бастырғанмен, басына мұнардан басқаны аяқ аттаттырмайтын жалама шыңдардың да әр тұсын қазірдің өзінде діңі кере құлаш, биіктігі кісі бойы шынарлар тесіп шыға бастапты. Көк бұйра аршалар, шыршалар, балқарағайлар мен қайындар мәңгілікке қолтықтасып, қойындасып алыпты. Етегіне таласа—тармаса ормелеген қарағайлар, бұта-қарағандар, қапсағай үшқаттар, ырғай мен тобылғылар, кей тұстарына ит тұмсығы батпас жыңғыл мен жиде, доланалар бақталаса көрік түзепті. Жөн-жоталары, сілем-сағалары қотандаса аңдыздаған атты таудың араларында сирек те болса ойдым-ойдым қолаттар ұшырасады. Жаз хабары әлдеқашан жақындағанмен, сол қолаттардан оқта-текте әлі де тән тіпкеркентер ызғар есіп, ақ шуда, түбіт тұмандар әрлі-берлі тынымсыз жөңкіледі. Сол қолаттарды, нар өркеш төбелерді сағалай өтіп, майсаңы шаша қағар жазықтармен үш сап атты үзенгі қағыса қатарласып келеді.

Бұл маңнан жол сорабы дегенді әуелден ешкім іздеп әуреге түспейді. Барар бағыт жолаушының көкірегінде қашанда жаттаулы. Ойтпеген күнде адасқан жалғыз-жарымның мына шытырман алқаптан қайтып қара табуы екіталай. Ол аз десеніз, аттылы болмаса, жаяу тәуекел ете алмас атқақтар жиі жол кеседі. Бастауының қай тау, қай төбеден шығатыны беймағұлым атқақтар көбіне ат бауырынан аспағанмен, екпіні тотен: жанындағыға айқайламасаң даусынды естіргпейтін сойлысақ сарыны үнемі шабынған бураша күркілдеп жатады. Қабырғалы, тонсоғары болаттай, сіңірлі аттың өзі солықтап өтеді. Үстіндегі адамның салмағы дес бермесе, жалғыз-жарым аттың өзін қаншама жерге ықтырып өкетерін болжауың неғайбыл. Тіпті кейбіреуін түйежарлап, жағаға әуіріммен аяқ іліктіресің.

Сондай ағысы арқыраған атқактың бірінен ат бүйірін демдестіре жалдап өткен жолаушылар қайта бағыт түзегенде, сарғалдағы, қызғалдағы, қарғалдағы аралас, ойдым-ойдым шешекті жазыққа шыға келген-ді. Сол шешекті алқаптың көз құнықтырған көркіне қарап келе жатып, оң қапталдарынан дүсірлеген тұяқ дүбіріне еріксіз жалт-жалт қарасты.

Бауыры жер сүзердей боп жұлдызша зырқыраған кермарал бұларға қарай тұп-тура салып келеді. Қалт ат басын ірікпесе құдды аш бүйірден келіп соғар екпінінен таяр емес. Басы кегжие түсіп, арқасына жабысып қалғандай. Қос жанары шырадай жарқырап, баланың жұдырығы сыярлық қос танауы делініп кетіпті.

Түз тағыларына қозқарықты аттар оның мына күйін қыпмылына баяу жүген сылдыратып, шекелей қарағандары болмаса, артық-ауыс мінез көрсетпестен иелерінің тізгін белгісіне бағына, қалт-қалт тоқтасқан-ды.

“Мына бейшараны таптал түсте жын қақты ма!” дегендей жолушылар айна-лаларына бағдарлап үлгергенше, марал бұлардың алын кесе, жебеше зырқырай отіп, сол қапталдағы қарағайлы қалың жынысқа сүнгіп, көзден ғайып болды. Тізгін босап, аттар қайтадан сылан жүрістерін табар-тапнаста жолаушылардың ең жасы мұрын астынан мінгір ете қалды.

— Мойын бұрмаңыздар. Марал келген жаққа қоз қиықтарыңды салыңдар...

Қоз қиықтар қорғендеріне сенер-сенбестерін білмей бір орнында қатты да қалды. Әрі ұзаса жүз елу, екі жүз аршын жердегі, үлкендігі төрт қанат киіз үй ауқымдас дөңбек тастың үстінде қызыл тарғыл жолбарыс бұларға зорлі жасыл жанарын шаншып, безірейіп қалыпты.

Бұл жолы аттар іш тартысып, кеңсіріктерінен қорқыраған дыбыс шығара, құлақтарын қайшылап, ауыздық керісе, бір бүйірлей өзі-өзі соқтығысты. Ат басын тізгінге сүйеп, тақым қысысқан иелерінің жонарқаларын қаптардың қара суығы қарып өткендей тігіркеністі. Дегенмен, бір тылсым түйсіктің бұйрығына мойынсұнып, ілби жылжыған беттері қолдарындағы сегіз орме, он екі орме қамшыларын қыса түсіп, түз тағысы тұрған дөңбекті жанап отуге бағыттады.

Тайогіз тұрқылас тарғыл тағы бұлар қапталдасқан кезде үстіңгі сояу тістерін ақсита, дымқыл қара түмсығын көржите иіс аулады. Сосын есінегендей арап арап аузын кере ашып, дәмді жеміне жерігі қапандай сүн-сүйір қызыл тілмен езуін түмсығымен қоса жалап-жалап алды да, жылан бапыдай* ширатылған жуан күйрығының ұшын шиыра қайқайтты. Бұл — жеміне атылардағы көңігі айбаты.

Жолаушылардың қолында әлгі сегіз, он екі орме қамшыдан басқа қайрап етерлік ештеңе жоқ-ты. Бірақ қамшы ұштарында қорғасын күйма орілген. Қарулы қолмен сілтегенде небір қайыңқаптал жігіттердің өзін ат үстінен мұрттай ұшырып, атан түйенің қабырғасын күтір ете түсірер дойыр мен шоклардан кем соқпайтын. Өздерінің соңғы қауқарлары да, үміттері де енді осы қамшыға қарап қалғандықтан онтайлай сығымдасты.

Түз тағысының сыры ұнғыл-шұңғыл: бүкіл кеудесін сәл бүге, қос құлағын жымып, күйрығын жерге сабалап, құдды дәл қазір атылатындай кірік қақпастан біраз тұрды да, жалт бұрылып, тас үстінен тор мен есіктей жерге жең-жеңіл ырғып кетті.

Әне, енді ештеңе көрмегендей маң-маң басып бұлардың өкше ізіне қарай ығысып барады. Оның бұл қылығы да әлі күдікті-гін. Жолбарысты топғы кісіге ұмтылған-аңда, әдетте соңғысына ойда-жоқта жай оғындай атылады деуші-тұғын. Қан көрсе, көзін шел қаптап, жемін шетінен жамсата беретін қасқыр қылық оған жат. Қайратына Ғайып та қарсы тұра алмас, ор мақұлық жеміне онтайлы бірін жайратады да, басқасында шаруасы бола қоймайды. Таңғы дәмді тәңірден күтетін төкаптардың өзі. Алайда, жолаушылар тап осы сәтте оның төкапшарлығынан гөрі өздеріне тәңірлер қаупін ойлаудан арыла алмай, сезікті күдік пен үрейге бой алдыру үстінде. Бұрыла қараудың өзі — тағыға секем алдыру. Секем алса, көріне мінуі — қас пен қоздың арасы. Амалсыз ыммен ұғысып, айлаға қошуге тура келді. Жолбарыстың әр қимылын көзде ұстау үшін әдейі бағыт өзгертін, бір бүйірге қиыстай тартты.

* Жылан бапы — Жылан баба деген мағынада. Жуандығы тошнык жеңілдей, ұзындығы екі метр шамасы. Жылан баба ғана жүз жыл шамасы өмір сүреді.

Жок, жолбарыс: “Мен сендерді, сендер мені көрген жоқсындар” дегендей мүлдем енжар кейіпте созаландай басып, қалың итмұрынның тасасына түсті де козден жоғалды.

Өзді-өзі сырт мінез алдырмағанмен, іштей үшеуінің “Уф!” дескендері көміл. Дереу тізгін бұрып, бағыт түзеді. Манағы жас жолаушының дауысы жадыранқы естілді.

—Төрт тұяқтының періштесіне жан сауға әпердік. Тұз тағысының патшасы алдымызды кеспеді. Сапарымызды Құдай оңғарар, сірә.

Сақа серіктері сергек үн қосты.

—Аузыңа май!

—Астыңа тай!

—Мұның бізге тиіспеу сыры басқада.

—Неде?

—Сірә, осы манда іні бар. Өлекшіні мен шөнжігі болуы да ғажап емес.

—О да мүмкін. Хайуанның ішіндегі тектісі ғой.

Бұлар — Әйтеке, Жабай, Мүсірәлі еді. Қараны қасындағы серігімен бірге күні бұрын аттандырып жіберіп, бүгін таң намазын отесімен, оразаларын аша сала, Әлінің жазғы жайлауына аттанған беттері.

Торенің жайлауы Самырсын — түйе қолтығы терлерлік жер. Мынау сорабсыз бағытпен дәл осылай соқтырып отырса ғана ертең кеш, жұлдыз жамырай бір қарасын шалып қалмақ. Әлгіде бөгеліңкіреп қалғандары болмаса, толассыз желістен шамалыда аттары бүйір қағар сіңірсіз де емес.

Бастарын шұлғып тастап, кекілдерін желге ойнатып, тіпті ауық-ауық қолтық согісіп, тер үгісіп, өзді-өзі шабыс сынасып алғылары келгендей жұлқына ұмтылысып, иелеріне еріксіз жүген тежестіріседі. Үзенгі қағыстырып қатар келеді демесең, үшеуінің түс-тұрқы, аяқ тастастары үш басқа.

Әйтекенің Құндызқарасы — осы оңірдегі су төгілмес жорғаның алды. Ит бір жылда төрт, жылқы үш жасайды деген рас болса, Құндызқара биыл отызда, Дерткен шағы. Күтімі бөлек. Құнанша жұтынып тұр. Иесінің ауанын тақым қысысынан ұғатын қалғездің өзі. Ер асты үш атының жуасы да. Екіншісі, Ақтанкер — той-томалақ, көші-қон сәні. Бүкіл тұрқын, жүрісін өзі қызықтағандай аяңдаса да, шапса да еркелеп, ойнақтап, шайқалақтай басады, желіске де күтірсек. Үшіншісі — Тобылғыторы. Нағыз кокпар мен жорықтың аты. Азды-кемді күнгі аштыққа арымайтын, апталап, айлап арқасынан ер алмасаң барлықпайтын дығал. Жүрісі — ойға-қырға тең. Басы қаттылау демесең, осы сапардың кезегі соныкі еді, Қыз-Бибінің қойнауындағы алыс жайлаудан кеше алдырыл үлгермеді.

Жабайдың Қанжирені — аяңға келгенде сирек ұшырасатын тұяқты. Шабысқа да, желіске де жоқ секілді. Бірақ осы аршынды аяңымен-ақ мынадай алыс жолда талайды тезек тергізер, нағыз таза қанды қазақы жылқы.

Жылқыда он екі омыртқа болады. Мүсірәлінің Кербұғысында он үш. Онысы — Мүсірәлінің өзіне, сосын Әйтекеге ғана жария. Тіл-козден тайсақтайтын иесі биге құпиялап айтып, оңашада омыртқасын санап көзін жеткізген. Аламан бәйгеден тыс ұстайды. Аяны шалқыма, желісі еспе, бүлкілі бүйрек қозғамайды. Алыс жол үстінде бірқыдыру жер тайпалата жорғалап барып, желіске не ит бүлкілге ауысып кететіні бар. Естілігі төрт тұяқтыдан ала-бөтен. Әйтекенің үш атына үйір. Жеті қараңғыда көзін тас қылып байлап жіберсең, таңертеңіне үш аттын бірімен үйездесіп, не жал қасысып тұрғанын көресің.

Бірде ер қанаты – аттардың естілігін, бірде әлгі түз тағысының жұмбақ қылықтарын кезек әңгімелескен жолаушылар бірнеше майсаң төбені артқа тастап үлгерген шамада басқалардан бұрын Мүсірәлінің Кербұғысы құлағын қайшылап, елегізген сынай байқатты. Иесі де сол қапталдағы доң етегінде әлдебір арпалысқандарды бұрын аңғарды.

– Анау немене?

– Ан ба, адам ба?

– Жас аюлардың өйістіп ойнайтындары болушы ет.

– Аю болса, аю шығар, – деді Жабай құрдасын әзілдей кекетіп. – Ана байлаулы аттарын ойнап болып жемек қой, сірә.

– О, тобең көрінгірлер мынау тобелесіп жатқан біреулер болмаса негіті!

Жолаушылар ат басын кілт бұрысты.

Аттарын қоянсүйекке байлап қойып, жан алып, жан беріскен екеу бұларды жандарына емпілдей жетіп келгенде де байқамалды. Құдды ата жау: осы арадан бірі ғана аман кетуге тиіс. Сонда ғана мына жер-дүние кеңімек. Жабай жете бере ақырып жіберді.

– Әй, доғарындар, ененді ұрайындар! Олтіресіңдер ме бір-бірінді енді!

Итжығыс арпалысып, пора-пора тер, сағал-сағал қанға малшынған екеу бір сәтке бөгеле түсіп, бір-бірін жағаларынан қығындырған беттері жерден көтеріліп, бұларға алая қарасты.

Тобелестен қалжырағандары ма, әлде түр-сыйпаттары бөлек, ат-өбзелдері мырзаларға келетін богделерден қымсынғандары ма – жағадағы қолдары босай берді.

Бидің дауысы түк болмағандай жылы естілді.

– Ал, батырлар, мыналарыңа жол болсын. Бөлісе алмай жатқандарың – мал ма, қыз ба?

Жерден бетеге аралас көдені көси жұлып алған қысық көз, мыртық сары қолының қанын сүртіп тұрып бірінші тіл қатты.

– Мына бір жетесіздің кесірінен...

Ол мүдіре берді. Шадырақ көз, сидан қара ысылдай кекетті.

– Иә, айтсаң-шы енді. Әлгі көрдегіні тірітетін былапыт боғауызыңды.

– Сандалма! – Мыртық сары ананың жағасынан алардай ұмтыла түсіп барып бөгелді. – Мырзалар, өзіміз-ақ шешетін шаруа біздікі. Жолдарыңнан қалмаңдар!

Жабай тік кетті.

– Қарақтарым, үлкен кісілер жөн сұрағанда, айтар болар. Біз не, еріккеннен жолымыздан қалып тұрмыз ба! Қай жердің қазағысыңдар өздерін?

– Мен мына Қоқаралданмын, – деді алғашқы тіл қатқан.

– Мен де со жерден қашық емеспін. Бетегелденмін, – деді екіншісі.

– Е-е, қоңсылас ауылдан бола тұра, қан жосаларың шыққанша жағаласып не корінді сонша?

– Мына мыртықтың кесірі! – деді шадырақ. – Дауымыз – түлкі. Былтырдан бері талай өкшелеп, ұстай алмай жүрсем... Қазір түлкі аулайтын уақыт па, қансонарға дейін жүні жетілсін деп сырттай қадағалап жүрсем, мына жыртық қоз... Түбі шикі мұнын. Жонғардан қалған сідік болмаса неғылсын!

– Тіліңді мына мырзалар келіп қалмағанда, суырып қолыңа берер ем... Ақ сорлам шығып інінен қазып ала бергенімде, мына шадырақтың жетіп келіп танытқаны... Сен батыр, сен асыл қанды болсан, құба қалмақтың тақымында кеткен қарындасыңды неғып қайырмадың! Қарындасыңды...

Би патуаға шақырды.

—Жо, батырлар! Бір-біріңнің күйрықтарына ши жүгіртіп, кекеп-мұқағаннан жарастық таппайсыңдар. Еркек бастарына жараспайды. Қоя қойыңдар. Тоқта-сандар, қазылығын айтайын. Тоқтамасаңдар — өз обалдарың өздеріңе. Мына батыр екеуінді қамшының астына алады да, екі жаққа қуып тастайды. Көне, қайсысын қалайсыңдар?

Қысық көз би сөзінен қаймыққаны ма, иба сақтағаны ма — келісе кетті.

—Мен көндім.

Шадырақ шекелей қарап: “Екінің бірін істейтіндей сендер кім едіңдер!” дегендей сүзеген серке қылық танытты.

—Келіссендер, мынаған жауап беріңдер. Түлкі ұрғашы ма, еркек пе?

Шадырақ бұл жолы шыдай алмай барқ етті.

—Оның ұрғашы, еркектігінде тұрған не бар?—деді жейдесінің етегімен мұрнының қанын суртіп жатып.

Анау елп ете қалды.

—Ұрғашы! Жаңа қазып алғанда көргем. Сенбесендер барып қараңдар. Әнсе, ана жерде жатыр. Керек десең — буаз. Обалына қалыппын...

—Ұрғашы болса, түлкі сенікі. Еркек болса, айдалада қуып ұстай алмай жүрген мына батырдікі. Өйткені, қазір ұрғашы түлкінің ін сақтайтын, еркегінің түз сақтайтын кезі. Осыған тоқтайсыңдар ма?

—Апыр-ай, ә!.. Рас. Жәні осы... Бұл қалай есімізге келмеген?.. Тоқтаймыз ғой. Тоқтаймыз. Сіздерді кезіктірген Құдайдың көзі түзу екен әлі бізге... Мейлі, енді анау-ақ алсын сол түлкіні. Маған керегі — әділдігі еді.

Мыртық осыны айтып, абың-күбің атына қарай кете берген. Шадырақ қоян-сүйекке байланған атының тізгінін қолына алып жатып ананы шіренте боктады.

—... Керек еді сенің сасық түлкің маған!

Бұларға қайта-қайта сынай қараған беті есек тұрқылас торысын сауырынан бір тартып кете берді. Жабай таусыла сөйледі.

—Ой, батшағарлар-о-ой! Қайдағы бір сасық мыршай үшін айдалада бір-бірін майып қыла жаздағандары жаңа еді, енді екеуіне де керек болмай қалыпты. Айтам ғой, бұ қазақты жүз қайыра қазақ боп қайта тусаң да түсінбейсің.

Күлерін де, кейірін де білмеген бұлар қайтадан бағыт түзескен. Ізінше арттан тасыр-тұсыр ат тұяғының дүсірі естіліп, өлгі шадырақтың әжептарқы дауысына мойын бұрысты.

—Әй, ағайыңдар, тоқтандаршы! Сол кідіріңдерші! — Бұларға арқан созым жерге кеп тоқтаған ол енді жақындаңқырасам ұрып жібере ме дегендей тайсақтай сұрады. —Құдай біледі, сіз көміл Әйтеке би... Әйтеке аға шығарсыз?

Бұлар үшін Жабай жауап қайырды.

—Кобейігір-ау, Әйтеке болмаса, қалған ғұмырынды түлкінің дауымен өткізейін деппең! Бара ғой енді жөніне!

Шадырақ ойлағанына жеткен кісіше езуі жайыла ыржың етті де, жалт бұрылып, өлгі “серігінің” соңынан атын борбайлата шауып, бір түлкінің орнына жеті қоян тапқаннан бетер айқайға басып кете барды.

—Әй, мыртық, тоқта! Әй, қалмақ, тоқташы дейім!.. Қызық болды!..

Қызыл таба күн бозторғай шырылдар тас төбеге жетіп, алқара көк жоталарды кезген сәуірдің керімсал самалы да ыстыққа еріп бара жатқан кез-ді. Жондары қызған жолаушылар бірқыдырау сырт киімдерін шешіп, ерлерінің күміс қастарына ілді де, қайтадан аттарын сыйпай қамшыласты.

Мана, күн ұясына тұсау тастам қалған шамада Есекқырғын көрінер тұстан күміс табақ ай көрінген. Ендігі тау ішін күндізгідей-ақ жарқыратып тұратын шағы. Ымырт үйіріле бәрі керісінше шықты. Әуелі әлі дегдін үлгермеген қолаттардан шуда-шуда ақшулап бу мамырлай қовті. Іле қайдағы бір шабдар бұлттар аспанға атойлай қотеріліп, таласа-тармаса айды бауырына басып алды. Оны да азсынғандай манағы бу енді ат құлағын көрсетпес тұманға айналды. Көп ұзамай адасқандарын да анық ұқты.

Тау ішінде оскеннің тау ішінде адасуы ошанда бір жағдай. Адастың екеп — аялда. Таң жарығын күтпедің екен — алдың толы түнсіз ошпа, шыңырау күз, бура мінез атқактың бәрі сені ғана тосып жатады. Мұндайда жазықтықта соқыр, мылқау, саңырау тұманға адасқандарға жылап көрісесің. Майлақы қара тұманнан енді қайтып бағдар таппасын сезісімен, еріксіз ат басып іркіп, қысқа-қысқа ақыл қосысты.

— Ендігі амал қайсы?

— Аялдаудан басқа лажды көрмедім.

— Әуелі қалың жыңғыл секілді орын тауып, от жағудың жөйін қарағанымыз дұрыс шығар.

— Иә, отсыз қиын. Қазір аю, қасқыр мен қорқаудың ыңып жүрген кезі. Манағы жолбарыстың түрі анау.

— Әсіресе аттарға сақ болмаса...

Соқыртеке ойнағандай сақтана сыйпалай жүріп, қалың итмұрын мен жыңғыл аралас жерді зорға тауып, аттан түсуге ыңғайлана бергенде, алыстан иттің үргені не қорқаудың қансылағаны секілді дауысты құлақтары шалып, айнала тың-тыңдаса қалды. Сәл үзіліп барып әлгі дауыс қайта естілгенде, ит екеніне шұбалары қалмады. Жалма-жан Жабай түсе қалып, жерге құлак тосты.

— Ат тұяғының дүбірі секілді бірдене естілді, — деді жерге жабыса екпеттеп жатып.

Өздері секілді адасқан біреу-міреу болмаса, мына қор тұманда есі бүтін түгіл, қарақшының да тәуекел етін жолға шыға қоюы неғайбы. Қапы тұсты күткен қарақшы болған күнде де қашып бағыт, жасырынып таса таппасын айтпай ұғысын, енді қайткенде де осы арада дидарласуды мақұлдасып, тапжылмастан тұрып қалысты.

Көп ұзамай ат тұяғының дүбірін бәрі естіді. Сол дыбысты андап тұрып, келе жатқандардың қашқын-пысқын да, қуғын-сүргін де еместігін бажайласып, ізінше Жабай дауыс салды.

— Уа, бұ қайсың? Жаумысың, елмісің, хабар бер!

Он қапталдан жақындап қалғандар сол аялдап өзді-өзі күбірлескендей болды да, ізінше картаңдау кісінің қарлығыңқы дауысы естілді.

— Ә, кобейгір, созің тобеден түскендей өзің кімсің? Қарақшымысың десең де, жаман ырым шақырып, жаумысың дегеніне болайын!.. Елміз. Хабарлас! Өзің кімсің? Қайдансың?

— Нұрагаданбыз.

— Е-е, Әйтеке болмасандар нетті!

Көңілі орнына түскен Жабай аяқ астынан әзілге бұрды.

— Болса — қыз бермек пендер, қыз алмақ пендер?

— Өй, жолың болғыр, ай мен күн аманында адасып жүріп созін қара! Әйтеке құда болам десе, қара тобыр біз түгіл хан да қаша қоймас. Көні, бері! Бері жақындандар! Біліп ем-ау адасқандарыңды...

Екі топ ат кекілдерін түйістіре жақындасқанмен, бір-бірлерінің жүздерін бажайласа алмады. Бұлардың байқағаны олардың да нобайы үш атты екендіктері. Дауысына қарағанда, тілдескен алпыстың асқарына шығып, азу тісін алдырған адам. Қасындағы екеуі қартты сөйлетіп қойып, өздері иба сақтағандарына қарағанда, жастары әрі кетсе, бұлар шамалас.

— Бітіп ек, адасқандарыңды, — деді қария жаңағы сөзін қайталап. — Білген соң, үш-төрт тонқа бөлініп іздеу салған бетіміз... Жо-жоқ, аттан түспей-ақ қойыңдар. Менің ойымша, сіздер інір түспей-ақ біздің үйде отыруға тиіс ендер. Көні, ілесіңдер сонымнан.

“Мына қарияның қонақжайлығы таңсық емес. Ал біздің адасып жүргенімізді, келер шамамызды біліп отыратын көріпкелдігі бар ма?!” деп таңырқаған жолаушылар үнсіз сонынан ілесті. Түйткіл түйіні тез шешілді.

— Кеше, екінді шамасында Қаралар келіп, таң рәуішінде аттанды, — деді тосып алушы қария. — Жүрістері суыт. Ат алмастырып кетті. Аттары тоқ екен, қызылмай боп қалмасын деп, қолік ауыстырттым. Мен Саршағылданмын. Ныспым — Қаражал. Сүйегіміз — найман. Бұл маңды атакүлдігіміз десе де болады. Аз үй болғанмен көңіліміз кең, құшағымыз ашық... Сен мені, Әйтеке танымайсың. Қасындағы сіргелінің батыры мен пірің — болса да қормеген адамдарым. Әкеңді көре қалдық. Ізі-қайымда азды-кем күн араластығымыз да жоқ емес. Жақсы адам Құдайға да керек. Ерте алды. Жаны жәннатта шалқығыр ол бақилыққа кеткенде сен жиырмаға толмаған шығарсың, сірә?

— Он сегіздемін, — деді Әйтеке өзі туралы осыншама құлағдар жанның ныспын да естімегеніне тосырқаңқырап.

— Шама. Соң шама. Ай астында мәңгілік кім қалған. Марқұм бөліспес нәрсе — қор ғана деп отыратын. Сұрасаң қолындағысын қылдай бөлісетін, дүние-малдың бас-көзіне қарамайтын атымтайлығына бөс жетпейтін еді-ау.

Бұрын жүз таныстығы да болмағанмен, Жабаймен де, Мүсірәлімен де аман-саулық егжейлескен шамада, аяқ астынан әуілдеген маң тобеттердің даусы шығып, бірнеше жерден жылтылдаған бозамық жарық көзге шалынды. Ізінше:

— Әке, бұл сіздер ме? — деген жас жігіттің дауысы естілді.

— Біз ғой, қалқам. Біздер. Жарық бергендерің ақыл болған. Адасқан қонақты іздейміз деп жүріп өзіміз де адасып кеттік пе деп келе жатыр ем. Көні, қонақтарыңды аттан түсіріп ала қойыңдар.

Үш-төрт бозбала қараңдай жақындап, жамыраса сөлемдескен беттері бұларды қолтықтарынан демей берді.

* * *

Алпыстан асын, азуын алдырғанмен, ақылын шалдырмаған Қаражал көсілген көсем. суырылған шешен демесең де, кара сөзді бабымен қайыратын, жай сөзінің өзін жады ғып жеткізерлігі мол, барға қанағат, жоққа сабыр, бейауыз, таупықты адам екен. Жалпақ бет, бұзау тұмсықтау, қуырылған бидайдай қызыл шайраулы, осы төңіректің салтымен қырылған қысқа сақалы мен мұртын ауық-ауық қоси сипап қойып, меймандарына рәуішті рең танытуда. Екі-үш көзеден қымызды ерулетпей тартып алып, шөл басылған шамада қайың түбірінен ойылған шұңғыл табақпен иісі мұрын қытықтап, төбет шақырған тай еті келді. Үй иесі шекені Әйтекеге ұсынды.

—Әйтеке інім, дастарқанынан өлденеше қайыра дәм татсам да, өкең марқұмға осы үйден сый табақ тарта аямай онықта қалғам. Кеше сен келе жатыр дегенде, сол есіме түсіп, байыз таппадым. Ал, мына дәмнен.

—Алла разы — біз разы, — деді би пейілдене. —Ниетіңізге тойдым. Мен сізге қонақ болсам, менің де бір қонағым өзіммен бірге келеді. Сіз қабыл қылсаңыз, мен осыны аға баласына ұсынайын.

Қаражал сөл басын қисайта түсіп, би мен батырды сынай шолып өтті.

—Қайран қазағым-ай!.. Құлан адасар құладүзде жүріп те ата жолын кеспейтін, ағадан асып бөспейтін салтыңнан айналдым! Қабыл! Қабыл, қарағым! Ниет — менен. Жон-жосыққа жығылу — өз ырықтарыңда.

Үй иесінің ақжарылқап ниетіне лайық жас тайдың балбырап піскен жас еті төбетке төбет қосып, меймандар табаққа еркін қоя салуда. Бірде Қаражалдың өзіне назар тоқтатыңқырап қалғанын аңғарған Әйтеке:

—Қара-еке, бірдеңе айтпақ пенің?—деді.

—Сендерге де тамақ сіңімді болсын. Өзім де қалыспасын. Жадымда жаңғырған бір оқиганың ішіме сыймай отырғаны. Соның басын бір қайырын тастайын мен сендерге, — деді ол мұртына жұмсақ күлкі табы үйіріліп. —Көні, ас алыптар... Сен онда, Әйтеке, жеті жастасың ғой деймін. Сені Қоқандағы хан атаң Ақша “мен әкетем” деп, Самарқандағы Жалаңтос атаң “мен әкетем” деп біраз сауда жүргенін сол жолы коршілерің Қосуак биден естігем. Сірә, сол селін “тоқым қағар” тойынды жасап болып отырған күні бардык, шамасы. Сен оны ұмытқан шығарсың. Бірақ менің күні бүгінгідей жадымда.

—Мынау шығында қызық жай екен, — деді Жабай өңгімеге “тамыздық” тастап. —Бір-ақ рет көрген сіз ұмытпайсыз. Ал, ол неге ұмытуға тиіс?

—Оның мәнісі бар. Қазір түсінесін. Сен өзің шөкімдемей, ана түйенің табанындай жалпақ алақаныңмен еркек құсап былай алмаймысың! — деп Жабайға ағалық назбен ұрысқансып, өзі де табаққа шеңгелдей қол салды. —Сол жылы жер қуаңдау шығып, біз Нұратаға жақын Айдаралыға жақын барып қыстағанбыз. Жаз шыға Нұратадан келген біреудің аты ауылымыздың бір баласын теуіп өлтіріп, соның жоғын жоқтауға шыға қалмаспыз ба! Үш қария. Төртіншісі — мен. Жиырмаға сол жылы шыққан кезім. Әлгі үш шалдың бірі — менің нағашым. Марқұм жастайымнан жолға шыға калса, мені жанынан қалдырмауға тырысатын. Ел қор, жер таны, сөз ұста, қасқыр қырғанына, қаз орғанына, адам көргеніне мөз деп уағыздайтын ылғи. Сонымен, Нұратаға сау ете қалалық. Ауыл шетіне жете бере Қосуак билін үйін ойнап жүрген төрт-бес баладан сұрадық. Ойпыр-о-ой, дәл қазір көріп отырғандаймын сол сәтті... “Олла-білде” арамның анты, “Құдай ұрсын!” қорқақтың анты. Қарғанбай-ақ қояйын. Сенерсіңдер. Балалар шырпы шалым әуелі үнсіз томсарысты. Сосын ішінен сидаңдау қара бала алға оза түсіп: “Ассалаумағалейкум, аталар” деді. Сірә, біз жақтан үн болмады-ау дейім. Бала тақ ете түссін. “Жол сұрамақ сізден, жөн сілтемек бізден болсын!” Қасымдағылар жолсоқтылау болып келе жатты ма, әлде жолсоқпай қарғалай баламен сөйлесуге зауықтары со?пады ма — білмейім, әйтеуір үндемеді. Жастығым ба, бала тілін қызықтағым келді ме — ол арасы жұмбақ. Мен: “Осы ауылдан барған біреудің аты ауылымыздың бір баласын теуіп жазым етті. Соған жөнімен күндаспақпыз” дедім. Сонда әлгі бала не деді дейсіңдер ғой?.. Ойпыр-о-ой! Сол баланың дауысы әлі құлағымда, сенесіңдер ме, сенбейсіңдер ме!? Бала тақ ете қалғаны. “Баланы ат босағада тепсе — бүтін күн, жабықта тепсе — жарты күн,

түзде тепсе – төрттің бірін аларсындар, аталар мен ағалар!.. Қосуақ та осыны айтар. Осыны айтпаса, қосыңқырап айтар. Ал, оның үйі анау шеттегі екі ақбоз үйдің арғысы. Жолдарыңыз болсын!” деп қала берді... Әй, сендер, түге, тамақ алуды қойылысындар ғой. Көні, былай етіп тағы бірер алыяңдаршы! Маған құлақтарың жетеді. Қолдарың мен ауыздарың менен бос.

–Содан?

–Содан не бастарыңды ауыртайын, Қосуақ бидің үйіне түстік. Үйінде тағы бір-екі кісі бар екен. Дәмін таттық. Жоғымызды айттық. Қосуақ марқұм тік айтатын кісі еді. Баланы аттың қай жерде тепкенін сұрады. Қариялар түзде тепкенін айтты. Ол: “Түзде тепсе – төрттің бірі. Одан артық тышқак лақ та қосыямайды, осыған қанағат етіп аттанындар!” деді. Қасымдағыларым күиды қосынықырап, тымырайысыңқырап қалған. Келгелі үлкендерді тыңдап, жақ ашпай, бар міндетім аяқ босату боп отырған мен осы арада бір көрініп қалғым келді ме екен, “Япырай, осыны жаңа ауыл шетінде кездескен бір қара бала айтып еді, айнымай келгенін қарашы” деп салдым. Байқаймын, жанымдағыларға менің мұным ұнай қойған жоқ. Керісінше, Қосуақ бидің маңдайындағы әжім жазылып сала берді. “Е-е, ондай есті сөз әзірге бұл ауылда мына Байкемнің баласының аузынан шығады” деп шымшыма сақалын маңыздана сыйпады. Мен әлгідей сөз айтқан баланың әкесін көріп алайыншы дегендей, Қосуақтың оң тізесін баса маңдаас құрған маңдайы кере қарыс, қошқар түмсық, қырғи көз, қара бұжыр кісіге қарап қаппын. Қосуақтың жайыла түсіп: “Ақша атасы секілді ай маңдай биің де, аузымен күс тістеген, теріс азу шешенің де сол қара бала болмасын түбі. Тек тіл-көзден аман жүргей!” деп аққокіректене болжам айтқаны да күні бүгінгідей құлағымда. Одан бері де қанша су ақты. Сыртыңнан бөріне қанықпын, Әйтеке. Бөріне ел риза. Ел разы – Құдай разы деген. Зәуімен келген мейманымсындар. Қайтар жолдарыңда соқсандар, айналаны түгендеп, ақжарылқап отырыс жасап жіберер ек... Ә, шырағым Мүсірәлі, сен неге тымпия қалдың, ас алмай?

–Бейіліңізге нұр жаусын, ағасы. Көп алдым. Қара қысырақтың қымызы шөл басып, төбет шақырып еді, қара тайыңыздың еті бал татиды екен.

Үй иесі айран-асыр кейіпте ашылып бара жатқан аузын тез жып:

–Хикмат-ай! – деді бөрібір қайран қалғанын жасыра алмай. –Бәсе, бөріні көріп-біліп отырмын де, қарағым. Естуші ем, Әйтеке Баба Түкті Шашты Әзідің бір өспірімін пір тұтыпты деп... Ішпей-жемей тойып отырған өзіңе келгелі. Шыбын боп келіп, құлағына шайтан сыбырлап кетті дейін десем, қазір шыбын да ормеген кез. Бірақ бөріні көріп-біліп қойдың, ә!? Бөрекелді! Разымын. Әйтеке сені тапты ма, сен Әйтекені таптын ба – онда тұрған дөнене жоқ. Тек тіл-ауызым тасқа. Төйірі, мен секілді бейауызда тіл-көз қайдан жүрсін. Өзгенің қызыл көзі мен сұғанақ тілін айтқаным да. Тіфа-тіфа!.. Сен, Жабай, неғып тіл-ауызсызсың? Мінезің солай ма, әлде мына сөзуар шал алдымды кес-кестеді деп ренжүлімісін?

–Бізде не көп сөз болсын. –Жабай бұдан әрі өзілге жықты. –Әрі сізден ығып қалғаным рас.

–Ыққаны несі?

–Озім екі сөздің басын құрай алмағанмен, сіздей көсем кісілердің сөзін көп тыңдаған адаммын. Сіз секілділердің алдында абай сөйлемесең, бақайдан қағып, батпаққа батыра салатын батпан сөздер жетіп артылады. Сондықтан тыңдағанымның өзіне тоқпын.

Қаражал бүйірі бүлкілдей күліп алды.

—Пәлі, қарай гор мынаны. Сөз арқаласпақ кезегі өзіне келгенде, арқасына шүйделкі салдырмай қойқандайтын жауыр құсап... Кордің бе, қашқақтауын. Коріпкелдіктен де құр жаяу емес деп естимін. Оны былай қойғанда, күшік күніннен сен бөлі, атақты Қарасайдың қасында жүрiп, сарқытын ішіп, батасын алғаныңды естімейтіндей басқадағы құлақ керен дегенің бе?

—Ол кезде мен тым жастау ем ғой.

Үй иесінің тек Әйтеке жайында ғана емес, ой-қырдың, жалпақ жұрттың өрі-берідегісіне кәрі құлақтығы қонақтардың көкірегіне жол ашып, салиқалы, сабадал мәслихаттың арнасына салған еді.

* * *

—Артында дау қалдырғанша, от салып ортеп кет дейді екен бұрышғылар. Әрине, бұл ауыл арасының күнделікті құдық басы, ошақ қасының шайпау шағыста күштінің сөзін сойлеп, мінген аты, киген тонымен бірге тозатын бисымақтарына бағышталмаған уәж. Батыр сүлейі түмен-түмен жау келгенде сыйлы, би сүлейі ел тағдыры шешілер дау келгенде сыйлы.

Кешелі бері талай түйіннің басы қайырылды десе де, бұлардың санары тұсына келгенде, қай-қайсысы да орағытып өте беріскен. Енді міне, қонақтар аттанар сәтте ғана Қаражал ішкі сарайын ашты. Әуелі Мүсірәліні, сосын Жабайды қолтықтарынан демеп өзі атқа мінгізген ақкөкірек қария кешеден бергі төкетер ақ тілегін ақтарды.

— Әлгі көнеден қалған қосегелі сөз сен секілді ку мен құланнан ұшқыр алмауыттарға ғана бағышталған, — деді енді биді қолтығынан демеп жатып, — Сен сол маңдағы ат тобеліндей аз керейдің жоғын жоқтап не жерқүдіретсіңген төреден қарашының есесін түгендегелі баратқан жоқсың. Сен жоқтаған істің соңында жалпақ жұрттың тағдыры да жатыр. Сені атқа мінгізген — тұнық қолдың ылайға, тыныш жұрттың ылаңға ұшырамауының қамы. Жігітті жанындағы жолдасына қарап таны дейді. Саған қаратып ауыз ауыртуға тұрмайтын қораш сөз. Жаныңда қос қанатың — қос көріпкелің барады. Оны бұл санарыңа Алданың “хош” дегеніне балаймын... Ал, жолдарыңа оң сапар, ақиықтарым!

Жолаушылар тізгін жиып, тақым қағысты.

ТӨРЕМЕН ТЕКЕТИРЕС

Төре ауылының қарасынына ертеңіне күйеу келдінің кезінде аяқ іліктірісті.

Қозы көш жерден тосып алған Қарадан төренін аса оң қабақпен қарсы алмауына қанықты.

Әлі “Ақорда” атандырған он екі қанат ақ үйіне төре тұқымының да аса сыйлылары болмаса, екінші бірін қабылдай бермейтін. Әз-Жәнібектің ағасы Керей ханнан қалған ендігі үрімнің ішінде қабырғатысы санайтын ол өзін Тәуке алдында да кейде ойқастап, еркін ұстайтын. Ал, шындығында, көпшілік алдында солай көрінуге тырысатын. Кекірт қылық, бедеу мінез “туыстың” онысы ханға дәйім жаға да бермейді. Әйтсе де, кіндік байланыс — кейде қанат, кейде кісен. Оңашада ханның оған не деп, не қоятыны — жұмбақ: әлеумет алдында оспадарсыз қылықтарының көбін көрмеген, елемеген релет танытатын. Әрі Әлі өлетін

жерін білмейтін иіс алмас емес: ханмен бет жыртысып, сүйек сындырысарлық жерге аяқ баспайтын. Ожар қылық, оспадарсыз әрекеттерінің көбі хан ордасынан жырақта. Өзімен терезесі теңдерді ықтырып, айдынын асыру жолында, иығы қыл елі төмендерді бүқтырып, айбарын асыру жолында небір қияңқылық пен аярлықтан көше алмайтын төре, Қараның айтуынша, жеткізген хабарын естімегендей жербеттеңіп, теріс бұрылған жүзін бермепті. Басып-барлауынша, сөзін сөйлер би де, сойылын соғар топ та жимағанға үксайды. Неғылғанда да тайталасқа дара түсіп, онаша оспақтаспақ. Онысына бұлар бас ауырытып жатпады. Қараның бастауымен Әлінің “Ақ ордасынан” екі жүз қадамдай жердегі онаша тігілген екі ақ боз үйдің біріне бас сұққан. Сыңайы – Әлінің осындай “қонақтарына” арнап көтерткен үйі. Көнедеу тақыр кілем, көнедеу боз тысты көрпе-жастық төселген үй ішінде “жетілік шам” да олеусірей лыпылдап, пір-пір қара түтінін ирелендете сыздықтатады.

Екі тәулік бойы ат қолтығы сөгілген жүрістен оздері де сүлесоктанған жолаушылар көрпе-жастыққа жамбастай бергенде, жасамыстау әйел кіріп, босағыдағы қайың күбіден пісіп-пісіп, жылымшылау қымыз құйып үлестірді. Былайғыда үріп ішіп, шайқап тоғетіндер бұл жолы күй талғамады. Ертерек қара қору үшін ұзақты күн жол езуіндегі ауылдарға да ат басын бұрмаған-ды. Жылымшылау болса да киелі сусын жылан басын қайырып, оқалы шапандарын жамыла, кескен теректей сұлай-сұлай кетісті. Жабай қисая беріп “сырттағы малды қарап келсем бе екен?” дегендей жайбарақат пішінде:

–Төренің де мұндай тексізі болады дегенге сенейін бе, сенбейін бе?–деді. – Қарнымыз ашпаса неғылсын.

Мүсірәлі әзілге бұрды.

–Жарау ат ұзаққа шабады. Төре сізді ертеңгі бөсекеге төк қосылып, ерте қызылмай боп қалар деген шығар.

Етекке таяу жерде қисық табан, жылт-жылт еткен сақтияң қара етігінің тақасына кере қарыс мүйіз шақшасын тық-тық қағып, түрікменнің “қара бүйрасын” ашырқана иіскеп отырған Қара камсыз еместігін білдірді.

–Біліп ем. Батырдың түлкі құрсақ жатқанының жараспасын. Сіздер кішкене аяқ созып, сіңір жазсын деп аял тосқаным. Алыстан сүйек шатыс мұннан да табылған. Қымызы бабында. Бағылғаны союлы. Қозғала береміз бе ендеше?

Еркелеген бала мысықтың құйрығынша бұландыған “жетіліктің” түтінінен көз жазбаған би болжалын айтты.

–Төренің мұнысы – бізді сынағаны. Ас бағып келгендей қай үйдің есігіне жып берер екен деп аңдып жатыр тап қазір. Таңғы оразасын ашпағанның аузына шайтан түкіреді. Біз ертеңгі оразамызды осы қымызбен ашамыз да, төремен тәжікеміз таусылысымен, бұл ауылдан нәр сызбаған бетімізбен аттанамыз.

Батыр кіжіне мырс-мырс етіп, іргеге қарай аунап түсті.

–Зымыстан-ай! Сынап жатыр де, өзінше бізді! Ал сынастық! Ал көріп алдық ендеше!..

* * *

Марка сөске шамасында үшеуі Әлінің шаңырағын түйемен көтертетін он екі қанат “Ақ ордасына” қарай мамырлады. Әуелі есік алдында еңгезердей екі жасауыл кес-кестеді. Қолдарындағы қара қайың найзаларын білемдей ұстап, қандарын ішіне тартқан сұрықсыз немелер не сәлем, не сауқат жоқ, құдды базардан

мал саудалағалы тұрғандай бұлардың о жақ, бұ жағына ойқастай отіп, сімеік қоздерімен өн-бойларын жылтындата тінтікілесті. Сірә, келгендердің қарулы-қарусыздығын тексергені сыппастардың.

Оларға богелместен, еркін адымдаған үшеу орданың орнекті қапсырма есігін айқара ашып ішке енді.

—Ассалаумағалейкум!

Қосамжарласқан сөлемге жауап қайырылмады. Оюлы жастағашпен аралыққа теңкіген-теңкіген қос құс жастық салып, шалқалай сүйенген үй иесі қайыңның безінше безеріп алыпты. Алақандай-алақандай алаң көзі шаңыраққа шашылып, қара сүр өңіне қабынған зіл ұйыпты.

Сөлемдеріне жауап тоспаған шақырусыз меймандар кебістерін есік көзіне қалдырып, қаздай тізілген беттері төрден бір-ақ шықты. Шапандарын шешіп, жайғаса бергенде, сол жақтағы жастағаштың аржағынан үйелмендей өлдебір құбыжықтың абынып-күбініп күркірей “қақырынып-түкірініп” қорбаңдағанын байқап, назарларын бір сөт солай қарай аударысты. Тұрқына қарасаң, мынаның қасында Алтайдың ақ төс қара аюы да енесіне ерген қонжықтан өрі аса қоймас. Үйелмендей неме аузын арандай ашып, азынап кеп есінеді. От шаша қызарған қос жанары оқтаулы мылтықтың қос ұңғысынан үрейлі. Қақырынып-түкірінуі, қашыр құсап азынап келіп есінеуі де — әдейілік: көрсеткен қыры не қокан-лоқысы. Бәрі де бірден таныды. Танымайтын реті жоқ: Әлінің сойқап бастар барымташысы. Сүйегі — барабы мен естек аралас шата. Ныспы — Рабил. Исі қазаққа таныс барымташыны Әлі -төңірекке жолатпай, сонау Еділ қалмақтары мен жәуміттерден барымта тарттырады деген қауесет бар-ды. Бұлардың таңырқағаны — төренің бөйбішесі не тоқалы жатар орныннан Рабилдің өріп жатқаны ғана.

Бейбастак неме өкіріп-бакырып есінеп алды да ауызын күйіс қайырған түйеше балп-балп еткізіп үн қатты.

—Таң атпай, ененді ұрайын, тағы сау ете қалған бұ қай қаңғыбастар?

Қылық — қандыбалактікі, қиянқылық — төренікі екендігін ұққан бұлар оны “пішту” гүрлы елемеген нышанмен үй иесіне қайыра қоз салған. Ол ашық түндіктен көрінген түпсіз аспаннан жоғалтқанын таппаған жанша қоз алмаған беті бөлсінген бейпілдік танытты.

—Дәлдірлердің сөзінен дән іздеген қайда жүрмейді. Осы күні сондай қорек сала көнетін, ести сала сенетін желбуаздар көп.

Жабай шаптан шалды.

—Дәлдірлеріңіз өз ауылдастарыңыз болса, дәлдіраң мырзасы болғанша, дананың малайы бол деген. Сізді сол дәлдірдің мырзасы қып қойған Құдай шеберге жалбарынайын ба, жылайын ба?

—Өңсен шиебөрінің шулағанына алаөкпесі шығып тұра шапқандардың сол дәлдірлерден айырмасын қорек алмадым.

Енді Мүсірәлі сөз қосты.

—Тағы да сүріндіңіз-ау, мырза. Шиебөріге теңегендеріңіз де өз ұлысыңыздың пенделері. Кезінде бес арыс Тұран жаһуиранының әйгілі өміршісі Әмір-Темір “ел-жұртының кім болуы басшысына байланысты, жолбарыс басқарған жүрт — жолбарыс, шиебөрі басқарған жүрт — шиебөрі болады” деген екен.

— Жә, жетті! —Түндіктен енді ғана назарын аударған төре қос жанарын келгендерге жебеше қадады. —Керілдесіп, кермалдасып, сөз сауысатын шақатым жоқ. Тоқетерлерің не?

Тізгінді би өз қолына алды.

—Төре! —Ақырын естілген қоныр үнде соншалықты салмақ пен сыз, керек десен, әмір де қатар үндесті. —Токетерге түсінбес тәңмойын сіз емес, керілдесіп, кермалдасып, сөз қуып жүрген біз емес. Ат қолтығы согілер жерден тоқым терлетіп, тақым тоздырып жүрген қыдырма қонақ та еместігімізді қорға тұра сынар езулегеніңіз қалай? Онан да ел арасында аласат лаң туып кетпедің қарекетін неге бірге жасамасқа! Байқасаңыз, бүгінгі сіз көзіңізге ілмей отырған шок — ертеңгі орт қой. Өртке қарсы қарғаша салар болар.

—Аласат! Лаң! Ел!.. —Төре жер ойылардай дүңк-дүңк етіп әр сөзді ұлы мысқылмен қазықша қақты. —Есегін матар тұсауға жарымай жүріп, жоқ түйесіне қом іздеген өлдебір қоңілі обыр, өңшең тобырды да ел деймісің! Лаң дейсің, тап солардан келер ланды күтіп алдым. Тастайтын аспаның болса, төбемнен тастап-ақ жібер. Біңк демейін.

Әйтеке бұл жолы тез қитықтанды. Қитығы ашу шақырмайтын. Көкірегі қоздап, тілінен шырасы тамып, көк тұма ойдың көзі ашылып жүре берер-ді.

Жолындағынын бәрін езе жаншып, құлпаршасын шығара мылжалай танап оте шығатын қойтастардай қопарыла құлаған ойларды жеткізуге бір тілі аздық еткендей буырқанар-ды. Бір жұтым ауаға мұн қылар аласат носер селдетер-ді.

Тамұқтың өзіне тәубе еткізерлік әр сөзі тас төбеңде жасынға айналып от шашар-ды.

Әр жады сөздегі үн-бояу, ырғақ, екпін, барған сайын үдемелей, қарсыласының жанын қасым қылар түйдек-түйдек тенеулер шешеннің қалауынша жансызға жан бітіріп, жандыны тірілей қорға тығып жатар-ды.

—Шапшыма, төре! — деді әлгідегі “сізді” кілт “сенге” ауыстырып. —Сом темірге балға бар, зорсынғанға Алла бар. Сенін тобырға тенегенің — теңіздің тамшысындай халықтың бір тобы емес пе! Ал, халық дегенің Алладан бір-ақ жас кіші емес пе! Көктегі қормеген Алладан қорықпасаң да, сол Алладан бір-ақ жас кіші халық қорқытады. Қол бағырады, көп қорқытады. Жер төбесіз, ел төресіз болмас деп сендейлердің төбесін қокке екі елі жеткізбей қотерушілерін де сол тобырың емес пе! Халыққа қарсы жүру — ағысқа қарсы жүзу. Өйткен күнде тал қармауға қауқарың жетпейді. Қанша мықтымын десен де қатарыңнан асарсың, халықтан аса алмайсың, төре! Төремін деп тепсіңбе. Төре мен құл майданда, кәрі мен жас ақылда, бай мен кедей мырзалықта, барлық адам көр мен қаза жауабында теңеседі. Төстектейтін жөнің жоқ, төре! Көлеңкесінен аспайтынның сөзін айтқаныңа қарным ашып отыр.

Әйтекенің көмейі енді-енді ашыла берген-ді. Ол-өтірік өкіре тамағын кенеген Рабил майдан қатпарланған жалаңаш бүйіріне кере қарыс белдік тағынып, ілгешегіне жалаң ілген жарты кез селебесінің киік мүйіз сабынан мыти ұстап-ұстап қойып, әдейі қиянқы әумесерлікке басты.

—Әй, мынау әлгі Аллаға жағар азаны, адамға жағар қазаны жоқ, аты тоқымға, иіні боз лыпыға жарымаған пақырананың жоғын іздеп мөңіреп жүрген, Алшынның әулие тұтқан құжак Әйтекесі осы ма! Осы болса, төрені тобырмен теңестіргені үшін лақша бақыртып бауыздай салайын ба! Басы алтын, көті күміс болса Алшын үшін шығар. Басқаға, бізге өзінің бұлы қандай екенін бір білсін!

Би ақырып жіберді.

—Әй, Әлі! Мына сүйек сындырар сөлекетінді, бет жұртысар берекетсізінді осы араға қоспасаң, берген Құдай жаныңды қайта алар дедің бе! Тыйсын бейбастық қылығын, жапсын ауызың!

Алдын-ала бәрін дәл осылай дайындап қойған Әлі шап ете қалды.

—Жаның тәтті болмаса, сен неге жаныңа ана шапыраштының барымташысын ілестіріп жүрсін?

—Әлеке, сізге не болған!—деді Мүсірәлі дауысы шытыңқыланып. —Батырды барымташымен шатастырып. Бас иіп, төрем дегені — төбеме ойнақта демегені шығар.

—Ол — бір! —Әйтеке пірдің сөзін одан әрі іліп өкетті. —Екіншіден, ол — аға баласы әрі ара ағайын. Бірақ бірді көрмегенің, бірді бағаламағаныңда емес гәп! Айтарым — көпті көр! Көпті тыңда! Төре баласының бесігі төре тұрғанмен, аяғы жерде тұрады. Сондықтан көптің алдында белінді ғана емес, тізеңді де бүк!

Әлі зірк ете түсті.

—О не дегенің тағы да?

—Тепсініп, теріс азулыққа ала кашпа дегенім. Балаң тасырлыққа барса да, өзін басырлыққа барма дегенім. Бөсен тарт! Көп тілегіне мақұл бол. Аспа! Асқанға—аспан да аласа. Бетеге кетеді, бірақ бел қалады. Бек кетеді, бірақ ел қалады. Бірлік кетсе, не қалады! Ендігің — кара басына мін, төре әулетіне сын. Әлі де болса, дос-дұшпаныңның алдында ажарыңды тоздырма. Бейіш гұмыр кештім деп таспа! Бейіш пен тозақтың да о дүниеде мекені қатар.

Әлі қамысты жердің қабанынша көрсетті.

—Би! Озалдан осы араға араласуың да, келуің де білместік. Байшоғелі жоқ дау сенің қуып келгенің. Бөрібір құмды жинап тас қыла алмайсың, құлды жинап бас қыла алмайсың.

Әйтеке жеңі мен оңіріне зер ұстаған биқасап бешпетінен шығып кеткен ақ жейдесінің қайырма жағасын желкесіне таман сергіп тастап, дүр сілкінді.

—Әлі, қателеспе! Қараша мен байдың теңелуі қырық жыл. Екеуіне де бұйыра-ры — екі аршын акирет кебін мен екі сажын жер. Қараға көкіректеңбе. Илей білсең, құм қала болады, қараны билей білсең, пана болады. Бетіңді бері бүр. Әріге бұрған бетіңнің қадірі кімге зору. Келеге кел, әлі де кеш емес.

—Есек семірсе, иесін тебеді. жаман семірсе, киесін тебеді.

—Менмендіктің жегісі кеуденді кеудеп алмаса неғылсын. Мына сөзің жеке біреуге бағышталғансығанмен көптің көкірегіне тастан қалты тиетінін сеземісің? Қара тас тигеннен көп өлмес. Бірақ көпті сөккен когермес. Құйрық-жалсыз құлан ғана күн көрер, карашысыз төре қайғып күн көрмек! Көзсіз күнелтерсің, бірақ көпсіз күнің қаран, төре. Көптің қолы көкке жетеді... Әлі, берекені көктен тілеме, бірлігі мол көптен тіле! Өйткені төрем деп сені көкке көтерген сол — көп. Өзге елдің ұлы болғанша, өз елінің құлы бол деген салмақ жатыр мұның сонында. Көп сені көкке көтерді екен, енді сен оның құлы бола біл. Қызмет ет! Көпті басыбайлым екен десең, басқара алмайсың ешқашан. Ел сенен ығар. Алайда, ыққаны — қорыққаны десең қателескенің. Ыққаны — сыйлағаны деп ұқсап ғана ісің ұтырлы. Ат үстінде орнатқан билікті отті-кетті заманда ешкім ат үстінде басқара алмаған. Түсіп басқарған. Елімен кеңесіп басқарған. Кеңесті елде кек болмайды, елсіз ерде тек болмайды. Ендеше, дәйім кеңесерің — көп емес пе! Қол толқыса жар құлайды, көп толқыса төре түгіл хан құлайды. Өйткені ол — халық. Халық Құдайдың өзінен бір-ақ жас кіші. Ендеше халық қарғысы — Құдай қарғысы боп шықпай ма! Халық алғысын алғаның — екі дүние пейішін егіз кешкенің емей немене! Қара қазаныңнан айрылсаң да халқыңнан айрылма демеушімет бұрынғылар!

Рабил оқырана күлгенсіді.

– Бай-бай, шікін-ай! Алшынның биі сойлеуді дегенге боседі-ау, шікін! Торем-ау, бос сөз – бoқ сөз. Соны тындап мынды аздырғанша, ерікті маған берші! Қай жерде, кімге қалай сойлеуді озім-ақ үйретіп берейін, шікінді!

Келгендер Рабилді торенің неге жанына алғанын енді бағамдады. Қайткенде де Әйтекенің сөзін бөліп, ойын бөліп, шамадан тыс шамырқытыру. Ондай сәтте бидің аса қатты тіліп айтатынын біледі. Түпкі ойы – “Әйтеке келің, бетімді тілді, сүйегіме дақ салды, аруағымды аяққа басты!” деген сынайда неше түрлі байбаламға салып, даудың соңын “қой болдыға!” айналдырын жіберу. Торенің сөзі соны айғақтай да түскендей-ді.

– Би, төтесіне кош, Токетерін айт! Тұрысар жерің болар, мүмкін?

Би мандайындағы қос айрық әжімді қуалап, бетіне қарай сырғыған тамшы терін қалтасынан ақұштап қолорамалын алып құрғатып, шырын шалым мүдіре бергенде, Мүсірәлі мен Жабай көз қиықтарын жүгірткен. Басшыларының қара сүр жүзінің майда түгі дүр көтеріліп, қиық қоныр көздері үшқын ата алмауыт-танып алған екен. Ашусыз айбардың атойлағанын көріп “Алла жар ендігісіне!” дегендей еңселерін көтере тіктеліп отырысты.

– Төре, саған керегі, шамасы, төтесі ғой. Онда тында! Ұрқының тарқилығын түзеу – атаның міндеті. Балаңның тарқилығын озін түзе. Әйтпесе, қол түбінен лай көтерілгелі тұр. Енді ел ішінен дау көтерілмесін деп тіле. Дауға – дауа, жараға – ем озірге сенің қолында. Төуке таққа отырғалы енді үйің ма деген бірлікті, енді онала ма деген тірлікті кермек татыған керіске айналдырын алмалық. Ұлысын зіркілдеген келеңді біраз көтеріпті. Шыдаңғы. Енді көтере ала ма, енді шыдай ала ма – мен кепілдік бере алман! Қасіретті қорған ұға алмайды, басына түскен ұғады. Сен қордің, ана басына түскен бейбақ ұғып, үгіліп отыр. Құныңды төле! Құнға төленген сырты түк, іші бoқ қолау тай, қотыр тайлақ қорлықтың белгісі емес, бет жыртқысып, сүйек сындырыспауды мұрат тұтқан елдің ықылым заманнан бергі бірлікті, тірлікті ұйытып келе жатқан моуріті. Егер сен сынармын, бірақ ілікпесің десек...

Әлі ысылдай мысқыл атты.

– Иә, сынармын, ілікпесің десем қайтер ең?

– Қашанда ұстанған сертім – ерді сындыру емес, ию. Оны сен жақсы білесің, төре.

– Қалай?

– Көрініп тұрғанды түсіндіру – әурешілік. Әмірші әнгүдік болса, ел сорлайды. Мен оған жібере алмаймын. Орлеген балық ауға, оркөкірек адам дауға жолығады. Сен ошпес отқа топшынды куйдіргелі тұрсың. Мақұл сөзге мал да маңырайды... Не менің сөзіме тоқтайсың, не хан алдына жүгінеміз. Қазіргі төлер құның – жаза емес. Бар болғаны арсыз қолым істеді, арлы бетім ұяллы ғана...

Әлі ызбыр қабағын бұрынғыдан да түіе түскенмен, іші алай-дүлей. “Айыр тілді” мына неме бөрін озі шешу үшін қаһарын төгіп бағатын шығар деп күткен. Жoқ, “сындырмай ию” дегенінің артында үлкен пәле жатыр екен. Мұны “шабамын” деп атойлаған Шоланды бидің тоқтатқанын да естіген. Сол Шоланның шапқанынан мынаның “сындырмай игені” ауыр соғатынын енді түсінді. Хан алдына жүгінуге жетсе, Төлесі, Қазыбегі – бәрі азу тістерін білейтіні белгілі. Мына “ара ағайын” деп жанына еріткені күні ертең Төлеге “торенің олсе құны сұраусыз” деп бармасын кім білген. Даугердің сүйегі Орта жүз екен деп жетіп келмей, аңысын алыстан аңдаған Қазыбектің сыйқы анау. Соңында жиырма тоғыз рулы елі бар мына “айыр тілді” би күні ертең “сындырмай иетініне”

сенімді болғандықтан әлі де бипаздаудан асар емес. Оның үстіне ханың “қарашышыл” болса, қайтіп адымың жазылар. Шыңғыс әулетінің өлісінің аруағы, тірісінің тілеуі ұрғыр Тоуке қандастарынан қараның нығын оздырғанда неіһіңнің торінен орын аламын дей ме! Кормеймісің, мына Алшыңның тіріде кеудесің бастырмастай асқақтығын. Ендеше мұның амалы...

Мұның сәл мүдірген сәтінде Әйтеке біраз “қырдың” басып шалып, бұғалықты қылғындыра түскен. Әлінің қасқағымда сан құбылып, “бұғалықты” енді салдым дегендерге жалын да ұстатпай кететін айласы мен аярлығы жеткілікті. Айбынды екем деп, айбарлы екем деп дәйім қара күшке сала бермей, бетегеден биік, жусаннан аласа бола қалып, талайларды көктей қнып, түлдей солдырып, жолына кілем тосып, астына ор қазып қойып небір сүлейлерді де, дүлейлерді де омақастырып, “жұлынын” үзгендері қаншама!

Оның қазір қай тығырыққа тығылып отырғанын долбарлаған би үнемі алқымынан ала бермей, “қол ұшын” ұсынған нышан танытты.

—Төре, әлі де білек сынса, жең ішінде, бас жарылса, бөрік ішінде. Бұдан арғысы қай-қайсымыздың да сағымызды сындырар, бүлдіруі оңай болғанмен, бүгіндеуі қолдан келмес іске айналып кете ме деп алаңдаймын. Ендеше бүгінді болмеу, жартыны бөлшектемеу әлі де өз қолымызда.

Әлі жаңа би өктем сойлесе әлі де ожектесе, айтыса түсуді ойлаған. Ондағы көздегені — “Әйтеке барған екен, Әлі жанылып түсіпті” не “Әліні бармай жатып Әйтеке талмамай жұта салып, дегенін істетіп кетіпті” деген қаңқу сөзден сақтанғандағысы еді. Айтысып та, тартысып та жеңбейтінін ол келмей жатып топшылап қойған-ды. Ойткені осы ғұмырында Әйтекені сөз сайыстырып, мәуріт жо-сықтасып, тіл мен жақтан сүріндірген біреу-міреуді естісе құлағы керек болсын. Әрі жеті атасынан бері хандармен орда теңестіріп келе жатқан оның алдында қарашы түгіл небір айбарымен ықтырған төре, сұлтандардың да еңсесі томен тартып қала беретінін талай көрген де. Рабилді қасына алғандағы мақсаты — бидің адуын, ақ түтек боран сөзін әлсін-әлсін еріксіз үздіріп, “бауырын жаздырмау” болатын. Бірақ би бұлт етіп басқа жағынан суыртып ақпағанда, бұл да дауысын сынық сүйем сындыра сойледі.

— Әйтеке, жалпақ жұртқа Жаратқан да жақпайды. Оған жоқтан жиын, оңайдан қиын туғызуға танаулай шабатындар өзір тұрса не жорық! Жанқан жыла үшін жайылып түс дегенің — қайткенің!”

— Жала емес, төре, жұрттың айтуы — көрген жапасы. Мойныға қанды халал арттың. Жалтарма. Балаңның қылығы баршаны басқа тепкендей қылды. Бұптақтауың орынсыз. Аталы сөзге арсыз ғана тоқтамайды. Тоқта! Қарахан бастың қамын бағу — нәмәрттік. Одан марқадам талқан пенде жоқ арғы-бергінде. Үй іші ала болса, үй іші пәле. Алалық жүрген екен, енді басыңа пәле тілеме. Сенің жаныңа сөзіңді сөйлеп, жақыннан дау, жаттан жау шақыра аттандайтын би алмағаныңа оң қабағым тартқандай боп келіп ем. Келеге келелік, кеш болмай тұрғанда.

“Атпышу-у-һу!”

Рабил жер сілкінгендей ғып өтірік түшкіріп салды. Оған қоса, өлдене айтпаққа оқталғандай болған, Әлі жабыққа қарады да, келісімді шарттары солай ма, артық ауыс қылықтан жым бола қалды.

—Жарайыт, Әйтеке! Осы тіл емізгенің де жетер. Мені сенің “қол сынса, жең ішінде, бас жарылса, бөрік ішінде” деген сөзін тоқтатып отыр. Ал! Алындар!

Жоктағандарың қу таяқтың қызының құны болса... Содан кемдерің түгенделің, жыртқықтарың жамалса алындар! Обып кетпессіңдер. Қанша еді алам деп келгендерің?..

—Мырза, мен карабасымның алажағын қуып келмегенімді өзің білесің. Құнға кесім шығарған да мен емес. Осыдан төрт жыл бұрын Мөртөбеде “Жеті жарғы” қабылданғанда оң құлағыңмен естіп, боз биенің қанымен оң бармағын басқаның бірі өзің.

—Жә, бес жүз қоймен сөз бітсе, мен сендерді жолдарыңнан ұстамаймын.

—Сабыр, төре! Құнға қосып анжы* төлейтініңді ұмытпа. Сенің балаң қызды өлтірсе, сен қаралы үйге тіл тигіздің. Сүйек сындырдың. Басу айтып, мәмлеге шақырғандарды аттың бауырына алып, маңайлағанын ит қосып қудың. Сүйек сындырған анжың — жарты құн. Бұл — бір. Сосын әлгі марқұм қыз — осы ауылдың бетке ұстар қызыы. Әншісі. Домбырашысы. Ақыны да. Яки, өнер иесі. Өнер — киелі. Кіе құны — жарты анжы.

—Әй, Әйтеке, не шатып кеттің!?! Өнер, мөнер дегенді тағы қайдан шығардың? Сен менімен айыптаса келіп жоқсың, қара орманымды шапқалы келдім десең-ші!

—Мырза, ығырынба! “Жеті жарғыны” қабылдағанда соның бір мизамы етіп “өнер құнын” ұсынғанымда ешкім бас шайқамаған. Оның ішінде өзің де болдың. Енді келіп ондайды өмірінде алғаш естігендей тулайтын дөңеңе жоқ. Бар болғаны — құнның үстіне тағы бір ширегі қосылады.

Төренің оңсыз да алаң-кұлаң жанары ақшиып шекесіне шықты. Әйтекеге атыса-шабыса қараған беті көткеншекттей шегінің, жастыағашты сындырып жіберердей шірене сіресті. Дауысындағы сүйек қабар суық ызғар жанындағыларды тіксінітіп тастады.

—Жолымды кесе бердің-ау, Әйтеке. Түбі қайыр де... Тағы нең бар ұмытқан? Ал. Есіңе түсір. Ләкин ұмытпа. Алмақтың артында атан түйе көтере алмас салмақ жатады кейде.

Оның ызғарына сыз қабақ танытқан Жабай:

—Неге сонша шытынадың, мырза? — деді. — Бөрін жиып-тергенде төлейтінің — бір ғана азаматтың құны емес пе!

—Жетер! — деді Әлі ызғар шаша. — Төренің есебін қашаннан қарашы есептейтін! Осымен аттарыңның тері келсе, қайтар жолдарыңды ұмыта қоймаған шығарсыздар.

—Иә, фәнидің қарызын бақиға әкетпегенің мақұл, мырза. Қара қасындағы серігімен қалады. Біздің берген мұлләтіміз екі күн. Сол екі күннің ішінде берерің дауіріннің қорасынан табылса, өзі де қарайлай қоймас... Енді соңғы, басты шаруаның жайына келіселік. Бұрнағы жылғы қабағат жұттан жұрт өлі данданай күй кешуде. Қол-аяғы ұзындар малдарын жылы, жайлы қонысқа аударып үлгерді де, жұттан дін аман шықты. Қолы қысқалар құрық-сырықтарын ұстап қалды. Сондықтан, биыл жалпақ жұртты “пігір”, “зекет” секілді Құдай жолындағы рамааттан басқаның бөрінен азаттауымыз керек. Өйтпеген күнде көпшіліктің қабырғасына әзір шарбы байланар сынайы байқалмайды. Саған дейін біраз ауқаттылардың аужайын байқағам. Ат-тонын ала қашқан әзірге ешкім көрінбейді. Енді өзің басқарған ұлысына пәрмен ет. Биылша “тағыр”, “ат аламан”, “қазан аламан”, “мал жаһид”, “қоналғы”, “жамылғы” секілді рамааттардан азат қылсын. Одан би мен бектердің, сұлтаннар мен төрелердің қазаны ортаймайды. Есесіне

* Анжы — қосымша айып ақы.

малы кемдіктен жаны кембағал бол отырған жұрттың биылғы құлыны тай, тайы донен шығып үлгерсе, рамат жинау қаншас.

Әлі “жіңішке” жерден ұрып, жіліншік сындырып қалғысы келгендей кекете мысқылдады.

— Әйтеке, сен құлашыңды тіпті кеңге созышың. Мүмкін, сен биылғы “Хан сыбағасын” да жинатпассың?

— “Хан сыбағасының” мәселесі “Хан кеңесінде” шешіледі. Мен білетін Тәуке, мен білетін хан болса, жері байдың елі бай, елі байдың ері бай деген қара есептен жаңыла қоятын — ол емес. Жаңылтқындар — қомағайлар. Қомағай — аш қасқырдан да қорқынышты. Олар тойымды ұмытады. Тойымды ұмытқандар — Төңірді ұмытқандар.

— Жо, жетер!.. Сайтан бұзар діңі жоқ, ұры алар пұды жоқ, жағы — жар, тілі — кез, әлдебір қутаяқтың төмен етек қызы үшін торе басымды төмендеткендерің аздай, тағы кімге телімексіңдер!

— Кекірттік әбден кеуденді кеулеп, буыныңды қапқан екен, торе, — деді Жабай айдалаға айтып отырғандай жайбаракат үнмен.

— Әлске, — деді Мүсірәлі. — Әйелді неге сонша төмендеттіңіз? Небір дүниені дүбірлетіп, он сегіз мың ғаламды аузына қараған әміршілер де әйелден тумай па ет!

— Бала, әйел жайында көп білсең, екеуміз орайы келгенде оқаша сойлесерміз. Жолдарыңнан бөгемейін!

— Әлі, рамат жайын жауапсыз қалдырдың ғой, — деді Әйтеке оның мәлісті жауаптан тайғақтап бара жатқанын сезіп.

Торе сайқалдана ыңыранып, ұзып арқан, кең тусауға сала бұлталақтады.

— Рамаг жайын сол “Хан кеңесінде” шешерміз. Төбе басында жүрің, тау басындағының басын ауыртып қайтеміз.

Оның тағы бір қулықты ішіне қымқырып қалғанын байқаған би кесіп айты.

— Онда өлгі атарман-шабармандарына “Хан кеңесі” бір тоқтамға келгенше рамаг жинамауға пәрмен ет. Ал, күн жөніндегі міндет — екі күн. Сөзіңе қылау түсіргенің — қайыра торе сүйегінді сындырғаның. Одан әрі төбе басындағы ма, тау басындағы ма — төжікенің қай-қайсысына да біз әзір!..

“Сенімен текетірес осымен төмам” дегендей келгендер шапандарын ыяқтарына іле-міле, орындарынан дүрк көтерілді.

Сөйлесе, небір ділмардың ауызын бакадай ашырған, билік айта, небір шу асауды нокта-жүгенсіз тұқыртқан. бұл білетін жеті атасынан бері үркі бірінен соң бірі тұяғынан асып туған Әйтекені бұрын да ұшырастырған сайып көкірегіңде ит ашуы — шабалақтап шыға келетін. Сонда онымен қашан болмасын сірілей сіресіп, табандаса тіресетін бір күн ұшырасатындай көрінетін де тұратын. Болжамы алдамапты. Осыған көрініпті ақыры.

Басын шалқак, кеудесін биік ұстап, шығып бара жатқан билің оқше ізіне шапшыла қарап отырып, енді оған деген бұрынғы қоламта кикілжінің кекке ұласып, бершімектеніп алғанын сезді.

Бүгінгісі — мұның “жолын” екінші кесуі. Алғашқысы...

Иә, осыдан бес жыл бұрын, Тәукені хан сайлап, соны ұлан-асыр тойға айналған күндері еді. Бұл Едіге биге арналып тігілген сегіз қапат ақ үйде отырған. Төрте Едіге. Оң жағында өзі. Көңілді мәслихат — ұрпақ, бала жайына ауысқанда, мұның айдарынан жел есіп жүре берген. Ойтпегенде не? Торт әйелінен орған, күні ертең өрісін кеңітіп, табынын толтырар он қызды былай

қойғанда, он бес ұлы бар мұның алдында бала, үрім-бұтақ жайында әлдебіреудің бірдеңе деуінің жөні қайсы! Қоңді елді алған, Еділді алғаннан бетер Манартауға сыймай шыға келген. Ұмсына түсіп, тамағын кенегенде, өзгелердің назары түгел бұған қарай қотарылған. Осыны күткендей “Ассалаумағалейкум! Қайырлы мәслихат болсын!” деп Әйтекенің кіріп келгені. Мұның жанындағылар да, Едігенің сол жағындағылар да ығысып орын ұсынысты. Бұдан төменгі орынды көзіне ілмеген ол Едігенің сол жақ тізесін баса жайғасты. Бұл ішінен кіді байлады. Жұрт назары күні кеше ғана тұтас Кіші жүздің екі тізгін, бір шылбырын қолына алған текті, “айыр тілді” биге ауыш бара жатты. Бұл жеде-ғабыл әңгімесін сабақтады.

—Иә-ә, жөн айтасындар, жақсылар. Байлық, бақ дегенің — қашанда ер мұраты ғой. Байлық пен бақ — сенімді серігің болса, бала — артында қалған өшпес ізің. Ер азаматқа тірлікте осыдан артық қандай мұрат, қандай бақ керек!..

Үйдегілер ұйып-ақ қалғандай-ды. Сойтсе, мұны емес, Әйтекені тосқандары екен. Анау да соны күткендей есілді де жонелді.

—Байлық дегенің жақсы ғой. Тек сол бар болғырың небары қолдағы мүз емес пе! Қолдағы мүз бүгін, не ертең ериді де кетеді. Бабаларымыз “бірінші байлық — денсаулық, екінші байлық — ақжаулық, үшінші байлық — он саулық, бірақ байлық асып кетсе — жын шалық” деп кетіпті. Мал — шоп кіндікті, бауыр — ет кіндікті. Шоп кіндікті малға бола, ет кіндікті бауырды жат қылғанды кім дейміз? Әрине, ер азаматқа байлық та керек-ақ. Алайда, байлық дегенің де киелі құс секілді. Бабын білмесең, бір күні ұшады да кетеді. Нағыз бақ пен байлық — сау дене, азат ақыл, адал көңіл, сосын имандылық емес пе! Сіз айтқанның ішінде баланың жөні ала-бола. Дегенмен, баланың да баласы бар, дананың да данасы бар. Бабаларымыз “балаң жақсы болса, артында қалған ізің, жаман болса, жараңа сепкен тұзың, жақсы бала сенің ізінді алға оздырады, жаман бала ізінді күнінен бұрын тоздырады. А, Құдайым, бала бер, бала берсең, дана бер, дана бермесең де сана бер, сана бермесең, ретін тап та ала бер” деген екен.

Алқа-қотан жақсылар сілтідей тынды. Мұның шаратабақтай беті әлем-тапырақтана қабарып сала берді. Өйткені бидің қос тұспалы — қос бүйірінен сүңгі салғаннан ауыр тиіп еді.

Бірге тұмай, туа шөккір мұның бір белнемере інісі өткен жазда бақастықпен кісі жазым етіп, күн төлеуге келгенде туыстық үлестен бұл тайқып кеткен. Бидің “шоп кіндікті мал үшін ет кіндікті бауырды жат қылғанды кім дейміз” дегені — соны мензегені екені сол арадағылардың қай-қайсысына да белгілі жайды. Еріксіз орнынан аударылып-төңкеріліп кеткенін өзі де сезбей қалған.

Әке болғансын балаңа сыншы да ең әуелі өзің. Әлгі он бес ұлдың ішінде өзінің көңілінен шығары да некен-саяқ. Басқаларының ішінде жасығы да, паясығы да, тәйтiгi мен тасыры да жеткiлiктi екенiн өзi де сезбейтiндей айыр тiлдi неменiң алқара топ алдында аймаңдай қылғанын қайтерсiң!.. О дүниесiне кiм барып көрiп келген? Алшандай барып, ине жұтқан тазыша итiп қайтқан сол жиынды бұл мына жалғанда ұмыта қоймас. Ал, бүгiнгiсi — мынау!

“Қап бөлем, Әйтеке, тұра тұр! Сенiмен жағаласар да, жарғыласар да күн өлi алда!..”

Торенiң бойындағы бар арам қаны басына шауып, ытырына ыңырсыды.

“КІЛЕМ ЖАЙҒАН”

Қара – қандай шаруаның да ығытын табуда майтабан. Төремен арадағы қалған шаруаны түгелдей соған аманаттап, қоліктерін келген іздеріне бұрлы. Жершіл әккі жылқылар атақонысқа бас бұрғандарын сезіп, екі жарым күндік сіңір созған жүрісті ұмытып, желпіне, ауыздық сүздіріп келеді. Биылғы мырза коктем бұл оңірге де әрі мен нәрін мол сыйлапты. Кіреукесіз аспан астында жасыл майсаға бөгкен жылмаң жон, ұланғайыр жазық, тұтаса, оре бой көтерген жуасп, теріскен, түйеқарын, жиде, кикіоты, сүттіген, тораңғыл арасындағы ойдым-ойдым ұшырасатын қызғалдақ, сарғалдақ, қырғалдақтардың бір-бірін қайталамайтын уыз иісі көкірегіңді аша түседі. Дегенмен, жолаушылар табиғаттың осынау қоусар шағын ұмыт қылып, әрқайсысы өз ойларымен іштей арпалысын келе жатқаны байқалады.

Көкірегі көк тіреген, кереуыз, кемсіткіш төре әділ кесімнен жеме-жемге келгенде аттап кете алмады.

Тағдырдың тәлкегіне ұшыраған тағы бір паныс тапталудан сақталды.

Кемпарықтың кеспірсіз қылығы үшін кекке қайралып, суырылған ақ алмас қанға суарылмай, қынабына қайта салынды. Тағы не?

Жә, бір сапарға бұл да қомсынарлық іс емес секілді. Қайткенде де ас ішін, аяқ босатқан саппақбай сапар деп ешкім көзге шүкі қоймас еді. Әйтсе де, үш жолаушының жүзінен байыз тапқандары сезілмейді. Әденеге алаң. Әденеге орта күрсақ. Көкіректерінде ескі боздің тесігін бүре тігем деп дар-дар айрылған жырттығына жамау таппаған жарлы қатынның айраны қара суға айналған кебі бар.

Ойткені, мәуріттен аттап кете алмағанмен, төренің ішкі сарайы қараңғы. Бүгін бірдің құнын төлеп, ертең жүздің май құйрығын борсықша сорып, тұралатын тастаудан жүз жанбайтын оның ендігі құйтырқысына найза бойлата алмай келе жатқан-ды. Әрі Әлі секілділер жалқы ма? Бірі орға тартса, бірі сорға тартқан жуан сіңір, күдіс белдер жетіп артылады. Ондайлардың қайсысын тиюға қауқарың, қайсысын жиюға дау-шарың жетеді! Оның соңы тағы да балалаған бақаастық, күшіктеген күндестік.

Иелерінің не ойлап, не қойғанында аттардың шаруасы қанша. Тезірек ел қарасына жетуге құлшына ентелеп, соқыр соқпақ, қорбілте сүрлеумен жұттан әуірімдеп аман қалған түйенің оркешіне ұқсаған жағаған белдеуге көтеріле берген. Аржағы тау баурайы секілді әжептеуір ені еке айналды. Әуелі көзге шалынғаны – асланның ауқымды бір бөлігін кесіп алып, қара жерге тосей салғандай жалтыраған шарайна көл. Арғы беті көк сағыммен көмкеріліп, қоріктене жұтынып жатыр. Сосынғы таңғалдырғаны – ауқымы бір ауыл қарасындас қауым жұрт. Кеше кеште, ымырт жамырай осы қолдың жанынан өткенде ызы-қикы жырттылып-айрылған құстан басқа тірі мақлұқ ұшыраспаған-ды. Шұбала қойып, шашырай қонып жатқан көшке де атымен ұқсамайды.

Төре ауылынан шыққалы тілдерін жұтып келе жатқан жолаушыларға жан бітті.

–Бұл не өзі?!

–Жаңа қонып жатқан қойдың алды емес пе?

–Қызылды-жасылды түрлеріне қарағанда көбі жастарға келеді.

–Кейде сыпалар мен сайқылардың өстіп ұбап-шұбап, ырду-дырдулатып жататыны бар-ды.

–Өздері мүлдем бейғам. Араларында үлкен кісілер де бар ма деп келем.

Қысқа-қысқа тіл қатысып, төбе басынан еңкейе бере, бұларды байқасымен төрт-бес атты топтан бөлініп бері қарай салды. Бұлар аяңға ауысып, олар саржеліспен ә дегенше аралары аңшыра берді. Жақындай келе, атқа отырыстарынан, киген киімдерінен ақсақал-қарасақалы аралас мосқалдар екені ажыратылды. Сөйткенше болмай, тайы келе қарсылаушы жақ сыпырыла аттарынан түсті. Бұлардың да сөйтуіне тура келді.

Қос топ жамырай амандасты.

–Ассалаумағалейкум!

–Армысыздар, ағалар!

–Бар болындар, ақнықтарым!

–Алла жар бөріңе!

Үстінде шағи қара шапан, басында ақ киізбен сырылған далбайы, жасы кемі жетпісті желкелеп жүргенмен, денесінің еті қашпаған, тығыршықтай қара шал бұл жиынның сөз ұстары өзі екенін оң дегеннен аңғартып, аңқылдай сөйледі.

–Қарадан келе жатқандарыңызды естігенбіз. Естігенде көкірегіміз қаре айрыла күрсіндік. Қуаныштың да күрсінісі болады екен, тастүлектерім. Көкіректі бұған қусаны сыртқа шығарарда қуаныш әйел затының көзінен жас, еркек байғұстың ішкі сарайын жуған күрсініс боп шығады екен. Ойтпегенде ше? Ақылдан пәтуа, қайраттан қауқар кетіп, абыройымыз төгіліп, намысымыздың қобесі дәр-дар сөгіліп тұрған шағында өлгеннің әруағы, тірінің піріндей боп өздерің келе қалдыңдар. Тірі мүскін біз түгіл, өлгендер де бір аунап түскен шығар. Көне, енді не тұрыс! Қозғалалық. Өне, анау – өздеріңді тосушылар.

Бұлар қайтадан атқа аяқ артып, алыстан-ақ қоңыр самалы сылаң сұлудың мақпал мінезіндегі бетті өпкен шарайна қолға маңдай түзеді. Қара шалдың жағында тыным жоқ: егіле, емірене шыққан үні ақпан-дақпанның үскірігінде сірескен мұз үстіне қызыл су жүргізгендей жүрекке жылы тиіп келеді.

–Елті сөз ыне сабақтайды. Сабақты ыне сөтімен шығыпты. Артына қайыр, алдына салауат берсін. Ат жүйрігі айырар, тіл жүйрігі қайырар. Тастан қатты, темірден беріксіп шіренген төрені де сындырмай иіп қайтыпсыңдар.

Әзіл мен базына аралас Жабайдың сөзі бөріне еріксіз езу тартқызды.

–Айдалада ақ отау, аузы-мұрны жоқ отау демекші, керек десе ныспыңызды да білмейтін, қолденең көк атты, ағасы, бізбен бірге жүріп, бірге тұрған жанша осының бөріні өлгінің арасында құлағыңызға шайтан сыбырлап кетті ме, өлде арғы-бергі аталарыңыздың бірінен қалған көріпкелдігіңіз бар ма ет?

–Әп, бөрекелді! – деді дауысын соза кеңк-кеңк күлген қара шал. – Өзіме де со керек! Айдалада даңғырлаған далаңбай шал жөн-жосығымен танысуды ұрсын ба! Көрі түіне ойнақтаса, жүт болады демекші, көрі адамның қуанғаны да олшы-солпы... Атам ба, әкем бе, әлде шешем толғатқан күні келе қалған көп қыдырманың бірі ме – өйтеуір біреуі тірлігімізге сайып ныспымды Қоңырбай қоя салыпты. “Бай” мен “байлығы” менің төңірегімнен ит жесін бе! “Қоңыры” қалғанына да шүкіршілік. – Ол жанындағыларды меңзеп нек қақты. – Мына секілді қатарластарым “Қоңыр шал” дейді. Ал, көріпкелдік, сәуегейлік дегенмен әуелден қонысымыз басқа. Атамыз марқұм айтып жүретұғын: “Көріпкелдік біздің молқыға қонбаған, түстеніп өткен” деп. Қонбаған соң, түстеніп өткен ғайыптан қандай сарқыт қалушы ет. Нағыз көріпкелдік мына Мүсірәлі баламда деп естіп жатамыз. Осыны оң төрт жасында Бұқараның медресесіндегі мың бір шәкірттің ішінен жазбай танып, арқалап шыққан

Әйтекені құр жаяу деп кім айтар. Айтпақты, батыр, сенің де шайхы-бұрқы-лығың бар деседі ғой... Міне, бірді айтып, бірге кетем. Мен естімесем, өзің айтшы, Жабай інім. Әйтеке барған жерде ошпей қалған орт бар ма! Әйтеке барған жерде тоспаны бұзған сел бар ма! Менікі – соған сайып айтқан долбар ғана. Бұрыс десең, дұрысын өзін меңзе!

–Сөзіңізде қылап жоқ. Қоңыр аға,—деді Жабай лақ етіп. – Қыз құны түгел. Түгел деген не тәйірі! Қыз құнына Әйтекенің “Жеті жарғыға” енгізген “сүйек құны”, “өнер құны” мизамдары қосылып, айын-ажынымен есептегенде ер азаматтың құнынан асып қайтарылды. Бұған не дейсіз?

–Ғәділет іске не алып-қосайын, — деді қария еміреле сүйсініп. — Бүйтпесе бұл Әйтеке бола ма! Бүйтпесе жұрт мұны әулие тұта ма! Көңің көрген көзінен, әділетті сөзінен асырып мен не айта алам! Көкірегім маздап-ақ тұр. Тілім шолақ... Шыршагүл ортенге өскен гүл еді ғой, ұлағ бергісіз. Ұлдың заты ғана, тұсы артық, қыздың аты ғана, ырысы артық деген де. Шыршагүл атасының ғана емес, ауылымыздың ырысына айналғалы тұр еді. Бар мінезі әдеп пен өнерден жаралғандай бөлек жан еді... Әне, сол Шыршагүлдің әкесі жаныңда келеді, Әйтеке.

Би сол жақ қапталында, ат бойы кейін келе жатқан қара сұр шаяға жаят бұрылды. Ол оқыс абдырды. Сай-сай әжімді жүзінен бүртiк-бүртiк жас қуалай ағыпты. Онысын бұдан жасыра, жеңімен қолғапты, мүдіре, мүжіле, үзін-үзін күрсiне сойледі.

–Бес ұлдың соңына ерген жатғыз тұлымдым еді. Бес ұлым бір төбе, ол өзі бір төбе еді. Қайтейін тар маңдайыма сыймады. Құдай тез алатын кіеісін солай бөлек жаратады екен ғой. Өзіне керек санағаны да. Аалы. Екі жастың біріне келгенде қорем деген қайғым ба ет!.. Жаны күйген Жаратқанын қарғайды. Жарата салып, әлдебір қандыбалақтың қолынан мерт қылмай-ақ, басқалай алудың жолын таппаған Жаратқанды қанша құстаналадым мен байғұс. Қайғыдан басым қанғырып жүрсе, мына жұрт намыс дей ме, күн дей ме – ырқыман тые, делкұлының тымағындай желпілетіп әкеткені. Әуелкіде сол құннан менің қызым тіріліп келетіндей неменеге абылып-сабыласыңдар деп бұларды құстаналадым. Кейін ойлаймын мен бейбақ. Жоқталса менің қызым неге жоқталмайды, менің қызым кексіз кететіндей бар күнәсі жарлыдан жаралғаны ма деп бір ойлаймын. Ондай жан Құдай басқа салды. біз көндік деп неге жерге сіңе бермек деп бір ойладым... Ал, жоқтадық. Зар жыладық. Кімге бармадық. Кімге мұңымызды жыр қылмадық! Әй, қойшы тегі!.. Төре айтты деген шер бар ма! Жарлы айтпаған зар бар ма!.. Қападан қамырыққан шақтарымда төренің өзін не баласының бірін қапысын тауып, жарып тастауға қанша оқталдым. Жұртым басу айтты. Басқа балаларына залалың тиет деп. Сормандай әкем мен бес ағам менің жоғымды да жоқтай алмады-ау деп шырағым о дүниеде де дөңбекшіп жатыр-ау деген ойдан тірі өлікке айналып жүргенде, Әйтеке қарағым, өзін кел... Қараңғы түнде жарық берер шырағым, Шыршажанымның әруағы артында жоқтаушысы табылғанша разы болса, енді бақилығыма көрі шонге мен разы.

Қарияның шөңгірлектеу естілетін дауысы дірілдеп барып тұншыққан оксікке ұласты.

–Қой өрі, Жаңбыршы!—деп зекігенсіді Қоңырбай. —Осы уақытқа дейін жалпақ ауылдың жылағаны жетер. Енді мына Әйтеке інімнің алдында сорамызды ағыза бермелік әлдекімдер құсап. Онан да поруған біткен Әйтекенің атын дұғасына қоссын деп тілелік!

—Қоңыр аға, — деді манадан үнсіз келе жатқан Мүсірәлі таңырқаулы пішінмен.
— Мынау неғылған алқалы топ?

— Жақсылыққа жиналған топ. Жақсылыққа, Мүсірәлі балам. Коріп келесің, озің қатарлы зиынды жастар көбі. Сендерді келеді деген, бұрнағы күннен бұларда дамыл жоқ. Аяқтарынан сарсылуда. Думандатып қарсы алудың зәуі келмеді. Енді дуылдағып шығарып салмақ өздерінді. Біз сияқты көрі шобырлар мұндайға қашанда шабан жүреді. Бастамашылары да өздері, басқарушылары да өздері. Бөрі-Шыршагүлдің құрбылары. Екі сылтау, бір себеп қып, бірі Әйтекеннің сөзіне күмар, бірі лебізіне іңкәр, өздеріңізбен дидар ғайып бол бата алсақ деген талабы оң, ниеті түзу өскіндеріміз ауылымыздың.

Бұл кезде жолаушылар мен қарсы алушылар алқара жиынға таяу келіп те үлгерген-ді. Осы бір атаусыз қол маңы биылғы көктемнің қол-қосір пейіліне лайық желектене желіндепті. Жағасындағы бетегесі мен балқұрағына, өлі ат тізесінен аса қоймаған олең шөбіне араласа бой көтерген майда, үкілі сарқамыстар мамырлай мүлгиді. Ал, алты айшылық аймақтың күс атаулысы бүгін осында жиналған ба дерсің. Құдды бұл маңның шіркейінен күсы көп пе деп қалғандайсың. Қанатты біткеннің бибатшасы бір өздері секілденіп, алшандаған аққұтандар мен коққұтандар, саһарымен* мәңгілікке жұптасқан ақ кербез аққулар, оқта-текте аталықтары ғана жеңді білектей жуан мойындарын қылтың-қылтың еткізіп, төңіректі секемдене шола қарағаны болмаса, көк бұйырғынды таңдай орган торала, итала қаздар, бірде өздері шайқаған толқындармен жарыса жүзіп, бірде сүнгіп жоғалып “жасырынбақ” ойнаған қара бауыр қасқалдақтар мен кергерлер, қалың бір тобы дүбіле көтерілсе, енді бір тобы асығып жетіп, қанаттарымен су сапыра, сабалай қонған, әлден-ақ кішігірім тоқты-торымдай боп семіріп үлгерген кежегі аралас торала, кокала үйректер, қылығынан қикуы мол, өзі тойғанмен көзі тоймайтын ақтос шағалалар мен өгізшағалалар — бөрі-бөрі мына кенеттен жинала қалған екі аяқтыларға: “Әуелі мына біздің думанымызды көріп алыңдар!” дегендей “жынойнаққа” салып бағуда.

Осының бөріне бір-ер шырпы шалым уақытта қоз қандырған жолаушылар жиынға жүз қадам шамасы қалғанда қолтықтарына әлдебірдене қыстырып алған жиырма шақты жас жігіт алдарынан қырғауылдың балапандарынша жымындаса жүгіре шығып, бірі ат тізгініне жармасып, енді біреулері қолтықтарынан демей түсіріп алып жатты. Әйтеке аяқ астында қара жерден төрі жұмсақтау нөрсенін былқ ете түскенін аңғарып, еріксіз назарын төмен аударған.

Сөйтсе, ені бір, ұзыны екі құлаш шамасы қалың кілем үстіне дік етіпті. Тосын жайдан қорғалақтап Жабай мен Мүсірәліге көз қиығын салған. Олар да мұның кебінде екен. Баппен алға аттады. Жігіттер көз ілеспес шапшаңдықпен мұның соңында қалған кілемді алға төсей жазып келеді.

Аса ұрматты меймандар алдына кілем төсеп қарсы алу рәсіміне сонау Самарқан мен Қоқанда жүрген кезінен талай көзқарықты. Самарқан өмірі болған атасы Жалаңтос, Қоқан ханы атанған атасы Ақша Шығыс пен Терістіктен, Әсия мен Аура жерлерінен, тіпті бұрын-соңды атын естіметен, ат арып, тон тозар қиырлардан келген шайхылар мен әмірлерді, шахтар мен сұлтандарды қарсылау рәсімінде тай шаптырым сарай аулаларының жолына парсының гүл жайнаған, түгі кере қарыс кілемдерін айқұш-үйқыш төсеп тастайтын. Бірақ ол қабырғалары мен

* Саһары — аққудың еркегі.

едендері қан қызыл қыштармен қаланған, алтын күмбездері кок тосіне шапшы-
лған айдынды, айбарлы сарайлардағы сән-салтанат рәсімі. Ал, мынау...

Таңырқағанын да, разылығын да жасыра алмай Қоңырбай ақжарылқан пейілімен
ақтарылып жатыр.

— Деген-а-ай!.. Міне, осер елдің ұлдары осылай келер тегі! Жарадыңдар, жас
қанаттарым! Міне, оркені осер өскіндердің ісі осылай болар! — Оның мына таңы-
рқасы рәсім жолы жайында жастардың ешкімді құлағдар қылмағанын аңғарт-
ты. — Ері еліне қалай қызмет етсе, елі Еріне солай құрмет көрсеткенге не жетсін!
Қуанғандары ғой. Қуаныштарының белгісі ғой мынау. Қуанындар. Бүгін сендердің
қуанатын күндерін...

* * *

Науатты қол жағасына, ауқымы үш-төрт киіз үйдің орнындай қошқар мүйіз,
сыңыр мүйіз, жапырақша, жүрекше, толқын, жыланқоз, қияқша, балыққоз ою-
өрнегі қоз жауын жейтін текеметтер мен бұқараның түкті кілемі тоселген. Ақ
торғын дастарқан үстінде құстың сүтін іздемесең, басқаның бәрі табылады: қазақ
пен қарақалпақтың, қырғыз бен өзбектің ең сыйлы қонағының таңдайына тартар
дәмі аста-төк.

Әлгіде Қоңырбай Әлі төреден Шыршагүлдің құны ер-азаматтың құнымен
барабар өндірілгенін хабарлағанда үлкендер жағы сүйсіністен қоз жастарына
түншығып, бірқыдырау тілсіз түйілген. Енді оларды жастардың мына дастарқа-
нындағы аста-төк дәмнен де өткен ықылас-пейілдері мен ілтипаты тез
серпіткендей болды.

Жолаушы қонақтар қысырақтың мейіз катып бапталған қымызы мен бабы
жер асты күбіде қайырылған салқын шұбатты мейірлене сіміріп, шолдің басын
қайырған шамада айтылар көп-көп гөптің батасына ұқсаған ән мен күй нәсері
селдетті. Оның ара-арасында өткеннің аңызы мен ақиқаты, бүгіннің баракаты
мен машақаты, келер заманның күдігі мен күрмеуі, үміті мен жорамалы әріден
қайырыла ұласып, өріле баяндалуда.

Бақауыл жігіттер мен аспаз қыз-келіншектер мор ошақтар арасында зыр жүгіріп,
осы аймақтың қормал мосқалдары мен жасамыс билері дәм ыдыстарды өз қолдары-
мен жалғап қызмет көрсетіп бағуда. Бұл “береген қолым — алаған” деп кейінге
салмақ сақтайтын не Алаш биі екен деп Әйтекеге көрсетілген әлдебіреулердің жөре-
уке, майысқак, сырдаң мезіреті емес-ті. Алғаусыз пейілден ақтарылған құрмет екендігін
сезісімен қонақтардың да осылай қарай бағыттағалы қаралай құрыстаған жоталары
жазылып, көкірек сауа мәслихаттасып кетті. Сондай сәтте қариялар жағы қазақтар-
дан бөлініп кеткен ноғай қандастардың ойдағысы мен қырдағысын түгендесе баста-
ған-ды. Қоңырбай қасындағы егделерден мойын асыра, әлдебіреуді қозімен іздеген
сыңай байқатты. Соны күткендей шоқша сақал, қонқак мұрын, томаршадай қара
шал домбырасына тіл бітірді. Күй әуелі өбектеді. Сосын емірене бөйектеді. Айнала-
сындағыларды осылай біршама ұйытып алған шамада безектеп ала жонелді. Жай
безектеу емес, жанды қыдыртқан бебеулеу бар еді әуенде. Қаракан бастың бебеуі
емес, сайда саны, күмда ізі өшіп бара жатқан тегі мен түбі бір қандастардың өз
қолдарымен істегендеріне тәні мен жаны қоса күйіп, әбден баз кешкен жандардың
құсалы опынысы мен күніреністі күрсінісі бар еді. Бүйректей бөлініп, жүректей
жарылып барып із-түзсіз жоғалған тұтас бір жұрттың аныраған құсасы тоғыз пернелі
домбыра шанағынан асып төгілуде. Ортадағы бір шал қатты күрсініп салды.

—Алды мереке, соңы ырың-жырың өмір-ай!

Күйдің одан әрмен жаны қыдырды. Шер саумалады. Әлдебіреуді зарыға іздегендей. Күй аты “Ел айрылған-ды.” Осыдан қаншама ата бұрын сол кіндіктес жұрттың соғіле, қақырай ыдырауына басқадан бұрын өздерін ғана кінәлағандай ойсырай опынып, қамырыға қайғырған мына жиынның еңселері томеншіктел, шөгіп бара жатты.

Домбыра жаныңды жей түседі. Ел шежіресін, ел қайғысын егіле, күңірене баяндайды.

Орда бұзылып, ортасынан ойылды дейді күй.

Ірге түріліп, шаңырақ шайқалды дейді күй.

Сабымыз да, қабымыз да бір деп жүрген он сан ноғай кісөпір “косемге” тізгін-шылбырын ұстатып, үдере безіп Еділден әрі асты. Бесікте белгісі, төсекте үлгісі жоқ кәуір жұртының аранына өз аяқтарынан барып қармалды. Жұрт иланар киесінен айрылған, жау жасқанар айбатынан айрылған, коленкеден басқа досы жоқ, әруақтан басқа иесі жоқ елді кім аясын!.. Балшықша езді, қамырша иледі, тарыша шашып жіберді. Жақсыларының сыйқы өзгерді, жамандарының құлқы өзгерді. Бас сауғалағандары...

Жанұшырып Қап тауынан асты.

Жанұшырып Мағырып асты.

Ібір-сібірге сіңіп, ділін де, дінін де санадан біржолата өшіргендері қаншама!

Бақыт соқыр. Бақыттан басыр болған он сан ноғайдың кісөпір көсемінің кесірі мен кесапаты ақыры Алтын Орданың шаңырағын біржолата шайқалтты. Сармат жұртынан бақыт құсы ұшып, қаншама жылдан бергі басыбайлы боданы кәуір жұртынан енді қаймығатын шығарды.

Күй тұлған тұтып барып басылды.

Ертістен Еділге дейін жайлаған елдің үдере безген көші бағызда емес, құлды дәл қазір көз алдынан өтіп жатқандай ел-сал кепке енген би күйдің аяқталғанын аңғармапты.

Әлдебір қыз үні, қыз әні жүрекке жетіп майырып, тағына жетіп қайырып, алпыс екі тамырын ықтиярсыз идіріп бара жатты.

Қаратау, неғылайын биігіңді,

Атпадым көзім қиып киігіңді.

Басыма ауыр қайғы туған шақта,

Айтамын кімге барып күйігімді.

Ән айнала қаумалағандардың ән бойларын ыстық қанмен бірге аралай қуалап, бар ырықтарын, ынта-ықыластарын сезім ағыны билеп, балбыратып, демге озге дүниенің бәрін ұмыттырған шағы еді.

Домбыраның сағасынан шыққандай сынғыр үн елең еткізді.

—Аға! Би аға!

Тұқырып бара жатқан басын көтеріп әлгі үнді іздеді. Етек жақта қос домбырашының сүйемеліне үн жарыстырған ән иесін тез тапты. Аққудың үріндей жап-жас қыздың әлгі әсем әуеніне сымбаты да жарасым қосып, шырай шаша түсіпті.

—Аға, —деді қыз қапалы үніне зорлана жылылық қосып. — Әніміз ұнады ма?

Өнерлі жанның мұндай сауал қоятынынан мүлдем бейхабар би іштей абдырай тұссе де, сыр алдырмай әрі сендіре сөйлеуге тырысты.

—Әрине, қалқам. Мұндай өнер кімге ұнамас. Өнерің өстесін!

—Осы да ән бе?.. —Қыз үнінде орны толмас оксік жалын лап еткендей-ді. — Бұл әнді Шыршагүл жүрген жерде кім аузына алушы еді. Ол ортамыздағы жалғыз көксолмас еді де, біз...

Қыздың сояудай-сояудай кірпіктері жалп етіп томен құлады да, конетөз қыз шаркатымен көлегейлеп, жүзін бұрып өкетті.

“Мынадай үр бейне көкірегі қарс айрыла жоқтағанына қарағанда, Шыршагүл, сірә...”

Негізінен дастарқан басындағы сұхбатты Қоңырбай өргізіп, осы аймақтың от ауыз, орақ тіс биі Ақселеу оқта-текте ғана тілеуқор пейілдеп аспай, байызды кейпінде отырған. Әнші қыздың сөзін толықтыра, айшықтай түскісі келгендей лебіз қосты.

—Сөнім мен Шыршагүл егіз қозыша жатса-тұрса ажырамайтын. Айтса, айтқандай Шыршагүл хан бұрылып қарайтындай, би бұрылып сұрайтындай жан еді.

Мына бір жосыны ерен ән ызалы, кекті жоқтаудай боп көкке жалын шаша, шаншыла көтерілді.

Опасы-ай жоқ, дүние,
Болған саған кім ие.
Ақ кіреуке жандарға,
Жаққанын дәйім кір, күйе...

Осыншама екпінді, осыншама зор дауыспен мынау ұшы-қиырсыз сахараның шексіз аспанын туырлықтай желпілдеткен ән иесінен бір сәтке көз айыра алмай тесілді. Қолына домбыра емес, найза беріп, жауға салсаң, қарсы беттің маңдай тұсын айбарымен ықытырып сала берерлік дойқара жігіт өз әнімен өз жанын жеп буырқанып алылты. Екпіні — сел. Айбыны — дауыл. Сөзі — тоғыз қабат ақ береннің өзін қақырата айырып түсер алдаспап. Таңды таңға ұрып, талай күн жырласа бүйір қақпас, көрік кеуде сүлейдің өзі ме дерсің...

Ауыр қайғы болісу,
Ағайынның парызы.
Ауыр жүкті көтеру,
Ақ атанның қарызы.
Сайрап жатар шешеннің,
Салып кеткен сара ізі.
Бөрінен де жаман-ды,
Ағайынның аразы.
Қорқау тегі қомағай,
Құйын тегі толағай,
Құйындай соққан дүниенің,
О, дариға, шолағы-ай!..

Жүздеген кептер дүрк көтерілгендей дүйім жұрт дүбіле қостады.

—О, жаса жампозым!

—Тусаң — ту осылай!

—Ой, дүние-ай! Майқы бабамыз да айтудай-ақ айтып кеткен екен-ау, шіркін!

—Міне, тағлима деп осыны айт!

Сүйсінген, күрсінген, танданған, тамсанған қошеметтің соны аңыраған аруана қобыз үніне ұласты.

Қорқыт баба сарыны — “Жерұйық”. Қорқыт үні емес, ата-баба аманаты бол боздайды.

Зарламайды – аңсайды!

Өкінеді – өбектемейді.

Күрсінеді – күніренбейді.

Ұлы таурих төрінен Ұлы-Баба өшпес өсиет қалдырғанын құдды бүгін естіген жанша бәрі ұйып қалыпты. Мұны орындаған манағы тәміш мұрын домбырашының жанындағы сақал-мұрты ақ селеудей желбіретен, жемсауы кемін, етінен арып тыриған, үстіндегі шидем күпісі түр-түсінен әлдеқашап айрылып, әр жеріне шокпыт түскен ақ сұр шал күй аяқталғанмен, бұл фәниді ұмыт қылған пішінмен алыс бір қиырға көзін сүзе, сүлелей карап қалыпты. Әйтеке орнына көтеріліп, қарияның иығына өзінің зерлі шапанын жапты.

– Ниетіне алғыс жаусын! – деді қария елеусізәеу ғана.

Сыптағай кара жігіт “Ақсақ құланды” өзінен бұрын ешкім бұлайша тартпағандай етіп безіддетіп-ақ бақты.

Ақ сұр шал үш ішекті домбырамен “Ақсақ аюды” шертін-қағып, сылқылдатып, ыңырантып, ыңқылдатып тартқанда, жанындағылардың аянышпан өзектеріңше қызыл шок маздап, едәуір уақыт тілсіз мұңайысты.

“...Түз тағысын былай қойып, жыртқышына да көкіректері қаусай күй арнаған қазақты былайғыда қысқа күнде қырық қырқысып, ай-күн аманда алты алауызданып жатады деп біреуге айтып көрші! Сендіріп көрші! Жок, басқа түгіл өзін-өзі түсінбейтін бір жұрт болса – сол қазақ болмаса неғылсын!..”

Мына қос домбыра қалай үндесе кеткен!?

Қыз бен жігіттің үні қандай мұңды!?

Жок, бұл мұңнан гөрі мына жарық жалғанның ұраны мен ұлағатын дөріптеумен бірге ақ-қарасымен, жақсы-жаманымен қоса сүйген үлкен жүректің ынтығуы мен қимастығы емес пе!..

Арман-а-ай!

Өтеді-ау бір кез е-ей, жалған-ай!

Қос домбыраның бабы бірдей қайырылыпты. Қыз бен жігіт үні соның қос шегіне айналыпты. Ең бастысы – үн егіз, әуез егіз, лүпіл қаққан жүрек егіз.

Күй мен ән кезек алмасуда.

Қариялар манағы көсілген сұхбаттан тиылған. Бар зейін-зерделері әнші-күйшілердің өнеріне ауган. Өйткені, күн сайын қабырғаларын соғып, саналарын сарқып, түн баласы дөңбекшіте, жауабын таппай сандалтатын жайларының бәрін бұрынғылар баяғыда-ақ саралап, салмақтап, күй ғып қақтап, ән ғып сарқып, байыбына жеткізе бабымен айтып кетіпті.

Мына дала соның бәрін бүгін әсем әнмен, сазды әуенмен қайтадан жария қылып жатыр.

Мына дала әу бастан-ақ осылайша тек әуеннен ғана нәр алып, әуенмен ғана сөйлеуге жаралғандай іңкәрлі.

Баянсыз жалғанның бағы мен сорын алма кезек баяндайтын әуезді сыр – осы.

Тар қапастан шыңғырып шығып, қасқағымдық ғұмырында қуанышына сүйініп, қайғысына сан мәрте опырыла күйініп, көр қараңғысына кіргенше балалардың кейінгі ұрпағына қалдырған өсиет-мұрасы да – осы.

Қонақ би сәтке қиял кезіп кеткен-ді. Өзінің бүйтіп, елітіп, елеуреп, осыншама сыйқырлы шырынды кеудесіне сыйғыза алмай, ой көгінде қалықтаған кездерінің тым сиректігін де енді мойындағандай. Өйткені, өзінде балалық бал дәурен деген атымен болмапты. Өйткені, өзінде желкідеген желеңі желік бітір-

ген жігіттік шақ алыстан көледеп өте шығыпты. Соның бөріне мұның мұрсаты, шақаты жетпегені енді опық жегізгендей еді. Бірақ ол үшін өзін де, өзгені де тап қазір кінәраттаудан аулақ. Әркім өзінің пешенесіне бұйырғанға бақұл. Одан артыққа ала өкпелік – күпірлік. Тағдыр, пешене бұған қаршадайынан тая ба-сан, турап түсер қылпылдаған ақ алмастын жүзімен жүруді бұйыртқан екен, ендеше қалған ғұмырында да одан тайсақтап құтыла алмасына баяғыда мойын-сұнып қойған. Тек, осынау жан жүіесін балбыратқан мына сәттің ұзара беруін, үзіліп қалмауын тілеген аңсарлы шақ аңқасын кептіре түсуде.

Манағы мәңгілік үніндей күй үзіліпті.

Манағы сан тарау қиял шырын татырған ән тыныпты.

Ақселеу ақырын тамағын кенеді. Бұл тұқырыңқырап кеткен басын көтеріп “құлағым сізде” деген ишарат білдірді.

—Әйтеке шырақ, біздің бір өтінішіміз бар.

“Өтініш! Тағы да өтініш!.. Көрінің де жастың да – бөрінің өтініші бар. Тіпті өтініш деген неткен таусылмайтын нәрсе өзі?.. Тап осы арада да...”

—Мынау барына разы, жоғына жай азды-көпті құрмет – мына алқалаған жастарымыздың мезреті. Ауыл өзіміздікі дегенмен, біз де хабарсыз қонақпыз. Жол үстіне өзірлегені – жолына бағыштаған ақ ниеттері. Жан баласының аяғы, мал баласының тұяғы тимеген мынау атаусыз қол жағасын ризашылықтарының ең таңбасы ғып, бүгіннен бастап сенің құрметіне “Кілем жайған” не “Әйтеке көл” деп атауға таласулы. Не деп атарын кейін өздері ақылдаса келе шешер. Ал, осы арадағы ақсақалы бар, қарасақалы бар он бес жанның өзіне арналған қазаны көтерулі, сый-сияпаты әзір. Сен де бір кезек ат белін суытып, біз де бір Ұлықпан хакім айтпақшы, “бір жасап” қалалық... Неге үндемейсің? Қаймана қазақтың қайсысының дәмін таусып, қайсысының көңілінен шығам деймісің? Сұраса келе қарын бөле боп шықпасақ та, осындағы мосқалдардың қай-қайсысы да сенің өкеңмен не оның аға-інілерімен үзеңгі қағысқан тұстары ұшырасыпты. Аталарың Жалаңтос пен Ақшаның қолына су құйып, бата алғандары да бар екен осылардың ішінде. Ал, мені, мені дейім-ау, бес-алты биді сен жеті-сегіз жас шаманда оңбай омақастырғансың.

Жасаңдаулары: “Ол не жай?” дескендей елеңдесе қалды. Қашанда өңгімеге “тамыздық” тастап отыруға машық Жабай:

—Бастаған екенсіз, қария, ірікпеңіз, — деді. — Жақсы лебіз – тыңдамақ үшін.

—Ол өзі ұзақ та өңгіме емес, айтсам айтайын... Нұрата бойының билік тізгінін Бөйбек пен Қосуақ қарияның тең ұстап жүрген кезі. Қазекемнің майда-шүйле егері біткен бе. Тап сол жолы не үшін барғанымызды қазір ұмытыппын. Әйтеуір сол екеуіне жүгінбекке барғанымыз есімде. Сөз қуып отырып, дау балалатып алдық. Қайдағы бір ит жылғы ауыл арасының араласып кеткен бота-тайлағын түгендейміз деп қызды-қыздымен бір-бірімізге құлак асуды ұмытып, кеу-кеулесіп кетіппіз. Түрулі іргеден сыртта “хан талапай” ойнап отырған балалардың бірінің: “Би – біреу, қалғаны – тіреу” деп қалғанын құлағымыз шалғандай болған. Бірақ баланың сөзін кім елесін. Топта тоқпан жілік ұстаған-ұстамағаны да белгісіз. Әлдеқашан сүйегі қурап қалған жақын-жекжаттардың жоғын жоқтап, қызыл кенірлекке айналып біз өуре. Ал, бала өлгі сөзін қайталап, қоймай қойған. Ақыры, арамыздағы біреу: “Әй, бала, сен бұл сөзді кімге айтып отырсың?” деп сұрады. Балалармен ойнағансып, бізде өсте шаруасы жоқтай тұра берген бала: “Кімге керек болса, соған айтып отырмын” деп кете барды. Ақсақ қой түстен кейін

маңырайды демекші, ақылымыз содан кейін барып кірді. Өзіміз қазылығына жүгінеміз деп барған Қосуақтың уәжіне тоқтадық. Сосын “үялған тек тұрмасшылап”, “Қап, әлгі бала бәрімізді қатырды-ау, кім баласы ет?” деді біреу. Ал, сондағы баланың кім екенін өздеріңіз мен менземей-ақ сезіл те қалғандайсыздар. Әйтеке атқа мінгелі жиындарда ұшырасқанымыз болмаса, дәмдес, дастарқандас болудың сәті түспепті. Енді... Шешімінді айт, інім, біздің өтінішке.

Жұрт түс-тұстан қолқалай бастады.

Әйтеке Мүсірәліге мойын бұрды.

Мүсірәлі Нұрата жақтан әлдебіреу қол бұлғап шақырып тұрғандай шаншыла қарап қалыпты.

Бидің көңіліне күдік жүгірді.

“...Осы бірдеңеге алаң-ау!..”

— Ниет тұзу, тілек ортақ. Көңіл көл-көсір. Біз разы. Ортақ разылықтың ерте-кеші жоқ. “Хан кеңесі” таяп қалды. Оған дейін әлгіде өздеріңізбен тоқайласқан біраз қаракеттің соңын тиянақтау тағы түр. Дәмнен аттады деп окпелемесеніздер, “Хан кеңесінен” кейін көрелік. Бұл жолғы ықтиярды өзіме қалдырыңыздар, жамағат!

— Өкпелегені несі!— деді Қоңырбай. — Саған өкпелеуге бола ма! Сенің арқанда бүкіл Алаштың қамы жүр. Сенің арқанда бүкіл Алаштың ары мен намысы жүргеніне бүгін қайыра көзіміз жетпеді ме! Біз бар болғаны мал баққан, сен болсаң ел баққан адамсың. Ел тілегі — сенің үстінде. Сенің мәртебең — барша Алаштың мәртебесі! Міне, сен келдің де өлгеніміз тірілмегенмен, өшкеніміз жанғандай боп жағамызды тіктемедік пе!

Ақселеу жалғап әкетті.

— Иә, Әйтеке шырақ, сенің қай уәжіңе де біз дайын. Ұлықсатты сен бізден емес, біз сенен сұрауымыз керек әуелі. Жер кодесіз, ел онерсіз болмайды. Осында баршамыздың үмітімізге айналған бір-екі өскініміз бар. Соларға батаңды бере кет.

— Ақа-ау, өздеріңіз тұрғанда...— деп Әйтеке ыңғайсызданып қалған.

Ақселеу би ағалық назбен бұйыра тілек білдірді.

— Әйтеке қарағым, біздің батамызды әлдеқашан алған баллар — олар. Так мінген бабасында жоқ, бақ қонған атасында жоқ біз бір басқа. Сенің орнын бөлек. бақ қонып, бата дарып, дәулет асырған, бүгінде алты Алашты аузына қаратқан жаннан бата алсақ деген тілегің әуелі біз мақұлдағанбыз. “Онер құны” деген мизамды “Жеті жарғыға” енгізіп, бүгін алғаш кәдеге асырған да өзін. Олар да ботен емес. Бірі өнерге құштар. Екіншісі ата жолын ұстап адалдық пен имандылық жолына тілінен шырасы тамған би-шешен болсам деп жүрген жастар. Бүгін орайы түскен шығар деп оң қабақтары тартқан сынайда отыр.

Осы кезде Қоңырбай оң қапталда үйірсектене топталған жастардың ішінен әлдебіреулерге ишарат білдірген. Бірі талдырмаш, ұзын, екіншісі бөкенелеу, қараторы балаң жігіт тайсақтай басып жақындай берді.

Әуелі көзі алдыңғысына барлай, сынай қадалды. Жас жігіт те өзіне бидің жанары кідіргенін көріп, қараторы жүзі алаулай қызарып жүре берді. Би ішінен: “жаңағы самаржақ жаршы осы” деді. Екі жігіт бұлар жайғасқан кілем шетіне таяй түсіп, тізелерін бүкті. Айналадағылар бидің жүзіндегі өзгерісті аңдап, аңтарыла қалыпты. Соны аңдасымен дауысын жылыта әзілдеді.

— Е, жаңағы, менің келмей жатып ащы терімді үккен осы жігіт деңіз, — деді. — Ақындығына мүмкін түбі қамшы салдырмас. Бірақ...

Бидің “бірағы” айналасындағыларды лезде жаулаң қоңіл кештірді.

Бұларды аттан түсіріп алып жатқан кезде безектей жөнелген домбырасына қосып, дауысын аспанға шанышқан жігітті мұның да қоз қиығы шалған. Одап әрі әуелі жүре тындады. Сосын даусының кендігі мен домбыра тартысының бөлектігіне елендегенмен, әр сөзін шаншулай қабылдаған.

“Жарапазаншының” баянында, мұның жеті атасынан асып бұл фәниге ешкім келмепті. Хан да осылардың тұқымында, би де осылардың әулетінен. Ал, батыр атаулы әуелі жауға шаппас бұрын осылардың тұқымынан бата алмай, барахат таппапты. Көк аспан астында, қара жер үстінде байлық пен бақ асырған бір әулет жаралса, тап осындай-ақ жаралған шығар. Сонау, жетінші атасы Қарама-шақтан бастап бері қарай саумалата токкен “Жарапазаншы” мұның аса зауықты тыңдамағанын аңғарысымен сап тыйған-ды.

Енді өзінің “бірағының” соңында едәуір бөгеліп, жұртты тостырып алғанын аңдасымен, жайма-шуақтана көкірек ашты.

— Аллатағаланың пендесі марапатпен бірге жаралған ба деп қаласың кейде. Өйткені, мақтағанды, марапаттағанды жек көретін тірі мақұлық бар ма екен жер бетінде. Бағзыдағылардың “жылы-жылы сойлесен, жылан да інінен шығады” дейтіні сондықтан ғой. Сен, Жасұлан балам, мана жеті атамнан бері жер-көкке сыйғызбай мадақтай жөнелгенде не сездің?.. Ал, мен тірілсеі жөн терімді сыпырып жатқаннан бетер жан алқымға тығылдым. Өйткені, өмір уәзипасы — кемшілікті бетке айт, жақсылықты сырттан айт! Кейде жан жадыратар жақсы сөзді де жалпақ жұрт алдында тыңдау аса ауырға соғатын кезі болады. Әрі өнер мен мадақтың қонысы әу бастан басқа. Өнер — Жаратқанның сыйы. Бек — бір ұлыстікі. Тіпті қаһарымен он сегіз мың ғаламды қалтыратқан патша да бір елдікі. Бек те, сойткен патша да өледі. Олмейтін өнер ғана. Өнерді бақ құсы дейтіні де сондықтан. Ол екінің бірінің басына қона бермейді де. Ол — талғампаз, кірпияз, кінәмшыл, шамшыл, киелі. Оның серігі — сұлу сезім. Қонысы — кіршіксіз, періште жүрек. Оны таппаған өнер құсы жериді де кетеді. Жеріді екен, қыран құстың олексеге шүйімейтіні секілді, өнер де өлексе кеудеге тұрақтамайды. Ұшады да кетеді. Қайтып қонуы — екіталай. Байлық үйіне, ордана сыймаса жаман. Өнер кеудене сыймаса жаман. Бақ құсы — өнер құсы қонар жүрегінді таза, тұғырыңды биік ұста! Жарапазаншылық өнер емес. Жарапазаншының иесі бар. Иесі не бұйырса, самаржақ жаршы соны ғана орындайды. Ал, өнердің киесі бар. Киелі іске ешкім әмір ете алмайды. Бұл менің саған айтқан бүгінгі ағалық назым ғана. Батанды әрдайым халқын берсін! Бағың өшпесін, өнерің остесін! Өнердің орінде көрін, құрметтің төрінде көрін! Адалдық болса серігің сенімді, хак жеткізер кеміңді. Бердім батамды. Аллаакбар!

— Әумин!

Жамағайындар жамырай разылық білдірісіп, бет сыйпасты.

— Періштенің құлағына жетсін!

— Бата деп осыны айт!

Қоңырбай Жабайға сауал қойды.

— Аға баласы, қалай ойлайсың? Бір орында екі бата жүре ме?

Батырға лайық нығырлай, қаққан қазықтай шаншып сөйлейтін Жабай:

— Орайы келсе, он батаның да артықтығы жоқ, — деді. — Қатар тізе бүккеннің бірін “сен кейін тұра түр” деп Әйтеке айтар деймісің әлде!

—Оның рас, — деді Әйтеке күліп. — Озін жегі атасынан бастап мактаған жігітке окпелегенсіп отырып батасын беріп, ізін қуамын деген жасты кеудеден итергені несі демей ме біреу-міреу. Бұл інімнің ныспы Алшағыр дедіндер ме?

Ақселеу би уәж қосты.

—Иә, Әйтеке, Ныспы—Алшағыр. Мен қартайдым. Жүріп-түру ауыр соқты. Осы аймақтағы төсекте басы, төскейде малы қосылған Үш жүздің алты руы — албан, найман, керей, ақкете, жақайым, таманың үлкенді-кішісі тоғам ақылдаса келіп, сен мақұл десең, осы өскінді бір ауыздан би сайламақпыз.

—Сонда бұл баланың өзі не дейді?

—Біз бірауыздан мақұлдаған соң не десін. Бар айтқаны Әйтеке ағаның алдынан өтіп, батасын алмай тұрып мені қинағандарыңыз қалай болар екен деп жүрген. Жақында өз алдына апарсақ па деп те жүргенбіз. Міне, бүгін Құдай соның орайын келтіргендей ме, қалай.

Алаш бий қос алақанын жая, кеудесінен асыра көтерген күйі көкірек көзін ашты. Көсем ой, дария арнасынан аса төгілді.

—Көптің көзі — көреген, халқын айтса — қалт айтпас. Алланың қолы берген, пейілі түссе — мұңайтпас. Қауым жұртың сеніпті, батасын бақұл беріпті. Әділдігің болсын — серігің, адалдық болсын — жерігің. Тілің болсын — алдаспан, көңілің болсын — кең аспан. Болшіл болсаң көппенен, басады ісің оң ғана. Боліспес нәрсең көппенен, көрпең менен көр ғана. Тая сөйлеп, тон кісең, зая сөйлеп, кер мінсең — жат болар сенің жақының. Аяқ асты болғаны, Алланың берген хақының. Ақтағаның — қорлыны, қорлағаның — сорлыны. Би-елінің елшісі. Елші сөзін екі айтпас. Қылшық шықса сөзіңнен, қайтып жұртын ылықпас. Шешенмін деп суырылма, би екем деп қуырылма. Аз сөйле, көп ойла — жаңылмасың, көп шайна, аз жүт — түйілмессің. Болсын ынсап — достасың, әлеумет сені қостасын. Жаманат саған жетпесін, маңыңнан нөкер кетпесін. Ақыл-мінез сай болсын, алдың мамыр жай болсын. Билік айтсаң әрқашан, ақиқатқа қилап келмейтін, тентек болмас көнбейтін. Төре менен хан түгіл, ібіліс те болмайды, алдына бас имейтін. Әділдігіңді Қибла тұт, сонда болмас — сөзің жүт. Әлеуметтің алдында сөзіне сенің нәр берсін, жасымас жүзіне әр берсін. Жақсылардың көзі бол, имандылардың сөзі бол. Сабаз болсаң, жердей бол — бәрін шыдап көтерген, таза болсаң, судай бол — бәрін жуып кетірген. Би болсаң, арқан салқын, құшағың жылы болсын. Таққан тұмарың — Ар болсын, әруақтар жар болсын! Бердім батамды! Аллауәкпар!

—Әумин! — десті айнала қамалаған жамағат.

—Бата дарысын, бақ қонсын!

Көпшілік арасында ақжарма пейілді қошемет біраз уақыт жайылып барып қайты.

“Бата айтса, шіркін, Әйтеке айтсын!”

“Жеті атасынан бері бата бағыштағандары құр қалмайды деуші ет!”

“Сосын да емес пе, хан бұрылып қарап, төре-сұлтан атаулы ығып тұратыны”.

Би пірінің әлденеге алаң екенін аңғарысымен:

—Ал, ағайын, амандықта асығыстық жоқ десек те, енді сіздер рұқсат десендер, Ақас орын бата жасасын!—деді.

Ақселеу орын бата жасап, жамағат жапырыла көтерілді.

Көрісі үлкенінен бетер иіліп-бүгіліп, жасы үлкеннен өткен жосықпен қызмет еткен қауым меймандарын қолтықтарынан демеп аттарына мінгізіп жатқанда

Жасұлан мен Алшағыр “бата ырымы” қылып Әйтекенің жанына өз ерділігіне оларды қызыққандай билей басқан, жәуміттің екі шаңқан бозын байламаққа ұмтыла бергенде Әйтеке оң қолын сәл көтеріп, Ақселеу мен Қоңырбайға “дат!” дегендей ишара білдірді.

—Айт, Әйтеке, құлағымыз сенде, — деді Ақселеу.

—Қаз органына, қасқыр қырғанына, ер-азамат ниет пен көргеніне мөз. Сендерден — ниет, менен — разылық! Мына қос ақалтекені мен сіздердің рұқсаттарымен қасымдағы серіктеріме байлатсам деп ем.

Ақселеу баршаның атынан:

—Сенің қай-қай шешімінің де оны бар, терісі жоқ деп есентейді мына жұрт, — деді. —Әйтеке інім, ырық пен қалау өзінде қашанда. Ханға балар басың бар, сөзіңе ұйып, соныңнан ерер халқың бар. Олар саған қайда жүрсең де алдыңнан ақ күн тусын деп тілейді!

—Онда дидағай күн жақын болсын!

Қонақтар тізгін жинады. Жасы-көрісі аралас ноппа ақ тілеулерін соңдарынан көктемнің ақ жауынындай себелеп қала барды.

—Таңда Тәңір жақсылығың алдыңнан қайтсын!

—Нұр сыйпатың екі дүниеде шырақ шашсын, Әйтеке!

—Жолың ақ, Жаратқан жақ болсын, дара туған дарағым!

—Бізді ұмытпай келіп тұрындар, ағалар!

Сол көптің “хош-есеніндей” боп алдарынан лақ-лақ ескен қоңыр саумал көкірегі аша түскен би әлдебір қимас қызығын қалдырып бара жатқандай ұяй беріп, соңына мойын бүрған.

Үлкендер жағы сол тұрған орындарында қаздып-қаздып қалыпты. Жастар мұның кейінге көз салғанын байқап, біреулері қолдарын, біреулері желбіретіп орамалдарын бұлғады. Бірнеше жас келіншек жана ғана мұның отырған көрінісінің үстіне жас нәрестелерін аунатып алып жатты. Еріксіз жеңген аусарлығын серіктестеріне байқатқысы келмей, таралғысын түзегенсіп, төмен тұқшындай түсіп, арт жаққа қайта-қайта көз қиығын жүгіртті.

Көңілді. Кеуелінде манағы жүрек ылжыратқан ән мен ақық күйлердің табы әлі басылмапты.

Бүгін табиғаттың да мандайы жазық: жел желбіреп, аспан елбіреп, тоңдық тегіс елжіреулі. Бәрі бүгін мұның көңіл сауабын алып қалғысы келгендей мейіріл-ақ.

Бажайлап қараса, мына ғұмырында құнара ұшырасып жататын туырлық желпідеткен талайғы тулақ тартыста дегеніне көндіре алмай, айтқанын өткізе алмай есе жіберген, қапы соғып, мәкі кетіп, онық опласына оманған тұстары сирек. Жаратқан бергенін көптік ете қормасын: әуелден мерейі үстем жаралған бір жан болса, өзі-ақ секілді көрінетін. Әйтсе де, соның бәрінде дәл бүгінгідей балбыраған қиял сезімге оранып, шырын дәмге тамсанып оралған шақтары сирек екені көміл. Дегенмен...

Ән-дария, күй-керуен сыйлаған өсерлі шақ аса ұзаққа созылмады. Қайдан тап келгені беймағұлым “ұры тазы” кеуеліне еніп алып, ақ боран тұрғыза тырналай жөнелді.

“Ұры тазының” аты — Өкініш-ті. Өкінетіні — өзінің жастық шағының “жілігі татымаған” тұстары. Жігіттік, жастық шақтың қызылды-жасылды желігіне жарымаған әлгі “ұры тазы” қашан болмасын өйістіп сұқандамағанда, жалақтамағанда қайтсын!..

Өзі ес біліп, атқа тақым артқалы үйірсектегені – алқалы жиын, бүгін тындырдым, тиышталдырдым дегені күні ертең қайта қоздап, балалап, күшіктеп бұрынғыдан да күнсіп, бықсып қордалана кететін айтыс-тартыстарға келгенде оңмендерін үзе кірісетін өңшен ақсақалдар мен қарасақалдардың ортасы. Әлгідей той-томалақтарда өзекке күрт түсіретін қызық пен ән-күй, жастардың ырду-дырдуы – мұның көп жағдайда алыстан құмартқан жерігі. Сол жарты күрсак жастығының өтеуіндей тамсантқан бүгінгі жиын қалған артқы жаққа біраздан кейін тағы да мойын бұрған. Бұлаң сағым, шыныдай көкжиек алқалы жиынды да, жасыл майсалы атаусыз көлді де “жұтып” ұлгерген екен.

“Хош бол, Жер-Жұмақ!” дегесі келді бір түрлі толқыған сынайда.

Ол бұл араны солай атады. Кейін бұл жердің “Кілем жайған” деп аталып кеткені құлағына сінді. Тек уақыт оза, ұрпақ алмаса келе мұның ғана емес, әркім аты ауызға іліккен аталарының құрметіне осылайша аталған десіп, әр саққа алып қашатынын білген де, сезген де жоқ-ты.

ДҮРБЕЛЕН

Ойы – үйде екі-үш күн аялдап, сосын жылдағы дағды бойынша сәуірдің аяғында не заузаның басында отетін “Хан кеңесіне” дейін биылғы келелі кеңеске тартарлық мәселелер төңірегінде ел аралап, қатысатын төрелер мен сұлтандардың, билер мен бектердің, батырлар мен аузы дуалы, сөзі киелі деген жандардың “комейін алып” қоймақшы еді.

Бұлар ауылға жетіп, қонып шыққан күннің ертеңіне Мүсірәлі келді. Бұл есік алдындағы түт пен жүзім ағашының көлеңкесіне дастарқан жайғызып, шайын аузына енді ала берген-ді. Қысқа сәлем қайырысқан пірі торге озды. Аса бір тығыз шаруасы қыспаламаса, бүйітіп еркелетіп бас сұға бермейтін оның жүзіне сынампаз көз қиығын жүгіртті. Шайды сыздықтата, тісінің арасынан сора тартып, Алатаудың үнемі бұлын сағымы қордалана көлбендейтін қыраттарына жанарын қадағанын байқап, “Кілем жайғандағы” ойы қайта жаңғырықты.

“Осы бір хабар күтулі-ау, сірә!..”

Неге елеңдегенін бәрібір сұрамады. Әуелдегі дағды: бұл сұрамайды, ол алдын-ала сәуегейсіп ақтарылмайды. Бар болғаны әлдебір тосын жайдың күтулі екендігін қас-қабағымен меңзейді. Бұл қас-қабағымен түспалдайды. Бұл – оны сонау Бұқара медресесінің мың бір шәкіртінің ішінен тандап алып шыққаннан бергі араларындағы келісім-шартсыз-ақ қалыптасқан сүйексінді дағды.

Сол жылы пір тандауға бидің зауқы ауды да тұрды. Әрі жұрт ауызындағы танымалдардың арасынан емес, есімі өлі көпшілікке мәлімдене қоймаған жас оскіндер арасынан табылғанын қалағандықтан көп ойланып жатпастан әуелі ат басын Самарқан медресесіне шалдырып, сосын Бұқарға аттанды. Ондағы бас мүфти Салахидден қажыны көптен танитын. Екеуі түс ауғанша медресенің мінберлері* мен махсұрларындағы** дәріс алушы шәкірттерді аралап, біразымен қысқа-қысқа тіл қайырысты. Ең соңында медресені биыл тамамдаушы шәкірттердің бір тобының тұсынан өте беріп, белгісіз түйсіктің ырқымен кейін

* Мінбер – медреседегі дәріс берушілердің отыратын жері.

** Махсұр – дәріс бөлмелері.

бұрылды. Шарта жүгінген шәкірттер мүлгі түсіп, тізелерінен қоз жазбайды. Ал, солардың ішінде сұңғақша келген, ақсарыға да, шикі сарыға да жатпайтын, елің барабы тақыметтес ат жақты, кең маңдайлы шәкірт ұялы қок қозін бұған жебеше қадап отыр екен.

Бұл ақырын басып оның жанына келді.

— Ныспың кім?

— Мүсірәлі.

— Нешедесің?

— Он төртте.

Уылжыған оңи оның он төртте екеніне шүбо келтірмегенмен, жүзіндегі ойлылық мүлде кексе кейін танытқан еді. Бұл оған, ол бұған кірпік қақтастан “арбаса” қалысты. Өзінен оның қоз “қуаты” олдекайда откірлігін және енді біраз осылай “текетіресе” сөзсіз “арбалатынын” сезіп, түйыктан шығудың жолын ойластыра бастағанда, Салахидден қажы “арашаға” келді.

— Бұл шәкірт зейінділігі арқасында қатарластарынан екі жыл бұрын медресені тамамдамақшы.

Би әдейі бұйыра сойледі.

— Мін арқама!

Бала “неге?” демеді. Еш таңырқамады да. Бөрі осылай болуға тиісті бұйрықты істей орнынан асықпай тұрып, қолын кеудесіне қойған беті әуелі мүфтиге, сосын бұған иіле ишарат жасасымен, үмсына беріп арқасына мінді де алды. Жасынан әлдекайда бойшаң, сүйекті көрінетін шәкірттің торғай құрлы сазмағы сезілмеді. Өзге шәкірттердің сыбырласқан, күбірлескен, таңданыса қозғалақтасқандарын артқа тастап, болашақ жас пірін арқалаған күйі сыртқа шыға бере:

— Мүсірәлі, сен неге сонша маған шаншыла қалдың? — деп сұрады.

Шәкірт қарсы сауал қойды.

— Ырықтан тыс, Хақтың бұйрығымен әуелі бұрылған өзіңіз емес пе?

Салахидден қажы сөзге араласты.

— Әгәрәки, сіз пір таппағанда, яки, басқа шәкіртке назарыңыз ауғанда мен сізге осы Мүсірәліні ұсынған болар ем.

— Онда текке әурелемей-ақ бірден менземегеніңіз қалай?

Бас мүфти қыбыжықтай мінгірледі.

— Әуелкіде ме?.. Әуелкіде айтқым келмеді. Сосын қызғандым. Жоқ, оны әрі қарай оқысын дедім. Мысалға, Ыстамболға не Бағлатқа.

— Қандай қасиеті үшін?

— Оны енді, би, сізге уақыт көрсетер. Мүсірәлі, сен енді ағанның арқасынан түс. Алла екеуінді қалған уақытта кезек арқаласуға жазсын.

Бұл үшін Мүсірәлі жауап қайырды.

— Алла разы, сізге қасиетті исан!

Ертеңіне қос күрең жегілген қара пәуескеге қатар жайғасқан би мен болашақ пір Нұратаға бағыт түзген-ді.

Үміті алдамапты. Мүсірәлі ақсүйекке тән мінезді жігіт боп толысты. Сөзі, күлкісі, әзілі — бөрі сәуірдің лебіндей жұмсақ. Бір ауыз артық кіді ілестірмеді соңына. Ең бастысы — керекті жерінде бұған іні де, керекті жерінде аз сойлеп, көп ұқтыратын сырлас та, керекті жерінде тап басып күні бұрын сездіретін сәуегейі де. Осының бәрін ол әуелі қас-қабағымен ұқтыруға дағдыланды. Әсіресе таңқалдырғаны — бидің әр сөзінен емес, бетінің әр тал түгінің қыбырынан жап

сарайын қапысыз ұғатындығы. Өзінен аттай бір мүшел жас екен деп бұл да оны бәлсінген сыңай танытпады ешқашан. Қайда, қашан болмасын бірге жүрді, бірге орді. Алғашқы бір-ер жылы араларындағы “қас-қабак арбасулары” сертке бергісіз сенімге, қапысыз ұғысуға ұласты ақыры.

Осыдан бес жыл бұрын он күн ойын-тойын өткізіп, оң жағына отауын тіккізіп, еншісін берді. Ағайындар арасынан күнкіл сөздерді құлағы шалған кезі болды.

“Пірін сыйлағанына сөзіміз жоқ, алайда оң жағындағы орын тұңғышының отауының орыны емес пе ет!..”

Ондайларға ләм-мим деместен сынай қарап, шығарып салудан аспайды.

Міне, қазіргі ертелетіп келуінің жайын іштей әр саққа жүгіртіп отырған бір кезінде пірімен қатарласа әлгі түсқа көз жарыстырған.

Нұратаның қайқан белінің біріне екпіндей көтерілген қылаң торылы сол бағытқа жандық өргізген балаға жолығып, ізінше ат басын тура осы үйге бағыттады.

“Сірә, сенің де күткенің осы шығар?” деген оймен піріне қайыры бір көз қиығын тастаған би жолаушының ат аяғы алысына қарап, кім де болса, алыстан келе жатқандығын топшылады.

Үйге жүз қадымдай қалған шамада қағылез кара жігіт аттан домалай түсіп, бұларға жақындай берді.

—Армысыз, ағалар!

—Бар бол, шырақ.

Жолаушы қамшылы оң қолын кеудесіне басып, бір тізерлеп шокеледі.

—Інім-ай, асыққанда да абай жүрсең етті?.. Жаңа атыңнан құлағанда бір жерің майып болса, хабарынды бізге кім жеткізер ет!?

—Ә?.. Аға, сіз... Оны...

Хабаршыға бір, піріне бір қараған Әйтекенің дауысы толқи естілді.

—Шырақ, түсің күл бол түр ғой. Аттан құлағаныңнан ба? Жайшылық па еді өзі?

—Жай болмай тұр, би аға, — деген жігіттің дауысы құрғакси құмыға шықты. — Жау. Тағы да сол жоңғарлар...

—Сен, қарағым, әуелі бері келіп тамағыңды жібітші. Сосын хабарың өлдебіреудің лақабы емес пе, жөндеп айтшы.

—Жоқ, аға, лақап емес, — деді хабаршы текемет шетіне жете бере, тізе бүгіп жатып. —Растығы алдыңыздағы дәмдей.

Ол Рухия ұсынған шара көздегі шұбатты дем алмастан төңкере салып, маңдайынан шұбырған терді оңі тозған жейдесінің жеңімен кезек-кезек сүрте отырып, үзіп-жұлып баяндауға көшті.

—Аға, бәрі рас. Шұбалаңбаныз. Қарғалының аржағында бас құрап жатқан көрінеді қалмақтар. Ханы Қалдан мен қолбасшысы Сыбан көрінеді. Сірә, екеуі екі бағытта шаппақ қазақтарды. Жинайтын қолының шамасы да белгілі. Екі түменнен кем соқпайтынға үксайды. Сыбаны Сайрамға шаппақ та, ханы Керминеге дейінгі аралықтағы қазақ ауылдарына ат қоймақшы. Үйткені, Кермине мен Нұрата аралығындағы қазақтар жұттан біршама аман қалды десетін сияқты.

—Ал, қарағым, дәм ал, — деді лезде жүрегінің басы кілкіп шыға келген би барынша сабырлы көрінуге тырысып. Сосын мына хабардың шындығына шұбасы қалмаса да пысықтай түсті. —Сонда Қалдан мен Сыбанның қасына қонып шыққандай ғып бұл хабарды жеткізген кім?

—Аға, мен осы жағдайды хабарлаушы үшінші адаммын. Екеуі жолда аты зорығып қалды. Ал, алғашқы хабаршы — сол Қалданның есігінде жүрген күннің

баласы. Бейбақ әйел қазақтың бір кездегі қалмаққа қолды болған қызы көрінет. Сірә, хабарға шапқан жігіт іште кеткен баласы, менің ұғуымша. Ас-суын әзірлеп, кіріп-шығып жүрген сорлы осы жайсыз әңгімені естісімен баласына: “Олсем, түбі туған жерімнен бір уыс топырақ әкеліп саларсың тым құрыса. Кеуденде жаның болса, күс боп үш. Хабарла қазақ ауылдарына” депті баласына. “Олсен, тым болмаса, сен азат жүріп өл” депті сосын. Шудан аса бере қазақтарға айтысымен, аты зорығып өліпті жігіттің. Одан кейінгі кісі де сенімді. Айтпақшы, әлі әйел баласына “кеуденде шыбын жаның болса, Нұратаға жетіп құла. Ондағылардың ішінде Әлімдер нағашың болат депті. Сосын сіздің атыңызды айтыпты. Жақын нағашыларың деп. Хабарды қалайда соған жеткіз депті. Сорлы бала аты зорығып, өзіне де күн өткен бе, аузы-мұрнынан қан кетіп, қазақ ауылына шаққа аяқ іліктіріпті. Сосын бізге жеткен хабаршыға “қазақ жеріне бір тұяқ іліктірдім ғой, енді күс боп ұша алмасам да, қоңыз боп жорғалап-ақ жетем қалған жерге” депті. Айтпақшы, ұмытып барам екен. Қалдан мен Сыбанның қолы бүгін не ертең бері қарай окше көтереді әлгі баланың айтуынша.

—Бүгін... Не ертең... Бүгін шықты дегенде, тоқтаусыз жүргенде қанша күнде жетуі мүмкін?

—Әрі кетсе бес күн шамасында шаң көрсетеді.

—Бес күн... Иә, тоқтамайды олар... Ендеше тұралық. Ендігі керіліп-созылуымыздың соңы... Құдай бетін аулақ қылсын!

* * *

Айналасы шай қайнатым шамасында Нұратаның үлкенді-кішісі аяқтарынан тік тұрып, мешіт пен медресенің және намазғактын төңірегіне сыймай, ұнар басын жел шайқаған ну кайынша дүрлігіп кетті.

Тегіс қосүрей: абыр-сабыр, гу-гу талқы. Қариялар мен мосқалдардың жүзі түндіктей түнерулі. Жастардың баққаны — солардың қас-қабағы мен аузы. Қорқудан горі аңтарылған жалтақтаулары басым. Ойтпегенде қайтсын, бұлардың көбі жоңғар дегеннің атын естігендері болмаса, әлі күнге бетпе-бет келіп көрмеген сарыауыздар.

Осыдан бес жыл бұрын, Тәуке таққа отырғаннан кейінгі көктемде қазақ жасағы тым тайрандап бара жатқан Шу мен Талас аралығындағы жоңғарларды Түргеннен әрі асыра түріп тастаған жорыққа біраз қол қосқаны болмаса, бұл төңірекке қалмақ атаулының аяқ артпағанына кемі отыз-қырық жылдың о жақ, бұ жағы.

Нұратаның “мен қайдамын” дерлерінің төрт көзі түгенделген шамада Әйтеке намазғақ алдындағы, әдейі осындай жиынға арналған михрабқа көтерілді. Кеу-кеу, гу-гу лезде сап тиылып, баршаның назары оған ауды.

—Оу, жамағат! — деді бидің дауысы төңірекке тегіс естіліп. —Салқам Жәңгір мен Жалаңтос баһадүр бастаған қазақ жасағынан шылпарасы шыға жеңіліп, қари басын жұтқан Батыр қонтайшыдан кейін тап осы төңіректен ғаскері түгіл тұл жамылған барымташы-сарымташы қара қалмақ та, күба қалмақ та қара көрсете қоймаған-ды. Терістігіміз бен машырығымыздағы біраз атаконысымызды саржамбас қығаны аздай қара қалмаққа тағы жел бітіпті. Ит үрмес, ат теппес деме деген осы. Әлпеттері теріс. Қалдан мен немере інісі Сыбан екі сала — екі бағытпен бері қарай жасақ бастапты. Жансақ естімесем, Сыбанның беті — Уғам, Бадам, Сайрам. Ал Қалдан Бошақты Нұрата төңірегіне жетпей ат басын ірікпейтін сынайлы. Оның көкейі белгілі. Бұрнағы жылғы қабағаттан біршама шарбы маймен

шыққан осы Нурата төңірегінен сүбе асамақ. Мен білетін Қалдан болса, біздің барымызға да тояттай қоймас. Одан әрі асып Самарқанға дейінгі аралықтағы қазақ ауылдарын ақсүйек қып шықпай тынбайды. Бүгін Қалдан дегенінен шықса, мағырыбымыздағы құба қалмақ та жон арқасын дүрдітіп шыға келмесін кім білген. Ұяласы үрсе, екіншісі жалын күжірейтпеушімет! Сондықтан қара қалмақтың жолын бөгер қандай амал бар? Не істейміз, жамағат? Қандай ақыл қоспақсыздар?.. Иә, олардың бізге қарай ат қояр күні бүгін не ертен. Егер бүгін шықтыға есеп жасасак, олардың бізге қара көрсетуіне бес тәулік шамасы бар. Оған дейін біз қандай шарғы жасай аламыз?..

Би осыны айтып, демге жұрттың аужайын күтіп қалды. Жиналғандар арасындағы күбір-күңкіл жамырап барып қайта тына бергенде, әлдебір жігіт ағасының дауысы әлі де ыстық тығыздай қоймаған таңғы шыңылтыр ауаны тылғілей естілді.

— Сонда олар өзі қанша екен?

— Ханның соңында да, қолбасшының соңында да бір-бір түменнен.

— Аз екен!

— Сүбқан Алла-ай, не дейді!

— Қара құртша қаптап келеді десең-ші!

Толқу ғана емес, көпшілік талқысында үрей басымырақ екені анық сезілді. Бұдан әрі үнсіз кідіре беру біржолата үрейге ықтияр алдыру екендігін түсінген би жөпелдемелете, ауыл үлкендеріне салмақ сала сойледі.

— Тереңге әуелі малту білмейтін батпайды, шарасыз батады, ағайын. Тон жағасыз, ауыл амал табар ағасыз болмайды. Осында біраз ауыл ағаларының тобесі құралыпты. Әуелі соларға құлақ асалық...

Ентелеп келе жатқан жаудың әлден пысы басып, әлі де естерін жия алмаған ба, әлде бәрібір тоқетерін бас би айтатынына біржолата мойынсұнғандары ма — алқалы жиын арасынан “сөйте қоялық” дерлік ешкім шыға қоймай, бар салмақты бұған артқан сынаймен сынай қараған жанарлар түс-түстан шаншылыпты. Соны растай, айғақтай түскісі келгендей мұның жанындағы хазірет Сәлім қажы қайта-қайта тамағын кенеп алға ұмсынды.

— Уа, жамағат! Көптің ақылы — қол. Көп пішсе, кем пішпейді. Бірақ кімнің кім екені әр уақытта емес, тар уақытта безбенге түседі. Сондай кезде бірі қолге, бірі шөлге тартып кететін кездер де аз ұшыраспайды. Қолін де, шөлін де көріп алалық дейтін уақыт тапшы. Қосарына да, аларына да кейін уәждесерміз. Біз әуелі Алаш биін тындап алалық. Ол не айтса да бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарудың һамалын қарастыралық!

— Жөн-ақ, хазірет!

— Алла нығымет берсін сөзіне!

— Байлам сол болса, малтамызды езе бермей биді тындалық!

Әуелі әлеуметті тындап алғысы келгенмен, енді әркімнің ауызына бір жалтақтаудың текке уақыт заялау екендігін ұғып, ашық үнмен, байламы бұйрықтай естіліп, әп-сәтте дүйім жұртты өзіне ұйытып әкететін дағдысымен сөйлеп кетті.

— Ағайын, жаңа айтқанымдай, жоңғар біздің аймаққа аяқ артқанша бес тәуліктей шақатымыз бар. Бұл — біз кем дегенде үш күншілік жерден қол жинап алуға мүрсатымыз бар деген сөз. Әуелі ауыл-аймақты жедеғабыл көшіреміз. Бағыт — Самарқан. Өнгеміз жау тосқауылына қаламыз. Еркек тоқты — құрмалдық. Ер басына күн туар, бірақ ел басына, еншалла, күн туғыза қоймаспыз. Тап қазір елу-алпыс бағытқа аты сайлы жаушы аттандырамыз. Құлақтанған жерлерге одан

әрі жаушы аттандыруды тапсырамыз. Айдарқол, Тамды, Кенімын, Қызылшалы, Қыз-Бибі, Жыланды әулие, Маржанбұлақ, Маханқол мен Қызылтөбелерге хабар түс ауа жетеді. Қошті Самарқанға дейін кідіртуші болмалық. Жау шаһарлы жерге таяу баруға төуекел ете алмайды. Есебіміңе, қош межелі жерге жеті-сегіз күн шамасында жетіп жығылады. Сонда біз әлгі хабар жеткен жерлерден жиналған қолмен жауды кем дегенде үш-төрт күн бөгей тұруымыз керек. Оған дейін жау жете алмастай боп қош мойыны ұзайды. Жаумен беттесер жеріміз – осы, Нұрата жазығы. Бұған не алып-қосарларыңыз бар, халайық?

Жұрт тым-тырыс қалпы демдерін жұтулы. Би олардың әлі де жасқаншақтай тайсақтап, “мұның соңы неге соғар екен?” деген дұламалды екендіктерін сезді. Сезді де бұл жолғы сүргіннің қарабасы үшін де, мынау жалшақ жұрт үшін де сындарлы шақ екенін түсінді. Яғни, бүгін сендіре алсаң, ертең сол сенімнің үрдісінен шығуың керек қалайда. Өйтпеген жағдайда... Ауру батпандап кіріп, мысқалдап шығады, абырой мысқалдап кіріп, батпандап шығатыны секілді мына іс өзін не бүк, не шік түсіретіні кәміл. Екінің бірі: бұдан кейін мына жұртқа не Әйтеке жоқ, не Әйтекеге бұдан кейін мына жұрт жоқ. Демдік сөтте ой-қиырды кезе жорытқан желқұйын ойын топ ішінен қапсағай қара жігіттің жебедей қадалған сауалы бұзды.

–Сонда әлгі межелеген жерлеріңізден қанша қол жиналады деп ойлайсыз?

Бидің ойлануға, бөгеліп кібіртіктеуге мүрсаты қалмаған-ды. Ойткені, ендігі әр бөгеліс, әр шұбалы сөз өзіне деген күдігін ғана қаулатып қоймайды, мына дүйім жұрттың онсыз да ұлпа қауырсындай салмағы қалмай тұрған үміттерін біржолата желге ұшырарын білді де, неғұрлым тез, неғұрлым сенімді тіл қатуы ғана көздеді.

–Қазақ ауылдарымен қоңсылас қырғыз, қарақалпақ, өзбек ағайындар түгел шылбыр салысса, төрт оқтың о жақ, бұ жағы.

Байқап тұр: кейбіреулердің түсі бұрынғыдан да қабартып баратса, кейбіреулері “соншама жауға төрт мыңның қауқары қайдан жетсін, бұл дегенің есіл боздақтарды көрнеуқоз қанқасапқа айдау ғой” дегендей күңкілдесе талқылап жатқаны сезіледі. Қалай болғанда да олардың сарабы сан сақта. Тек бірді көп болып талқылау қандай оңай болса, көп болып бірдің ой топшалауы неткен қиямет!

Көпшілік бұрын өзін екі айтқызбайтын: жай сөзін жады тұтып, уәлі сөзін ұлағат тұтатын. Бірақ оның жөні басқа кезде. Мына тағдыр талайының безбенге түсер шағында кімнің аузы қалай қисаярын Алланың өзі мен ерекше жаратқан әулиесі болмаса... Қалай десең де бұларға мынадай данданай сөтте өзінен-өзі жүнжіген, өзінен-өзі дал болған бос белбеу би емес керегі. Бүйтіп әркімнің аузына бір телмендей берсе, көзін түгіл көмейіндегіні көріп тұратын мына жұрт “мен алайын, сен салға” ұрынып, бет-бетімен лағатынын жорамалдап, төуекелге тас бекінген-ді. Алайда, аузын ашып үлгермеді. Топ ішінен бір кексе адамның үні баяу шыққанмен, анық естілді.

–Сөйле, Әйтеке! Іркілме!

Би топ ішінен оны тез тапты. Баяғы әкесімен көрші тұрып, талай жыл үзенті серік өткен Қосуақ бидің үлкен ұлы екен. Бүгінде шау тартып, көрші ауылдағы келін-баласының қолында тұрат деп еститұғын.

–Сөйле, би! – деді ол қайталай түсіп. –Мына жұрттың құлағы да, көзі де сенде. Көмейіндегіге де қарсы шықпаған жұртын бұйрығына да қарсы шыға қоймас. Пәрмен ет! Сырласатын кезің – басқа. Бұл – пәрмен ететін жерін!

Қарияның сөзі көптің шешімі емес, үкімі мен бұйрығы ескілді әсер етіп би көмейін кенеді.

— Уа, қарындас қауым! Алаш бегі пәрмен етуші емес. Пәрмен етуші қашанда халық. Мына сіздер. Алаш бегінің құзыры соны басқаларға құлағдар ету ғана. Бүгін сіздер екі тізгін бір шылбырды маған ұстатқан болсаңыздар, сіздердің мархабаттарыңызбен пәрмен етуге ұрықсат етіңіздер!

— Айт, би! Ұрықсат!

— Сенің қолыңнан пәрмен алар ешкім жоқ!

— Жаудың аяғы астында абыройымызды төккенше, сенің пәрменіңнен шейіт кетуге біз пейіл!

Көптің пейілі ұшса қанат, қонса құйрық бергендей бидің үні мығым, сенімді естілді.

— Бисмеллаһір рахманір рахим! Қазір, тап қазір алпыс жаушы аттансын! Аққан сумен, ескен желмен алпыс аймаққа хабар жеткізсін! Алпыс аймақ алпыс тарапты құлағдар етсін!

Қолына бес қарудың бірін ұстай алатын он сегіздегі бозбала мен пайғамбар жасының аралығындағы еркек кіндік түгел атқа қонсын!

Жаракты жасақтың барлық жұмысына жергілікті билер мен ұлыс бектері, ауыл ағалары жауапты саналсын!

Тақым артар аттары жоқтарды мініс көлікпен ауқаттылар ақы-пұлсыз қамтамасыз ететін болсын!

Хабар тиген жерлердегі миясарлар мен ұсталар құрал-саймандарымен тез арада Нұратаға жететін болсын!

Барлық құшыныштар, оташылар, емшілер мен бақсылар майдан даласынан табылсын!

Жорыққа кіндіктен жалғыз, үйленбеген немесе әлі баласы жоқтар алынбасын!

Бір атадан туған екеудің бірі, үшеудің екеуі, төртеудің үшеуі жасаққа қосылсын!

Бір атадан тараған бес пен он аралығындағы ағайындылардың екі азаматы жасақ міндетінен босатылсын!

Таң рауаны білінісімен хабар жеткен жерлердің бөрі Самарқан бағытына көш түзесін!

Осы мекеннен көшкендердің тамдары түгел көрік-ұстаханаларға айналсын!

Жау бағытындағы күншілік жерге ақсүмбелер қойылсын!

Жасақтың азық-түлігі ауқаттылардан жиналсын!

Бұдан басқа hareketіміз Аллаға сиынған һамалымыздың барысында ауыл ағаларымен, батырлармен ақылдасылып шешілсін!

Би сөзін тәмамдап, екі-үш адым кейін шегінді. Оның орнын алмастырған хазірет:

— Уа, халайық, бөрі ұғынықты ма!? — деп сұрады.

— Ұғынықты!

— Ұғынбайтын не бар! Енді іске кіріскен ақыл! — десті түс-тұстан кекселер жағы.

— Онда ақ жолымыздағы ғадауат майданымызға әуелі Алла, сосын Мекеде

Мұхаммед, Ясыда Қожа Ахмед, Бұқарада Баһаудин, жар болсын!

Нұрата төңірегі тітіркене күңіреніп тұрды!

— Алла жар!

— Алла жар!

— Алла жар!

Хазірет қос қолын хакка үмсына, кеудесінен жоғары көтере Жаратқан Ие мен Мұхаммед Саллаллаһ Алейһи Уассалам атына бағыштаған мадақ пен жәрдем сұраған “Сөжде”, “Пайғамбарлар”, “Мұхаммед”, “Жеңіс”, “Күдірет” секілді сүрелерден ұзақ-ұзақ киелі аяттарды қирағаттап, барша жұрт “Әумин!” деп бет сипасымен соғылген бұлтша ыдырап, әркім өзіне жүктелген міндетке асықты.

Сүт пісірімге жетер-жетпесте сауын хабарын тағы бір пысықтап алысымен, қосікті жарау мінген алпыстан астам жаушы түс-түсқа жұлдыздай ағып бара жатты.

Нұрата маңында отыз-қырық жыл мәурітінде ұшыраспаған нағыз алас-қанас, қиян шабыс басталды.

* * *

Екі сөзінің бірін Аллаға бағыштап, жәрдем-қуат сұрап жалбарынған шалшауқандар мен бата-шаға, катын-қалаш атаулыны қойшы-қолаңға табыстан, ұлан-шулап, ұбап-шұбаған қошті ертеңіне таң бозында Самарқан бағытына бағыштаған Нұратаның өңшең еркек қосқа айналғанына бүгін екі тәулік. Медресе, мешіт пен намазғаттан басқа қыш пен күйген кірпіштен салынған үйлерінің бәрі корік пен ұстаханаға айналған. Мұржаларынан, есік-терезелерінен будақтаған түтін күндіз-түні саябырсымайды. Ұйқылары қашып, ыстық пен түтінге қанқылиталған жүздері қара қошқылданып кеткен миясарларды тап қазір катын-балалары мен туған әке-шешелері де танымастай жағдайға жеткен-ді. Жыңғыл, жиде, сексеуіл, қарағандарды лаулата жағып, корікті күс-күс қайнатқан олар қылын соғып, найзаға ұнғы, садаққа жебе, айбалтаға темір шыңдап мігір ташпауда. Бірді-екілі сауыт тоқып, кіреуке тігушілер де ұшырасты. Окіншітесі – ондайлардың ошанда біреулігі. Қолына іліккен темір атаулыдан балқытып айбалта, қылын соғушылар қатары сәтге көбейе түсті. Тандыр қазыл, шыж-быж қорғасын ерітін, ыстық табамен бытыра илеушілер де табылды. Тек соған мылтық пен дорісі қасқалдақтың қанындай аз боп шықты.

Айната қаумалаған тау етектерінен қайың мен терек кесін тасушы арбалылар өрлі-берлі сабылып, ағаш ұсталар найза сап, айбалта сап жонып, жонарқалары сығып алғандай терге малшынода.

Әйтеке ауылдағы осы жұмыстардың бәрін Қараға тапсырып, өзі қасына Мүсірөліні, қарақалпақтың “қос қоңыры” – Қойшым мен Қожамқұлды және осы ауылдың ертеңгі сында ерқараға айналды-ау деген үш-төрт қарулы жігітін ілестіріп, Нұратаның ішкі шатқалдарын, оң қапталдағы Ақтау мен Қазықұрттың еніс-дөңістерін, сол жақта күлге аунаған көрі атандай шөгіп жатқан Қызылшанының биік-биік белестерін сүзіп шықты. Өзінің долбары қисынға қонымды секілді. Жау тек қана Нұрата жазығымен келіп күлайды. Айнала тау қоршап түбектеніп жатқан жазық ентелей келген жауды ішке ендіріңкіреп алып, үш жағынан лап қоюға аса оңтайлы. Әттен, келе жатқан жаумен шамалас мөлшерде қол жиналса ғой... Жан-жақтан қоршап алып, біржолата шылпарасын шығара талқандайтын-ақ түс. Әттен, ондай сәт қайда! Уақыт тар, мүрсат ташшы. Жәуміттерді не заманнан бері бір күні түре қуып, бір күні өздері бері қарай түріле дүрлігіп жататын сонау қиырдағы қалың Алайды айғып ауыз ауыртпағанда, күнара естекпен бір, күба қалмақпен екі көкпар тартысын, қызыл жағасы шығып жататын Сыр мен Жайықтың бергі бетіндегі Он екі ата Байұлының ауылдарына хабар жеткен күннің өзінде бір айдың мүғдарынсыз қол келуі екіталай. Ендеше, енді қалғанын таланына жазылғаннан көріп алмақ.

Бүгін бозала таңнан бұлар келер, жиналар жасақтың молшерін қай тұсқа орналастыруды көздеп қара кешке дейін тақым суыптастан тау қойнауларын кезумен жүрді. Екінді шамасында ақ сорпасы шыққан аттарын сипай қамшылап ауылға таяп қалған. Мүсірәлінің ат үстінен мойын соза алға үмсынғанын көріп, бұл да сол тұсқа көз жітілеген. Қызылшалының жатағандау жоңынан асып, ауылға бағыштыған ауқымы әжептеуір қолды бірден байқады. Соңында шұбалған арбалылары мен бос шұбырған қара малы да едәуір ауқымды көрінеді.

—Жақын маңда осынша қол ілестіретіндей кім бар еді?

—Кемі екі жүз қаралы мынау.

—Сондарындағы сойыс малдарының қарасы да бірталай сияқты ма...

Бұлар қысқа-қысқа жорамалдасқанша олар да байқап қалған екен. Оңгесінен қара қасқаның кеудесін оздырып келе жатқан еңгезердей біреуі кейінгілерге ауыл жақты сілтеп белгі берді де, өздері үш-төрт атты боп бері салды. Ара қысқарған сайын қара қасқалылының батар күннің нұрымен сәулеленген сауыты, қақырайған қола дуылғасы жалтылдап, өзінің үйелмендей бітімі айқындала түсті.

Үзенгі қағысып келе жатқан Мүсірәлінің иығы бүлкілдеп ал кеп күлсін. Би оның бұлайша текке күлмейтінін білгендіктен өздеріне туралап келе жатқанға шаншыла түсті.

—Таныдыңыз ба, аға?

—Сенейін бе, сенбейін бе!? Мынау асайын-мүсейінін асынып келе жатқан Үркін болмаса неғылсын!

—Озі!

Артта келе жатқандарды да “шайтан күлкі” қысып мырс-мырс етісіп, мыскылдаса бір-бір тіл қайырысты.

—Сабазың бес қаруын түгел сайлапты.

—Бұның да жауға шабарлығы бар ма ет?

—Арғы аталарымыз шетінен батырлық өтпегендер деп жүретінін естуші ем. Мынадай қысылтаянда солардың әруағы қонған да...

Жал-құйрығы төгілген көсіктей қара қасқасын көстендете желіп, таяп қалған Үркіннің тоқпақтай қырықпа жирен сақал-мұрты, жалқын сары шара табактай жүзі қабат-қабат киімнің сыртынан сауыт кигендіктен барлығы терге малшынып келе жатқаны да аңғарылып қалды. Және бір танқаларлығы – жастайынан ерте толысқан оны мына сауыт-сайман мен бес қаруы орасан тұлғаландырып жібергендігі. Әсіресе алыстан көрген жау оны соңына ұбақ-шұбақ қол ілестірген сардар не алдына келгенді айбатымен, қарсы келгенді қайратымен үгіп жіберер жойқын батырлардың бірі деп қалары көдік.

Бидің де езуінде ызғын кекесін ойнап өтті де онысын тез жиып ала қойды. Ана жолы Серғазы мен Орбұғының шабына ши жүгіртіп, өзіне қарсы жауқабактандырып қойғанына кіді алып жүргенмен, мынадай жағдайда жасақты жарағымен алғашқылардың бірі боп жеткеніне іші жылып сала берген-ді.

—Ассалаумағалейкум!—десті Үркіннің жанындағылар жақындай бере бір дауыстан.

—Армысындар, батырлар!

Бидің “батырлар” дегені ең әуелі Үркінге сауыты үстінен тағы бір тоғыз қабат кіреуке сауыт кигізгеннен бетер арқаландырып сала бергенге үқсайды.

—Алла жар, Әйеке!—деді өзіне сенімді үнмен қоқырая түсіп. —Естідік. Келдік. Тек ендігі ісімізге Алла хош десін! Ақкетенің жарақты жасағы отқа салсаң да,

суға салсаң да ырқында. Тура сайдың тасындай екі жүз аламаны алдында. Өзім іріктедім. Шаршы топтағы дауда таныла алмасам да, жан алмақшы жауда танылармын, еншалла!.. Ертауылдығыңды* бермессің, сірә да. Сұрамаймын да. Бірақ, жиеншар, ертеңгі алыс-жұлыста мына жасағымның отамандық** ырқын өзіме қалдыр.

Қай ру қай рудан қыз алмай жатыр. Тортқара мен ақкетенің де өзара құда атанысып, “күйрык-бауыр” жескендері аз болмас. Тек соның қайсысынан қуыл оның өзін “жиеншарлайтыны” Әйтекеге беймәлімдеу. Әйтеуір кездескен сайын ол “жиеншарлап” тұрған соң, бұл да “нағашышарлай” салып, өзілдесетін кездері ұшырасатын.

—Нағашышар, ертауыл болатын да, отаман болатын да еркек кіндіктер табыла жатар. Екіталай сөтте ақыл қосар сенімді кенесші табыла бере ме! Сен, асылы, менің жанымда-ақ болсайшы!

Үркіннің малшына тершіген жалқын сары оңіне лан етіп қан жүгірді. Яғни, бидің көпшік тастай сойлеген сөзі жанына жаққаны. Табанда жайылып түсіп, шаруа жайын баяндауға көшті.

—Өз табынымнан екі дүниеде сұраусыз деп елу сарбазға ат мінгіздім. Бұл — бір. Өз ақыдал малымнан сойысқа елу қара қостым. Бұл — екі. Сарбаздарымның ат-көлігі, шатыры мен қосы, қару-жарағы сайма-сай!

Міне, Үркін дегенің — осы: орайы келсе, обып алады, ниеті түссе, тай орнына атан түйе мінгізе салуы да ықтимал. Пейілі тарылса, басына “мыстан таяғын” ойнатып, жымысқыланса, шайтанның өзіне шарық кигізуге әзір. Әлгіде ғана бетегеден биік, жусаннан аласа боп тұрып, аяқ астынан одыраңдай орытқып, оспадар қылыққа басқанда аза бойынды қаза тұрғызады. Тілі де кедір-бұдыр: бірде — мақпал, бірде — у. Бірде асырып-сапырып сойлесе, бірде апырып-жапырып істейді. Бірде бір кебісті бір кебіске сұғып, ауыл-аймақты алатайдай дүрліктіріп, бақсының моласындай жалғыз шошайып жүргенін көрсен, бірде асығы алшысынан түсіп, маңына ұбап-шұбап ел қонып жатқанын көресің. Билікте де сол: бірде ағынан жарылып аққа ұйыса, бірде шалыс басқанын біле тұра, кірпігін қақпай безеріп алғанын көргенде маңынан безіп кетердейсің.

Кешелі-бері жақын деген жерлерден жиырма-отыздан, он-он бестен сарбаздар топталып келіп жатқан-ды. Солардың ішінде молырақ шылбыр қосады-ау деген сардарлар мен аламандардың алдын орап, сонау Жылаңдыдан мынадай алас-күлесте екі жүз қолымен жалауын желпілдетіп жетіп келгенде, әрине, оған деген көңіліндегі мұздың бетіне қызыл су жүргені анық. Әйтсе де, ішін бермеді. Ойткені, көңілінді берсең, жаныңды сұрайтын Үркіннің мінезі өзіне қанық. Сондықтан:

—Жөн-ақ екен, — деді аса құлап түспей.

Аламандардың бірі онымен құрдастығын базыналап, өзілдей бастады.

—Үреке, сауытыңыз бен дуылғаңызда мін жоқ. Тек айбалтаңыз бен қылышыңызды соққан, садағыңызды иген миясарыңыз көк инені көтінен түрте білмейтін қатынның көктегені секілді олпы-солпылау ма, қалай?

Үркін оған қолды бір сілтеді.

—Сендер не білуші еңдер. Менің бесінші атам Сәңкібай осындай алас-қапас жау келерде жасатып, осы қарумен жекпе-жекте бір орында жаудың жетеуінің көлләсің қиған. Киелі қарудың қызығын көргің келсе, ертең менімен бірге майданға бірге түс!

* Ертауыл — мыңбасы.

** Отаман — жүзбасы.

Бұлар белдерін жазып, аттарын жетектесе, ауылға қарай аяндаған. Жанағы билің “кеңесшім бол” деген сөзі Үркінге едәуір жел беріп тастаған секілді. Әйтекеге ертеңгі шайқас жайында “ананы бүйту керек”, “мынаны сойту керек” деген секілді “кенестерінің” бүйрегін бұлғита бастады.

“Бүйтпесе, Үркін бола ма!” – деді би ішінен. – Күні ертең Құдай онғарып, жаудың бетін ары қаратар күн туса, кейін оның “Жоңғармен жанкешті соя ұрыста...”, “Мен Әйтекеге бас кенесші болғанда...” деп басталатын небір әңгімелерінің талай уақыттар талай үйдің түндігін желпілдетері кәміл...”

Одырандап жүріп, жау арасына арандап қала ма деп мұның өз жапына ұстағысы келгенінде оның шаруасы қанша!

Ауыл шетіне аяқ ілігер шамада бұлардың өлдебір қыбырлаған немеге көздері арбалды. Кішігірім шәмеледей бірдеңе қыбыр-қыбыр, жыбыр-жыбыр. Жүк артқан есек дейін десе, жанында адамы жоқ. Әйтеуір алға қарай қыбырлап бара жатқанына қарап тірі мақұлыққа ұқсатасын.

Аламанның бірі атын тебіне озып барып найзақап секілді дәу бірденені көтеріп кеп алды. Астынан шыға келген, сақалы омырауын жапқан бір қария бүгежектеп, белін жаза алмай кирелендеді де қалды. Сөйтсе, осы ауылдың емші-оташысы Әмірқұл қария. Бойы бір тұтам неменің мынадай өйдік найзақапты қалай көтеріп келе жатқанына көзіңмен көрген сон қайтіл сенбессің. Бұлардың жамырасқан сәлеміне ерінінің ұшын жыбырлатты да, көзін алақанымен көлегейлей, шығыс бетке нұры тайған жанарын ұзақ қадап барып күрсініп салды.

–Ой, жалған-ай! – деді қос алақанымен бүйірін сүйей, белін жазып жатып. – Қайран Нұрата-ай! Сен де ертең жау табанында қалармысың!

Үркінге ұшырасса, шайтан да белқұдасы атанып шығар еді. Мына қарияны танысымен кеуделей жөнелді.

–Оу, жездеке, жау қарасы көрінбей жатып, қара аспанды тәндірме өйтіп! Сендей сарнауық жаман шалға тиіп жүрген апамда ес жоқ! Мынау не, жау шаптылап жатқанда бок қоңызша сүйрелеп жүргенің?

–Е-е, сен әлгі Үркінсің-ау, шамасы? – деді шал өнтек жымылып. – Көпсініп жүргенің апаң болса, кетті ғой, әне Самарқан асыл. Со жақтан алып кал, түге! О несі-ей! Сен мені бок қоңызға теңедің-ау, ә?.. Ертең көрермін. Жаралансаң, жарана боғымды жағар ма екесін. Бұл дегенін дәрі шөп, қарағым.

–Сонда бұл не шөптер?

–Тергендерім бе? Қарандыз, жалбыз, көкешкінің жапырағы, рәушч жапырағы да бар, жабайы сарымсақ та пайдалы. Дермене, аққулақ, қарақас – бәрі ертең жаралыға таптырмас уыт қой. Жарпоздың жапырағы жаралыға мың да бір ем. Сәті түсіп табыла кеткенін көрмеймісің бөрінің де. Бұл Нұратада киеннен айналайын не жоқ дейсің. Баяғының адамдары “алпысқа келгеннен ақыл сұрама” дейді екен. Сексенге келген менде есектің миы жүрсін бе! Әлгі кемпірге кетерде осы ауылдан көп қылып жібек жіп жинап бер деуді ұмытыппын, қара басып.

Жібек жіптің қай қалеге асарын білмеді ме, әлде “жездесін” тағы бір қағытып қалғысы келді ме, Үркін оны “шымшылай” түсті.

–О неге керек? Не, соғыстан соң апамызға жібек дамбал тоқып апармақ па ең? Әмірқұл қызарған көз қиығын Үркінге жанай тастап, тағы өзімен-өзі сөйлеп кетті.

–Ей, шырағым-ай, кескен қылыш, тескен найзаның орнын жібек жіппен тіклегенде, мына боз жейдемнің тінімен тігемін бе! Ой, дүние-ай, тек есіл ерлерімнің денесіне жылан бауыр қылыш тимесін деп тіле. Әне, соның орынын етіңнен ет

кесіп жапсырмасаң тіге алмайсың. Қара есектің жалын, ақ киіз дайындап қойдым. Екеуінің күлі қосылғанда қанды тиюға мың да бір ем. Тарамыс пен ине жеткілікті. Әттең, сормакта аздау. Көкнәрім де біршама бар. Әлгі өзбек ағайындар өрік майын береміз деп еді, барып алмасам болмас, өздері әкеп берер деймісін... Ие-е, сормакта да бір табылса, солардан табылады екен-ау...

Осы кезде жандарына Қара келіп жеткен. Әйтеке оған:

—Мына секілді емші-күшыныштарға бір атарба бол демеппем, — деді.

—Өздері ғой, арбаға салсақ, дәрілік шөп жаншылып, езіліп қалат деп жаяу арқалап жүрген. Әне, қасындағы көмекшілері де жаяу арқалап келет. Бұлар өз дегені болмаса, қоне ме басқаға?

Қараны енді аңғарған Әміркүл:

—Әй, Қара шырақ, әлгі келет деген оташыларың әлі жоқ па?—деді.

—Келді алды. Әне, ана шеткі үйге жайғасып жатыр.

—Е, бопты. Күдай жарылқағырлардың ертең қолдары жеңіл болғай!

Қария өзімен-өзі күнкілдеп сөйлеп, бұларды тарс есінен шығарған күйі найзақабына жабысты. Аламанның бірі оны лып етіп көтеріп алып, соңынан бүккөтей ілесті.

Үйлердің жандарындағы кермелерді біраз ат қамап қалған екен. Ауыл іргесінде жүгендері бастарына түрулі, жайылып жүргендерінің де қарасы әжептеуір.

—Келушілер көп пе?

—Мақанкөлдегі қаратамғалардан жүз, қалған ауылдардан отыз-қырықтан келіп жатыр. Ұзынырғасы бес жүзден асты-ау дейім. Негізінен келетін күндері ертең ғой.

—Келгендерді қалай жайғастырдыңдар?

—Бәрі миясарларға көмектесіп жатыр. Малдары сойылды. Ас-суларын қамдауды осындағы өзбек ағайындар мойындарына алған.

Би ымырт қалғығанға дейін сарбаздар жайғасқан костарды аралап, жай-жапсарға қаныққанда қолқасы суырылып, жүрегі жидіп жүре берді. Шетінен тұттай жалаңаш десе болғандай: бадана, кіреуке, сауытты айтып ауыз ауыртпағанда, көбінде жөні түзу найза мен қылыш жоқ. Көбінің қолдарындағысы — шокпар, құрық пен сырық. Жейделерінің жеңін түріп, бастарына орамалдарын шарта байлаған мауыздай-мауыздай жігіттер күні ертең бес қаруы сай қалмақпен қидаласуға емес, құдды, түн жамылып, көрші ауылдан қыз алып қашуға келген желокпелерге көбірек ұқсайтын.

Ләм-мим тіл қатпаса да бидің қас-қабағынан райын ұғып тұратын Қара:

—Найза мен қылыш жеткілікті болады, — деді қаға берісте. — Жас талдан алты өрім қалқан тоқытып жатырмын. Қола қалқандай қамсауламағанмен, жоқтан тәуір ғой деп...

—Сардарлар ертеңнен бастап аламандардың қанын қыздырып, ғаскер ойындарын жүргізуге кіріссін.

—Әлбетте.

* * *

Ғаззауатқа ғаскер аттанар күні Самарқанның алты қақпасы — Феруза, Ғазірстан, Бұқара, Шарах, Созанғаран, Ахани түгел айқара ашылар еді.

Жоқ, қос уыс беттерінен басқа жерлері темір құрсауға қапталған түмен-түмен қол сол қақпалардың бәрінен емес, жорыққа аттанғанда тек мың бұрам Аханиден ғана шығатұғын. Ақ сауыттары жалтылдап, дуылғалары жарқылдап, өңшең ды-

ғал аттармен төрт-төрттен сап түзеген беттері қақпадан өтін жатқан әлгі қос уыс беттер қандай сұсты, айбатты көрінуші еді!.. Әр мындық қақпадан шыққан сайын кейінгі кезекте тұрғандардың: “Алла жар!”, “Алла жар!”, “Алла жар!” деп үш қайыра тілеген қуатты үндерінен күн күркіреп, найзағай ойнап, құдды аспан қақ айрылып жерге түсердей қандай күдіретті естілуші еді!

Дол сол сәтте мұның күйтақандай жүрегі кеудесіне сыймай ерлікті, өрлікті, жеңіс даңқын аңсағандай тулап, тұла бойы дуылдай бір ысып, бір суып, көзінен ықтиярсыз жас парлап шыға келгенін өзі де сезбей қалар-ды.

Ал атасы... Жалаңтөс мешіт жанындағы тас баспалдақты биік михраб үстінде, әлгіде ғана Жасаған Жаббардан жорықшыларға жәрдем-қуат, рахым тілеп мұзін аспанға әуелете, ұзақ-ұзақ мөдді оқыған Ғабдірәссалам хазіреттің жанында, ертегілерде баяндалатын шапса қылыш, атса оқ өтпейтін Еренғайып құсап бәрінен айбарлы көрініп тұрар-ды.

Ол жорыққа аттанарда Қоқандағы Ақша хан атасы керуен-керуен азық-түлігімен, қару-жарағымен, емші-домшыларымен қопарыла келіп, ақ тілеуіне қоса шылбыр салысар-ды. Баһадүр атасы жеті ағасынан, соның ішінде Ақшадан да еш көмек сұрамайтын. Әйтсе де, әр жорыққа аттанар сәтінде олардың төрт көзінің түгелдігін көрген сайын сұсты жүзі бұлт ішінен шыққан күнше жарқ етіп қалатынын бұл бала болса да анық түйсінетін. Сондай бір жорыққа аттанған сәтінде бұл есін біліп қалған, шамасы жеті жасқа шығар кезі. Ахани қақпасынан ертауылдар бастаған мындықтар лек-лек боп, шаңқай түстен кешке дейін сыртқа лықсып жатты. Бұл тіпті шаһарға осынша жасақтың қалай сиып жүргеніне таңғалумен есі кетті. Кейін білді: жан-жақтан жиналған қол да жауынгерлік мөуріт бойынша, аттанар сәтінде бәрі шаһардан шығуы керек екен. Жорықшылардың шет-шегі жоқ секілді. Атасы болса, тіктігі қарағайдай, еңселілігі емендей боп бүркіт жанарын оларға шанышқан беті бір орында қаздырып тұр. Бұл болса, намазға алдына жиналған топ-топ ақсақалдар мен мосқалдар арасындағы Ақша атасының жеңінен тартқылап, қыңқылдай түседі. “Ата дейім, Жалаңтөс атам әскердің алдына неге өзі түсіп, қақпадан бірінші боп шықпайды?”

“Атаң шайқасқа аттанғанда шеп бұзар мындығымен саптың соңынан шығады. Ал, жауға сол мындығымен бірінші боп кіреді. Жауынгерлік мөуріт, тәртіп солай”.

Бұл бәрібір атасының таудай боп үнемі алда жүргенін қалайды.

Бірде түс ауа медреседен келе жатты. Қарағайдан қиып салынған жаздық зәулім үйдің коленкесінде бұған сонша мейірлене, үңіле қарап отырған атасын корді. Жалғыз екенін көрісімен, оннан енді асса да бойы серейіп, бала жігіттермен еңселесіп қалған бұл оған қарай енесін еметін арда баспақша өңкендей жүгірсін. Өйткені, атасын бұлайша оңаша жолықтыруы сирек-ті. Рас, атасы сонау Үрімнен, Қырымнан, Үндіден, Тибеттен, Бағдаттан, Қашқардан, тағы басқа да бұл естімеген әлдебір қиырлардан үздіксіз ағылып жататын қонақтарды қабылдағанда мұны ұзақты күн жанына отырғызып қоятыны бар. Сол шетінен сызылып сойлеп, иіліп-бүгіліп ыздигандардың сөздерін де бірде бұлдыр-салдыр ұғып, бірде мүлдем мәнісіне бойлай алмай, сарсыла жалығатын кездері де ұшырасатын. Ал, оңаша қалып оған еркелейтін уақыт дегенің атымен болмайтын.

Бұл тайрақтай жүгіріп келіп мойнына асыла кетті.

“Ақылдым-ау, біреу-міреу көрсе, мұның ұят болды ғой!”

Ол мұның басынан тақиясын алып, кекілінен иіскеді.

“Ата! Ата дейім! Қолбасшы болу үшін, батыр болу үшін не істеу керек?”

Атасы үн-түнсіз мұны үйге қарай бастады. Ішке енісімен шынжыр баулы, бума кілттің ішінен күміс балта ашқышты алып, дәу күміс орнек сандықты ашты да, одан алтын зерлі қалың кітапты шығарып бұған ұсынды.

“Әуелі осыны оқы. Зерделеңкіреп оқымасаң, ұғуың қиындау. Сосын төрткүл әлемді қаһарымен қалтыратқан Зұлқарнайды бабаларымыздың қалай жеңгенін айтып берем”.

Кітап – сырты алтын буымен зерленген “Қауыспама” екен. Қызыға, құныға оқып, тәулік бойы бас алмады. Түсінбеген тұстары да баршылық-ты.

Атасымен оңаша диалогтар шак, ақыры, бұған бұйырмады.

Таласқан ағайындарына шетінен қан құстырып, хан тағына жайғасқан Қалдан-Бошақты шынында анасының құрсағынан қан шеңгелдеп туған боп шықты. Көп кідірмей қазақтың терістігінен де, шығысынан да қисапсыз қолмен андыздап қоя берді. Әкесі Батырдың Салқам Жөңгір мен Жалаңтөстің қолынан мерт кеткені жүрегіне шемен боп өскен ол жолындағының бәрін топанша таптап, өртше жалмап келе жатты. Асығыс қамданған Салқам Жөңгір Қалданмен жекпе-жекте қапы кетті. Жасы жетпістің бел ортасынан асқан атасы қайта бел буып, атқа тақым артуына тура келді. Жөңгірдің көзі жұмылмай жатып, төрелердің арасы ірі-тірі боп жүре берді. Әрі тарт та, бері тарт. Алауыз. Сондай бір жолсоқты сапар атасының да дәм-тұзын тауысып кетті. Өзгелерден ат мойнын озырып, желіп келе жатқан атасының басы бұлғақтап, ер үстінде құнысыңқылау отырғаны серіктеріне де оң көрінеді. Әйтсе де, атсоқты жүрістен қалжырап, қалғып келедіге жориды. Тек аты кесе ұшырасқан арықтан ырғып өткенде ғана карт қолбасшы сыпырылып түседі. Сөйтсе, “қалғып” келе жатқан атасы бақи-лық сапарын да ат үстінде қарсы алған екен.

“...Токта!.. Ол бұған бірде... жоқ, бұған емес, алқақотан жанына жайғасқандарға... Әмір, Мұса, Мәлік баһадүрлер бастаған он екі мыңдық қорғаушы жасағы бар Қаршы шаһарын Әмір-Темірдің небары екі жүз қырық сарбазбен қалай жаулап алғанын әңгімелеп еді-ау...”

–Әй-аға! –Жоңғар беттен жөңкіле көшіп, Нұрата үстімен отіп жатқан іргелес ауылдардың көшін Самарқан бағытына жөн сілтеп жүрген Мүсірәлінің жанына келгенін әдепкіде аңғармай қалған-ды. –Әй-аға, өткендегі Акселеу, Қоңырбай, Қаражал қариялар бастаған арғын, керей, найман, албан, суан қолдары келе жатыр. Шамасы мың қаралы. Ертауылы – Жылқайдар батыр. Хабаршысы бұрын жетіпті. Өне, Қыз-Бибінің ана бір атжалынан көрінген қарасын солардың алды болмаса неғылсын.

–Апырай, ө! – деді би сүйсінгеннен даусы өнтектеу естіліп. –Мың қаралы деймісің?.. Осыншама қолмен Тасым да келем деп еді. Неғыл кешігіп жатыр екен?

–Батырдың кешіккеніне қуан деген. Келеді, Әй-аға.

Әйтеке тобылғы торының байпандаған өнімді жорғасымен шылбыр салысқалы келе жатқан аға балалары жасағына қарай салдыртты. Мүсірәлінің үш-төрт күннен бері мініп жүрген тарғыл тарланы болдырып, бүгін ешкінің асығындай маңғұл бозға ауыстырған. Онысы тобылғы торының жорғасына аталақтай шауып зорға ілесуде. Шынында жанағы шоғыр шылбыр сатушылардың маңдай тобы екен. Жүз қадам шама жете бере би аттан түсіп, шылбырын қолына алды. Лезде қариялар да ат бастарын ірке берді. Отамандары болса керек, қастарында мінген аттарында да, киген сауыт-саймандарында да мін жоқ, “сен түр, мен атайын!” дерлік он шақты жасты ілестіріп алған олар да сыпырыла аттан түсті.

Бәрі үнеіз ғана тос қағыстырысты. Сосын барып Акселеу:

– Би, Ғайып-Ерен, Қырық-Шілтен колдағай! – деді.

– Құдай қаламаса, отқа тастаған шүберек те жанбайды.

– Хақ Рәсул жәрдем етсін! Ақ істі Төңір жалғар-дағы!

– Қайырлы амал болғай! – десті өзгелері.

– Ер жолдасы – тәуекел, – деді би. – Бір тәуекелге бел буған жай бар. Құдай да қиындықты көтеретінге береді дейді. Ер қайратын тосекте емес, тоскейде сынайтын шақ туып тұр қайткенде де. Ең бастысы кошкен жұрт Самарқан шаһарының қарасына іліккенше екі-үш күн аядағата алсақ, аржағында өзіміз сыпырылып шығатын бір шақатын табар ек. Ал, жау кошті қуып шаһарлы жаққа аяқ баспас деп ойлайым.

– Ердi кебенек iшiнде сына дейдi, – дедi ауылға бет ала бере Қоңырбай қария. – Әйтеке iнiм, кебенек iшiнде сынайтын ерлерiң, мiне, мыналар. Сенiң пайғамбар жасынан асқандар шақырымасын деген пәрменiндi естiсек те тым құрымаса, ерлердiң атын бағысалық деп бiз де келiп қалдық. Дауда ғана емес, жауда да абыройыңды Алдатағала жоғары қылғай! Ел қорғаған iсiңе Жасаған Ием нығымет берсiн!

Өзгелер де қостасты.

– Жаудың бетiн қашық, сарбаздарымыздың бетiн ашық қылғай!

– Қорасанға – қой, шыбын жанға – мал. Тәуекел!

– Ат арып, ер мойымағай!

– Әй, қайран шораяқтарым-ай! – дедi Үркiн де қатты риза пiшiнде. – Жау келдi дегенде, қайдан ғана үйде жатайын деп ендер...

Әйтеке көгентүп қариялар мен билерге, отамандарға жиналар жасақтың жай-жапсарын, алдағы ұрыстың орынын, келер жаудың шама-шарқын мөлiмдеп, ауыл шетiне iлiге бергенде, алдарынан екi етегi далақтап құдды қыраны арлан қасқыр алғандай екi езуi жайылып, Қараның шабарманы шықты.

– Әй-аға, Тасым батыр келедi. Әне, Өркештiң тасасынан ағылып шығып жатқан соның қолы. Жасағы мың екi жүз дейдi.

Бидiң көңiлi босағаны сезiлiп толқи сөйледi.

– Әй, сол Тасымынның келедi дегендерiне қанша! Кәне? Кәне, өзi?!

Әйтеке де, қасындағылар да Нұратаның “Өркеш” деп аталатын сiлемiне ошарылысқанда, найзалары нарқамыстай сынсы шошайып, төрт-төрттен сап түзеп, жүз-жүзден лек құрап, толқын-толқын боп келе жатқан қолды көргенде қуана, тон iшiнен сауыт кигендей жiгерлене түскендерi өсiресе жас отамандар арасындағы күбiр-сыбырдан байқалып-ақ қалды.

– Тасымың кiм-ей?

– Ой, шiкiн, соны да бiлмейсiң бе?

– Бiлсең, ақынды-ақ берейiн. Айтсай-шы!

– Тасым Әй-ағаның атасы Жалантөстiң Телес деген баласынан туған.

Тағы бiр жас отаман үстеп қойды.

– Қателеспесем, Жалантос Әй-екеңмен бiрге бiр топ немерелерiн тәрбиелеген. Соның iшiнде батыр шықса, түбiнде осыдан шығады дейдi екен Тасымды. Менiмше, өшiккеннiң өгiн жармай тынбайтынның өзi. Соғыс үстiнде түрiнен жау түгiл қасындағылар жанынан түнiледi деседi. – Бөрiнен сонау Ақдариядағы Дағбидтан осынша қолмен үш күнде қалай жеткен десең-шi!..

Ендi бiрде олар Тасым жасағының қару-жарағына сүйсiне талқыласып тұрды.

– Қара! Әнебiр жүздiктерi оңшең Хиуаның ақ мылтығын асынып алыпты.

—Өңгелері де осал көрінбейді. Қарашы, шығыршықты ақ сауыттылары қаншама!

—Садақтары — Бұқардікі. Толғамалы ана ала балталар қаңдай сауытты да жанғақша шағатын шығар.

—Қорамсақтарындағы тобыршықты жебені тартатындар кәміл сағымға сіңіретін сүрмергендер болмаса нетті!..

Әйтеке ішінен дұға қирағаттағандай күбірлеп тұр.

“...О, Жасаған Ие, мынау шынында Тасым ба!? Жалантос атасынан аусайшы!.. О, кешір, баба! Кешір, аруақтым! Өзін қайдан болсын. Сенің ұрқын, сенің үрім-бұтағың атанудың өзі аз ба! Мынау келе жатқан өзін болмай-ақ көзің болғанына да мың төуба!.. Әруақ келдіге жорыын ендігісін...”

* * *

Ертеңіне сиыр сәскеге дейін Тасым мен батырлар жиналған бес мың жасақты шешуші ұрыс алаңына орналастырумен сабылды. Негізгі қол — төрт мың сарбаз арқаларын Нұратаның қыраттарына тіреді. Әр мындықтың ертауылдарын билер мен сардарлар өзара келісіп сайлады. Ал, отамандарды іріктеуді ертауылдардың өз ырықтарына қалдырды. Аттары ұшқыр, өздері сүрмерген деген мың дәудайды* екі топқа бес жүзден бөліп, маймана** тобын Ақтаудың қыраттарына, майсара*** тобын Қызылшалының жүлгелі обаларына жасырды. Олардың міндеті — ұрыс барысында оқтын-оқтын қос бүйірден шаншып, жаудың алға қарай жүптаса тізе қосып қимылдауына кедергі жасап бағу.

Негізгі жасақ төрт лекке шоғырландырылды. Тасым батырдың жасағында келген жүз мылтықты мен екі жүз садақшы маңдай шепке орналастырылды. Оларға жүктелгені — лап қойған жаудың маңдай түсын орып түсу. Тағы бір жүз дәудайға ұрыс барысында жоңғар араттарының**** сапында ерекше, ала-бөле қайрат көрсетіп жүрген нояндары мен зайсандарын жебеге байлау жүктелді. Сосын қарулары ор алуан үш жүз сарбаздан “құйын топ” іріктелді. Олардың да жүгі зілмауыр: қай тұста қазақ жасағының қамауға түсіп қалу қаупі төнсе — сол тұстағы жаудың жұмдасқан тобын “құйын” боп соғып селдіретіп шығу. Мылтықшылар мен садақшылар жау маңдайына бес дүркін оқ атсымен, алғашқа болып найза толғап, қылыш ойнататындар — Тасым батырдың мындығы. Үш жүздің сегіз руынан әкелген мындығымен керей батыры Жылқайдар майданның “жау бүйрегін” алуды өзіне тапсыруды қолқалаған. Әйтеке: “дау бөліспейтінімді өздерің білесіндер. Жау болысу де қалерімде жоқ. Әйтсе де, киіз кімдікі болса, алғашқы түсетін білек те соныкі болғаны мақұл. Әрі ұрыстың барысы қалай бет бұрарын кім білген, бірден “ойпырым” халге түсіп қалмасақ, келесі күнге мындығынды тың күш қып сақталық” дегенді.

Бір топ билермен, ертауылдармен, отамандармен жасақтардың шебін аралал шығып, сарбаздардың жықпылдар ішіндегі қосындарына бет түзеіп келе жатқан. Кенет дауысы әнтектеу естіліп қалды.

—Әй, мыналары немене тағы!?

Қырат-белдеулердің аралықтарындағы жазықтарға бұлдырлықтың көде түбіндегі ұясындай ғып кешелі-бері жаппа, итарқа, тонқайма, ұранқайлар қотерілген.

* Дәудай — атты садақшылар.

** Маймана — оң қанат

*** Майсара — сол қанат.

**** Араттар — жоңғар сарбаздары.

Айналада бей-берекет шашылып жатқан тау тастарынан қалқалап, баспана жасап үлгергендер де баршылық. Жанындағылар Алаш биінің таңырқасына түсінбей, әуелі бір-біріне, сосын “бірденені бүлдіріп алмадық па!” дескендей жан-жақтарына жалтақтасты.

—Шығармайтындары болсай-шы бұлардың! — би таңданаарын да, күлерін де білмей қысқа-қысқа бұйырды. —Ондай дәстүрлеріңді ертең ауылдарыңа қайтқасын ұстанарсыңдар. Көне, бәрі де есіктерін жау келер бағытқа бұрсын. Көбейгірлердің келе жатқан жаудан жүздерін бұрғаны несі!..

Дағдыларына басып әр ру есіктерін әр тұсқа қаратқаны соғыс жайына жүрмейтін жат қылық екендіктері енді естеріне оралған билер мен ру басылар мұрындарына күрт түсіп кеткендей мырс-мырс етісіп, жан-жаққа сыдыртып ала жөнелісті.

Үлкен аланқайдың ортасына көтерілген бес-алты ақтағыр мен жолым үйге келген қалғандары қолдарына зере-зере қымызды ала бергенде, сырттан тура үй іргесіне дейін тасыр-тұсыр шауып келген ат тұяғының дүсірі құлаққа шалынды. Жай жүріс еместігін сезіп, үй ішіндегілер ауыздарындағы қымыздарын қылғына жұтысып, елеңдесе қалғанда, шидиген сары аты емес, өзі шапқаннан бетер еңтіге кіріп аптыға хабарлады.

—Би аға, жау төбесі көрінді!

—Қай шамадан?

—Бесінші ақсүмбеден от көрінді.

—Бесіншіден дейсің бе? Бесіншіден... Токтаусыз жүргенде ақшам жамырай бұл маңға қара шалдырып қалуы мүмкін-ау... Келе сала, түн жамылып ат қоюы мүмкін бе?

—Мүмкін емес, — деді Жаңбыршы. —Жолсоқты боп келіп түн ішінде тәуекел етуі екіталай. Бүгін тап іргемізге ұрын келген күйеудей шалжиып кеп шатырларың тігеді.

Үркін жерден жеті қоян тапқан жанша едірендей танаулады.

—Ененді ұрайындарды өйтетін болса, таң қараңғысында тап беріп, қотанға бөрі шапқандай ғып неге бөрліктірмейміз! Бел суытуға шамаларың келтірмей... Тасым күрт тыйып тастады.

—Қараңғыда қапысын табатын ол саған барымта емес. Залалы мен зауалы екі жаққа бірдей. Қызығы — бозала таңда қайқайтып тұрып қарсы алу.

—Қайқайып тұрып қарсы алатындай күштің қайсы асып-тасып тұрған!

Пікір хак айрылды.

Билердің үні бөсен.

Ертауылдар мен отамандардың төстері қайқайып-қайқайып шыға келді.

Кешінде батырлар серт ұстасып, жаужүрек бөлісіп жеді.

ҚАЛДАН БОШАҚТЫМЕН ЖЕКПЕ-ЖЕК ЖӘНЕ САУЫШ

Бозала таңның жарығын бозторғайдан естуге дағдыланған бұл маңның қаншама жылғы үрдісі бүгін бұзылды.

Түн ортасы шамасында шығыс беттен таудан құлаған сарқыраманың сарылына ұқсаған гуіл сүт пісірімге созылып барып тына қалғанда, жаудың алды қозы қош жерге келіп аялдағаны мәлімденді.

Елең-алаң шақта келіскендей екі жақтан да бетіне өгіз терісі керілген тегенедей-тегенедей жорық дабылдары бір мезгілде қағылды. Алдын-ала ойластырылғандай жасақтың сап түзеуі онша ұзаққа созылмады. Бас би ту көтерген Ақселеу екеуі шағын топпен жасақтың оң канатындағы қарауылтобеге көтерілгенде, алдарындағы ну қамысша сыңсыған нөпір қалмақтың қосынына көздері түсіп, еріксіз іш жиды.

Осы тұмырында талай хан, сұлтан, шахтардың алдында айбыны асып, айбары тасып тұратын бидің жүрегін дір еткізген жаудың соншама көптігі емес, қисансыз ата жауын жеңіп, енді соның көл-көсір тойын шерулеуге келгендей құрған айрықша сән-салтанаттары еді. Ата жарғылары – “Ұлы жоза” қабылданғалы жоңғарлардың күннен-күнге қабырғалары жалданып, жоталары күдірейіп бара жатқанынан құлағдар-ды. Әйтсе де, тап бұлайша...

Кіреуексіз аспанның шығыс түсі алаулай шұғылаланып үлгерген. Сол қызыл алау астында әуелі көзге ұрғаны әйдік жотаның басына құрылған жоңғар ханының бес сайлы, дағара сары жібек шатыры, сосын менсіз кок мінген, бастарынан бақалшақтарына дейін темір құрсанған мың қаралы қол. Бұлармен ән дегеннен тос тірестіретін маңдай қол, сірә, осы. Оның оң канатындағы мыңдық одап да сұсты: бір тал боз қылшықсыз оңшең ніл қара мінгендер – құлды “қаралы хабарынды жеткізетін біз” дегендей аса құбыжық. Сол канаттағыларының мінгендері оңкей қанжирен. Көк желкелерінен алаулаған таң арайымен сіңісіп, орасан алқапқа қан ұйып қалғандай, тұла бойынның түгін тік тұрғызарлық. Аржағындағылардың сап-реуетін ажырату қиын: Қаратаудың бүкіл қойтастарын жиып-теріп үйіп тастаған ба дерсін. Тайшысы елеусіз бір белгі берсе, лан беріп құлағалы тұр. Олардың үстіне не кигендері әзірге беймәлім, ал мына маңдайдағы үш мыңның қай жерінен сызат тауып қылыш сілтеріңді, қай жерінен тесік тауып найза сұғарыңды бір Алла білсін.

“Ұлы жозаларында” әр он түтінге жыл сайын бір сауыт тоқып, бір қалқан соғу раматы жүктелді деп еді, рас болғаны-ау...”

Әйтеке ат үстінен сол жақ таралғысын түзегенсіп, еңкейе бере жанындағыларға көз қиығын жүгірткен. Бөрінің де оңдері қабартып, беттерінің түктері сабаулана атойлап шыға келгенін байқады. Сойткенше болмай, бұларды көріп қалған жоңғарлар таң уызын жарып, үш қайыра “күн күркіретті”.

–Хэс-ек*!

–Хэс-ек!

–Хэс-ек!

Бүкіл тау жоталары дүр сілкініп “Хэс-ек!”, “Хэс-ек!”, “Хэс-ек!” деп жаңғырыға қайталап жатыр. Қазақ пен қалмақтың жекпе-жексіз майдан ашқан күні бар ма! Әрі мұндайда жекпе-жекке шығып өмір мен өлім таразысында бөсіп сынағалы емес, құдды көрші ауылдан келісіп қойған қалыңдығын алып қашқалы тұрғандай екі жақтан да батырлардың еміне, елеурей суырлыатыны – қашанғы дағдылары. Бірнеше сардар тізгін жиып үлгергенше Жаңбыршы орнынан енді қозғала берген, Ақселеудің алдына барып, кеудесіне қолын қойып тұрған Тасымды көріп іркіле берді.

–Жол – бізден, бата – сізден, аға баласы! “Жау бүйрегімді” өзіме бұйыртыңыз! Ақселеу Тасымға бата беріп үлгермеді. Қарсы беттен біреу сұңқылап ала жөнелді.

* Хэс-ек – жекпе-жек.

—Күн сәулетті Ойрат елінің мәртебелі ұлы ханы Қалдан Бошақты майданды жекпе-жекпен өзі бастайды. Сондықтан кара табан бұралқы төбеттеріңнің бірін шығарам деп әуреленбедер! Ондайдың көлосіне ұлы ханның қоржыны толмайды. Әуелі еркек екені рас болса, әлгі қу жақ билерің — Әйтеке шықсын!

Арттағы біреу табанына шок басқандай баж ете қалды.

—Ой, Төңір төбеннен ұрсын! Мынау әлгі бізге саудагерсіп кеп жүрген сумақайдың өзі. Бәсе, үш күннен бері қарасын батырып еді. Алдарынан шыққан екен ғой. Жолыңа жуа шыққыр жоңғардың мұнхы* екен ғой!..

—Жансыз десенші! Бәсе, қанында жоңғардың сідігі барын сезіп ем-ау!

—Қырық сідік неме біз туралы бәрін жеткізді десенші!

Тағы біреулер оның тұқым-тұяғынан түк қалдырмай балағаттап жатты. Әйтеке ат басын оздыра берді. Ақселеу:

—О, Жасаған ием, Алаш ұрандымның арысын саған тапсырдым! — деді дауысы қалтырап. —О, Сейітқұл өулием, сақтай гөр халқыңа қалдырған асылыңды! Әуағыңа тапсырдым! Әумин!

Арттағы қалың қол бір дауыстан күңірене қайталасты.

—Әумин!

“Бұрын-сонды жақсысы да, жаманы да түсіме енуші-тұғын, — деді ішінен би, төртінші атасы Тоқпан батырдан қалған жалғыз көз-мұра үш құлашқа жуық қайың сапты найзасын оң қолына білемдей ұстаған беті ортаға қарай сыдырта желіп бара жатып. —Хабар-ошарсыз бұл не іс өзі!”

Одан әрі ештеңе ойлауға мүрсаты жетпеді. Жал-құйрығы төгілген, кішігірім атан түйеге тетелес, қарақасқа аттылы Қалдан да бұл кезде ортаға таяп қалғанды. Араларына отыз-қырық қадам ұстап екеуі де ат басын ірікті. Бес әйелінің екеуі қазақ Қалдан қазақшаны қалмақшадан кем сойлемейтін. Әпірем мінезімен ақыра тіл қатты.

—Әй, қазақтың құжағы, ана беліндегі бес қаруыңды ауырсынып келе жатқан жоқпысың? Жағын сауып, тілін безегеннен басқа өнері бар деп естімеп ем!

—Қалдан!—деді би де жекіре. —Мен сенімен тіл безесуге шыққам жоқ. Қаруыңды таңда! Сосын бұрханына** сыйын да кезегімді бер!

—Пішту тарғақ! О ненің ақысы! Мен — ханмын. Сен — қаратабансың. Рөсімді білмейтін қаратабан әулекі, біле білсең — кезек менікі!

—Жок! — деді би оның астамсынған қылығы басына қан шаптырып. —Сен бейбіт елді шаппақ жаусың. Ниетің қара. Мен елім үшін жанпидаға барып тұрмын. Ниетім ақ.

Кезегімді бер. Мен сені найзамен бір-ақ ұрайын. Түсіре алмасам, аржағында жебеге байлайсың ба, қылышпен шабақтайсың ба — ырық өзінде. Қолымды қайтып көтермеймін. Еркек болсаң, осыған тоқта!

Бойлары шамалас соққанмен, Әйтекеден Қалдан кемі екі есе ірі. Соған сенді ме, бірден келісе кетті.

—Жарайды. Қапыда кетерсің, — деп шашақты мүйіз қамшысымен қынын тықылдатты. —Мына жерде сен түгіл, әлгі ханың кім еді, Жәңгір ме — содан бастап талай қазақтың басы бар. Қазір сенің басың қосылады. Бірақ ажалыңа асықпа. Әуелі мен сені бір сынап алғым кеп тұр.

—Ырқың — өзінде. Талай қазақтың қамшысын жеген қалмақсың. Енді биінің қамшысын жеп көр. Мүмкін, ақылың кірер бұдан кейін.

* Мұнхы — жоңғарша “тыншы” деген мағынада.

** Бұрхан — Жоңғар Құдайының аты.

– Заржак! Тілің мен жағыңды саумай, әуелі менің сауалыма жауап бер. Әйтпесе, әумесер қазағың кімді әулие тұтып жүргенің білмей қапы қатар.

– Сұра! Ажалыңды сен де қапысыз күш!

– Ендеше, сен әуелі мына менің атымның сынын айт!

– Оның не сынайтыны бар! Үлкен түгіл бала да айтып берер ет. Атың жүйірік. Қырға да, ойға да бірдей. Күні-түні жортеан, бүйір қақпайтын нағыз қамбар-қасқаның өзі дерлік. Айыбы қырық сідіктен жаралған. Айғыр қойсаң артыңда асыл тұқым қалмас ет.

– Дәлелде.

– Енесі – маңғұл төкпе. Атасы – арғымақ. Ол да ақалтеке шатыс болса керек. Не енесінің, не атасының, не өзінің есекке телінгені тағы бар.

– Оған қандай дәлелің бар?

– Таза арғымақ қоныраудай күлгірлеп кісінер-ді. Ал, сенің атың жаңа ішін тартып, үсті-үстіне азынады. Ойтіп есек қышқырады. Өзің секілді түбінде бір шағағы бар.

– Не!? Не деп тұрсың!?

– Мүмкін, өзінді де сынап берер кісі табылмай жүрген шығар?

– Айт! Не деп күйсер екенсің!

– Жуылмас кінә атында емес – қарабасында. Сенің қарабасың ғана хан. Арғы аталарың тексіз құл.

– Ауыз өзіндікі екен деп оттай берме!

– Жана жекпе-жекке шығып келе жатып жан-жағына үш қайыра жалтақтадың. Текті хан іс үстінде жан-жағына жалтақтамаса керек-ті.

– Біліп айтады деп жүргені қазақтардың үріп айтатын біреуі болдың!

– Онда тында! Әкең Батыр хан деп жүрмісің? Онда үрген мен емес – сен. Батыр төрт қатын алғанда соқыр қыз туғыза алмаған. Сені шешен есігіндегі құл қығайдан туған. Сенің бар сының – осы.

Әйтекенің ат туралы болжамында қылаудай қате жоқ-ты. Ханның астындағы дығал қарақасқаның енесі – айлап жүрсең арымайтын маңғұл бие де, атасы – жәуміттің желмен жарысқан ақалтекесі тұғын. Өзің мықты болады деп құлын күнінде азды-кем күн қашырға телінгені рас-ты.

Ал, өзі туралы естігенде есек миын жегеннен бетер бір сәтке мәңгіріп, қозин қан басып, төңірек астан-кестен боп жүре берді. Бата кезінде осындай сыбысты есік алдында қарын шелдеп отырған екі күнтекейдің сыбыр-күбірінен құлағы шалғаны бар-ды. Енді жауының ауызынан естігенде есінен танып, сірі ыргай сапты, сары үкілі найзасы қолынан сусып бара жатты.

Бұлардың егесін анық естімесе де, хандарының әлденеге мәңгіре сүрінгенін сезген қалмақ дойырларының* бірінің үні күркірей естілді.

– Ұрраһ-ша! Ұрраһ-ша! Ұрраһ-ша-а!

Оған қазақ жасақтары үн қосты.

– Қапта! Қапта! Қапта!

Сол-ақ екен, қалмақ мындықтары тау селінше лақылдай лап қойды. Қазақ жағындағы тас шоқыларды қалқалаған жүз мылтық он-оннан кезек-кезек күрк-күрк жөтелді. Бес жүз мерген құлаштай керген жебелер азынай зырқырады. Мұны күтпеген әлгі меңсіз қок аттылардың маңдай тұсы оңыр-топыры шыққандай-ақ

* Дойыр – қалмақ мыңбасы.

еді әп-сәтте. Әйтсе де, қалмақ дегенің де талай құмайдың құғынынан құтылған түлкі секілді жырынды емес пе! Меңсіз көк мінген мындықтар лықси кері ысырыла түсіп, араларынан жүз-жүзден шеп құраған дәудайлар шыға келді де, мылтық пен садақ кезек алмаса ажал оғын бұларға қарай қарша боратты. Енді қазақтар жағы сәтке абдырап барып қайта ес жиғанда, қан жирендер мен қара атты мындықтар араларына теке мүйізі көрінер қашықтық ұстап, қос қанаттан қаумалай ұмтылысқандарын көрді. Қотарыла құлаған селді бір орында тұрып кері қайыруға тірі мақұлықтың қауқары жетпейтіні секілді, ортті де қарсы орт қойып бөгейсің. Соны түсінген қазақ нөкері де аттарына қамшы басып, ұрындай ұмтылысты.

Би соны ғана аңғарып үлгерді. Жаңа екі жақтан бірдей атылған оқтан еріксіз бұқпалай беріп алғаш байқағаны – Қалдан Бошақтының қарасын батырғаны еді, енді әлде бір жас жігіттің әмірлі дауысынан есін жиып алды.

– Әй, аға! Байқасаң етті!

Үш күрең атты қалмақ найзаларын безетен беттері бұған тым таяп қалған екен. Жас жігітті де танып үлгерген: өзімен бірге туған Қошубай ағасының тұңғышы – Ізден. Төніп қалған қалмақтың бірін найзамен шаншып, екіншісіне сол найзаны лақтырып үлгерген Ізденді үшіншісі қолындағы сүңгіні жебеше зырқыратып, кеудесіне шанышты. Қаны басына шапшыған Әйтеке найзасын араттың аш бүйіріне бар күшімен толғай сүңгітіп жіберді. Бұл кезде оншақты қалмақ осылай қарай атойлап келе жатқан. Қорамсағына қол салды. Әуелі салмақ қос үзеңгіге, сосын белге түсті. Астындағы жаубасар көксандалы айрықша түскен саямақтан ыңыранғанын да естіді. Кере құлаш құрамалы қоң садағынан қауырсын қанат, сай көз, ырғай жебенің оншақтысын жау тобына қарай бірінен соң бірін зырқырата жонелтіп, төртеу-бесеуінің ат жалын құшқанын көре сала, жерде дөңбекши домаланған Ізденді еңкейе бере іліп алып, бораған жебенің астында Қарауылтобеге қарай құйғытты. Өкшелей қуған үш-төрт жоңғар ертөле топтың қылышына қармады. Тобе басындағылар ине жұтқаннан әрмен тыпыршып тұрған-ды. Екі топанның ортасында қалған биді құтқаруға ұмтылған он оққағардың ішінде тірі қалғаны жаралы Ізден ғана боп шықты. Оны арттағы емші-күшыныштарға жеткізуді бұйырып, төмендегі шайқасқа қайыра көз салған: нағыз сауыш* енді қызған екен. Екі жақ та еміне ұмтылысып, олімін сала сілкілесіп, тіресе қайзаласып жатыр. Тап қазір қайсысының жаны қасым бол жатқанын ажырату қиын: әзірге бар анығы – мұздай темір құрсанып алған қалмақ жағының қазаққа оңай тимейтіндігі. Оңтайы келген қалмақ қазақты найзамен бір-ақ шаншып, аттан ұшырады, оңтайы келген қалмақ қазақты қылышпен бір-ақ сілтеп жапырақша шауып түсіреді. Ал, қазақ өлермендері итініп-сұғынып жүріп бір шапқан қалмағын он қидалап, бір салған найзасын қайта-қайта түйгіштеп жүріп аттан әрең аударғанын көргенде, арттағылар қан жұтқаннан бетер тыпыршып кетті.

“...Жасақты жауға тұттай жаланащ шапты деген осы да...”

Әзірге маңдай қолдағы Тасымның сегіз жүзі қатты қайранға тотеп беріп жүр. “Көк бөрі” атандырған екі жүзін “әлде қандай күн туады” деп мұның жанына қалдырған. Бұлардың бес қаруы сай. Қайсысын қолына алса да қапысыз сілтейді. Кеше ғаскер ойыны үстінде “көк бөрі” десе дегендей кимылдарының ала

* Сауыш – соғыс деген мағынада.

бөтендігіне қайран қалған. Әлдебір “ойпырым” жағдайда ғаскер шегінуіне тура келсе, сәл де болса, тыныс алуға мүрсат беріп, тосқауылға қалатын да осылар. Бірі онға, оны жүзге, жүзі мыңға татитын, ұрыс үстіндегі қимылдары адам таңғаларлық осындай мыңдықтар Жалаңтөс баһадүрдің жасағында қаншасы болғанын жұрттың бәрі айтады. Әрі бір-ер мың емес, тура отыз мыңы. Мұның таңқалғаны – соны Тасымның қайдан, қашан үйреніп, мына мыңдықты қалай дайындап үлгергені.

Әлдебіреудің екілене, делебесі қозған дауысы ойын бөлді.

–Ой, пәлі! Ой, қырандарым менің, жарадыңдар! Әне! Әне, қарандар! Кетенің екі жүзі жаудың ортасын опырып түсті. Көрдіңдер ме! Қарандар!..

Ат үстінде үзенгіге табан тірей тік тұрып, майдан даласына мойып созған Үркін еліге өзеуреп алған. Шынында, алғашында Үркін бастап келген аламаншар ұрыс даласына жүздіктердің соңы боп кіргендіктен тың қарқынмен жау ортасына сыналай кіріп бара жатты. Алайда, аржағынан лақылдай күйылған жау жүздіктерінің орамасына түсіп қалу қаупі төнді.

Атын борбайлатып Тасымның жаушы сарбазы жетті.

–Қолбасшы аға, Тасым бағыр құрсауда қалатын түріміз бар көп ұзамай. Қос қапталдағы дәудайларға белгі берсін дейді!

Бидің де ойы осы еді, тез бұйырық етті. Ақтау мен Қызылшалы шатқалдарындағы кезек тосып тылыршулы дәудайларға от жағылып белгі берілді.

Бұл кезде: “Ойпырым-ой! Мен жокта тағы қандай қиғылық бастағандарың!” дегендей шара табак күн қарға адым көтеріліп үлгерген-ді. Енді ұрыс даласы айқын көріне бастады. Жаңағы бір шақта майдандасқан екі жақтың қауқар-қайраты итжығыс халде секілді еді, көз байлар алдамшы көрініс екені бірте-бірте айқындала берді. Көп тұста қазақтың бірін арааттардың екі-үшеуі ортаға ала бастапты. Бірі аландатып, екіншісі ту сыртын орай соғуды амалдап жүр.

Би жағы қарыса тістеніп алыпты.

“Апырмай, мыналар шілдің қиынша бытырай қимылдайтыны несі! Бірін-бірі неге қорғай жүріп майдандаспайды! Әлде күші көп жау ырықтарына қоймай боліп-боліп әкетіп жүр ме?..”

Абырой болғанда, Ақтау мен Қызылшалы мойнақтарындағы дәудайлар дәл осы кезде жаудың қос өкпесінен жебеше қадалды. Жоңғарлар өздерінің басымдықтарына шүбасыз қимылдап жүріп, андаусыз қалғандықтан алғашында қатты абдырып, кейін лықси жөнелген-ді.

* * *

Жоңғарлар жағы өздерінің тыншысы арқылы қазақтардың қам жасап жатқандықтарынан және өздеріне қанша қол қарсы тұратынын да жақсы білетін. Өздері білетін қазақ болса, бес мыңның бұлардың он мыңынан ықпайтынын, өре тұрып, арпалыса кететіндіктеріне де шүбаланбады. Бұларға да керегі сол – қазақтың ерегеспелілігі мен өлермендігі. Саны да, қаруы да сай жақ ондай өлермендікпен санаспайды. Әрі кетсе түске дейін ұйпа-түйпасын шығарып, ұялы қасқырдың ортасында қалған торпақша боршалап тастауды ғана ойлаған. Дегенмен, қалмақ жағы өздері қалмақ аталғалы бір ағаттық жіберіп алғандарын кеш ұқты. Ол – мынау айналасы қолат-қолат жазыққа тым бейғам сұғынып кеткендіктері. Әйтпесе, бәрі өздері жобалағандай-ақ басталып еді. Күткендеріндей сырмінез қазақтар өлермендікпен еліре қарсы ұмтылды. Қолдарында найзасы мен қылышы бар

демесен, үстерінде жалбағай шапан, бастарында таңған шүберектен басқа қамсауы жоқ оларды жан-жағынан піспектеп, әп дегеннен желікті үміттері желіндіріп-ақ тастаған. Тап осы сәтте сол қанаттан ылғи жел күйын мінген дәудай жүздіктері көрден шыға келгендей боп оқ жаудырғанда аяқ астынан опыр-топырлары шықты. Бірі оңға татиды деп жүрген талай араттары мен кешіктері* жарадар боп ат тұяғы астында мерткікті. Бір қазақты жалаң қолмен-ақ буыңдырып, жайғай салады деп жүрген небір нояндары ту сыртынан атылған жебеден ат жалдарын күшты. Әуірімдеп ес жиып, қарсы ұмтыламыз дегенше әлгі дәудайлары кырық қалтарыс қолаттарға сіңіп, күйрықтарын бір-ақ көрсетті. Соларға алақтап жүргенде тап сондай жүздіктер оң жақ бөкселерінен ұрып, бөктеріп кетті. Әне, мынау зұлмат алаңнан шошынып, омыраулары мен сауырлары қан жапқан қаншама сөйгүліктер күйрықтарын тепкілеп, айдалаға маңғып барады. Оркеш-оркеш жоталардың, жықпыл-жықпыл төбелердің аржағында не күтіп тұрғаны тап осы сәтте бұрхандарына ғана аян. “Күйын топтарды” түре қуып, окшелей ұруға төуекелдері тұрмағаны да сондықтан. Әйтеуір көп жағдайда ерлігі мен өрлігін алаңғасырлығы мен аңқаулығы жеңіп тұратын, қапысы көп, запысы аз қазақтарға бүгінгілерін ұқсата алмай-ақ қойғандары. Әрі мынау түбекке ұқсаған кен жазықты да олар текке таңдамапты. Қалай болғанда да әумесер, далаңбай санайтын қазақтар кебін бүгін өздері кешіп, қақпанға түсіп қалмағанмен, тұзаққа ілініп қылғына бастағанмыз жоқ па деген күдіктің көп кешікпей құлағы қылтия басталы. Әу бастағы “мына есірік немелерді әрі кетсе көшке дейін жәукемдеп тастап, таң сібірінде бөктеріле көтерілген қызылды-жасылды кош керуеннің ізіне түсу жайындағы армандары уақыт өткен сайын қыр тасасына түсіп бара жағты. Ноябрьдары мен зайсандары тіпті ытырынулы. Бөрінен бұрын қайдағы бір қазақтың жөлауыз биінен өзінің ғана емес, барша қалмақ атаулының сүйегін сындырар сөз естігені үшін хонтайшыларын ғапылдық демегенмен, тап бүгін көрмеуге уағдаласқандай. Ондай қорлықты естігенше мына тозақ отына айналған майдан даласында күйіп күлге айналуға бел буғандай бөрі түтігіп алыпты. Әлгідей қос оқпеден шаншылып, “енді қайттік!” дескен сәттерінде де хонтайшыларына хабаршы салмай қойғандары сондықтан.

Қалдан Бошақты соны сезіп тез бойын жиып алды. Жанына жан баласын жолатпаған беті биіктеу төбе басында ұрыс барысын сырттай қадағалап тұрды. Қазіргі кейпі жалпақ жұрттың хонтайшысы, жер қайысқан жасақтың қолбасшысынан гөрі ит-құсқа көзеттік етіп, әлдебіреудің қағып кеткен қарақшысына ұқсап, безеріп алды. Ендігі кейпі, ендігі пиғылы тіпті жат: бүгінгідей масқараны естіген, көрген, білген адам түгіл тірі мақұлық атаулыны Тәңір күдірегін беріп, еркін өзіне салса, жеті қабат жерді күйқасымен өртеп, қалғанын тозақ отына тастай салуға қаймықпасы хақ. Анау майдан даласындағы ұрыс бағытының қалмақ үшін теріс қабақ таныта бастағанын да елден бұрын өзі аңғара тұрып былқ етпейді. Мұндай шақ қан қасапқа түскен араттардан гөрі нояндары мен зайсандарына сын. Сондықтан да жандары мұрындарының ұшына жетіп қысыла түссін, қанды қырғын жалғаса түссін деген мысық тілеуге еріксіз бекіді.

Жоңғар да – өркөкірек, намысқой жұрт. Мана мұның белгісін күтпестен майдан ашқан олар бөрі сәтімен шықса, қайтіп бұған сәлем бермей кетуге жүздері жанбайды. Сәлем берсе де, қайтып жібімес көңілдеріне кіді сақтауы кәміл. Оларды

* Кешіктері – онбасылар мен жүзбасылары.

бұрынғыша айтқаныңды істетіп, айдағаныңмен жүргізгің келсе, “кеттім-бардым” шақтарыңда ғана қол ұшын ұсын, ақылына келтір. Ал, әзірге анау боз коделі жерге қызыл қандары теңіз боп ақсын, қол боп қақталсын, тек әуелі көкіректеріңдегі қатқан қаны жібитін болсын. Сонда ғана оларды өз аяғына жығып, бұрынғыша қалаған бағытыңа айдайсын. Ол үшін әлі де сәл күте тұр. Сен оларға керексің. Керек болған уақытыңда ғана сенің ханнан туғаның да, күннен туғаның да қалмақ үшін бәрібір...

* * *

Қаралай оркештенің насаттанған Үркін жанторсығындағы қымызды сарқа басына көтерді де, тобылғы жірен мұртына жұққан жұғындыны жеңімен сыпыра сүртті.

– Қап, Ақтау мен Қызылшалының қалтарыстарына дәудайларды орналастырғанымыз мұндай оңды болар ма! Қос өкпеден ұрған сайын жаудың зықысын зығырдай қайнатуда.

– Елпілдеуге ертерек, – делі Қаражал. – Би, не байқайсың, біздің аламандар осы шатқаяқтай бастаған жоқ па?

– Солай секілді. Қос қанаттағы дәудайлар болмаса, күйын топ та жаудың ұйысқан тұсына тіс батыра алмай-ақ қойды.

– Ұрыс кешке дейін жалғасса, шыдамайды. Жанбыршының мыңдығың салмай болмас...

Үркін Қаражалды кекетті.

– Сонда ертеңгі аласапыран сауышты екеуміз бастаймыз ғой, сіре?

Би Қаражалды мақұлдады.

– Қарекен дұрыс айтады. Ертеңге бір мыңды тың сақтаймыз деп, бүгін төрт мыңды тұралатып, қанжілікке айналдырып алармыз. Жаңбыршыға тез хабар беріндер!

Жанбыршы мыңдығы да күткендей әзір тұрған-ды. Ұрандап лап қойысты.

– Алаш! Алаш! Алаш!

– Бұқар! Бұқар! Бұқар!

– Құндыз! Құндыз! Құндыз!

– Тұлпар! Тұлпар! Тұлпар!

Ұрысты барлап Қарауылтөбе басында тұрған бірқатар билер арасында күнкіл естілді.

– Арқар ұрандылар мен Алла ұрандылардың даусы естілмей ме, қалай!

– Қырғыз бен өзбек ұранын да естіген ешкім жоқ.

– Қарақалпақтар неғып кешігіп жатыр?

Қожамқұл би мен Қойшым қажы қатты қобалжығандықтарын сездіріп, қипақтай күнкілдеді.

– Ендігі хабар жеткендей уақыт өтіп еді...

– Кештетіп болса да келіп қалар...

Әлгіде жаудың оң қанатына тың мыңдық көмекке келген. Қазақ қолы сол тұста сетініп баратқаны байқалып, Әйтеке амалсыз Тасымның екі жүз “көк бөрісіне” белгі етті. Бес қаруы сай “көк бөрі” шынында иесіз отарға түмсық салған аш бөрілерден бетер ойранға басты. Әрі ұрыс үстіндегі бірін-бірі қозқырларынан шығармай, қорғай жүріп, бес қаруды кезегіне сай қолданудағы айла-шарғылары бақылаушыларды ғана емес, жоңғар дойырларының өзін естерін шығарып жіберді. Сол тұста енді екі жақ итжығыс халге жеткендей-ді. Бірақ ойламаған жерден жоңғар жағы дүркірей кері қашты. Бұл Қалданның ішке бүккен

қулығы еді. Ұғымында бұрынғы сырмінез қазақ қашса – жеңелі, қуса – оппаға батқанша өлімін салады. Қонтайшының оппасы – арттағы тың бес мыңдығы. Қашқан болып, пышырай қуған қазақты сол тың күштің ортасына бір илетіп алса... Қазақ жағынан қосылған әбжіл қимылды тың мыңдық пен анау екіні сойқан екі жүздікті көрісімен қара қасқасымен араттарына қарай жұлдыз боп ақты. Нояндары мен зайсандарының да бір көзі өзінде жүр екен. Мұның “ымына” түсіне сала араттарының басын кері бұрды әп-сөтте.

Қазақ жағы дүбіліп кетті.

–О, әруак!

–Қарандар! Қарандар! Жау қашты!

–О, Алла бере көр! Жарылқай көр! Жебей гөр осылай жазықсыз жападан!

Қолбасшы билің де қуаныштан жүрегі бір аунап түсіп барып, әлдебіреу қаңтардың кара суығында тас төбесінен мұзды су құя салғаннан бетер қалтырап жүре берді.

“...Күші басым жаудың қашқанынан қорық!

Кім еді осыны айтқан?.. Кім болса да...”

Есебінше, жаудың әлі жарым күші жырақта. Тап осылай қайзаласа берген күннің өзінде бұлардың ертеңге дейін-ақ сыр беретін түрін жау сезбеуі мүмкін бе!?”

Ойда жоқта ойраттардың түріле қашқанына қайраттана жігерленген қазақ сарбаздары тайлы-таяғы қалмай, сондарынан өреки өкшеледі.

Қолбасшы хабаршыларға жанұшыра әмір етті!

–Қайтсын! Қумасын! Тез кері қайтсын!

Ізінше шыдай алмай хабаршылармен бірге атын қамшыға бөктіріп, ұрыс бағытына қарай күйғытып ала жөнелді.

Жау қақпанынан әуіріммен аман қалған сардарлар мен сарбаздар ат ауыстырып мініп, торсықтарындағы сусындарымен таңдай жібіткен шамада жау қарасы қайта көзге шалынды. Қайтадан лек түзеп, бұрынғыдан да айбаттырақ көрінгенмен, алды мүше жарыс жерге жете бере, кара бұлтша түнере топталып, тұяқ серіппестен тұрып алды.

Екіндіге таяу екі жақ белгі берісіп, ұрыс даласынан шейіт кеткен боздақтарының мүрдесін жиып алысты. Ізінше ойрат жағы бір төбенің басына алаулатып от жағып өліктерін өртеді. Айналаны күңсік иіс жайлады. Әбүйір болғанда, жел бір қырын: әйтпегенде бұлардың күңірсік иістен қаралай түншығатын түрлері бар екен. Өліктерін өртесімен сол маңға жыпырлата шатырларын тігісіп, құдды, нағашыларының енжайлауына келгеннен әрмен жайбарақаттана жайғасты. Қазақтар жағының пікірі екі ұдай.

–Бұлар бізге түн ішінде лап қойып жүрмесін.

–О заманда бұ заман қалмақ қазақ жерінде жүріп түн ішінде жасақты қолға тиісті дегенді естісем бұйырмасын.

–Ертең, ертең не істер екен бұлар?

–Ертең не істесін! Саған құда түсіп, күйырық-бауыр жесет деймісін. Соғысат-тағы...

–Жок, бұлар тап осы жерде ашық соғысып ештеңе шығармасын бүгін сезді. Енді ертең біз ойламаған бір амалын тауып кетіп жүрмесін.

–Ертең ұрыс азаннан кешке дейін созылса, бізге де оңай соқпас.

–Сен-ақ саруайымданып сарнайсың да тұрасың байғыз құсап!

Әйтеке олардың сөзіне аса мән бермегенсігенмен, ертеңгі шайқастың қалай бет бұрарына басы қатып тұрған. Жанына Ақселеу, Қаражал, Тасым, Қара бастаған топ жақын келді. Қарадан:

– Біздің жақтан шығын қанша? – деп сұрады.

– Бес жүз. Жаралыларды есептегенде.

– Жаралылар ше?

– Екі жүздің о жақ, бұ жағы. Тек... құшыныштардың айтуынша, жоңғарлардың көбі найзалары мен жебелерінің ұшын тотаян ба, жыланның уына ма – әйтеуір бір улы бірдеңеге суарған секілді. Жарақаттарға қағына тие бастаған. Көбінің жағдайы ауыр сықылды.

– Жау жағынан не хабар? Шығынын айтам.

– Өлгі біздің жігіттер жау жағынан сегіз жүзге жуық ат қуып алдық десет. Өлгені, жаралысы со шама шығар...

Қарамен тілдесіп тұрып, жанындағы Тасымның жүзіне көзі түсіп кеткен-ді. Сақал-мұрты енді-енді қырауланған батырдың түсі қара барқынданып, қабағы салбырай, еңесі итііп, маңағы майдан даласындағы суырылған ақ алмасша жарқылдаған қимыл иесіне мүлдем ұқсамайтын, әлдебір міскін секілденген кейіпке таңырқай, сөстия қалды.

– Әйтеке, – деді мұның өзіне назар аударғанын сезісімен, тұнжырай түсіп. – Қан майдан жақсы мен жаманды, жақын мен жатты іріктемейді. Соғыста әділет үшін өлген – шейіт, өлтірген – бәйіт. Ел басына түскен салмақ – ер басына түскен салмақ. Еркек тек қуаныш үшін жаралмаған. Елің қан жұтып жатқанда, қарабасым аман болсын деп ешкім айта алмас. Басқаның дәті жетпегесін өзім айтып тұрмын. Шыдаймыз да... Сыр алдырмағайсың... Сейіткүл бабамыздың кіндігінен тараған бауырларымыздың жетеуі шейіт кетті. Иман тілгесің. Жүздері пейіште шалқығай!..

Ол дауысы қалтырай түсіп, шейіт кеткен немере, шөбере ағайындардың есімдерін бір-бірлеп түгендей бастады.

Би он-бойын діріл билеп, тістене ышқынған беті дыбысын шығармастан, омырауына саулаған көз жасын көрсетпеу үшін теріс қарап безеріп алды. Құлағы күңгір-күңгір. Әр ағайынының аты аталған сайын жүрегі аунап түсіп, ауа жетпей алқына демігеді. Бәрі-бәрі күні кеше бөрінің күшігінше арпалысып бірге өскен жеделдес бауырлары. Ақыры, шыдай алмай, атын бұлкектетіп құладузге бағыштады...

* * *

Билер, сардарлар, ертауылдар мен отамандар жалғастырыла құрылған қос ақтағырдың ішінде түннің қай уағына дейін жүйелі мәмлеге келе алмай ұзақ мәслихаттасты. Анық тоқайласқандары – жоңғар жағы бүгінгі мәкі кеткен тұстарының орынын толтырып, ертеңгі ұрыста бар күшін де, айла-шарғысын да сарқыл бағатындары.

Сонда олар не істейді?

Бұлар қандай амал қылмақ?

Шынында ертеңгі елең-алаңнан ымыртқа дейін созылған сауышка өздері шыдас қыла ала ма?..

Жау жағы жаралы: жаралы жыртқышпен арпалысу – қашанда қиямет-қайыым. Орайы теріс келіп, мына тар қолаттағы ұрыс олар үшін бүгін мүлде қиғаш қабақ шықты. Көздеріне қан құйылған олар енді ештеңеден аянбасы көміл.

Өздері жағында да тойлайтындай ештеңе жоқ: қаншама боздақ шейіт кетті. Күні ертең қаншама шаңырақ аза тұтып, қара жамылмақ!..

Қара есепке салса, екі жақтың шығыны жуықтас. Күші анағұрлым жаумен итжығыс түсу казак сарбаздары үшін жеңіске баланып, желпіндіріп жібермегенмен, еңселерін тік ұстауға қаншалықты демеу екендігі түсінікті. Тек ертеңгі шайқаста жау бүгінгідей қара күшке сала ма, әлде ойластырған басқалай айла-шарғысы бар ма?

Ақтағырдағы жиын байламы – ертең де ақырына дейін табан тіресіп бағу. Басқаға қол қысқа, келер көмек тағы жоқ.

Осымен әңгіме доғарылды дегендей орындарынан дүрк жинала берген. Үркіннің уәжін естігенде, шетінен көтерем малша көтеріле түсіп, қайтадан шөкелесе кетті.

– Дегенмен, Әйтеке, сен қате істедің.

Оның әрдайым шариятқа рауаят қоса бермейтінін жақсы білгенмен, зиялылар аңтарылысып қалды. Жұрт назарын өзіне аударып алып, енді сол тәтті уәжін басқаға қимағандай шаңыраққа қарап бөгеле берді.

– Айта бер, – деді би.

– Айтсам, жиеншар, сен қалмақ ханын сөзбен жер еткенде мына біз, қазақтар жер-көкке сыймай мадиқтанып тұрдық. Сенің қатең – хан қолынан найзасы сусып түскенде шауып тастамағаның. Ханы өлген қалмақ бүйтіп бізбен табан тіресіп соғысар ма еді, соғыспас па еді. Соғысқан күннің өзінде жеңістің туы мына біздің қолымызда бүгін-ақ желпілдеп тұрмас па!.. Жауды аяғанды Жаратқан жарылқай бере ме әрдайым, айтшы өзің.

– Апыр-ай! – деді Әйтеке бір түрлі назаланған, қапаланған үнмен ақтағырдың есігінен жыпырлай жымындаған жұлдыздарға шаншыла қарап. – Сен бүйтпесең Үркін болармысың. Үркін болған сон да осылай сөйлемегенде қайтушы ең... Үркін-ау, ол – хан, мен – қарашы емеспін бе, түптеп келгенде. Сөйте тұра, сөзім сүйегін үгіп, жүрегін тілгілегенде, хан екенмін демеді, ашуға жеңдіріп найзасын ала ұмтылмады. Жалпақ жасағы алдында жер бола тұра сөзге тоқтады. Өйткені, сөзбен сынасуға шақырған өзі екенін қаперледі. Өзіне қару безенбегенді өлтіре салу – тексіз бен қарақшының қылығы. Сөзге тоқтағанда қару ала ұмтылсам менің кім болғаным. Менің сол жерде қару көтергенім – қазақ деген халқыма, оның беделіне қарсы қару көтергенім боп шықпай ма айналып келгенде. Одан кейінгі менің сөзіме жау түгіл қазақ та сенбес еді. Одан кейінгі менің билігіме жат түгіл жақын-ым да ұйымас еді!

– Сенің мұнын – бейбіт күндегі айтылар дәлел. Ал, ол – жау. Біз – қазауат соғыста кіндік қанымыз тамған атақонысымызды қорғаушымыз. Сондықтан біздің қандай да болмасын ісіміз Құдай алдында ғәділет.

– Болды, Үркін! Болды! – деді бидің әр сөзі сабырлы айтылғанмен, зіл батпан салмақты естіліп. – Қоңіліңе келсе де, айтпауыма қоймадың ғой. Ақылды жау сені көкке көтерер, ақымақ дос сені көрге итерер, ақылды қасыңнан қорықпа, ақымақ досыңнан қорық дейді бағзыдағылар. Ақымақ демейін, назарың қайтар, жаудан әрісің демейін, базарың қайтар. Сен кузума. Мен болдым!

Кесірлі пікірге кесімді тоқтамын айтқан би ауыр қозғалып сыртқа беттеді. Сөзден тақа ұтылғанда жақауратқан тықылдақ күлкісіне басқан Үркін:

– Міне, тағы жақпадық, – деді дайри мінезденгенсіп. – Бақ қонған, қисе дарыған кісінің өзі болудан тәрі серігі болу қиын деген осы...

Ұйқы қашқанда үш-төрт тоулік қоз ілмеуге бейіл-ді. Қазір тіпті күс ұйқы. Қатты қалжыраған шағында небары сүт пісірім қоз шырымын алса, едәуір тынығып шыға келгендей болады.

Ақтағырдан шығысымен қосындарды, әр жерде қаққан қазықша қақшиған аламан сақшыларды аралап кете барды. Әуелкіде соңында Қара мен Мүсірәлінің ілесе шыққанын көрісімен, сәл бөгеліп “қайта беріндер” дегенді ұқтырды. Жасақтың көбі далдаларына да кірместен далада ертоқымдарын жастана жамсап жата-жата кетісіпті. Сонау, әскердің алыс шетінде оқта-текте дабыл, даңғыра, шамдауыл қақтырылып қояды. Мұнысы – жау жағы бұларға үстемелей, тыннан жасақ келіп қосылып жатыр екен деген ой туғызу үшін тапқан қулықтары. Әр тұстан күбірлескен, сыбырласқан ішінара дауыстар естіліп қалады. Сөйтіп келе жатып, әлдебір итарқаның жанынан өте бере, ежелескен екеудің күңкіліне еріксіз құлақ түруіне тура келді.

– Мана мен болмағанда, үш қалмақ сені қасқыр тартқан торпактай ғып қалай неткенін көрер ем. Сонда көрер ем сенің көгінді!.. Қара жамылып соңында қатын-балаң қалар ет, ұлардай шулап! Әй, езбе қырт!..

– Әй, сен өйтіп менің күйісімді бұзба! Сенікі-менікінің қарымы ғана. Соның алдында ғана емес пе! Екі қалмақ екі жағыңнан найзасын туралап, төніп қалғанда, әуелі Аллаңнан бұрын шырқырап мені көмекке шақырғаныңды ұмытып қала қойдың, ә! Езбе қырттық сенен өтіп маған қалып па! О несі-ей!..

Алғашқысы кілт сылқ ете түсті.

– Жә, менікі әншейін ғой... Құрысыншы, жатамыз ба санасып...

– Жок, сен өзін ғой, бірденені көңісітіп кеп, адамның қыр көтінен қалмайтын.

– О жағынан сен қалысасың ғой, сірә? Көттен тұртпектемесең, анада Әйтеке жөнімен жығып, түлкіні маған алып бергенде... Сен соны күні бүгінге дейін есіңе алып, неге күңкілдейсің?

“О көбейгірлер! Мыналар баяғы, бұл Әлі төреге кетіп бара жатқанда, қайдағы бір мыршайға бола таласып, төбелесіп жатқандар боп шықпаса неғылсын!.. Екеуі де келіпті. Тіпті бір-бірін ажалдан да құтқарып қалыпты. Енді сонысын бұлдап, бұтқа толысып, бір-біріне гүжіндесіп жатырғаны мынау. Бү жұртыңа бұдан кейін не айтарсың!.. Дегенмен, бұған да тәуба қылмағанда, жаратқаннан басқа не сұрарсың!.. Әне, Үркіннің де бар мақсаты – мұның жағасына жармаспағанмен қапысын тауып, етегінен бір тартып қалу. Сөйте тұра, кеше хабар жетісімен, жалауын желпілдетіп, алдымен шаң берген де сол. Сонысы үшін-ақ күнделікті күйкі қылықтарының бәрін қайтіп мінапас санамассың. Андағайлап ата жауын іргеннің шаңын көтеріп жатқанда жүректей жарылып, бүйректей бөлініп, қайда жайлы қоныс, бас бұғар пана бар деп безе жөнелмегендеріне тәуба қылмағанда, кімнен пана, кімнен бата күтпексің!.. Шүкіршілік... Тәуба! Тәуба!..”

Аяңдай басып, едәуір жер бола тұра, жаралылар жатқан қосынға беттеді. Жол жүруге жарайтындарын іңір шамасында көш соңынан жөнелткен-ді. Қалғандары – жолды көтере алмайтын кеттім-бардымдар. Аралай жүріп, Ізденді тапты. Қызуы көтеріліп, сандырақтап жатыр екен. Кісі танымайды. Құшыныш Әмірқұл найзаның ұшы уланғанын айтты. Сөз ләмінен ертеңге қарай не олай, не бұлай болады дегенді аңғарды. Қолқасы үзіліп түсердей боп, аяқ жолы көрінер-көрінбес тас қараңғылықта қосынына қайтып келе жатып, үн-түңсіз қоз жасына ерік берді.

Керегеге арқасын сүйіп, тік отырған күйі өлгіде ғана қалғып кеткендей еді. Бәз біреулердің қуанған, бәз біреулердің өжектеген, бәз біреулердің саруайымданған дауыстарынан көзін ашып алды.

—О, хақ Расул, жәрдеміңе құлдық!

—Субхан Алла жар болды деген осы!

—Әй, Алладан бұрын амалын өзің ойла деген. Қалмақтан қулық асқан жоқ. Мұнысы да зымияндық боп шықпасын!

—Мен білсем, қалмақ Ақтауды айналып отіп, қош соңынан қуып бара жатпасын!

—Күйсепсін! Жау Ақтаудың арғы қыратын айналып отем дегенше қош Аспан-тау асып қонбай ма!

Әйтеке бір хабардың жеткеніне шұбасыздана сыртқа шықты, Шыға бере, айран-асыр күйде сілейді де қалды. Таң алдында аспанның жұлдызынан да жиі самсата от алаулатқан ойсан ойраттың орыны ғана жатыр. Сенер-сенбесін білмегендей көзін уқалай түсіп қайта-қайта шаншыла қарайды. Аспанның шығыс етегі алаулай арайлап, дауыс жетер жер бозымақтанып үлгеріпті. Небары бие сауым уақыт ішінде соншама жоңғар құсқа айналып, қокке ұшты ма, жын-періге айналып, жерге сінді ме!? Кірлік қақпай таң күзеткен жасауылдар жоңғар дүбірін неғып байқамады?

Қауқылдасқан сарбаздар мәмлесі екіұдай.

—Жау қашты. Мысымыз басты. Енді желкелей ұрып, майі күйрықтан біраз шықпырту керек!

—Қашқан жауға қатын — ер. Кеше дауысын аш баланың ыңырсығанындай естілетін. Бүгін...

—Жә, жетер! Даурықпандар!! Жоңғардікі — мен білсем, қулық. Бізді бұ жерде ала алмасын біліп, айқаи жазыққа шығармақ.

—Иә, дейім-ау. Сен оларды май күйрықтан шықпыртасың ба, әлде күшті басым жау жазық жерде сенің сегіз қозіңде сүнгісің сындыра ма!

Қолбасшы би бөрінен дауысын асыра әмір етті.

—Әй, әлгі Қылышбай қайда? Табындаршы тез! Жау бетке барлауға барып қайтсын дендер!

Мүсірәлі жақындай түсіп тамағын кенеді.

—Әй-аға, айта алмай жүр ек анығын білмегесін. Қылышбайды кешеден бері не өлінің, не тірінің ішінен таба алмай... Ақырын жақсылыққа сайып, көңілімізді аққа жығудамыз.

Би оны естімеген не сенбеген жанның репетінде әлгі бұйрығын қайталады.

—Табындаршы! Осындайға одан ептисі жоқ.

Бірнеше сарбаз түс-тұсқа желе жортып кете барды.

Бидің іздеген Қылышбайы — туған ағасы Қашқынның тұңғышы. Жиырмаға енді жетіп жүрген, ақ алмастай жарқылдаған жас өскін. Кешегі ұрыста “күйын” топты бастап, жаудың түйдек тұсына қанша мәрте кірді. Ол қанша кірген сайын жаудың сол тұсы іріген бөздей қанша қайыра ыдырап сала берді. Бір қолындағы қылышын, екінші қолындағы найзасын үйіре ойнатып, астындағы тарғыл тарланын емінте көсілтіп жауға ұмтылғанда соңындағылардың іркіліп қалғаны болмайтын. Сол екпінмен ұмтылған “күйын” топ жоңғарлардың қас ортасынан айырып түслегеннің өзінде ыдырата сетінетіп, өзге сарбаздардың оларды жеке-жеке бөліп әкетуіне оңтайлы сәт туғызатын. Сол ат сүрінгенше айла табатын інісін жау соңынан шолғынға жібермек-ті.

Жанына таяу келген Ақселеу мен Қоңырбайдың әлдене айтпаққа оқталғанын байқады.

– Жәй ма, Ақас?

– Қарағым, кешеден бері қайғыға көңіл де айта алмай...

– Осының ішінде қайғысыз жүрген ешкім жоқ...

– Иә, жөн айттын. Рахат пен қайғы – әу бастан кіндіктес. Дүниеде Құдай ғана мұнсыз. Адамның да сол Құдайдан сұрағы – бергенін алса да, берерін алмасын деген ғой. Берерін тілелік болашақтан. Сол бергенінің бірі – Ізденініңнен де айрылып қалып, қабырғамыз тағы бір согіліп тұрғаны. Ауыртпалықты да көтеретінге береді. Нар қайратыңа сеніп тұрмыз. Берік бол... Шейің кеткен боздақтардың иманы салауат болғай!..

Көкірегі күйіп барады. Қолқасы удай ашып, дүние аударылып-төңкеріліп жүре бергендей қатты тістенгені сондай астыңғы ернінен қан бүрк ете қалды. Енді бірде есін жиғандай болғанда, Қылышбайды іздеуге кеткен сарбаздың дауысын еміс-еміс құлағы шалды.

– Әй-аға, білемін дегендердің айтуынша, ат сонікі секілді. Осындағы бір сарбаз сол аттың несін қалмақтардың тұзақпен аударып алғанын, қолына зәңжір, мойнына күлде салып нәсір* қып әкеткенін көрдім дейді. Бірақ не көп – тарғыл тарлан ат көп. Біз...

Бидің дауысы әнтек қатты естілді.

– Атты! Атты әкеліңдер!

Келесі қасқағымда атына қарғып мінген ол түнде ғана жау жатқан тұсқа құйындата жонелді. Соңынан Тасым, Қара, Жанбыршы, Мүсірәлі бастаған топ та аттарына қамшы басысты.

Күні кеше ғана биылғы қол-қосір көктемнің бал уызын емін, желектеніп жатқан Нұрата жазығы қарала-құрала, күйелеш-күйелеш: әр жерде бейберекет шашылған сүйек-саяқ, үйік-үйік күл, от орындары бықси түтінден кетсірік ашытады, сойылған малдардың саси бастаған қан-жыны қолқа қабады. бөрі-бөрі адам түнеген жерден гөрі жын жайлап кеткеннен әрмен жайрап қалыпты. Сірә, жау қарасынының соңы болса керек: алыстан, көкжиекке бұлың-бұлың шың шарбысы сіңгені байқалды.

Кенет жатаған жарлауыттың астынан ебіл-себіл әлдебіреу шыға келгенде, таяу қалғандардың аты селтендей үркісіп, иелері әлдебір кезбе үмітпен елеңдесе қалған-ды. Бірақ бұл күні кеше ғана жасын отындай жарқ-жарқ етіп жүрген Қылышбай емес, баласы көп үйдің мысығы құсаған күйкентай әлдебіреу екенін көргенде көңілдері сап басылды.

Адам сүдіні жоқ бейшара аяғы жана шыққан балаша төлтендей басып, сүрініп-жығылып бұларға қарай үмтылғансиды. Бұлар болса: “адам дегеннің де осындай түрі кезігеді екен-ау!” дегендей бір орында сілейіп тұр. Аузында тыным жоқ міскін неме жете бере екпеттей жығылды.

– Бауырларым-а-ай! Сендер ме! Шын ба! Жеттім бе! Енді мені құрбандыққа шалыңдар. Бар қазақтың атынан. Жаным құрбан. Бақұлмын бөріне!..

Омырауын бұлап, зарлай бебеулеген зар-залыранынан бұлардың үкқаны – осыдан жиырма жыл бұрын тып-тыныш отырған қазақ ауылын жоңғар шауыпты. Сонда бұл анасының құрсағындағы екі айлық шарана екен. Сол

* Нәсір – тұтқын.

шапқыншылықта әкесі қалмақтың жебесіне ұшып, шешесі бетінің жылтырақтығы арқасында аман қалыпты. Ақыры, күштектілікте жүріп, тесік окпе күйінде жоңғардың қырық құрау кара шатпасында өткен жылы көз жұмыпты. Ғұмыр бойғы көксегені – Қаратау төңірегінен өзіне бір ұыс топырақ бұйыруы, сосын мына ілдебайының кара табанын казак деген жұртының қарасына іліктіру болса да, күрсіне-күрсіне дегеніне жетпеген күйі күйігіне өртеніп кете барыпты.

Өзінің жыртитып көзін ашқалы көргені – қалмақ ламасы мен мәнжісінің қозы-лағы ғана. Сол қозы-лақтың соңында күн өткізіп жүрген міскінді: “Осы өзінің казак екенін біледі деймісін, мәнгүрт немеге ат бақтырсақ та ерқара ғой” деп жоңғарлар осы сапарларына ала кетіпті. Сол-ақ екен, олсе де өзінің сүйегі казак жұртының жерінде қалуынан басқаны ойламапты. Сонда ғана анасы байғұстың өмір бойғы аманаты орындалуын мәнсүктайды. Ал, таң алдында жоңғар жағы аттарының аяғына киіз байлап, сыпырыла көтерілген шақта мына жақпар тастың қалтарысына тығылып қала барған мұны қараңғылықта ешкім байқамапты. Кешегі қанды қырғыннан көңілдері қарайып жүрген бұлар оның бебеуін шыбынның ызыны ғұрлы санамай, бұрылып кете барар ма еді, қашқынның келесі зары ырықсыз бөгелдірді.

–Әй, сендер білмейсіңдер ғой. Қалмақтың қанпезерлігін сендер көрген жоқсыңдар ғой. Олар қолдарына түскен казак жауынгерлері бәрібір олетін болса, Қап тауынан әкелген қасқырдан да ашулы иттеріне жегізетінін білмейсіңдер. Кеше де үш нәсірді сойтті... Сендер олардың түн жамылып неге қотарыла зытып жөнелген себебін де білмейсіңдер...

Сардарлардың бірі ызбырлы жекіді.

–Сен сорлы, соранды ағыза бермей, білсен не ақы сұрап тұрмысың!

–Ақысы несі! Айтпасам – ұмытқаным. Не сендер сұраған жоқсыңдар. Мен де не ес жүруші ет... Енді айтайын. Кеше сендер жақтан төрт нәсір әкелді. Сонын олімші үшеуін әлгі Қалданның күзетшісі қасқыр иттеріне жегізді. Төртіншісін... Жоқ, сол айтыпты. Аттарын ұмыттым, бір шаһарлардан қарулары оншең мылтық бес мың жасақ келет депті. Танертең келіп жетет депті. Оның үстіне сендер жақтан әлсін-әлсін керней, зұрнай ойналды. Қалмақтарға ол осы келіп қосылып жатқан тың күш депті. Қалмақтың таң алдында күйрықты жымып зытып тұрғаны сондықтан... Әне, тағы ұмыттым. Ең бастысын айтуды. Сендер жаққа саудагер ме, дәруіш пе, біреу барып келіпті. Сол әлгі төртінші нәсірдің сендердің кімің деді, әлгі бір атақты билерінің немере інісі екенін танып қойыпты.

Қаранын шыдамы сарқылып:

–Әй, қарағым, ақы сұрасаң – атаңның құны болса да берейін. Енді сол казактың қайда екенін білсен – соны айтшы! – деді.

–Білем. Өзім көргем, жауыздардың оған не істегенін. Оны иттеріне берген жоқ жеуге. Қазактар көрсін деп, ана атақты бидің өзі көрсін деп... Жаман хабар жеткізгені үшін деп...

Жоңғарлардың таң қараңғысын жамылып, бөріліге зытуының мәнісін енді шамалаған бірнеше кісі мына бейбақтың негімен меңзеген тұсына, арық қоспақтың оркешіне ұқсаған тәйпіш тасқа қарай тепендесе жөнелген.

Тас тасасына жете бере күңіреніп кетті.

Қазыққа отырғызылған нәсір – Қылышбай еді...

Арада тәулік өтті. Билер мен батырлардың, ертауылдар мен отамандардың пікірі әлі екі ұдай.

“Жаудың пәті қайтты, енді бұл маңға қайтып күйірігін да көрсетпейді”.

“Мұнысы — көз алдарқату, бөрі тіктескенде емес, қашып бара жатын ауыз салғанда жұлып түседі. Қайтып бір соғады, қашан болмасын”.

“Ау, сонда олар қашан қайырылып соғады екен деп, мына оісан қолды Нұратаның қашанға дейін шаңын қаптырып, иіріп қоямыз!”

“Олар қарасын біржолата батыру үшін өкшелеп барып соғудан басқа амал жоқ”.

“Мұның — жаудың дегенін істеу. Жер жағдайы қолайлы дегеннің өзінде кеніе тебінгіден тер, қанжығадан қан жауды. Екі жүз жаралының ішінде беті бері қарағаны некен-саяқ. Ашық далада жау бізді түтіп жейді”.

“Соны қуатындай бізде жоні түзу ат та қалмады. Арық-тұрақтар тұралады, жараусыз мінілгендері кеше-ақ қызылмайға айналды...”

“Қашқан жауға қатын — ер. Қашқан жауды қуа алмаған қазақтан не үміт, не қайыр!..”

Күні кеше “жау келе жатыр” дегенде бөрі түсінікті-ақ еді, енді “жау қашты” дегенде қарағар пікірдің соны керіске соғарын топшылаған Ақселеу бөріні түнжыр күйде тындаған Әйтекеге соңғы салмақ салды.

— Би, қан түкірген шайқас артта қалды. Айбарымызды асыра алмасақ та, абыройымызды жауға бастырмадық. Алладан жар бола гор деп жалбарынып ек, жебегені емей немене — ханы қарабет, жасағының жүзі жығылып кері лықсыды. Түгін тартсаң — майы шығатын Нұратаның шаңы біліне бастады. Қолды қамап қойып, ұзақ кідіре алмаймыз. Мынау жақсыларының көмеіі өр тарапта. Баяның не, байламың қандай?

— Шолғыншылар келді ме? Жау жақтың шаңы басылды ма?

— Арттарына бұрылмастан кетіп барады. Бел суытулары да сирек деседі шолғыншылар. Бір бармағын бүгін жүрмесе жоңғар бола ма, артында не кесепат ойлағанын кім болжапты.

— Сайрамға қиын болмаса етті, — деді Әйтеке түнжырай түсіп.

— Қолбасшысы Сыбан Раптанға қосылса... Әттең, қол қысқа! Өкшелеп отырып, желкелеп ұратын күш-ай!.. Сайрамға бұрылуға мұршалары болмас ет. — Сосын барып Ақселеудің сауалына тоқталды. — Іргеге жау келді десе, ақ сауытын да киюді ұмытып, кеудесін ақ алмас пен көк сүңгіге төсеп тұра ұмтылатын небір сыртандарымызға топырақ осы жерден бұйырды. Бұл да бір киелі жер. Жүздері жәннатта шалқығай, делік!.. Қарасын топырақ бұйырған осы жерден берелік. Қам жасандар. Сосын бәріне де ұрықсат!

Пәтуа осымен түйінделді деген ыңғаймен орындарынан қозғалыса бергенде Қаражал алдыңғы күнгі ұрыс үстінде болған қыжақты жаңғыртты.

— Би, көңілдің кірі айтса кетеді. Осылар-ақ опақтан сопақ шығарады да жүреді деп сөкпе. Ат айлығын, түйе жылдығын, есек аяқ астын ойлайды. Мен ертеңін ойлаған мына жұрттың уәжін ғана жеткізушімін. Жау жетті, ел көштілеп дүрілгін жатқанымызда, жалпақ ұлысымызды ен жайлаған қырғыз, өзбек, қарақалтақ шеріктері мен лашкерлері сапымыздан неғып сирек көрінді?

Қойшым қажы қыршай атқа жайдақ мініп, күйірігін қажатқан балаша қипақтай қозғалақтады. Қожамқұл би камшысын сылқ еткізіп ортаға тастай салды. Көпшілік “айта бер” дегенді үнсіз ұқтырды.

—Аға баласы-ай, біреу-міреу бетіме салық қылады-ау деп өзім де іштегі күйіп, кипактап жүр ем. Ақталмаймын. Қақтаймын десендер — бас міне!.. Ақыреттің жұмағынан азаматтың ары артық демекші, қарақалпақтың да ана жылғы құба қалмаққа кеткен кектері шорланып жазыла алмай жүр емес пе! Осы хабар жетпестен үш күн бұрын қауға түсіп, қайрат қылар бес жүз аламаны ешкімге тіс жармастан құба қалмақ бетіне барымтаға аттанып кеткеннен әлі орамай жатқан көрінеді.

—Сендік, —деді Үркін шыны екені не кекеткені белгісіз кейіпте. —Жарайды, қарақалпақ ескі кегін қуып кетті делік. Ал, қылышы мен найзасын қайласы мен кетпеніне ауыстырса, өзбекке ешкім тиіспейді деп ант-су ішкенін қайсын естідіндер?

Қаражалға жалғас отырған өзбек биі Ахмаджан мұрнының астынан мінгірледі.

—Жүз шақты шерік осында, әкө. Сосын...

—Е, қазан-ошақ жағында жүрген қазақтардың қатын-қалаштары ма десем, сықпыт-сүдіндеріңе тышайын, сендердің шеріктерің бе ет!

Шеттерінен мұрындарына күрт түскендей үй ішін мырс-мырс күлкі жайлады.

Бұдан әрі шұқылай берсе, “қан” шығатынын болжамдаған Әйтеке шорт кесті.

—Қазаққа қарап есінеп, қазаққа қарап кісінеп жүрген жаудың басы да, аяғы да бұл емес. Қол санасып, ту түгендесер күн әлі алда. Достың өкпесі бар, кегі жоқ, қарындастың азары болса да, безері жоқ. Тек бұдан былай қай-қайсымызды да тірі болып санда жоқ, өлі болып көрде жоқтан сақтасын. Бұл оңтіме осы арада қалсын. Шұқылағаннан жара жазылмайды. Қоламтаны қоздатпалық. Қоздаған шала шоққа, шоқ отқа айналады.

—Жон-ақ!

Бірнешеуі бір ауыздан қостап орындарынан енді көтеріле бергенде, Үркін:

—Сәл сабыр, жақсылар!—деді. —Тағы бір пысықтайтын жай бар. Ол — би дау барда, батыр жау барда сыйлы деп жон-жонімізге тарап жүре бермей, кешегі ұрыста ақ билегінің күшін, ет жүрегінің түгін көрсеткен батырларымызды разылап қайырғанымыз ләзім. Кеше ұрыс барысында ақкетенің екі жүзі екі мыңға татыды дегенді өзін айтқансың, Әйе-ке. Жаудан бір мындай қылуқұйрық олжаланды. Содан батырлардың алапайын* беріп разылап қайыр.

Әйтеке шорт кесті.

—Ешқандай сый-сияпат, тарту-таралығы болмайды. Қаделі құрмет көрсететіндей жаудан олжалы оралдық па, барымтадан алдымызға мал толтырып қайттық па! Алапай жылқы кешегі құрбан кеткендердің тұлданған қоліктеріне қосақталады. —Осыны айтып Қара мен Ақселеуге тапсырды. —Ақас, Қара, әсіресе жарлы-жақыбайларға көбірек бөлінулерін қадағалауға өздерің қоз салындар-шы!

Үркін қолқ ете түсті.

—Тапқан ақыт!

Өзгелері де қауқылдаса мақұлдасып, мағыналы кесімге береке тілесіп, шейіт кеткен боздақтардың қарасын беруге кірісіп кетті.

Жасаққа азық ретінде әкелінген төрт тұяқты түгел шалынды. Шейіт кеткен боздақтардың атына бағышталған құраннан Нұрата төңірегі ертеңді-кеш күніренді. Таңолеуімізде, қоліктеріне аяқ артар шамада бәрі киелі Нұрата бұлағынан жан-төрсіктеріне су толтырысып алды. Қайыр хош айтысар тұста осы маңдағы аз түгін албан, суан жасағының қарт батыры Жанторы:

* Алапай — жаугершіліктегі олжа деген мағынада.

—Әйтеке інім, — деді жасы үлкеннің кішіге білдірген рауғашты үнімен. — Атыңа берісі — қазақ, әрісі — Құлпейіс қанық. Күні кеше азуы алты қарыс Әлі төресі тақымына боктерсен, бүгін аға жаудың ханын қара жерге тірілейі көміп, жасағының жігерін жасыттың. Алла риза — біз риза! Енді исі қазақтың ата жайылауын — Жетісудың жарым жерін саржамбас қылған жоңғардан тазартуға қол бастасаң, туымыз тік, жасағымыз жаракты. Соңыңнан еруге әмсе біз дайын!

Бидің жауабы қысқа қайырылды.

— Қолқанызға “Хан кеңесі” ғана жауап берер. Ондай жауапкершілік маған жүктеліп жатса, мен бас шайқамаспын...

Келер күнге қайыр қадам тілескен ноңір жиып қайыра-қайыра қоштасып, аттарына тақым артысты.

САЙРАМНЫҢ КҮЙРЕУІ

Дөңіккен қарсақ құлағымен ін қазалы. Жоңғар да сол: әсіресе соңғы он, он бес жылдың мәуірінде күйрықтары қайқайып, айналаға әуіттері жүре бастады. Дойырлары мен араатарын былай қойғанда, бақташысына дейін бес қаруын сайлап, түн баласы қойындарындағы қатындарынан гөрі жастықтарының астындағы қылыштарын қайта-қайта сипалаумен шығалы десседі. Осыдан небары елу сегіз жыл бұрын, хижраның бір мың жиырма үшінші жылы* Есім ханның кезінде қазақтардан шылпарасы шыға талқандалып, аман қалғандары әуіріммен Тобыл асып, көуірдің қалың орманына тығылып жан сауғалаған алас-күлес замандарын бүгінде отті-кетті түстері құрлы естеріне алаа не дейсің!

Қазір қазақ деген қойдан жуас жұрттың жеріне нағашысының ауылына серуен салып, қайын жұртына ұрын барып қайтқан желокпелерше қойқандауды шығарды. Ойда жоқта ойран салып, қапыда соғып қан қақсағалы. Соңдарында лапылдаған орт, аңыраған көрі-құрған мен жесір ғана қалады. Ойламаған тұстан қара дауыл, ала құйын боп өте шыққанда, қазақтың еркек кіндіктері төсектен бастарын көтеріп, тіз киімдерін киіп ұлгермеген беті жусап қала барады. Илуде бір найза безеп, қылыш сермеп, қарсы атойлаған үркердей-үркерасей топтары ұшыраса қалса, жоңғардың тасқынына жұтылып кете барады. Ессіне жоңғар мен ойраттың алды малға, арбасы мұкамалға толып, тақымы жылып қормеген пақырына дейін қалың малсыз қатынға қарық боп қайталады. Әсіресе Салқам Жәңгір Қалданмен жекпе-жекте мерт кеткелі жоңғардың күшігі жүгірді. Қазақтың сұлтаны солға, онданы оңға тартып, бегі мен батыры озді-өзі айбар асырысып, дәулет салыстырысып, дәурен кешкен жылдардың ішінде шығыстағы қара, батыстағы құба қалмақ атаулы бақасы көп көлдің сарыүйек жыланыпша көбенденіп алды.

Тәукенің тәж кигені — күні кеше. Ол Салқам Жәңгір бақилық болғалы арада өткен ширек ғасыр ішінде сайдан санын, күмнан ізін табудың өзі мұнға айналған төресі мен қожасын, тентегі мен телісін екі тізгін, бір шылыбыр ғып ұстаймын дегенше қай заман! Енді, міне, жоңғар да окжылан секілденіп талмамай сорып, асықпай жұтып жүріп Жетісудың тең жарымын әкесінің бөлген еншісінше жамбастап жатыр.

* 1024 — қазіргі жыл санаумен 1627 жыл.

Қашанда ашыққаннан құныққанның жемсауы кең. Былтыр: “жұттан ақсүйектеніп шыққан қазақты түбі шойырылтатынымыз рас болса, қырышымыз қайрылмай, найзамыз майрылмай тұрғанда, қайтып ес жия алмастай қылып төмпештейтін кезіміз биыл!” деп Сыбан Раптанның елеуремесі ұстағанын қайтерсің!

Әкесі Батыр қонтайшының қаншама жыл көкірегін жегі құртия жеген арманы, күндіз күлкисін, түнде ұйқысын қашырған қазақтың сыйқырлы сайын дала-сына жеріктене сілекейі шұбырғанмен: “Бізге керегі — жұттан шығып, битін сығып, қанын ішіп отырған аш қазақ емес, кемеліне толып, кекірігі азып отырған тоқ қазақ. Қазақтың қатыны құрсақты, торт түлігі — толшыл. Кемі екі-үш жыл аялдадық. Әйтпесе, соншама жерге албатыланып жетіп барғанда не баракат таппақсың!” деп Қалдан Бошақты немере інісін зорға қондіргендей-ді. Атқа мінбесе, тақымының, найза ұстамаса, қолының қышуы қанбай, басындағы құс жастығы тасқа айналатын Сыбан:

“Шіркін, Сайрамның қызылды-жасылды базары неге тұрады! Бір өзінің байлығы бүкіл жоңғардың неше жылғы көз қызығы!” деп ішпей қанып, жемей тойып, ұзақты күнді кешке, ұзақты кешті таңға ұластырумен шерменде жүретұғын. Дегенмен, қонтайшы ағаның сөзін жерге қалдырмастай көрінетін. Бүкіл жоңғар жасағының бас қолбасшысы атанғалы бұра тартқан кезі де ұшыраса қоймаған-ды. Ақыры, періштенің өзін жолдан тайдыратын Сайрамның байлығы інісін қия бастырды. Бір күні шайтан кошер шақта шағын қолмен Сайрам бағытынан шаңын бір-ақ көрсетті. Маңдайын тасқа ұрып, мәңгіріп оралды. Бұған да керегі сол еді. Әскербасы атанғалы немере інісі әрқилы мінез көрсете бастаған. Жылда-жылда запы болған шаһар тұрғындарының кәрі-құртаны, бала-шағасына дейін кетпен-қайласын ала ұмтылып, қасқия қарсы тұрып бағыпты. Араттарының тең жартысын қарға-құзғынға жем қылып оралған оны айызы қана, іштей табалай сыбады.

Қаныпезерлік өз басында да жетерлік. Бірақ немере ағасы Сенгенің баласы боп келетін Сыбан Раптанның қанды көргендегі сұры мүлде шошырлық. Сондай құтырынған бір тұсында мұны да құлағына қыстырмағаны өз алдына, қанды азуын білеп, бас салудан да жүз жанбас деген қауіптен құралақан емес-ті. Кейін келе, ерте ме, кеш пе — бір тақтың екеуіне тарлық ететіні де шүбәсіз. Мына оздерімен қидаласып жатқан қазақтарда: “бас ұстаған жерде журағаттын аз болғаны мақұл” деген сөз бар. Қазақтың қай мәңжубасы айтса да, өзі үшін алтынға айырбастағысыз нақыл. Енді немере “інісінің” көп кешіктірмей бір қыбын тапса... Алайда, тарпа бас салуға бұл да бармай аңысын аңдуда. Күткені — осы сапардың сәттілігі еді. Бұрхандары теріс қабақ танытты. Оздерінен екі есе аз қазақ бармақтарын шайнатты. Өзегін өртеген — сонау сондарында ит-құсқа жем қылып қалдырған мыңға жуық дойырлары мен араттары да емес, өзін қылыштан бетер қидалаған әлгі қызыл көз биінің қиғыр тілі. Мұның іштей бақас мәңжілері мен тайшыларының, нояндары мен зайсандарының, тоқ мысықша үнемі мүлгіп жүретін ламалары мен тактан үміткер немере інілері, әсіресе Сыбанның қыбы мен қышуы қанса, тап осы жолы қанатын-ақ шығар... Сорды тілеп алған да өзі: қаласа қара судан қаймақ қалқитын, өз қатынының не істеп жүргенін білмесе де, озгенің жер астынан сыбырласқанын елден бұрын естіп қоятын қазақпен, соның ішінде әлгі жағына жылан жұмыртқалағыр қујағымен...

Ондай жел сөзді тым кішірек кезінде, ошақ басында шек-қарын шелдеп, сирақ үйтіп жүріп, күнкілдескен екі күнтекiнiң күбір-сыбырынан құлағы шалғаны бар-ды. Мағынасына, мәніне ол кезде ұғынып жарытпағанмен, ғұмыр бойы

сол күнкіл құлағының түбінен ызындап, соншама уақыт соңынан қалмай қоюының сырын ғана сараптамаған. Бөсе, анасы байгүс не алдынан, не соңынан кара ілестірмей, мұны жалқы табуының...

Сол бір ошак бұтын тырналаған екі күнтекiнiң де, үнемі дәу қара итпен бірге сыртта түнеп оретiн, қол-аяғы арбыған далбан секiлдi қара қығай күлтекінің де сүйектері қурағалы қай заман! Аса көрi де сықылы емес-тi, бiрақ ондай күлтекілер мен күнтекiлердiң қашан, қайтiп өлгенi итiме керек пе!

Жасаған Иенiң шеберiн-ай! Сөйтсе, итке бергiсiз ғұмыр кешкендердiң соңында да ала бүлік iз, басылмайтын дауыл, сонбейтiн өрт қалады екен. Сондай өрттi одырандап жүрiп, ендi өзi қайта қоздандырып алғанын көрмеймiсiң!.. Бөсе, Сыбан соңғы кезде неге сызды десе... Бұның түп шикiлiгiнен хабардар болғаны ғой, сiрә? Қотаны да, Отаны да басқа қазақ естiгенде, оның едiрейген тышқан құлағын ешкiм бiтеп қоймаған шығар. Салқам Жәңгiр мен Жалаңтостiң қолынан өкесi Батыр опат болғанда, бұл тым жас едi. Таққа немере ағасы Сенге отырды. Ал Сенге өлгенде Сыбан тым жас едi. Жол соныкi болғанмен, таққа бұл жайғасты. Ендi мұның соңынан мынадай шикiлiк шыққанын бiлген Сыбан қолбасшылықты мiсе тұтып, тыныш ғұмыр кешпесi хақ. Екiнiң бiрi: не ол, не бұл. Әсiресе кешегi оқиғадан кейiн мұқым жоңғар бұдан терiс айнамайтынына кiм кепiл? Ендi тек iнiсiнiң ғана емес, барша жоңғардың кеудесiн кеулеген күлiмсi жеккөрiнiштi қалай жуып тазартпак? Ары қараған беттерiн алғаусыз етiп қалай берi бұрмақ?

Көңiлi алабұртып, Сайрамға келгенде Бұрхандарының өлi де өзiнен терiс айналып кетпегенiн көрiп, “Уф!” деп демiн бiр алды. Ойткенi, Сыбан Раптан Бадам, Угам секiлдi елдi қоныстар мен сол төнiректегi ауылдарды тып-типыл ғып тонап, қырып-жойып үлгергенмен, үш күннен берi Сайрам шаһарын ала алмай қан сорпасы шығып жатқан-ды. Араттары мұның Нұрата төнiрегiнде мұрит кеткендерiнен екi есе артық қырылыпты. Жуық маңда шаһарды ала қоюы да күманды. Шаһардың қаз тұрған собиiнен еикейген көрiсiне дейiн: “Өмiр жоңғарға керек болмаса, бiз оны әлдiқашан талақ еткенбiз!” дегендей қан қасалқа кiрлiк қақпай қойып кетiп жатқанын көргенде, айызы қана iштей масайрай түсiп, үш қара ат жегiлген қара күймесiнiң үстiнде безерiп, ертеден кешке дейiн мелшиiп бақты. Сайрамның аса биiк болмағанмен, тас дуалының басынан жоңғар араттары мен дойырларының төбесiне қолға iлкеннiң бәрi бұршақша жауып жатыр. Жeбесiн сағымға сiңiрерлiк сүрмергендердiң садағынан қаншама ержүрек араттары мен дойырлары мұрит кеттi десең-шi! Әсiресе дуал басынан төбелерiне ыстық су мен қара май құйылғандардың жантәсiлiм ете алмай, құлындағын дауыстары төбешашынды тiк тұрғызарлық.

Бүйте берсе, көп кешiкпей елге соқабасы қайтарын ұққан Сыбан Раптан ашудан терiсiне симай, долыра айқайға басты.

“Жебелерiңнiң ұшына майлы шүберек байлап, шаһарға от жаудырындар!”

Сонда ғана бұл селт етiп, қаһарлы даусын алғаш естiрттi.

“Тоқтатындар! Тоқтатындар, есуастар! Өрт қоюшы болмандар! Нақұрыстар, ертен елдерiңе Сайрамның күлiн артып қайтпақпысындар!”

Iзiнше ұрысты тоқтату дабылын қақтырды.

Әрине, жоңғарлар үшiн керегi – күлге айналған Сайрамнан гөрi күндiз естерiнен, түнде түстерiнен шықпай, бас айналдырып, қоз түндыратын қол-

көсір байлығы асып-тасқан Сайрам. Қылышынан қан саулатқан ұр да жық, әуелі қолбасшының бұйрығынан гөрі нәсілі шірік болса да, ақылды қағандарының бұйрығы естірек көрініп, баршасының бүйректері бүлік еткен тұстары – кәміл осы шақ.

Сол-ақ екен, үш тәулік бойы Сайрам жаққа сынар жебе тартылмады. Шаһар қорғаушылары көз көрім жерде күні-түні митың-митын, күйтің-күйтің, мігірсіз сабылған жоңғарлардың тірлігіне тосырқай таңданысумен жүрді. Сөйтсе... Төртінші тәуліктің таңында Сайрам тұрғындары мен қорғаушыларының тобесіне тас бұршақ жауып кетті. Оқ шалым жерден атылған ат басындай тастар ықыра гүлдей келіп, қорған ішіне нөсерлей жөнелгенде, қарсы амал таппаған қорғаушылардың әп-сәтте ұйпа-түйпасы шығып, барша тұрғындары ұлардай шулап, жоңғарлардың тұқым-тұяғынан түк қалдырмай қарғап-сілеумен болды. Ызғын зобалаң басталды: садақ тартар қол қуаты бар небір ондір жастардың басы тас бұршақтың астында мылжаланды. Лектірмен* тынымсыз томпештелген шаһардың үш қақпасының күлпаршасы шықты. Жау лек-лек ағылып ішке лап қойды. Екінді шамасында қорғаннан да, қорғаныстан да біржолата мән кетіп, шаһар іші қан сасыды.

Жаудың айбыны асты.

Жер бетіндегі мына зауалдың куәгеріне айналудан шошыған күн ұясына барып тығылды.

Ақыры, шаһар имамы Ассамадин қауым нөкерімен ақ жалау көтеріп сыртқа шықты. Алайда, қаны қарайып үлгерген жау үшін еңдігі мөмленің қуны қарабақыр-ды. Сыбан Раптаннның мыңбасы дойыры Күдердің бұйрығымен мүтөлім мөмлегерлерді жебеден жаңбыр жаудырып, жусатып салды.

Ақшам жамырай жау шаһарға құйылды.

Адам айтса, нанғысыз масқара басталды. Әуелі көздеріне көрінген жаралы еркек атаулы қорқыратып малша бауыздалды. Шал-шакпыт, көрі-күртан біткен тамдарға камалып өртелді. Тоналмаған үй, кешкі мен шартақ қалмады.

Шарапханалардың тонірегінде бозаға мелдектеген жоңғарлар қызкеліншектерді шырқыратты, беті жылтырларына иттей ырылдаса таласып, бір-біріне қару ала ұмтылысқандары да қаншама. “Қарға той” таң алдында барып саябырсыды.

Нұратадағы тапталған намыстың зәрі қайтпағанмен, Қалдан Бошақтының сөл-сөл тынысы ашылғандай болды. Әсіресе араатарын текке қырылудан сақтап, сонау бір жылдары Қытайдың тас атқыш құралының сырын біліп алғаны мұндай оңды болар ма!.. Көз алдында “қарға той” жасап жатқан жоңғардың қай қылығына да “шәй!” демеді. Қайта олардың ойістіп құтырына, жыртқыштана түскенін, құмарларынан шыққанша жынойнақ жасап баққанын қалады. Жарты құрсақ, жарым көңіл жоңғар қашанда жоқшыл, кінәмшіл, кекшіл. Алды маңға, қойны-қоншы жиһазға толып, жауының қыз-қырқынының қызығынан тоят алмай тұрып “шәйіт!” деуің жолбарыстың аузындағы жемді алумен бірдей қауіпті. Тек әлгіндей шектен тыс құмардан шыққанда ғана хонтайшыларының тегінде шаруасы қанша: қытайдан туды ма, қазақтан туды ма, әлде қарақшы мен күл-құтаннан туды ма – бәрібір. Қарақан басы жетіскен жоңғар енді “жау шаптыламасаң!” қалған уақытта өбектесе енді қойнындағы

* Лектір – Қытайдың “дивархан” атты тас атқыш құралының жеңіл түрі.

қос-қос қатынын обектейді, жоқтаса, енді жайылауындағы шет жайылған бота-тайлағын, тай-жабағысын жоқтайды. Ал, мына торткүл дүшпенің тоғысар жеріндегі Сайрамның шаш та ток дүниесіне кенелген жонғардың енді талай уақыт жақсы түс көріп оянары көміл. Ендеше алда-жалда ығары да, сақтаптары да немере інісі – Сыбан ғана. Әуелден де шүйдесін ер қажаған шобырша кіржіндеп, жалына қол жолатпағысы келетін райда жүретін іні енді ағасының нәсіліндегі дүмбілездікке қоз жеткізгеннен кейін жонғар тағының тағдыры безбенге түсеріне ешкімнің шұба-құманы қалмағаны хақ. Қайсысы қайсысының кеудесін басары – Құдіреттің қолында. Әуелден әулие жаралсаң да сәуегейлік ете алмайсың тап қазір.

Үш күн. Үш түн. Жау өлі Сайрамды обын жатыр. Ойрандап жатыр... Бұрын да үш қайыра келіп, дегендеріне жете алмай кетін еді, дүние-мұкамал оздері мөлшерлегеннен де қисапсыз екен. Құлқын одан өткен тойымсыз боп шықты. Бәрінен бұрын Үрімнен дейсің бе, Қырымнан дейсің бе, өлде Хиуа мен Қорасаннан дейсің бе – шетінен перизат жаралған хаса сұлулардың “қарға тойына” құныққанда білгендері аздық етіп, білмеген сұмдықтарын ойлап табуға келгенде де “сұңғылалықтың” небір түрін көрсетіп бақты. Қазақ пен қырғыздың, қарақалпақ пен өзбектің, түрікмен мен ноғайдың небір алғара қиғаштары жонғардың болашақ “тұқымын ажарландыратын” таптырмас мұкамалдарына айналып жатыр...

Бірде Қытай асып, бақа-шаян жеп, бірде Тобыл асып, көуірдің сарқытын жалап-жұқтап жүріп бозаның да дәміне дөнігіп ұлгерген жонғарлардың күн сайын хор қызындай сұлулардың деміне күйіп оянғанын не суша сімірген түрлі шараптардың буына желігіп оянғанын ажырата алмайсың: шетінен сыпыра мас.

Бұлардың жаратылысынан қуанышы мен салтанатының тұқымы бөлек: басқалары мұндайда күндіз-түні думандатып, ән-күйін әзілмен жарыстырып, аламан бәйге тігісіп, балуан күрестіріп, кокпар, жебе тартысын, у-дуга кенелсе, бұлар ақпан мен қаңтарда келеге түсер бураша шабына күркілдесіп, айналадағыларға айбар шаша қаһарлана, дүлейлене түседі. Кім қаһарлылық, кім айбындырақ, кім қатігезірек – сол ғана мына жеңістің, думансауықтың ажар-сөні.

Сайрамдағы сайран тұтас аптаға созылды. Азына күні* шаһарға кіріп еді, келесі азына күні қаусырма қомды түйелерінің, еру аттарының бәздері майысып, тау-тау асыл мұкамал тиелген ырдуан арбаларының тертелері сықырлап, дөңгелектері бұралақтап, құлды “хан базарынан” оралғандай ырғалып-жырғалып Кіші Ясыдан** кіре тартылатын күре жолға түсті. Артта тігерге тұяқ, үрерге ит қалмады. Алғандарын азсынғандай, шаһардағы жанады-ау дегеннің бәріне от қойып, күлге айналдырыл кетті. Тірі мақұлықтан алғандары – екі мыңға жуық қыз-келіншектер. Онда да бетінің қызылы барлары мен тұрпатының бөденділері ғана. Өзгелерін кемпір-шаддарға, бала-шағаларға қосып, “тұқым бұзады” деген желеумен сыпыра жебеге байлады.

Бұл хижыраның бір мың сексені бірінші тышқан жылғы еді.

* Азына күні – жексенбі.

** Кіші Ясы – Шығыс Түркістан.

КҮЛТӨБЕДЕГІ КЕҢЕС

Сансыз балтын кіндік қаны тамып, исі мүсылманның сертке бергісіз пәтуалы сөз байласып, ықылым кезден киелі кіндік мекеніне айналған Сайрам жау қолынан жайрап қалғаннан кейін, түздіктердің мәртебесіндей көрінетін Мәртебедегі келелі жиын қайтып ол арада бас құрамады.

Тәуке хан ұлы даланың түс-түсындағы игі жақсыларына биылғы жиынның мизан айының басында Ясыға мойын жақын Ангрен өзенінің бойындағы Күлтөбеде өтетіндігі жайында сабағат салған-ды.

Сонау сәуірдің соңғы күндерінде жоңғармен қидаласқан алас-күлестен соң, осы жиынға дейінгі аралықта да Әйтекенің тақым суытып, терлік құрғатар шақаты болмады. Ат қолтығы сөгілер Жайық, Елек, Ойлы, Сағыз, Сихай, Жем төңірегіндегі Кіші жүз ұлыстарына Қара бастаған хабаршылар арқылы үшбу сәлемі мен өтініш-пәрмендерін жолдады. Самарқан, Кермине, Тамды, Кенімың, Қыз-бибі, Ақтау, Нұрата маңындағы ұлыстарды өзі аяқтай ақтады. Ру басы билер мен бектердің, байлар мен беті өтіп, сөзі жүріп тұрғандардың жұттан кейін әлі де қабырғаларына шыр біте қоймаған қарашыларды биыл да рамаат атаулыдан азат қылу жөніндегі кесіміне келіспегені некен-саяқ. Арагідік дегені болмаса құрық әкететін кейбіреулерге “Тәйіт!” деуіне, жосыққа жығылғансып, “о, да жөн екен” деп сызданғандардың сызын сылып тастауына тура келді. Қалған “Хан сыбағасы” мен пітір, зекет салығының түйіні “Хан кеңесінде” шешілмек. Сөйтіп, ат арылтып, жан сабылтумен арада төрт айдың сырғып өте барғанын сезбей де қалған-ды.

Мизанның алғашқы аптасында-ақ биылғы “Хан кеңесіне” қатысушылар Ангрен бойындағы Күлтөбеде түгел бас құрады. Әрине, жылдағы Мәртебеге жиналатын желекті, нөпір шырай атымен жоқ. Әр рудың төрт тірегі* қосшы серіктерімен ғана келіпті. Ал, Мәртебеге жылда исі қазақ келелі кеңеске ғана емес, ырғалып-жырғалып, сөн-салтанат жарыстырып, ұлан-асыр той өткізіп кетуге жиналғандай-ақ сабылатын. Айналасы айқай жазық Күлтөбеде ондай арқайындық атымен сезілмейді. Жақсылардың жүзінен айдалаға келгендей алағызшылық байқалады.

Кеше кеңестің алғашқы бас қосуы өтті. Салғаннан өңгіме Сайрам жайына ауысқан. Көпшіліктің көңілдеріне қан қатыпты. Кекті. Сайрамды ойрандатып алғандары жүректерін жауға суырып бергендей әрқайсысының сөзі аса ызғарлы естілді. Әйтекенің Нұрата маңында жоңғардың пәтін қайырғанына қошаметшілер аз болған жоқ. Сөйте тұра, “жарақты жасағы сайма-сай тұра, жауды өкшелей қуып, Сайрамға қолұшын бермеді” деп жаяу бұрқасын көтергендер де табылды. Би әуелкіде “қайсысына сөз жеткізем” деген сынаймен құлақтан асыра салуға тырысқан. Мұның онысын кінәсін мойындағаны деп қабылдады ма, әлгі төңтеріс қабақтарға “жәрекімалла!” деушілер қосыла бастағанда, іштей қазанның қара боранындай үйткі соғып, ора тұра жаздап барып, тілін тістей қойды. Онысы — “сөзінді біреу сөйлесе, азуың қышып бара ма!” дегенді ұстанғаны. Өйткені, осы кезде әр сөзін әдемі мақаммен ән айтқандай ғып әуездендіре сөйлейтін Әнет баба: “Е-е, не деп күнсітіп барасыңдар, жарқындарым!—деді. —Жеріне жетпей желп ете қалатын, байыбына бойламай албатылана қалатынымыз-ай осы. Жоңғардың да күткені бұлардың сол айқай жазыққа шығуы емеспет! Сайрамнан

* Төрт тірек — әр рудың биі, мырзасы, пірі, батыры деген мағынада.

айрылғандарымыз аз соққандай тағы бір төрт мың шаңырақ аза тұтып, қара жамылуы ма ет қалғаны. Болды, шырақтарым! Болды!..”

Көп жағдайда ішін аша бермейтін Тәуке Әнет бабаға шырайлы қоз қиығын жүгіртті. Сосын күні бойы мәслихатқа оқта-текте “тұздық” құюмен ғана шектелді. Төктер гәбін көбіне жиынның соңында бір-ақ жария қылатын қашанғы әдеті. Мұндайда таразыға салар сөздің, келеге түсер істің шымылдығын көбіне Төле, Қазыбек, Әйтеке, Майлы, Мәті, Болпыш, Айдабол ашатын да, әлгідей сыңар езулеп, бұра тартқандарлы Әнет баба, Едіге, Соқыр Абыз, төбе би қарақалпақ Сасық сықылды мосқалдар мәмлеге шақырып, қайырмалап, торттағандатып отыратын. Бүгінгі жиында әдейі алдын-ала айласып, түтіндесіп келді ме – тілі безеулі, найзасы кезеулі батырлар дауыс асырып бағысты.

– Ау, жамағайын! – деді ор қабақ, алаң қоз батыр бастап. – Оңыңнан барымталағанға, солыннан сырымталағанға жалтақтаудан басқа қазақта қайран қалды ма осы! Үргелектенгенді ұры ит талайды, қорғалақтағанды қасқыр қамайды. Қашанғы осылай омаламыз? Еңсегей бойлы Есім кезінде қазақтан жан сауғалап, енесінің етегіне тығылғандай бол көуірдің қойнына кірген жоңғар бүгінде қазаққа жоңып күдірейткенді шығарды. Күдірейткені емей немене, өткен жылы ханымыздың батасын, Файыпты бүкпалап жүріп байлап өкетті. Әйтеуір аман, Лхаса* жаққа оқуға жіберіпті дегенше малданып отырысымыз – мынау. Бүгін келіп Сайрамға жасаған қиянатты – анау. Бүгін Сайрамшы алсам, ертең ойранды саламын дегені – осы емес пе!

Бірнеше тұстан өзге батырлар гүр-гүр үн қосты.

– Сөз-ақ!

– Жоңғарды қашанғы бүйтіп талтандатамыз! Жеріңнің тоскейіне қол салды. Ендігі күткендерің қызыңның тосегіне қол салуы ма!

– Ойбай-ау, қазақтың өлгені жоңғармен итжығыс түспеушімет! Бұл не ездік! Бұл не мойынсалдық!

– Ту көтеретін біреу-міреу шыға ма? Шықпаса ерікті, қалауды өзімізге беріңдер! Бірдене етіп, ұл тудым деп жеген шешеміздің қалжасын ақталық тым құрыса!

– Былтыр Нарын беттегі құба қалмақтың екідегісін есіне келтіріп ек. Биыл Аюке ханымыздың табанын жалағандай бол табалдырығын тоздырып жүрген жоқ па! Беріңдер батырларға ерікті! Күні бүгін аттанамыз!

Әйтеке “Аттанамыз!” дегенін қош көрмесе де, дауылпаз үн батырға жалт қараған. Ақбөкеннің тос етіне тоятпаған бүркіттей тұрпатына едәуір көзі арбалды. Бірақ тани алмады.

– Мынау кім? – деп сұрады жанындағы Мүсірәліден.

– Талай қазақтың батырының түбіне жеткен құба қалмақтың атакты Сайқын батырын қолмен қылқындырып өлтірген сабазын осы, – деді Мүсірәлі сүйсінісіп бөгей алмай. – Тұрпатын көрмеймісіз, арыстан құсаған.

– Байбақтының Шолан дегені осы де. Аңада Әлі төрені шабамын дейтін осы емес пе!.. Тусаң – ту! Аталық сайлап, тұқым алардай тұрпаты бөлек жаралар ма мұндай.

Сөзге хан жанында отырған төбе би Сасық араласты.

– Аптықпа, жас бөрі! Біз өлі қалмақтың күшін нақты шамалай алмаймыз. Шамалаған күннің өзінде ал, аттандық десек, кім қанша қол, қанша қару-жарак, ат-көлік қоса алады, оны да айта алмаймыз. Әрі ел жұттан кейін соншама қол жинай алады дегенге кім кепілдік берет?

* Лхаса – Тибет.

Әлдебіреу саңқылдаған үнмен кекесін косты.

—Қалмақтың қандай екенін, қазақтың қандай екенін Кіші жүз биінен сұрай салмайсыз ба, күні кеше қалмақпен соғысқан!

Бұл манағы “жарақты жасағы бола тұра, жоңғарды қумады, Сайрамды жауға беріп қойды” дейтін ондан Сейіткерей еді. Әйтеке оған жалт бұрылғанда, жас ондан бидің айбар шашқан жүзінен қаймыға, жанындағы Әлі төренің тасасына қарай ойыстай сырғыды. Бар бәленің Сейіткерейде емес, ханнан басқаға қозқырын да салмай, кекірейе кекжиген Әлі төреде екенін ұққан бұл сабырға жығылған байсалды жауап қайырды.

—Жас мырза, қалмақтың қандай екенін, қазақтың қандай екенін шын білгің келсе, құлағыңды әрмен салмай, бермен сал. Қалмақ тұлпар мініп, темір құрсанып, азуын айға білеп алыпты. Қазақ тұттай жалаңаш. Күні ертең жау шапты десе, біріне табылса, екіншісінің астында бұт артар жабысы да жоқ. Батырлардың күйікті намысына қосылсам да, тап бүгін аттаналық дегенін мақұлдай алмаймын. Соғыс құрбандықсыз болмайды. Өздері ақ қоянның жұтынан кейін битін сығып, қанын ішіп отырған қаншама жұрт қорғанынан, асыраушысынан айрылатынын көз алдына келтірудің өзі қорқынышты екенін ойладық па!?

Жас төренің пікірін ашық қуаттамаса да, қарагоқа Омарқұл би әлі де аяқтан бір шалып қалғысы келгенін аңғартты.

—Жүт — Құдайдың күзіретті ісі. Ол үшін ешкімді кінәлаудың реуеті қайсы! Тек соны себептеп Төле, Қазыбек үшеуің ғана мақұлдасып, ханның ұлықсатынсыз, “Хан кеңесінің” келісімінсіз алдында азды-көпті қарасы барларды торуылдап, жалпақ жұртты рамааттан, пітір-зекеттен, “Хан сыбағасынан” азаттаймыз дескен сыбырларыңды әлде Құдайдан басқа ешкім естімейді дейсіндер ме?

Әйтеке тік кетіп, зіл батпан үнмен жекіріп тастады.

—Жоқ, Омарқұл, өйтіп қиястанба! Әр айтылар сөздің өз орыны, өз уақыты бар. Сенің айтпағың — қорасына тоңғақ күйірық қозы-лақ біткенше қарашадан жиналар рамааттарды екі-үш жылға кейінге қалдыруды ұйғарғанымыз ба? Күні кеше “Ал, жау шапты, ел көшті!” дегенде сарбаздарға мініске берген көліктеріңнің “майын” тірі қалғандардан сұрап масқара болғандарыңды басқа кешірсе де мен екі дүниеде кешіре алмаймын! Қайыра сондай сыпсың құлағыма жетсе, малдарыңнан тігерге тұяқ қалдырмай талауға салынды дей беріңдер! Ал, “хан сыбағасы” хақында аяқтай келіп айтпады демесеңдер, хан жанында жүрген мына ақсақал ағалар құлақтар-ды.

Хан жиын ортасында сөз болмейтін дағдысын бұ жолы бұзды. Оң қолын кеудесіне таман көтеріп белгі етті де, қарлығыңқылау үнмен бұйрыққа баларлық түйін байлады.

—Би, қарекеттеріңнен құлағдармын. Мақұл санамасам, ендігі бір хабарын салар ем. Рамааттар мен салық билігі өздерінде, үш Алаш бий! “Хан сыбағасына” келсеңдер, қарашы атаулы үш жылға бостан деп санандар. Қалғанын жағдайға қарай келісе жатармыз.

Қаумалаған жұрттың көпшілігі разылықтарын байқатып, қозғалақтасып қалды. Ханның тағы да үш бидің алдында өздерін тұқыртып бергеніне іштей сыздап, сімерлене бедірейіп алған төрелер мен мырзалар да аз болған жоқ. Қайткенде де рамаат жайы осымен тәмамдалып, мәслихат ауаны ел тыныштығына ойысқанда жұрттың назарын Қазыбек өзіне аударды.

—Ау, жамағат! Біз біріміз ойға, біріміз оппаға тартып, шілдің қиынша шашылып жүргенде жан-жақтан анталаған жауларымыз біржолата жалданып алғанын көрмейміз бе, көргіміз келмей ме! Болінеміз деп жүріп бөріге, жарыламыз деп жүріп жауға жем болды деген осы емес пе!

Қитыға қитарланып алған Әлі өзі сөзге қыстырылды.

—Коргеннің бөрі көсем емес, сөйлегеннің бөрі шешен емес. Би, тоқ етер байламынды айт.

—Ойпыр-ой, сөзді бөле бердіңіздер-ау, Әлеке, —деді Төле нали наз білдіріп.

—Жер тобесіз, ел төресіз болмас деп тобемізге көтергенде қарашының сөзін қаралай рәсуа қылсын демегеніміз шығар.

Қазыбек Әлінің сөзін де, өзін де көзіне ілмеген сыңаймен ойын байытты.

—Біз Ресаймен іргемізді қымтамай тұрып, айналамыздағы ақи қоздердің жандасқанымен жандасып, қандасқанымен қандаса алмаймыз. Ресайдың аузын бері қаратып алғанда ғана еңсемізді ешкімге ездірмей, қоз алартқандарға тіктесер жерінді айт деп елдігімізді таныта аламыз.

Әлі төре дау десе, ақысын беріп сатып алатын, кеудесі биік, егеспеде екі сөзге келмей, шаршысына толып шыға келетіндердің біразының ауызын алып қойған екен. Бұл жолы керейдің кербез мырзасы Тоқболат кекетті.

—Иә, Ертістегі түз өндірушілерін шабақтағаннан кейін қазақты көуір атаулы құдандаласып, күйрық-бауыр жесуге күтіп жүрген көрінеді.

Осы арада кеңесшілер арасы сөгіліп, пікір үш тарапқа шашылды.

Төле, Қазыбек, Әйтеке, Болмыш, Мәгілер Ресаймен андаласып, сауда керуендерін Хиуа, Шаш, Ясы бағыттарына еркін жүруіне жол ашып, ұры-қарыдан қорғасак, қару-жарақ алып, еңсе тіктеп, етек жабар едік десті.

Әлі секілділердің ығында жүрген төрелер мен бақуатты деген мырзалар Ресеймен андаласқаннан гөрі шайтанмен құдаласқанды хош көрді. Сөйтсе, олардың арбадан шыққан шобырша кегжендеп, бастарына жүген ілдірмейтін себебі басқа да екен. Ресей қазір бұлдаса, бір бұлдайтыны— қару-жарағы. Бағасының күйіп тұрғаны да рас: ана жылы Жайық бойының тақтай шөркей, тері тон киген мүжықтары қос білтелі дәрілі мылтықтарының әрқайсысын бес қылқуырыққа, онда да тандаған бестіге айырбастағандары бар. Әлгі ауқаттылар “көуірімен жақынласып, қару-жарақ алар болсақ, өуелгі салмақ битін сығып, қанын ішіп отырған жалпақ жұрттан бұрын бізге түседі” дегенді айтпаса да, комейін жасырғансығанмен, көрпесін ашып алған-ды. Бірақ орыс мүжықтары қазақтар күсап үйірлеп жылқы ұстап қайтсін. Жегер көлік, ер асты бір-бір атқа тақым артсымен ондай саудадан атымен тильпықты. Әрі қазақтардың Ертіс бойындағы түз өндірушілерінің күйрықтарын түріп қойып шабақтағанын гой-гөйлеп жүргенде, Жайық бойының ланы одан асып түсті. Әуелі көуірлер “балығымызды үркітесіңдер” деп тарс-түрс мылтық атып, қазақтардың малын Жайық маңына қия бастырмай қояды. “Балығыңа өзін қақал, суымда сенің бес бересің, алты аласың қай атаңнан қалып еді” деп бір-екі әумесер бірнешеуін ат бауырына алмай ма! Су десе, балық десе тандыры кебетін сол мандағы көуір атаулы жиналып барып, әлгі қазақ ауылын шауып, үйлеріне от қойып, бес-алты еркекті атып, малдарын тігерге тұяқ қалдырмай қуып кетіпті. Мұны естіген көрші ауылдың еркек кіндігі қопарыла атқа қонып, көуір қонысына әлгі кепті кигізеді. Еркек атаулысын қойдай тізіп апарып: “сендерге керегі балық болса, атаукерлерінді сонда барып жеңдер!” деп мойындарына тас байлап Жайыққа тоғытыпты. Содан бері Тобыл, Жайық бойындағы орыс

ұлықтарының қабағы тоңгеріс. Әйтсе де, “өрі қараған бетім бері қарамасын” деп ат күйрығын кесіскендері де байқалмайды.

Сонда олардың түпкі мүддесі Хиуа, Шаш маңына емін-еркін жүріп сауда жасау ғана ма?.. “Сыртқы жауларыңнан қорғап, сауда-саттық жасап, мұн-мүқтаж-сыз қыламыз” деген желеумен қазақтың төрінен ойып, әуелі асты тақтай, үсті сырмақтай ғып үй салып, айналасын атшаптырым қорғанмен тас бекітіп жатқандары анау. Ал, қазақтар сонау Ақназардан бері олардың шойын добы мен от қаруына жерік. Андаласып төсекте басы, төскейде малы қосылып кетпегенмен, әлде де дүние-мұқамалға қызығып, көңілдің қошуақ бір сәтінде от қаруын ұстата сала ма деген дәмеден желбуазға айналғандары қашан.

Осының бәрі қайыра-қайыра талқыланып, ел жайын қанша аударып-төңкергенмен, әзірге сөз байып, пәтуалы серт байланбай қойды. Анық көз жеткізгендері – сегіз арыс, алты Алаштың көшкені-сайран, қонғаны-мейрам боп тұрған Тәуекел хан кезінің қайтып оралмасы. Басқаны айтып бас ауыртпағанда, ойратың да ол кезде Тәуекелді ханымыз деп санайтын. Тәуекел қоз жұмар-жұмбастан “жонғар ежелгі жау етектен кесіп жең болмасын” тағы танытты. Есім егескен жонғарды Тобыл асырып, көүірдің орманына тығып, ойындағысын орындап жүргенде, Тұрсын тәубасын тәрк қылып Түркістанды шапты. Бір емес, екі қайыра. Есім алғашқысын кешірген. Адамдығын аялығы жеңген немені қайтып кешіре алмады. Кешіретіндей де іс емес-ті. Өзбек пен қатағанның дара ханы өзім деп Шаштың төрінде шалқайып жүргісі-ақ келген. Ғұмыры қысқа болды. Еңсегей бойлы ер Есім оның соңынан шұбырған ермелерімен қоса жамсатты да салды. Басын найзаға шаншып, онымен “андалас” Бұқара ханы Иманқұлға жіберді. “Маған қоқандағанның көрер күні, киер кебі – осы!” дегендегісі. Тұрсын аяр қарабасын жұтып қана қойған жоқ, соңына ерген екі сан, екі арыс қатағанның қанын мойнына жүктеп кетті. Қазір аман қалғандары түрік асып, парсы асып, сайда саны, құмда ізі жоғалды. Дінін ұмытпағанмен тілі мен ділін жасырады.

Қайтып үйірге қосылар-қосылмасы күмәнді.

Есім көз жұмар-жұмбақта әуелі өзбек өзге қылыққа басып, ауласын аулақ салды. Қазір әлдеқалай жатжұрттықтар көз аларта қалса, шаһарларының қақпасын айқара ашып, көл-көсір сый-сиялатын ала шауып, төс сүйектері үгітгенше нiлiп-бүгiлiп тұрғандары. Есесіне шаһарлары бүтін, базарлары – қызылды-жасылды. Қалдан Бошақтымен жекпе-жекте мерт болған Салқам Жәңгірден кейін сұлтандар мен төрелердің әрқайсысы – төңіркүт. Бауырдай іріп, бүйректей бөлініп жатқан шақта ауық-ауық іргенді түріп жау шапқанда төсекте басы, төскейде малы бір өрген қырғыз бен қарақалпақ та бірде шеріктерін қосса, бірде шет қалып қоятынын айтып, көзге шұқушылар өз алдына бір айғыр топ. Ондайлар оңеш созып, өзеурей жынын шашқанда, Тәукенің оң жағындағы төбе би, қарақалпақ Сасық та, сол жақ тізесін баса жайғасқан қырғыз Тиес би де ұнжырғалары түсіп, еңселері езіледі. Мәртөбе басындағы жиында жан жадыратар ырду-дырду, той-томалақ қатар жүріп жататын. Кешелі-бергі Құлтөбедегі жиынның ажары мүлде солыңқы. Орыны толмас қайдағы-жайдағы өкпелер айтылады, жігер жасытқан жорықтар еске алынады, бір ұшқындап, бір сөніп жүретін мына жұрттын үмітінен гөрі торығуы басым ба деп қаласын. Бас біліктісі бастап, өзгесі қолпаштай жөнелетін осыдан екі-үш жыл мәуірітіндегі ынғайтөктіктен қожырай бастағандай ма деп қалғандайсың. Кей тұста әр ру өз дегендеріне қарай шылбыр сүйрейді, тағы біреулерінің айқайы көп, айтары мардымсыз, енді біреулерінің

соз сарынынан әлдекімдердің “шайтан таяғымен” шабалақтағанын аңғарсаң, со-
ныңдағыларды жөнімен өргізеді-ау деген кейбір тірекердің де пәтуасы буазға
мінгендей қорғалаңқы. Қотыр үлекше әдейі сүйкенетіндер де ұшырасып жатыр.
Тілінен шырасы тамған шешен деп жүргендердің өзі ауық-ауық шиыр салып,
қиыр асып кете береді. Қақпалап аяқ жолға қайыргандардың уәжі қайта-қайта
әлгі мәңгірме мен нықыртпа, бақай есеп, үритсок, қыздырма, саруайым, күңсік,
қокан-лоқы сөздердің шаңы астында қала береді.

Кешелі-бері осының бәрін үнсіз тыңдап түйік қалып танытқан Төуке “есінің
мұның жөн емес” деп ешкімге рай білдірмесе де, түс ауа басқаларға көзеттік ете,
жанындағы Әнет, Соқыр абыз, Сасық, Тнес, Едігете, қарсысына жайғасқан Төле,
Қазыбек, Әйтеке, Мәті, Болпыштарға жиі-жиі: “Сіз бұл жөнінде не айтасыз?”
деп өзінің кімнің райына құлайтынын танытқаннан кейін барып, жаңағыдай
кұрық алып қашқандар мен күйрегендер ауа жайылмай, ауан баға
бастады. Бүгінгі жиынның аяғына қарай ханның өзіне сауал жауды.

–Иресайдан жан тартып көреміз бе?

–Әлбетте.

–Елшілікке кімді мақұлдайсыз?

–Оны ертеңгі кеңеске қалдыра тұралық.

–Иресайға елшілік қашан жіберілімек?

–Оны да ертеңгі жиында келіселік. Тек елшілік жібермес бұрын бір-ер жыл
аялдап, олардың бетін бері қарататын амалын қарастыруымыз керек шығар.

–Бетін бері қарату – аяқтарына жығылу боп жүрмесе неғылсын?

–Мұттөйім басқа. Жосықты-жосықсыз қақтығыстарға, керуендерді тонауға
жол бермей тұра тұрамыз. Қайткенде де қару-жарақ алғанша тозе, шыдай тұрмас-
қа лаж жоқ.

–Жоңғарға қарсы қашан аттанамыз?

–Жоңғарға қарсы өзір аттанбаймыз.

–Бұл не, жоңғар білгенін істеп, тайрандай берсін деген бе?

–Кеше Кіші жүз биі айтқан жоқ па! Жоңғар қандай жағдайда, казак қандай
жағдайда екенін. Бір-ер жыл аялдап, ел белін көтеруін күтеміз.

–Қазақ белін көтерсін деп жоңғар күте тұратынына біреу келіп беріп пе!?

–Оларға да елші жібереміз. Мәмлете шақырамыз. Басқалай амалы жоқ.

–Елшілікке кім, қашан барады?

–Оны да ертең келіселік көпшілікпен.

–Кешегі жоңғар беттен, Іле бойынан ауа көшіп келген қандастар биыл қайда
қыстайды?

–Оларды үш Алаш биі Сыр, Сарысу бойына орналастыруды ұйғарып қойған.

–Олар сол маңдағы ұлыс билерімен келісіп пе?

–Келіспесе – кеңеседі. Уақыт бар.

–Келіспегенді тағы үшеуі тізеге басады деген сөз бе?

–Ұлыс билері Алаш билерінің күзіретінде. Алаш билері хан кеңесіне ғана
бағынатынын ұмытпандар. Зорлыққа жол берілмейді. Сосын қандастарымызды
қаңғытып, әркімге көз түрткі етіп те қоймаймыз.

Әлгі айтылған аймақтың ауқаттылары мен билері күңкілдесіп барып басылды.

–Ауқаттылардан тағыр жиналады деген не сөз?

–Басқа лаждың жоқтығынан.

–Оны да шешкен Алаш билері ме?

– Ұсыныс – солардікі. Ұйғарым – мына аға билердікі.
– Бәрін солар шешетін болса, Хан кеңесінің керегі қанша?
– Бұл да ертеңгі талқыда кеңесіледі. Әрілемелік. Жер жауға емес, қандасыңа бөлінетінін естен шығармалық.

– Бәрібір жоңғармен ұстаспайтын болсақ, тағыр жинап қажеті не?
– Кешегідей күтпеген жерден тағы біреу шапса, сарттан есек сұрап мініп, өзбектен қайласы мен кетпен сұрап алып соғысамыз ба?

Соңғы сауалға берген хан жауабынан кейін “о да жөн-ау” деушілер басым түсті де, енді дат алушылар кобейді. Біреу аздығын айтып, қабырғалы рулардан көрген қокан-лоқысына назатанды. Біреулер бақ қонған, бата дарыған аталылығын аңғартып, тілін жасырып, тісін көрсетті. Көптің ішінен кім шықпайды: беті жүріп, сөзі өтіп тұрған кейбіреулер қабырғасы жұқа, камшысы қысқаларға: “айттым – болды, кестім – үзді, маған деген кара аспанын болса, тастап-ақ жібер!” деп жауқабақтанбаса да күреңқабақтанып, жең ішінен білегін білегендер де ұшырасты. Ондайларды аға билер сындырмай июге тырысып, мәжіліс жүрісін түзеп бақты.

Ақыры, бүгінгі жиын ақшам жамыраған шақта шаққа тарады.

* * *

Ел ішінің даң-дамасы, жоқ-жітігі, бөк жеме дау-шары қашан түгенделген. Амалсыздан кеңестің келелі тұстары кейінге ысырыла берді. Бүгін, жиынның төртінші тәулігінде, түске таман хан мәслихаттың ертең жалғасатынын сабағаттаған. Дүйім қауым ұйып қалған аяқтарын жазатындықтарына шырайлы репет танытты.

Түс ауа Төле, Қазыбек, Әйтеке, Мәті, Жабайлар Жыланқарауылдағы* жазғытұрым Ангрен тасығанда жыра-жықпылмен келіп аумақты қолға айналатын су жағасына беттеген. Айнала көк мауыт құшағында жататын жер жаннаты Мәртебеден кейін, мынадай кедір-бұдырсыз айқай жазыққа қайсысының да көңілі толмай, орта құрсақ жүрген-ді. Көлге таяй бере, маңдай тұстан мырза жел лақылдай жөнелгенде жан сарайлары ашыла түскен. Көп кідірмей тағы бір байқандары – көл жағасындағы мына мырза желдің ауытқымалығы.

Жаңа ғана шығыс беттен майқара жусан мен кикі отының иісі мұрын қытықтаған, енді саумал леп өзеннің батыс бетіндегі, сағымға шомылған күзен белге ауысқанда, жұпаркиіктің хош иісі салқам сезімді шымырлата рахаттандырды.

– Е, бұл дұрыс болды.

Жабайдың “дұрыс болдысын” жанындағылар мына жайсаң ауаға разылыққа жорыған. Сөйтсе, оның мәнісі басқада екен. Өздері бағыштаған көлдің жайлақтау тұсына Әнет баба, Соқыр абыз, Болпыш, Мәті, Айдабол, Қадырберді бұлардан бұрын келіп үлгеріпті.

– Қазір бұлардың көмейін бір ашып алсақ, әңгімеге қарқ боламыз, – деді Жабай аусарлана. – Осыларды тыңдауға көптен орайы келмей жүр еді.

Аға билер де бұларды шуақ шаша қарсы алды.

– Келіңдер, шырақтарым. Келіңдер! – десті жарыса қауқылдасып.

Тек Айдабол би ғана көрмегенсіп, айдалаға қарап қалыпты.

Әңгімелерінің әуелдегі желісі солай ма, әлде естімегені біле жүрсін дегені ме, осы аймақтың биі Қадырберді ұзын сонар баян соқпағын өрбітті.

* Жыланқарауыл – Күлтөбені бұрын солай атаған.

– Шіркін, Үш жүздің барша жұрты бірге кошп, бірге қонып жүрген ықылым кездегі қайырлы қонысы – Қаратаудың бір шеті осы арадан түйе қолтығы жіпсімес жер. Бұл манды, мына қол табанында су жоқ кезінде Қаракүр ойпаты деседі екен бұрынғылар. Аң атаулы Барсақелместегі секілді ыңып жүріпті. Аймақ суы тапқы, мал ашырқанып жер ашылы-гүшылы шөбі жүғымды жер. Мөртөбеден болса да айрылдык. Қаңсып-күңсіп, күлге айналған ол жерге енді қашан айналып соғарымызды кім біліп жағыр. Ханның кеңсеті осы арада өткізуі ақылға қонады.

Қадырбердіні Айдабол боліп жіберді.

– Ханның осы арада кеңес өткізгеніне кім қарсы. Тек алаш бизерінің шешімі сынар езулеу ме, қалай? – Басқалар үнсіз бөгеле берген. – Тағыр мәселесін айт-там, – деп үстеп қойды. Әлгіде ғана ақи-тақи келісілген мәселені оның қайта қопсыту мәнісін түсінбей аға билер тымырайыса қалған-ды. Айдабол Әйтекеге мойын салды.

– Әйтеке інім, осы жөніндегі ұсыныс өзіннен өрілті ау баста. Аймағыңдағы алшынның бас көтергендері сенің айбарыңнан, Төле мен Қазыбек жолы үлкен болса да, жасы кішілігінен бодауыңнан аса алмай қалғанға ұқсайды.

Жиын басталғалы осындай біткен істі қайта күңсігіп, малтасың езгендерге китықтанумен жүрген Әйтеке шамырыға жауап қайырды.

– Япырмай, аға, мұндай малжанды туармысын! Жұтқа ұшырады деген ауқаттыларды тағырдан босатты. Енді өзегінді өртеген қарашыларға кеткен сен секілділердің он шақты қылқұйрығы ма? Әлде сол ауқаттылардың өріске симай жүрген іші бөк, сырты түк малының бәрі ақтанопалықтан жиналған соңғы ырысы демекпісің! Іргелерінді түріп қойып жау шауып жатса, сол қарашылардың ығына барып паналамағанда, төрелердің қатынының етегіне барып тығыламысыңдар! Қарашы баршанның айбатың, бастарыңа бұлт үйірілгенде бас сауғалар қайратың емес пе!.. Ол үш жасында өзіңе төрелік кесім жасаған балаң Тайкелтір бүгінде қырықжым қырыққа келді. Бермейсің бе жолын!.. Қашанғы үйкүшік қып ұстайсың! Балаңның төрелігінен аса алмай, баршаның алдында басыңды идіріп, ініңді де түсірген осы малжандылығың еді. Енді келіп, көп боп түйген істі малтанды езіп, неменеке қайта-қайта қазбалайсың!

Айдабол абдырап, күйбендеп, күңкілдеп, қара бұйдас шапанының омырауын сипалап, қалтасын ақтарғыштап, ойпан-тойпаңы шықты да қалды. Сосын жанындағы Қадырбердіге:

– Әкелші бері! – деді.

– Нені?

– Шақшанды.

Айдаболдың аяқ астынан мойнына түскен “қыл шылбырдың” мәнісіне мына жақсылардың бәрі де қанық-ты.

Ана жылы Айдаболдың көп түйесінің ішіне бір кедейдің буаз інгені қосылып кетіпті. Ингені боталады-ау деген шамада иесі келіп алайын десе, Айдаболдың інгенін де, жігіттің інгенін де бір бота еміп жүреді. Жігіт ботаның өзінікі екенін танып, алайын десе, Айдабол: “інгеннің бұрынғы боталарын көрсете қойшы” дейді. Жігіттің бұрынғы боталары өліп қала береді екен. Шынын айтады. Соны алдын-ала білген Айдабол: “бауыры күтсеңіз інгеніне менің ботамды телігің келген екен, есен-аманыңда жөніңді тап!” дейді. Әкесінің жөнсіздігін көрген Тайкелтір бала суырыла тақпақтай жөнеліпті.

Қара шашың ағында,
Өлеріңнің шағында,
Әділ төре етсеңіз,
Халқын сіздің жағында.
Әділдіктен кетсеңіз,
Басқа билер қағынды.
Би қағынса көпшілік,
Қағады бастан бағынды.
Бастан кетсе бақытын,
Қуарсын елес сағымды.
Сағымды қуып жүргенде,
Қуартарсын жағынды.
Дәулет құсы ұшқанда,
Соғарсын сонда санынды.
Өлмей тұрып ертерек,

Ойла, әке, камыңды.
Көріне тұра бұрылсан,
Төгеді біреу арынды.
Ар төгіп те құр тұрмас,
Кетірет қалған сәнінді.
Көтерілсе көпшілік,
Отқа жағар тағынды.
О дүниеге барғанда,
Сонда халің мәлім-ді.
Тыңдап тұрып бір адам,
Айтса жұртқа жайынды.
Қисық берген төрене,
Шыдамай дәтім тарылды.
Тар төрелік берердей,
Жігіт саған не қылды? –

дегенде, Айдабол жұрттың алдында өзіне осынша зіл айтқан баласына терісіне симай долданып: “Айт, көне, әділ болсаң төрелігіңді! Дәлелде бота кімдікі екенін. Дәлелдей алмадың екен, атанңның сақалына жабысқанның қандай болатынын көрсетіп, шу асаудың құйрығына байлап жіберемін!” деп қаһарын төгеді. “Мақұл” деген баласы екі інген мен ботаны алдырады. Сосын ботаның санына қылбұрау салып бұратады. Бота жанұшыра боздап бергенде, жігіттің інгені көзінен пора-пора жас ағып, еңкілдей боздап келіп ботасының үстіне жатып алады. Ал, Айдаболдың інгені анадай жерде мойын да бұрмастан аузы салп-салп етіп күйіс қайырып тұра беріпті.

Сонда Тайкелтір: “ендігі билікті өзіне қайырдым, әке” деп кете барыпты. Міне, содан кейін де Айдабол мұндай алқалы жиындарға Тайкелтірді көп қоса бермей, өзі келіп жүретін.

Әйтекенің нені меңзегенін түсінген билер көрі-жасы түгел бірі қолге, бірі қокжиекке қоз шаншып демге үнеіз қалды. Содан кейін барып Соқыр Абыз көк төсінде сырғып бара жатқан қыран тұқымдас әлдебір құстан көзін алмай, құдды сонымен тұспаласқандай боп:

–Апыр-ай, ә!–деді. –Қатты!.. Қатты, бірақ осындай қаттының да мақпалдан жұмсағы болады, ә? Ашының да балдан тәттісі болады деген осы. Алысты көрдім дейміз, аяғымыздың астындағыны көрмей, сүрініп жығылып жатамыз. Неге сүріндік деп бәрібір аяғымыздың астына қарамаймыз. Көзіміз аспанда. Анау биіктен қыран көргенді көру бәрімізге бірдей жазбағанын қаперлейміз бе, қашан болмасын.

Әнет баба жібек тінін тартқандай әдеттегі майда қоңыр үнімен ақ көкіректене, кейінгі келгендерді бауырына тарта еміренді.

–Е-е, шырақтарым, бізден де аққасқа шақтың шаңы ыдырап барады. Күні өткен, күші кеткен, күшеншек, күңіреншек көріден енді не күтесіндер. Ахиреттен қашқандай мына түрлерімізді өздерің көріп жүрсіндер. Енді дүние диірменінің тұтқасын қолдасады екен-ау деп бізге қарайламағандарың абзал.

Мәті аға билерді жұбата мақамдады.

–Болар бала он бесінде жас емес, өздеріндей даналар жүзден асса да пәс емес. Көріліктің алдына түсіп байпандай бермесендер-ші, ағалар! Аға – пана. Сіздер болмасаңдар Алатаудың ақ бораны, Қаратаудың қарлы ызғары мына інілеріңнің мандайын қарымай ма!

—Сөзің тәтті-ау, Мәті інім. Дегенмен, шындық одан құндырақ қой. Елегізер жасқа жетіппіз. Елегізгеннің көзіне елес үйір. Елес кезгеннің уәжі кімге дәру? Сөзінен әр, уәжінен дәм кеткен көрі кезінде қанша ақиық атанса да, ерте ме, кеш пе, жас жағалтайдан таяқ жері көміл...

Әйтеке мырза лептің өзіне қол бетінде ауық-ауық ақжалдана көтеріліп келіп, жағаға ұрған ырпылдақ толқындарға қарап отырып, әлгіде Айдаболға сілтеген “қамшысының” ұшы мына мосқалдарға тиіп кетті ме деп қысылықтауды еді. Соны сезгендей Әнет бабаның келесі ұлағаты арашалап ағандай жеңілейін сала берді.

—Кеше алды дауыл, арты орт біреулер қырғыз, қарақалпақ ағайындар соңғы кезде қазақ жасағына қол сирек қосады деп гөй-тойледі. Әйтеке, сенің “қоспаса, соңғысының себебі болған шығар, ал бұрындары қазақпен тізелескен қарақалпақтың ашула* айтпаған кезі жоқ” деп арашаға араласқаның ақылға қонды. Шағын халық — шамшыл. Шамшылдың бас біріктіруінен бүйректей бөлініп, жүректей жарылып жүре беруі — қас пен көздің арасы. Сондықтан шағын жұртқа бағышталар өкпе мен наз да шағын айтылғаны мақұл.

Әнет баба соңғы кезде ауық-ауық белінің құяңы ұстап, бебеулеп қала береді екен. Қазір де оңи қуаң тартып, аузымен ауа қармағандай бөгеле беріп: “ендігісін өзің жалғастыр” дегендей Едігеге көз қиығын салды.

—Төле шырақ, сенің тоқетер түйінді тауып басатының ұнайды. Қазыбектің қашанда қайтып ежіктеместей ғып қазып айтатыны — таптырмас қасиет. Ал, Әйтеке ініміңіз ғаділеттен бұлтақтағысы келгендерді тіліп түсер қиғыр тілі неге тұрады! Үшеуіне баға берейін дегенім емес, ең бастысы — үшеуінің ынта-ықыластарының, мұрат-мүдделерінің әрдайым бір арнаға құйып жататыны ұнайды. Үшеуінің үш қиянда жүріп, кешегі рамат жайындағы тындырған хам-қарекеттеріңе ел риза. Жаңа өздерің келмес бұрын да біздің әңгімеміз үшеуіңіз хақында еді. Аржағың ежіктеп қайтемін. Рабайлы сөз қазір үшеуіңіз ауыздарыңда. Небір додаға түсіп, сыналар аққасқа шақтарың әлі алда. Тек осы бірлікті тас тұғырларың кетілмесін ешқашан! Біздің тілек — осы. Солай ма, Мәтеке?

Әйтекенің анық байқайтыны — аға билердің сөз өзіме тиді екен деп суырылып есе бермей, бір-бірін үнемі жетектеп, бір-бірін үнемі үстемелей толықтырып отыратыны. Едігенің өзінен көп кіші Мәтіні “Мәтеке” дегеніне де ешкім танданбады. Әйткені, Мәтіні тек керейіттер не Жеті ру ұлыстары ғана емес, бүкіл Кіші жүз жақсылары жаға тұтатын.

Тіпті ел ішінде көсемсіп, ақылгөйсін, өзінен көлеңкесін оздырғысы келетін әлдебіреулерге: “Әй, шетіңізден Мәті би болмай тұра тұрындар!” деп тиып тастайтын мәтел де тараған.

—Ақылды сөзге не алып, не қосарсың,—деді ол алып денесіне лайық зор үнмен. —Аталы сөзден бірдене асырам деген — күшеншектік. Емеуріндеріңізден ұққаным — әрдайым ұйып тұрындар, ұйытқы болындар, тек қазақтың ғана емес, қандастарыңмен үйірлестік үрдістеріңді бұзып алмандар, құшақтарыңнан шығара көрмендер дегенді меңзегендеріңіз деп ұғам. —Ол осыны айтып жаныңдағы Болпышқа бұрылды. —Ауаннан жазсам, өзіңіз бағытқа салғайсыз, Болпеке.

—Жо-жоқ, бағытың жон,—деді Болпыш бар ойын сонау күзен белді торлаған сағым ішінен іздегендей кішкене көзін сүзе шаншып. —Сендерді лағып сөйлеп,

* Ашула — қарақалпақша жоқтау деген мағынада.

ауан баға алмайтын әлдебіреулердің санатына қосса мына ағаларың алтынға айырбастағысыз асыл сөздерін рәсуалап жыны бар ма! Әлде тастай алмай жүрген ақылы бар ма! —Сосын ол Төле, Қазыбек, Әйтекелерге мойын салып, —күшік күнінде таланған ит бөрі алмайды,—деді. —Сен үшеуің алқалы жиынға араласқалы мына ағаларың беттеріңе жел боп тимеді. Етектеріңе жабысқандар окта-текте ұшырасқан шығар, бірақ ешкімнің жағаларына жабыса алмағандары, мүмкін, осы ағаларыңның айбарынан ыққаны шығар. Бүгінде өздеріңнің ақыл, қайрат, абырой, бәледерің толысқан ақиық шақтарыңда ештеңеге, ешкімге жалтақтап, қарашыл бола бермендер дейді, менің ұғымымша, мына аға билер. Біздің шау тартып, шабандаған шағымызда артымызда ел-журты үшін түн қатып, түс қашып жүріп, бірлікті ойлайтын қайырылмас қанат, кетілмес тұяқ барын көрсек деп армандаған едік дейді мына ағаларың. Енді ел мен жердің, ынтымақ пен бірліктің туын сендердің қолдарыңнан көрсек дейді мына көпті кешкен, көнені көрген ағаларың! Ендігі көрешекті жерге берер шағымызда соңымызда төбе айналышықтап томен ұшатындарды емес, мұзарт асар мұзбалқтарымыздың барына көз тойдырып кетсек дейді данағой ағаларың!..

Ол Соқыр Абызға көз қиығын жүгіртіп іркіле берген. Көкейлеріндегіні хадис оқығандай ғып мұқамдап жеткізген Болпышқа разылықпен:

—Бөрекедді! Білгеннің түйіні осылай боп келеді!—деді Абыз.

Жоталы ойды жалғастырмақ ыңғаймен тамағын кенегендей еді, Айдабол орда жаққа иек қақты.

—Хан келе жатыр.

Шынында, орда беттен жанына өзінің үлкен ұлы Болат пен Әжі төрені ілестірген хан бұларға таяп қалған-ды. Жас-көрісі түгел шапандарының етектерін бір-бір сілкісіп орындарынан тұра берген, хан түске дейін мәслихаттас бола тұра, ашық раймен қайыра сәлемдесті.

—Армысыздар, арыстар!

Тақ иесі — Әнет баба мен Едігенің ортасына тізе бүкті. Кеңес үстінде жазық маңдайы мен сұйықтау қос қабағының арасына майда әжім үйіріп, жақсыға да, жаманға да іш алдырмай бағатын. Арнайы келгенін білдірген ниетпен әзілдей сөйледі.

—Ордадан гөрі мәслихатқа мына жер қолайлылау ма, қалай өзі?

—Хан отырған жердің бөрі орда,—деді Едіге.

—Онаша сұхбаттарыңа бөгеу жасадық па?—деді Әжі төре.

Бөрі үшін Әнет баба жауап қайырды.

—Біздікі аға мен іні арасындағы ақыл-кеңес. Ханнан біздің жасырар құпиямыз жоқ.

Сірә, екеуі келісіп келсе керек, Әжі бірден сөздің төтесіне көшті.

—Онда біздің сіздермен онаша кеңесер келеміз бар.

—Құлақ түрулі, сұлтан.

Әжі кеңесер ісінің салмақтылығын сездіргісі келгендей бөгеле берді. Сосын “осылардың ішінде сөзіме бас шайқар біреу шығып қалмай ма?” деген репетпен айнала көз жағалатты. Қалай болғанда да енді бөгелер ретінің жоқтығын сезіп, барынша салмақтай сөйледі.

—Әлгі аққұлақ майыр мен парашының* жайын онаша ақылдасып алғанның артықтығы болмас ет. Әлде игі жақсылардың кеңесіне салуды мақұлдайсыздар ма?

* Майыр мен парашы – майор мен поручик деген мағынада.

Аққасқа билер жауапқа асықпады.

Осыдан бес-алты күн мәуірінде Қайып Жайық беттен келе жатып Текелен* Ертіс бағытына суыт кетіп бара жатқан көуірдің майыры мен парашысын және қарулы екі жасағын ұстап әкелген. Майырдың қалтасынан аса құпия хат табылған. “Бұратаналар мен тағылар” жайында небір солекет аңыздарға қанық майыр жауап үстінде жасауылдың бірінің қылышты қолына жалаң ұстап, алақанына білеп-білеп алғанын көргенде иманы қасымға айналып, айран көзі молтендеп қоя берді. Тобылдың қасқабас кінәздерінің бірі: “Бұратаналар дегеніне қонбесең, піштіріп, әтек қыла салады екен” деген анызы есіне түскенде, бұлтақсыз сайрай жөнелген. Жанындағы жасауылдың бұтып-шатқан қазақшасынан бұлардың ұққаны – Жайық бойының мұжықтары мен жергілікті қазақтардың қақтығысы соңғы кезде жиіленіп бара жатуына байланысты Теке ұлығының Тобыл ұлығынан қосымша әскери көмек сұраған хаты екен. Ертіс пен Жайықтың бергі бетінің ереуілдеп тұрған шағы. Нәсірлерді қаншама жасырын ұстадым дегеннің өзінде қолшылық құлақтанып үлгеріпті. Кеңес үстінде әсіресе Ертіс, Жайық бетінің батырлары мен билері нәсірлер туралы қайта-қайта сұрағанда, хан үнемі сырғақсытумен келе жатқаны сондықтан. Ойтпеген күнде, олардың көуір майыры мен жалындағыларды тірі жіберуге келісуі екіталай. Олардың ырқына көне салу – онсыз да ушығып тұрған іске май құйып, ортей салумен бірдей. Ханның жасағы билер мен үш алаш биінің оңаша тұсына әдейі келу мәнісі осында еді.

Әжі қайыра сұрақ қойды.

– Не істейміз?

Тым-тырыс. Жуық маңда жақ ашар ешкім байқатмайды. Үнсіздік созылған сайын хан да іштей мазасыздана бастаған.

“...Бұлар ана мұқым жұрттың алдындағы жауаптан тайсақтап, бар салмақты менің мойныма салмақ па?..”

Осы кезде кішігірім тоқты құрылыптас қос торы ала қаз бей тұстан ұшып жетті де, біраз айналсоқтай торып жүріп, ақыры сабыр тауып қона берген-ді. Төле жұмбақтау үнмен:

– Апырым-о-ой! – деді. – Алсақ па мына қаздардың бірін атып.

Қазыбек іліп әкетті.

– Оғың шығын болмасын жазым атып.

Әйтеке де осыны күткендей екен, жұмбақ бастаудың сонын қағып түсті.

– Құтылмастай пәлеге қап жүрмейік.

Қаз екен деп перінің қызын атып.

Билердің тырыса қалған мандайлары жазылды. Едіге емірене сөйледі.

– Бәсе! Айналдым ауыздарыңнан. Бүйтпесеңдер, осылай сөйлемесеңдер ісі Алаш ауыздарына телмендер ме! Жараттым! Ұнаттым! Бұдан откізіп кім не айтар алар, көне!..

– Әу, мынау бір шынында қосемнің шешімі болды-ау! – деді Әнет.

Өзгелері де құптай бас изесе бастаған. Қадырберді би бүйірден сауал қойды.

– Бұларға “аман” беруді мен де мақұлдаймын. Тек бұрнағы жылы Ертіс бойынан әкелініп, ауыл-ауылға таратылып жіберілген екі жүз көуірді қайтеміз? Оны бұлар тіріде ұмыта қояр деймісің? Сол екі жүздің сұрауы осы екеуімен тынады деп ойлайсыздар ма?

* Теке – Орал қаласының бұрынғы аты.

—Оларын да биыл қара суыққа қалдырмай бостан қылу керек, — деді Едіге.

—Кәуірмен алда-жалда жан тартысас, бетімізге салық, жүзімізге шіркеу етерлік күмөні қалмағаны мақұл. Бұл жақсылығымызды да көздеріне ілмей, шалқак кеуде көрсетіп жатса, онысын тағы күтіп алдық.

—Дұрыс айттыңыз, Едіге аға, — деді Әйтеке күнтай түсіп. — Еңкейіп жатса, басымыз жерге жеткенше біз де иіліп бағармыз. Шалқайып жатса, төбесінен неге қарамасқа. Жауым көп екен деп құлдық ұра берген де жараспас әмөнда. Құлдық ұрған көбейсе, жұтағанның белгісі. Жұтағанды кім көзіне ілген?

—Осылай дерлерінді біліп ем, — деп хан орнынан қозғалды. — Осылай шешетіндеріне сеніп ем. Енді не тұрыс! Іске асыралық. Тек мына екеуі қоз таса болғанша күлия ұстай тұралық. Игі іс жолында кейде көп көзінен таса қылыққа бара тұруға тура келеді. Елдің аузын кейде созбен емес, осындай іспен де алған ақыл.

Баталасқандай орындарынан көтерілген бұлардың назарын анадайда дубыдаса, мәз-майрам пішінде кәукілдесе, бәсіре бәстесіп бара жатқандар арбады. Қлауқылдасқан айғыр топтың соңында қызыл ала сиыр жетектеген, мильық далбағай кетіп барады. Қызба, елірме бәсекеге берілгендері сонша, арқан созым жерде ханымыз, ісі қазақтың игі аққасқалары түр-ау деп көздеріне ілер бірі жоқ.

—Бұқара мен Хиуаның жақсылары бас қоса қалса, кошқарлары мен серкелерін сүзістіріп, қызықтасып жатағ дейтұғын, — деді Айдабол. — Біздің жақсыларымыз сонғы кезде бастары қосыла қалса, пірлерін сынасып, қызыл кеңірдек-тесетінді шығарыпты.

Өзгелерінің де аяқ астынан шекелері қызып шыға келгендері аңғарылды.

—Орталарына үш пірді алғандарына қарағанда, кешегі бәстері бүгін қыза түспесе неғылсын!

—Әзірге үшеуі де алдырар емес. Қызбағанда қайтсын.

—Дегенмен, Сұпы-Әзіз Мағзыман мен Ер Сейтімбеттен биіктеу ме, қалай?

—Оны көрсететін сын әлі алда.

Сонау Сайрамдағы базар, Мәртөбедегі мәз-майрам думаннан айрылған мына жұрттың Күлтөбеге келгелі көбіне ермегі шынында пірлерді сынау еді. Солардың ішінде әсіресе Төленің Мағзыманы, Қазыбектің Ер Сейтімбеті, Әйтекенің соңғы кезде жалпақ жұрт Сұпы-Әзіз атандырып кеткен Мүсірәлісі басқа пірлерден бой асырып, көріпкелдіктері мен жорамалдары доп шығып, аңызға айнала бастаған кездері. Тіпті өздерін былай қойып, аттарының қалай жайылып, қалай тезек тастайтынына дейін қадағалайтын “қырағылар” да шықты. Кеше сондайлардың бірі: “Сұпы-Әзіз, осы сенің атың мен Әйтекенің аты үнемі өрісте жұбы жазылағаны аздай, бірге тезек тастайтыны қалай?” депті. Мүсірәлі күліп: “Оны, ана Көкшулан мен Ақтанкерден сұрамасаңыз, қосағасы, мен білмейді екем” деп күліпті. “Мен бүгін қарсы болмасаң, екеуің екі басқа өріске жіберейін” депті өлгі қызықсүрей. Сонда Мүсірәлі “Онда менің Көкшуланымның көзін таңа салуды да ұмытпаңыз” деп қала барыпты.

Мұны естіген бірнешеуі ере барып Әйтекенің Ақтанкерін ішдерлеп, Күлтөбенің шығыс бетіндегі өріске, Мүсірәлінің Көкшуланын өрелеп, көзін таңып, Күлтөбенің батыс бетіндегі көп жылқыға қосып жіберіпті. Бүгін таңертең барып қараса, Көкшуланды таппайды. Шығыс беттегі өріске барса, сол көзі таңулы күйі Ақтанкердің жалына мойнын салып, жусап тұрғанын көреді. Тарыдай ақиқатты таудай аңызға айналдыруға бейілдер мұны бірі Көкшуланның үйіршілдік, жершілдік, иісшілдік қасиетіне баласа, екінші біреулері Әйтекенің аталарының әруағы мен Мүсірәлінің

Баба Түкті шапты Әзіз бабасының жеті періні жегіп, жеті періштені ілестіріп жүретін арқалы құдіретінің белгісі десіп біраз кеу-кеулесіпті.

Жақында үшеуіне жауырын қаратса, Мағзыман: “Биыл жаз жайлы, қыс қытымыр болады” дегіті. Ер Сейтімбет: “Қыс аса қарлы болғанмен, онша суық болмайды” десе, Мүсірәлі: “Қыс қамына ертерек кіріспесек, биылғы қонғорғай тірлігімізге зар боп қалармыз, өйткені қыс биыл ала-бөлек суық әрі қарлы болады” дегіті.

Бөстің қызығына берілгенде, тірі жүріп тамұқтың азабын да көруге аусар көпшілік уақытқа құдіреттерінің жүрмейтініне оянып: “Өтген-ай, ө!” десіп қала барысыпты.

Енді мына топ сол бөстің бае сарасын бүгінге жалғастырған сыңайлы. Ду-ду, гу-гу хан мен аға билер жандарына таяп келгенде ғана сөл-сөл саябырен бергенді. Хан жүзіне шуақ шаша сұрады.

—Қалай, жамағат, бөс бөсірелі ме?

Осындай топ құрған айтыс, сыңға түсер сындарлы істің үйтқысына айналып, маңдай тұста жүруге оуес керейіт Қожа бұл жолы мына сайыстың “төрсенісі” өзі екенін аңғартпаққа бөрі үшін жауап қайырды.

—Мына үш пірдің көріпкелдігін бір сынап тасталық деп, бөстесіп, мына сиырдың ішіндегі бұзаудың түр-түсін жорытып едік. Енді...

Хан олардың жорамалдарын өз ауыздарынан естіп деді ме, орқайсысына мойын сала:

—Бөрекелді!—деді. —Көне, пірлер не дейді екен, тыңдалық!

Әдеттегідей жорамалды Мағзыман бастады.

—Менімше, бұл сиырдың ішіндегі бұзау ұрғашы. Түсі қара ала.

Ер Сейтімбет:

—Бұзаудың ұрғашы екеніне мен де шүбасызбын. Бірақ түсі қара қасқа.

Мүсірәлі:

—Бұзаудың ұрғашы екені рас. Бірақ қара. Құйрығы ғана ақ.

Ханның езуінде еріксіз жымныс үйірді.

—Сіздер келгелі осылай пірлерді сынаумен жүрсіздер. Дегенмен, қайсысының жорамалы дөп келіңкіреп жүр?

Бөрі үшін тағы да Қожа жауап қайырды.

—Бәрінікі де жорамалға соғады.

Осы кезде сиырдың ішін жарып үлгерген үш-төрт жігіт тулаққа салып, алты айлық шамасындағы шарана бұзауды алып келді. Тулақты жазып жібергенде айналадағылар шу ете қалды.

—Міне, хикмет!

—Қара екені рас-ай!

—Ұрғашы.

—Құйрығын қарандар. Құйрығын! Ақ...

—Басқа ақ жері жоқ.

—Бұл не керім-ай!

—Мағзыман мен Ер Сейтімбетке ала боп көрінгені құйрығы қайырылып жатқан соң солай көрінген-ау, сірә!?

—Айттым ғой, Мүсірәлінің қателесуі екіталай деп...

—Үшеуің де ризамын,—деді хан шың пейіл танытып. —Алланың рақымы түскен жан екенсіңдер.

Сосын “бері жүр” деген ишараны қабағымен танытып, Мүсірәліні ілестірген бетімен онашалана, Ордаға қарай бұрылды.

Хан Есекқырған туа, Төшім батырдың қасына он қарулы жасауыл ілестіріп, көурдің майыры мен парашысын аттандырып салды. Ордадан шығарда майырға ел-жұрт сәлемін ықтияттады.

—Біз ұлы Ресей халқымен бес бересі, алты аласы жоқ, бейбіт жағдайда ықылым заманнан бері көршілес тұрып келеміз. Орман қасқырсыз, жалпақ ел қарақшысыз болмайды. Ондайлар үшін ел арасы бүлінбек емес. Мәртебелі ұлығыңа айта бар, үшбу сәлемімізді ыждаһатпен түсінеді деп ойлаймыз. Алда-жалда андаласып, түтіндесіп жатсақ, біздің тараптан сертке сенімсіздік ұшыраспайды. Ертіс бойындағы егес екі жақтың түсінбестігінен кеткен қате. Жақын арада нәсір жандарын түгел қайырамыз. Ал, Жайық бойы — келімсек мұжықтарға да, қазақтар мен қалмақтарға да тең өріс. Қорғаныстың жалғыз жолы — ғаскер тоғу емес. Қол жағдайда білектің шешпегенін білік шешеді. Біздің мұратымыз — ордайым білекке емес, білікке жүгіну. Алдағы жылы, жер аяғы кеңі келе елші алмасалық. Қалған жайды сонда етжей-тегжейлі мәмлеселік.

Аман қаларына көзі жеткен майыр байғұс жел шайқаған мамықтай ұшып-қонды. Алғаш келген күнгі: “Мен кінәз әулетіненмін. Менің бір тал шашым түссе, күллі әлемді қалтыратқан ақ патшамыздың қаһарына ұшырап, тірі жүріп екі дүниенің тозағын кешесіңдер!” деп көкірегін Қап тауынан асырған кекірттігінен мысқал қалмапты. Соған қарағанда, жасауыл жігіттер біраз тәубасына келтіріп алғанға ұқсайды.

Мойнын үш қайыра шалт ізей шұдғыған майыр қарабасын сақтаудың жалғыз жолы иіліп-бүгілу ғана екенін анық ұғыпты.

—Мәртебелі хан! Сіздің ұлы Ресей жұртына деген ашық ықыласыңызды, бүкпесіз бейіліңізді өз аузыңыздан шыққандай ғып жеткізуге кінәздік әулетімнің атынан серт етемін. Және алдағы уақытта біздің ұлы Русия мен сіздің жұрт арасындағы ынтымақты нығайту жолында ара ағайын боп өтуге ақсүйек офицер сөзімен уәде беремін.

—Мына байғұс итжегір ақсүйектігін, кінәздігін қақсай берді-ау,—деді Айдабол күңк етіп. —Нәсілін бұлдағанға көп сене бермеуші ем.

—Қазіргі түрі ақсүйектен гөрі қаратабан тексіз күлдан әрмен! — деді Қадырберді. —Соған қарағанда, тап жеті атасынан бері жетісіп келе жатқан ақсүйектігі шамалы шығар.

Әйтеке қияңқы сөзбен қнып түсті.

—Жаманнан жақсы туса нанбас деген, жақсыдан жаман туса онбас деген. Шешесінен бір күпірлік болған шығар, иттің қны қылшықсыз болмас деген.

Ордадағылар қыран-топан күлкіге көмілді. Майырдың шатып-бұтқан қазақшасы мұны түсінуге жетпеген секілді, алақандай айран көзі алақтап жан-жаққа жауаңдаумен тұр. Шаға параша түсінесе де одан ығып, езу тартудан әрі аспады.

—Қой, тағы біреуің бірдене деп тастап, мына байғұс бұтын былғап ап жүрер,— деді Төшім батыр. — Ұлықсат етсеңдер, бізге жол ақысы — жүрмек...

Тұтқын кінәз, шынында, өзін жалған дақпырттаушы ғана-тұғын. Ресейде ертеректе сондай княз әулетінің болғаны ақиқат. Алайда, оған мына даңғой майордың “үш жұртында” үш қайнаса сорпасы қосылатын жан баласы жоқ-ты. Сосын әрі кетсе, немере ағайыннан басқасын туыс санатына қоспайтын орыс жұрты үшін Жолтиковтың баяғыдағы әулетінің кім екендігінде шаруалары қанша. Ұлықтар мен шені жоғары әскерилердің “барып кел”, “шауып келін”

мүлтіксіз орындап жүріп, әуірімдеп майор шеніне жеткен лез кимылды Жолтиковтың отставкаға шығуына да небары бірер жыл қалып жүрген. Едірендеген неме қапияда Қайыптың қолына түсіп қалғанда: “кінәзбін”, “Текедегі аса құпия байланыс бөлімі бастығының бірінші орынбасарымын” деп өзін дабырайта таныстырғанда қазақтар оны аса зиялы ұлықтардың бірінен сапай қоймағанмен, алдағы уақытта Тобыл мен Теке ұлықтары алдында беделге ие боламыз демесе де, арадағы жел бағытының өзгеруінен дәмелі күйде қала барған-ды.

Жолтиковтың былай шыға сала: “Тобылға аман жетіп алсам, сен секілді бұратаналарға қалған ғұмырымда көлеңкемді де көрсетуге жазбасын. Қайта әлгі әумесер жасауылдарыңнан жеген жудырығым үшін қолымнан келгенінше үстеріңе қара аспанды тондіріп бағармын!” деп бара жатқанын ордада қалғандар қайдан білсін!

Шынында, Жолтиков қарасын біржолата батырды. Қазақтардың қолына түсіп қалғаны, әскери құпияны жария етіп алғаны үшін Тобыл губернаторы сол күні-ақ оны отставкаға шығарып, әкімшілік кеңсесі маңынан аластату туралы Теке ұлықтарына жедел хабар жөнелткен еді. Ал, “бұратаналар” ханының терезесі тең адамдай айтқан сөлемі оларды жындандырып жіберердей аласұрта ызаландырған. Соның бөріне Жолтиков кінәлідей көрініп, байғұстың тарысы қайтып піспестей ғып сілкілеген-ді.

Қазақ ордасындағы келесі күнгі кеңес үлкен дауға айналып кете жаздап барып, түс ауа өрең сабасына түскен. Хан мен жанындағы билер қолға түскен орыс ұлығына өз білдіктерімен аман* беріп, құтқарып жіберілті деген сыбыс бектер мен батырлардың құлағына таң намазы мен сөресі аралығында-ақ жетіп үлгерген.

“Ау, барлық мәселені кеңес қана шешеді дегендерің қайда? Мыналарың біздің сыртымыздан құпия жүгірту ғой!” десті сыз қабақтана айбат сездіріп.

“Онда мұндай кеңес өткізіп керегі қанша? Барлық мәселені өздері-ақ шеше бермей ме?” десті енді бірқатары жуық маңда жібімес өкпе тоңын қалыңдатып.

Өзгелері отқа май құя түседі.

“Мына жоңғарлар үлкен жиынын Құрылтай дейді екен де, ханы мен жапындағы кеңесшілері ғана шешетін мәслихаттарын Тұрымтай дейді екен. Әлгідей мәселені хан мен кеңесшілері шешетін болса, соншама жерден біздің көтімізді ерге қажатпай-ақ Құрылтайын тарата салмай ма!..”

“Иә, дейім-ау. Кәуірге қарап қашанғы мөңірейміз? Жалтақтың ауылын жау түгіл жолаушы тонайды. Көп екен деп, қаруы күшті екен деп бүйгін бұға берсек, олар бізді біртіндеп көрге тыға бермей ме! Бір кезек ол “Ә” десе, біз пеге “Мә!” деп көрмеске! Қазақ қазақ болғалы оны қазақ етейік, жұрт етейік деп қолұшын беріп мүсіркеген біреуді естісем, менің құлағымды, мә, шұнтитып кесіп-ақ ала қойындар! Қазақ қазақ болса, қашанда өзінің ақ білегінің күшімен, ақ найзасының ұшымен ғана қазақ атанып келе жатқан жоқ па! Көне, қате дендерші осынымды бірің!..”

Соңғысын айтатын батырлар жағы. Көкіректері – қаптай. Қашанда айбын, айбар асыруды көксейді. “Ал, аттанындар жауға!” десе, жазғандар бір-бір жабыға бүт арта салып, тап қазір-ақ аттанып кететіндей желп-желп.

Тәуке әдейі төбе биі Сасыққа, қырғыз биі Тиес пен Қоқымға, құрама Мұхаммедке көз қиығын жүгірткен. Билердің ішіндегі ең көрісі Сасықтан бастап баршасы батырларға басу білдірді. Бір тудың астына жиналар күн туса, қарақалнақ,

* Аман – бостандық келілігі деген мағынада.

кыргыз, құрама жұрты қашанда шылбыр салысатындығын, дау да, жау да бөліспейтіндіктерін айта келіп, өзiрге жан-жақтан түртпектеген жауға қарсы оре тұруға бүгiнгiдей қонторғай тiрлiктiң көрпесi аяғынды жапсаң, басыңды ашып, басыңды жапсаң, аяғынды ашып жатқандығын нығыздай келе, өзiрге жат пияғылды дегендердi келелi кеңеске шақырудан басқаның бәрi iбiлiстiң елiктегенiне елеуреу екендiктерiне сендiрiп-ақ бағысты.

Бұдан кейiн де қонадасқан Жайық бойының желокпелерiне Әйтеке сынай қарап бiр шолып өткендей болған. Асып тоғiлгелi отырғандар көп кiдiрмей сабаларына түстi.

Ертiс бетiнiң билерi мен батырлары, әлгiде отқа май күйған қырыстары ауыздарын аша бергенде-ақ Қазыбек тамағын кенеп белгi беруi мұң екен, тез райларынан қайтып сала берiстi. Осының бәрiн қағыс жiбермей қадағалаған Тәуке үш алаш биiнiң қай-қай жиында да мына аға билерден беттерiнiң беделi, сөздерiнiң бедерi кем еместiгiн аңдап iштей тоғайды. Көл-көп жерi жоңғар табаны астында қалып, жауға көз күн кешулi Ұлы жүз жағынан бұл жиынға қатысқан билер мен батырлар қарасыны – үркердей ғана. Әрi әуелбастан келiсiп келгендей барлық уәждi Төле бастап, өзгелерi соның ығынан аспады.

Былайғы жылдары жер-су, көшi-қон, жазғы жайлау, қысқы қоныс жайына келгенде, дау-дамай кемi екi-үш күнге сарсылта созылып, зорға келiсiлетiн. Басқаны былай қойғанда, жоңғардың ызғарынан ығып, сонау Алтын емелден берi қарай ауа көшкен қандастарға Орта жүз бен Кiшi жүз орталарынан ойып қоныс беру жайына келгенде де “ыңқ” еткен жан баласы болған жоқ. Хан мұның бәрiне оң қабағы тартқандай шүкiршiлiк қылып, қалған шаруаларды үш алаш биiнiң келiсiмiмен өздерi ойластыратынын айтты да, тобе биге тағы иек қакқан. Томаршадай ғана Сасық би бойын өзгелерден асырғысы келгендей еңсесiн көтере тiктеп, өндiршегiн соза, шәңгiрлектеу даусымен осындағы жақсылар мен жайсаңдарға ертең хан өз ордасынан қонағасы беретiнiн хабарлады.

* * *

Хан он екi қанат ақ ордасының жанынан тағы да сегiз қанат екi үй қотерткен-дi. Ұланғайыр даланың әр ұлысынан келген жақсылары мен жайсаңдары соның өзiне тiзе түйiстiрiп шаққа сиысты. Онда да әр ұлыстың төрт тiрегi ғана шақырылған-ды.

Аузы-мұрны шүпiлдеген үш үйдегi жақсылар мен жампоздардың жүздерi шырайлы. Мәртөбедегiше бүкiл аймақ дүбiле дүркiреп, думандатып жатпағанмен, өткен күндердiң өкiнiшiне әлi де омырылып қала қоймаған, келер күннiң бұйырмысты қызығы мен қуанышынан дәмелi жандардың Үмiтi мен Сенiмi айқын аңғарылып тұрған-ды. Ордадағы ақпа-төкпе сырлар да бiрден жүйе тапқан. Ханның үнеми қуқылданып жүретiн бидай өңiне қызыл шырай қонақтапты. Әлеуметiнiң көкiрегiн кемiрiп, көңiлдерiн жидiткен Сайрам мен Мәртөбе қайғысын тым құрыса осы жиында бiр демге жеңiлдеткiсi келген сынай ма деп қалғандайсын. Қиықтау, қысықтау қой көздерiмен орда iшiндегiлерге шуақ шаша, оқта-текте әңгiмеге “түздық” күйiп қойып, барынша көкiрек ашар мәслихатқа жетелейдi. Оң жағында Әнет баба, Едiге, Соқыр Абыз, Мөтi, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Болпыш, Майлы, Айдабол билер, сол жағында Сасық, Тиес, Мүхеммед, оларға жалғас Мағзыман, Ер Сейтiмбет, Сұпы-Әзiз-Мүсiрәлi бастаған пiрлер мен батырлар, мырзалар. Хан дастарқанының бiр шетiне малдас құрарлық ана екi

үйде де бетінің беделін айға білеген мырзалар мен батырлар, билер жеткілікті. Он екі қанат орда осы жақсылардың өзіне тарлық қылса, қайсысының беделіне жалтақтарсын. Күні ертең мына ордаға сыймаған талай жақсылар мен жампоздардың шабынып шаптықпаса да, кемді-күн окпеше қабынып, тонтеріс қабақпен жүрері көміл.

Сырлы самарлардан зерлі зеренмен қалауларынша біріне қымыз, енді біреулеріне шұбат таратылып, шөлдiң басы қайрылған шамада хан бапты үнмен жаймалай сөз бастады.

—Ертең жиынымыздың соңғы күні. Біраз жайдың түйіні біршама шешімін тапқандай ма дейім. Көңілде қалған күмән-күдік болса ертең сарқылар. Өздеріңе аян: айналамызда қазаққа қарап кісінеп, қазаққа қарап есінейтіндер көбеймесе, күннен-күнге азаяр емес. Сонда біз қайсысының атасын өлтіріп, қайсысының қызын күң, ұлын күл қылды дейсің. Олардың көкейін кеулей жеп жатқан қара құрт — қазақтың мына ырысты, жазира даласы. Солардың бәрімен сүңгі салысып, қылыш сілтесер қауқар аздығын түсініп, көзін сүзіп, сілекейі шұбырған әлгідей құрт кеуделердің бірін алдап, бірін арбап, бір жеңнен қол шығарғандарыңа Алладан рақым тілеймін.

Хан жағалай жайғасқандардың көңіл ауанын барлап, сөз бөгеле берген еді. Қадырберді би:

—Дат, хан ием!—деді.

Хан сыңар езу жымиыс байқатты.

—Дастарқан үстінде дат сұрамай-ақ айта берген жөн-ау,—деп жанындағы Әнет бабаға жартылай кеуде салды.

Әнет баба мақұлдаған нышанмен бас изеді. Қадырберді “датын” баян қылды.

—Тақсыр, мына онкей жақсыларыңыз ертең жан-жаққа тарқасады. Сіз болсаңыз жаныңызда қалар сенімді өзиретіңіз жайында осы уақытқа дейін тіс жармай келесіз. Сіз таққа отырғалы да алты жыл. Әлі күнге өзиретіңіз жоқ. Осы жиында сайланар деп күткен мына әлеуметіңіздің қалауыңызды ести аттанғанының артықтығы болмас еді.

—Біз тым оңашаланып бара жатқан жоқпыз ба осы?—деді хан жүзіне жұмсақ жымиыс үйіріп. —Өзіміз ғана шешіп, көуірлердің екі мырзасына аман бергеніміз үшін кеше әжептеуір реніш білдірілгенін өздеріңіз көрдіңіздер. Реніштері орынды. Қайтерсін. Амалсыздан барған бір ісіміз ет. Енді осы арада бас уөзір жайын қозғамай-ақ қоялық. Ертең өздеріңіз көп боп сайлап беріп кетерсіздер. Қалай ойлайсыздар?

—Жөн-ақ.

—Ығыты — сол.

—Көп оңашалана бермегеніміз мақұл,—десті өзгелер.

Хан үзілген баянын қайта сабақтады.

—Ендеше, өзіміз отырып та мәмлелесер келісім аз емес. Басқа-басқа, соңғы жылдары жонғар жалын күдірейтіп алғаны рас. Тәуекел мен Жөңгір хан тұсында таяқты екеуінен кезек жеп көуірдің етегіне тығылғанын ұмытты. Оны кеше батырлар жақсы айтты. Бірақ Сайрамды алғаны қазақты алғаны, қазақты жеңгені емес. Шындап келсе, қазақтың бір жонғарлық қауқары әлі өзінде. Бізді алаңдататыны — жонғармен ұтаса кеткенде, басқалары жағамызға жармасып, етегімізден тартып, жабыла кете ме деген қауіп. Мұны білмейтіндей Қалдан Бошақты да жатырынан кем туған әулекі емес. Оның жалын күдірейтіп жүргені де — сол

қазақтың жан-жақтағы жауының көбейе түсуі. Дегенмен, ол әзірге қазақ жеріне еңдей еруге тәуекел ете қоймайды. Әрі аржағындағы шүршіттерден де қауіпсіз емес.

Хан сөзін Есей би жалғастырды.

—Жақын жылдары қазақтан келер қауіп жоқ деп бейғам жатқанда, жаз шыға тобелерінен жай түсіре салсақ қайтер ет!

—Шүршітке алаң кезін қайткенде де қапы жібермеу керек!—деді Шолан батыр оны қызулана қолдап.

—Сіздер кешегі батырлар сөзін қайта жандандырдыңдар, — деді хан. —Ертен ортаға салам ба деген ойым еді. Дегенмен, шет жағасын естіртіп, өздеріңмен алдын-ала ақылдасып қойғанның да артықтығы жоқ секілді. Өңгімемен дәм алмай қойдыңдар ғой. Алыңқырап отырсаңдаршы... Жаңа айттым, бір жоңғарлық күш қазақта тап қазір-ақ жетіп артылады. Мен жоңғарға өзір тиіспегенді жөн көріп ем. Жарайды, жоңғарды жайпап салдық делік. Аржағында ызғындап қара қытай тұрған жоқ па! Біз жоңғарды жеңеміз деп сөмсіректен шыққан кезде өзімізге шегірткеше қаптап берсе қайтпекпіз?..

—О да мүмкін!

—Байламыңыздың жаны бар.

—Жоңғардың ортамызда қалқанға айналып тұра тұрғаны мақұл!—десті ордадағылар тегіс мақұлдасып.

Әйтеке Тәукенін осылайша аяқ астын емес, алысты, бүгінді емес, үлемі ертеңді ойлауға тырысатын сұңғылалығына тәнті. Қазір де үдеден шыққан байламы қатты разы етті.

—Иә, шүршіттің аңдығаны — қазақ пен қалмақтың бір-бірімен қидаласып обден діңкелегені. Ондай күн туды екен — шүршіт қазақты да, қалмақты да аямайды. Талмамай жұта салады,—деді соңында өз пікірін жариялап. —Мен тіпті шүршіт қалмаққа шапқан күні жоңғарға көмекке барудан да бас тартпас ем.

—Әйе-ке, ондай күннің беті аулақ!—деді Шолан аржайы күліп. —Бір қолымен қой етін, бір қолымен бақа жейтін қалмақпен кемді-күн табақтас боламыз деп ұшынып кетіп жүрерміз.

Үй ішіндегілер батырдың өзіліне сөз ұштасып біраз күлісіп алды.

—Сіздер қалмаққа да қолұшын беруге болар дейсіздер,—деді хан күле сөйлеген кейпі. —Ал, қалмақтың не деп шалқайып, шарт қойғандарының шет жағын өздерің де естіген шығарсыздар? Естімесеніңдер — тындаңыздар. Елдеселік, жандасалық деп жіберген біздің хабаршымызға талабы қатты боп шықты. Тілдесуге, елшілікке келсе, үш алаш биінің бірі келсін. Әйтпесе, өңгесі атқа күйрықтарын босқа қажатпасын, сөйлеспейміз депті.

—Пай-пай, шіркіндердің төбеге түкіруін-ай! — деді Соқыр Абыз нықыртып. —Ханының өзі келсін дегеніне де шүкіршілік.

—Бұған алаш билері не дер екен? — деді хан. — Сапар сыны — салмақты әрі қатерлі. Өз ырықтарына салып отырғаным да сондықтан.

Орда ішіндегілер сылтідей тынды. Жоңғар мен қазақ арасындағы барымта, қарымта, сырымтаның бітпейтін есеп-қисабы үшін неше түрлі сылтау айтып, хан ұлын кепілдікке ұстауға дейін барған олардың енді не ойлап табары тек бір Аллаға аян. Басқа емес, қазақтың бетке ұстар үш арысының бірін шақыруының арғы астарында тағы не жатқанын ит біліп пе!

Жауап көп күттірілмеді. Төле тамағын кенеді. Ұмсына түскен Қазыбек пен Әйтеке еріксіз кезек тосып қала барды.

—Е-е, жоңғармен қылышпен кидаласпасак та, тілмен кидасалар күн туған екен, жақсығарым,—деді де жанындағы Қазыбек пен Әйтекеге жартылай мойын салды. —Ал, қос қыраным, қос пырағым. аға болып алдарына түсейін деп тұрмын. Ағаң — алдарында әуелеп өскен дарағың, інің — қанатың мен күйірығың. Артым-да сендер барда қанат жайып самғармын, алдаспан тілімді сермермін, дауласқанды жайғармын, жауласқанды жерлермін. Мен барайын бұл сапарға!

Жұрт шу ете қалды.

—Барсын! Жолың өзі айтып отыр!

—Талассыз шешім. Тек өзінен бір мүшел үлкен Әйтекені інім дегені болмаса...

—Е, оның не оқасы бар? Жасы кіші болғанымен, аға баласы — жолы үлкен болған соң айтат та. Төледен сөз бен жөн қалған ба!

—О, жамағат! —деді осы кезде Қазыбек санқ ете қалып. —Төкемнің сөзі өзiрге жөн емес! Енді бір кезек менің уәжіме құлақ салыңыздар!— Сол іркіліп, жұрт назары біржолата өзіне ауған шамада дестелей жөнелді. —Уа, асыл ағам, Токе! Уа, тобесінен құс ұшырып көрмеген асқақ інім, Әйтеке! Ағасы бардың жағасы бар емес пе! Інісі бардың тынысы бар емес пе! Бұл сапардың жолы — ендеше жал-күйірығы бүтін менікі. Салмағын да маған артыңдар!

Осыны айтып шырпы шалым бөгеле берген. Енді көпшілік оған жығылғандай ыңғай танытты.

—Сөз-ақ! Жол — алдында ағасы, соңында інісі бар Қазыбектікі.

—Ойбай-ау, жоңғардың ханын он үш жасында-ақ сөзге тоқтатқан Қазыбек қой бұл.

—Жөні — осы. Үйреніскен жауы — атыспағына жақсы!

“Енді бөгелсем, жұрт аузынан біржолата айрылып қалармын” деді ме, осы кезде жай оғындай жарқ етпе қылығымен Әйтеке төкпе сөзін селдетіп жіберді. Бұл да рәсім жолынан аттамай, екеуінен де бір мүшел үлкен бола тұра Төле мен Қазыбекті “аға” деп сөйледі.

—Уа, ағалар, сөздеріңнің қатесі жоқ, бірақ жығылар жолы бар. Аға — бордан, іні — зордан деген бар емес пе! Іні — найза, аға — қорған деген бар емес пе! Арқамды қорғанға тірмеймін бе, найзамды ерсілі-қарсылы ірмеймін бе! Сел сөзімді сапырмаймын ба, жағаласқанды жапырмаймын ба! Жау үшін менің сөзім тасқын сен емес пе, бұл сапарға менің баруым жөн емес пе!

—Міне, асылдың сөзі!

—Енді жолыңды қайтіп бермессің!

—Шіркін, бірінен-бірі асып төгілген үшеуінің сөздері-ай!

—Елшілікке лайық емесі бар деп қорші осыдан кейін!

—Қайтсін-ау, қауіпті сапарға бір-бірін қимағанының өзі неге тұрады.

Ең соңында пікір қосқан Әнет баба:

—Жаса! Жасаңдар, шырақтарым!—деді көзіне іркіле қалған жасты байқатқысы келмей, іргеге бұрылғыштап. —Туысты тұлғаларыңнан айналып кетейіндер, қайсың барсаң да қазақтың туы жығыла қоймас.

Хан тіпті жалдырап сала берген екен. Бұл жолы сараң сойлеп, салмағын сақтап бағатын бұрынғы бұлжымас гадетінен жаңылып қалғандай, көмейін ғана емес, көкірегін де ашып тастады.

—Разымын! Разымын, ақылмандарым! Қайсың барсаң да істі тындырып қайтатындарыңа, жаудың сағын сындырып қайтатындарыңа шәксізбін. Бүгін біреуіңнің атыңды атасам, бүйрегі бұрғаннан дерсіңдер. Келісімді ертеңге қалды-

ралық. Келісіліп пішілген тон келте соқпас, көптің кеңесіне салалық, – деді де күректей тісі ақсия күліп, үш бидің ортасына бір сауал тастады. – Осы, дауға билік айтқанда, алдымен жасы үлкеннің бастауы, жасы кішінің қостауы жөн бе, әлде жасы кіші бастап, жасы үлкеннің қостауы жөн бе?

Бұл өзі ешкімнің бұйрық-кесімінсіз әу бастан, тіпті қай заманнан екені беймәлім жалғасып келе жатқан рәсім-ді. Ханның соны біле тұра сұрағаны, сірә, мынадай алқалы топта үш алаш биінің комейінен ақтарылар асыл ойларды тамашалау ниеті екені мына жақсыларға аян боп қалды. Сосын да:

– Иә, соны айтындаршы!

– Әйтпесе, әуелі қайсынды тындарымызды білмей аңтарылатын кезіміз ұшырасады, – десті.

Әдеттегідей сөзлі Төле бастады.

– Төбеде тұрған төрт жағын түгел көреді. Төменде тұрған екі жағын және беткейді ғана көреді. Сондықтан жасы үлкеннің, оңы мен солын, алды мен артын болжаған ағаның алдымен билік айтқаны жөн.

– Ақыл сөз.

– Иә, аға тұрып, әуелі іні сөйлесе жөні қайсы! – десті бірнеше кісі.

Сөйткенше болмай Қазыбек іліп өкетті.

– Жасы үлкен әділ төреші бола алмайды. Себебі, алдында қаймығар ағасы жоқ. Жасы кіші іні де әділ төреші бола алмайды, артында қайырылар інісі жоқ. Сондықтан алдында айбынар ағасы бар, артында именерлік інісі бар, алды-артына қарайлап, билігін абайлап жүргізетін ортаншы бидің төрелік айтуы орынды.

Бірнеше кісі тағы қоландасып ала жөнелді.

– Ал, осыны теріс деп көрші!

– Талассыз!

– Қазыбектің қазып айтпаған жері бар ма! Осыдан кейін жығылмай көрші гәділіне!

Хан мұндайда Әйтекенің де қарап қалмайтынын біліп, көз қиығын жүгірткен. Орақ ауыз, қырғи тіл жемін енді байқаған қыранша кеудесін көтере, шүйер кезіндегідей көздері жарқырап шыға келген екен. Мұндай сөз жарасымы кезінде асып-тасып шыға келетін өктемдеу үнімен саңқылдап ала жөнелді. Бірақ бұл жолы “ағаларына” назын өткізер “інінің” ілтипатындай лепесі соншалықты сыйайы шықты.

– Уа, ағалар, айтар уәжім сөздеріңе бас шайқағаным емес. Мақсатым – бас изету ғана. Ағасы келсе, ардақтап атын байлайтындай, қонағы келсе, құрметтеп төрге жайғайтындай тындырымды інісі болса, қанат-құйрығы сай болып, көңілі марқайып жай болып, ағаның алар тынысы болса, інінің міндеті басқару, ағаның міндеті бас бағу емес пе!

– Уа, жаса, Әйтеке!

– Ойбай-ау, шынында, бар шаруанды айтқызбай тындырып беріп жүретін інің болса, ағаның өрнемеге ала өкпесі шығып, жыны бар ма! Жатпай ма үйінде шалқайып!..

– Әй, енді несін айтарсың! Бұл үшеуінің қайсысына бас изеріңді білмейсің ғой мұндайда!

Хан тордегі аға билерге:

– Жауаптары көңілге қона ма, аға билер? – деді өзі риясыз ақтарылған ақжайнақ күйде.

Аға билер кезек-кезек ақ пейілден төгілген алғыстары мен дария пейілдерін білдірді үш ақиығына. Хан жопелдеме тағы бір қолқа салды.

—Ал, күміс көмейлерім, мына жамағат ертең жиын бітісімен елге оралғанда Күлтөбеден не көрдің, көпті көрген көсемдерден не естідің дегендерге айта жүрерлік, намысы қалғып кеткендерді қайыра дүр сілкіндірерлік, үміттерінің жібек бауы түтіліп, сенімдері серіктіктен қалғандарды қайыра селт еткізерлік бір-бір баянды байламдарыңды ортаға тастандар!

Бұл да үш бидің көмейлері күмбірлеген шабытты шақтарын күр қызықтау, күр солықтау емес, ұлы даланың ұланғайыр қиырларындағы ел ағаларының аузына караған ұлы жұрттың үйтқысы, ұлағаты боларлық маржан ой, ғибрат сөзге деген шоліркегендік еді.

Төле толғап кетті.

Шешендіктен не пайда,
Артында сөз қалмаса.
Батырлықтан не пайда,
Халқына қайран қылмаса.
Хандығыннан не пайда,
Қарашасын жалмаса.
Молдалықтан не пайда,
Шариғатын өзгертіп,
Нашарларын алдаса...

Жақсы мен жаман... Қуаныш пен өкініш... Қайғы мен ғапылдық... Үміт пен үмітсіздік... Сенім мен серт... Бәрі-бәрі — ой мен тілдің жана бояуымен өрнектеліп, көкірек кемерінен асып-төгіліп жатыр.

Шай қайнатым, мүмкін, бие сауым шамасы төгілген Төлени бір кезде қашанда көкірегі маздап, көмейі бүлкілдеп тұратын Қазыбек сұңқылдай жалғастырып өкетті.

Үй жанында биік төбең болса,
Ерттеулі атпен тең.
Шаңырағында білгір қартың болса,
Жазылып қойған хатпен тең.
Үш жүз, үш қазақ,
Керіспейік, келісейік,
Ері егескен — ел емес,
Биі егескен жөн емес...

Шешіле нөсерлеткен шешеннің көсем ойлары жанындағыларды бір суынтып, бір ысытып, бір ұйытып, бір сілкіндірумен сәттің шінде сан-сапалақ хал кештіріп тәмамдала бергенде, манадан бері өзге сәйгүліктердің аламан бәйгедегі шабысын көріп, кермеде тыпыршып, делебесі қозып, мазасызданған дүлділдей алағызған Әйтеке бірден көсіле, барған сайын түйдектете, жаныңды түршіктірер жасын сөздерін бірінен бірін асырып, тұма ойдың тоғанын ашты. Ел бірлігі, Ерілік пен ездік жайын төкпелете келіп:

Биік тұрсын десек Туымыз,
Өрт шалмасын десек Нуымыз,

Біз Үш жүз керіспейік, келісейік,
Керістің арты қызыл шоқ.
Керісе қалсақ үшеуміз,
Бірлік те жоқ, Елдік жоқ.
Өзгеменен теңдік жоқ.
Әркім бір сарып басына,
Аяқ асты қалармыз.
Қатыннан әрмен дауыс қып,
Қаралы жоқтау салармыз...

Шаңқай түсте басталған қонақасы түн жарымына дейін созылды. Қошемет, құрметпен бірге көп-көп мәслихаттың басы қайтып, әсіресе үш алаш биіне қойылған сауалдың қисабы болмады. Бірі білгісі, ұққысы келіп, бірі сынай түспекке, реуеті келсе сүрінген сөтін көруден де кет әрі еместігін байқатса, Әлі секілді сұлтан-төрелердің ығында жүріп, желді күнгі түйежапырақша қалтырайтындар: “Ойлыр-ой, осы үшеуі түшкіріп қалса, “жорекімалла!” деуіміз қалды енді” деп күңкілдеп бақты. Алайда, мұндай күйінушілерден сүйінушілердің көптігі әлгідей кеспірсіздердің кесірлі сөздерін үнемі аяқ асты қалдырып отырды.

* * *

Күні кеше мына айғыр жиынға қатысушылар шетінен бас білікті, бірі айтса, екіншісі “жорекімалла!” деуге әзір секілді еді.

Енді келіп: “әрі тарт та, бері тарт! Келісе алмасаң, кері тартқа!” салып жатыр. Дауыс көтеру жоқ.

Бет жыртысу жоқ.

Бірақ мәмле тағы жоқ.

Иә, күні кеше бәрі үшін бүгін қандай іске де мақұлдасып, Алладан соңғы дәрегейлі ханға тақ салтанатын, бақ салтанатын тілесіп, құтпа оқысып тараудан басқа шаруа қалмағандай еді. Ал бүгін... Күні кеше ғана бидайықтың басындай иіліп-бүгіліп жүрген билердің көбі түске дейін-ақ ортаға қамшы тастап үлгерді. Ниеттері түзу, пікірлері қайшы.

Төре-сұлтандар мен мырзалар мұндайда көбіне ханның қас-қабағын барлап, билердің қай-қайсысының да сөзіне құлап түспей, сырларын сыртқа шашау шығармай бағады.

Жау келгенде ұйқысынан мезгілсіз оянған аюдан бетер күркіреп, көздеріне қан толып, хан үстінен де аттап кете барудан жүз жанбайтын батырлар кеу-кеу айтыстан ығыр кейіпте: “Әй, мыналарды көк езулендіре бермей, токетерін озін-ақ айта салмайсың ба?” дегендей ауық-ауық ханға бірі оқшырая, бірі шекелей шекшіп қарап қойып тыныш отыр. Хан олардың көмейін сезсе де, тырс етпеген қалпы: қос жанарын сүзінкірей түсіп, ауық-ауық көкжиекке алып қашады. Сірә, әліптің артын күткендегісі.

Пірлер жағы атын атап, түсін түстеп, әлдебірдене сұрағанға дейін сөзге қилікпейтін дағдыларынан жаңылар емес.

Билер таласы — кешегі хан ордасында басталған әңгіме: жоңғар жеріне үш алаш биінің қайсысын жіберу жайы.

Ұлы жүз жағы айтады:

“Оу, аға баласы тұрғанда, екі ініге не бар ентелеп!..”

Орта жүз айтады:

“...Ата жауға құрмалдыққа шалғандай ғып әуелі аға баласын жұмсағанды кім корген арғы-бергіде? Ол не, бас мүжіп, бағылан жеп қайтатын құдандалық сапар ма еді. Алдында ағасы, соңында інісі бар – жал-күйірығы бүтін Қазыбек тұрғанда, жолға таласар жөн қайсы!”

Кіші жүз билерінің де төсі қайқы.

“...Кіші атаның баласы жауға бар да, дауға жоқ деп кім айтты сіздерге! Күні кеше атажаудың қонтайшысының өзін сөзбен, жасақты нокерін көк сүнгімен кері қайырған Әйтеке тұрғанда, тап осы жолы алдын кес-кестеу, аға балалары, сіздердікі аса білгендік емес!..”

Бірде хан сұраулы пішінмен төбе биге қарады. Жеті жұрттың тілін білетін Сасық бұл жолы бабымен сойлесе де, байыбына бара алмай, тайсақтау қайырды.

– Үш алаш биің жауапты сапарға баруға таласып отырған жоқ. Менің пайымдауымша, қауіпті сапарға бір-бірін қимай отыр, хан ием. Мына жамағаттардың да пікірі – үш дай, үш тарап. Ошақтың үш бұтындай үш тірегінің бірін ежелгі жаудың жебесіне байлап бергендей боп шығам ба дегендей мен де іштей қиналудамын. Әсілі, осы арада төбе бидің емес, керегі – хан ием, озіңнің шешімін, озіңнің жарлығың.

– Дұрыс!

– Ханның өзі айтсын. Қашанғы таласамыз, – деген бірнеше дауыс.

– Несі дұрыс? Төбе би жалтақ сойледі.

– Жолына жығылмай, тая сөйлеу төбе биге лайық па! – десті өзгелері.

Хан көпшілікке қарап, ортан түйрегіне тана көз, алтын балдақ салған оң қолын жоғары көтерді. Әлеумет сап тиылды.

– Ау, халайық! Күлтөбеге келгелі пірлерді сынаумен жүрсіздер. Енді бір кезек пікірлеріне құлақ түріп көрсек, артық етпес еді!

“Шынында, неге сөйтпеске!” деген пікір Күлтөбе етегін бір айналып шықты. Сосын барып бәрі бір ауыздан “мақұл” десті.

Үш пір сөздерін қашанда қысқа да, нұсқа да қайыруға тырысатын.

Мағзыман айтты:

“...Бүгінгі жауымыздың ең қабырғалысы – жонғар, бір тоқтаса, аға баласының сөзіне тоқтайды. Жол – Төленікі”.

Ер Сейтімбет айтты:

“...Аға баласы еліне көз болмас па! Інісі жауына тез болмас па! Сонда артына алаңсыз боп дауына ортаншысы жұрмеушімет ықылым заманнан. Жолға таласудың қисыны жоқ. Қазыбекке бата берген жөн...”

Сөз Сұпы-Әзіз Мүсірәліге жетті.

“Жонғар үш алаш биінің бірі келсін депті. Бірін жіберелік. Десе де, Төленін, аға баласының баруы – ханның баруымен бірдей. Жау айбынымыз асты дер. Албастымыз басты дер. Алшын биі Әйтеке тағы бармайды. Күні кеше жаудың ханын сөзбен масқаралап, жасағының бетін қайырған Әйтекенін енді қайтіп бізге сүйегін де бұйыртпайды.

Жол – ортаншынікі. Он үш жасында барып, жонғар қонтайшысын сөзбен тоқтатып, Қаз дауысты Қазыбек атанып қайтпап па ет! Озіңнің бағын, елінің сағын бұл жолы да сындыра қоймас. Батасын беріңдер, менің ықтиярыма салсаңдар!..”

Жұрт гу ете қалды.

– Орле, Сұпы-Әзіз!

– Міне, пірдің сөзі!

– Туысыңнан бір, сөзіңнен екі айналдым!

– Міне, хан сөзіне бергісіз сөз – осы!

Мүсірәліге шырпы шалым сүйсініспен қарап откен хан енді әлеуметке жүзін бұрды.

– Тоқтайтындай жауап айтылды ғой дейім, халайық!

Көпшілік түс-тұстан дауыс қосты.

– Айтылды! Айтылды!

– Әділ шешім – осы! Біз тоқтадық осыған!

Келесі талқыны да соншама уақыт созып алармыз деді ме, ханның ендігі сауалы да, жауабы да өз шешімі, өз пәрмені секілді естіліп тұрды.

– Онда Іресей ұлықтарымен келіссөзге Келді мен Сарыны жіберуге қалай қарайсыздар?

– Барса барсын! Бірі батыр, бірі би сөз ұстынын жібере қоймас. Бірақ қашан?

– Алдағы күзде.

– Неге қазір емес, күзде?

– Әуелі кешегі аман берілген екі ұлығынан кейінгі аужайларын бағып қорейік.

Сосын қазақ ауылдарының әр қиырына таратылып жіберілген тұтқындарын жинап, жолға салғанша уақыт сол болмай ма. Елшілеріміз тұтқындарды апарып тұрып Тобылдың ұлықтарымен сөйлескені лазым шығар.

Жиынның өзді-өзді талқысы бұл жолы: “о да жөн-ау” деуден аспады. Шындығында, сонау Ақназар ханнан бері жаны мұрнының ұшына келген кездерінде көмек сұрап көюірге қазақтың ат шаптырған кезі аз ұшыраспапты. Шылбыр салыспақ түгіл, содан бері не оң қабак танытып, жүзін бері бұрмай, не желкесінің шұқырын бір-ақ көрсетіп, шылбыр кесіспей, ұзын арқан, кең тұсаумен келе жатқан Ресей ұлықтарына тілдесіп, елшілікке баруға қазақ мырзаларының аса зауықты еместігі байқалатын.

Топ ішінен әлдебіреу шөңгірлей дауыстады.

– Сонда Сары мен Келді көуір мырзаларымен не жайында сөйлеспек?

Хан белгілі жайды таптаурын қылған сауалға қынжылғандай салқын ғана жауап қайырды.

– Құда түсісіп, құйрық-бауыр жеседі деймісің, тәйірі. Екі жұрттың арасында сауда жайын жолға қою, сырт жауларға қарсы соғыста жасақ қосысу, одан әрі оң қабак танытып жатса, келісілер келелі іс артылып-тоғіліп жатқан жоқ па!

Жиын ішін тағы күңкіл-шүңкіл аралал кетті.

– Мұнымыз да баяғы шажырқайдан май шыға ма деген есек дөме-дағы.

– Бұлар да баяғыша тұлыпқа моңіреп қайтып келмесе нетсін!

– Тәңір бермегенді көуір береді деп жүрген бізде ес жоқ.

Мына күңкіл-шүңкілге май құюшылар бірқатар сұлтандар мен әр рудың мырзасымақтары екенін аңғарған хан тізгінді тез өз қолына жиып алуға асықты. Өйтпесе күңкілден қыңкыл, қыңкылдан қиғылық шығарып, келелі кеңесті кер-жамбай итырғылжынға, соңында кебісті теріс не кебіске кебіс кигізе салу мына қымбат тымақтыларға қаталап келіп, сапар көзе қымыздың үш-төртеуін басына көтере салудан да оңай шаруа екендігін жақсы білетін. Өзі тақ иесі атанып ак киізге көтерілгелі мұндай жиындарда өлденеше күн жақ ашпастан, ұдайы тындаумен аңысын аңдитын да, соңғы күнгі әр уәжі жарлыққа баланып естілетініне көпшілік бойұсына бастағанын сезетін. Бұл жолы да кесіп тынды.

– Байлам – осы. Тоқтадық осыған!

Әр тұста қаңғып жүрген күңкіл-сыңқыл біржолата байыз тауыпты. Тыныштық. Тек әудем жердегі, ана бір жылы, Ангрен ойсан тасыған жылы пайда болған көлшік жақтан жырттылып-айырылып, ұшып-қонып жатқан әр алуан құстардың кикауы мен сүңқылы ғана естіліп тұр.

Хан дауысы бұрынғыдан да ашық, биік шықты бұл жолы.

—Уа, жамағат! Жердің төбесіз, елдің торесіз болмайтыны секілді, уәзірсіз ханның да бір сөзі нұсқа, бір сөзі қысқа. Бір қолы ұзын, бір қолы қысқа. Көне, атын затымен емес, ақыл-парасатымен шығарған лайықты деп кімді ұсынар едіңіздер?

Әлгі кесімді шешімдерден кейін салмағы өзіне түссе, жауабы әзір емес сауалды қоймайтынына сырмінез жұрт бұл жолы ханның өзіне “кімнің есімін атар екен?” дегендей еміне үмсынысты. Соны сезген хан да көп күттірмеді.

—Сіздердің үндемегендеріңіз — әркім киімнің лайығын өзі таңдайды дегендеріңіз деп ұқтым. Ерік берсеңіздер, менін қалауым — Баба Түкті Шашты-Өзіздің үрім-бұтағы, асылдың зәузаты Жәдіктің бекзаты Сұпы-Өзіз Мүсірәлі. Қалау — менікі, қолдау — сіздердікі! Хош дейсіздер ме, әлеумет?

—Құдай хош көрсін!

—Лайығы — сол!

—Ғаділет шешім!

Қаласа — жабыны жүйрік, жүйрікті тұлпар, қаламаса — тұлпарды көп қылқұйрықтың бірі, жүйрікті жабы қыла салуға бар мына алқара топ бұл жолы шашаусыз бас шұлғысып жатты. Хан да бірауыздылыққа разы раймен соңғы сөзін тиянақтады.

—Уа, халайық, Жәдікұлы Мүсірәлі ақли хақ па?

—Ақли хақ!

—Ақли хақ!

—Ақли хақ!

—Ұйғарым қанық болса, Жәдікұлы Мүсірәлі бүгіннен бастап, ханның бас уәзіреті, Үш жүздің бас пірі екеніне мойынсұнасыздар ма?

—Мойынсұнамыз!

—Ондай жағдайда үш алаш биі бастаған Үш жүздің он екі биі Жәдікұлы Мүсірәліні бас уәзірет деп танып, ені мен ұзыны бірдей, шымқай ақ, өре киізге көтерсін!

Мұқым жұрт жапатармағай рәсімге кірісті. Көп кідірмей Мүсірәлі ақ киізге көтерілді. Соның арсында алқара көпшілік Әйтекені қаумалап жатты.

—Ал, Әйтеке, бүгінгі қуаныш — сенікі.

—Мұндай қуаныш тойсыз тарқамас деп ойлаймыз.

—Пірің ханның оң қолы, оң көзі боп жатқанда, шабылатын жерің — осы.

Әйтеке де қатты толқып кеткен екен, пірін құшағынан босатып жатып:

—Сіздер маған той жасататын болдық деп қуанып жатсаңыздар, мен екі қоянды бір оқпен ататыныма мәзбін, — деп көпшілікті біржолата өзіне қаратып алды.

—Алланың сүйгені — азан, көптің сүйгені — қазан демекші, Күлтөбеге ең жақын біздің ауыл болғандықтан осындағы ханнан бастап баршаныңды қонақасыға шақырғалы жүргенмін онсыз да. Мүсірәлі менің пірім ғана емес, інім де емес пе! Қонағасым мен тойымды бірге өткізгенім — сол екі қоянды бір оқпен атқаным емей немене!

Замандастары мен құрдастары өзілмен қағытып үлгеріп жатыр.

—Әне, бұл Алшынның биіне жол алдынан шығады да тұрады. Кордіңдер ме, екі жеп биге шықпақшы тағы да.

Оларды Әйтеке де “тобықтан қағып” қалды.

—Сендердің де утылғандарың шамалы. Кенесте жүргендеріңді себеп қылып, той шашуынан құтылып қалдыңдар.

—Ау, бұл не тұрыс? — деді Соқыр Абыздың баласы Әлдебек Әйтекемен құрдастығын бетке ұстап, өзілдейтін әдетімен. —Алшын биімен сөзбен қағыссандар, ауыздарың құрамыш қабады. Кәне, жүріңдер. Тойбастарың бүгін осында-ақ бастатып жіберелік.

Екінді таяп қалған шамада қалың жиын қопарыла қозғалып Хан ордасының қарсысына, қозы өріс жерге тігілген Кіші жүз ордасына бет алды.

* * *

Мәртөбедегі отетін жиындарда Кіші жүздің жнырма тоғыз атасынан кем дегенде жүз қаралы үй көтерілетін. Биыл қай-қай атада да ондай сән-салтанат жұпыны. Алшындар биыл отыз-қырық үй ғана көтерген-ді. Кешінде осы үйлер аузы-мұрны шүпілдеп сыймай кетті. Әйтекенің сегізқанатының шаш төріне оқта-текте бір тіл қатып, жүзі жадырай түскен хан жайғасқан. Бүгін үнемі сол жақ тізесін баса жайғасатын Сасық би мен ортаға Мүсірәліні отырғызыпты. Онсыз да нәсілдінің зәузаты өрі Әйтекемен соншама жырдан бері талай ортада сөз ұстап “ақжемденіп” алған жас уәзірдің мына қауым алдындағы өзін ұстау бекзаттығы көз тойдырарлық. Тіпті тумысынан уәзірлікке жаралғандай салиқалылығы, жасандылықтан ада-күде сырбаздығы кім-кімді де сүйсіндіргендей-ақ.

Мизанның майлы қымызы онсыз да желпініп алған меймандардың көңілдеріне уыт қосып, қилы-қилы хикаяның желісін өрбітті.

Бір кезде найман Токтарқожаның баласы Байжігіт би серілігіне басып, қолына үкілі домбырасын ала берді.

—Хан ием, — деді дауысы ерке үнмен естіліп. —Бүгін үлкен тойдың реуеті. Пірі сіздің оң қолыңыз, оң көзіңіз болып шарасына сыймай отырған Алшын биі той бастарың да, тойың да өз мойнына алғанын өзіңіз естідіңіз. Енді соның шашу ырымы қылып, оу деп жіберсек қалай қарайсыз?

—Той үстінде ән-күйге ұлықсат сұрағаның қалай, сері-би? — деді хан жадырай түсіп. —Қайта осындайда ән-күйінді кешіктіріп бастағаның үшін айып салар ем Әйтеке болсам.

Қаумалаған жұрт дүбіле құптасып, Байжігіттің домбырасы бебеулеп ала жөнелді. Хас жүйрікке қолтығы соғілген кезде даланың өрі не, еңісі не демекші, Байжігіт Үш жүздің ән-күйіне бесасап: қай-қайсысын да тағына жетіп қайыратын. Оңгелері бір жағының ән-күйін суырыла орындағанмен, екінші бір қиырдың ән-күйіне келгенде “аяғына жем түсіп” ақсап қалып жатса, Байжігіт Кіші жүздің қан қыздырып, намысыңды ақ алмастай жанитын төкпе термелері мен өршіл күйлерін дауылдатқанда батыстың, бірде әуелетіп, бірде сорғалатып, сезім қылын шерте жонелгенде Арканың, асықпай шертіп қайырып, сұлқылдата тартып, сансапалақ күйге шомылдырып, барша қазақтың ортақ қуанышы мен қайғысын баян қылғанда Жетісудың серісі ме деп қалғандайсын.

Бұл жолы ол Сыр бойының көмейден күмбірлей естілетін сазымен қайырып, суырыпсалма жырға басты. Жыры заман ауанының құбылмалылығы жайында

мұндылау естілгенмен, жігерінді жанып, сенімінді серіктестіріп, үмітінді кокжиктен асырғандай ерекше қуат та бар еді. Безілдете, бебеулетте жырлап келіп төгіп-төгіп тастады.

Е-е-eh! Өз-Тәукені хан сайлап,
Өз-Тәукені хан сайлап.
Сұпы-Өзізді пір сайлап,
Қонды бүгін Ақсарбас,
Әйтеке бидің төріне.

.....

Е-е-eh! Асу да асу, асуын,
Алда сенің асуын.
Алда менің асуым.
Шын қуанып жайнаймын,
Қомсынбай, қауым, қабыл ал,
Арнаған жыр — шаңуым!.. —

деп келешек пен көрешекке деген үкілі үмітін дестелей жырлап келіп, бұрын-сонды жан баласына ұстатпайтын домбырасын өзінен әжептәуір томен жайғасқан Шолан батырға қарай үкісін желбіретіп, жеп-жеңіл сырғыта салды. Ауада бейне қалқын барғандай домбыраны лез қыймылмен қағып алғанмен батырдың әдепкіде қысылып қалғаны байқалды. Домбыраға бір, Байжігітке бір, айналалындағыларға тағы жалтақтап, капелімді домбырамен не істеу керектігін білмегендей абдырап, ақыры жұрттың өзіне сынампаз көзбен қарай қалғанын көргенде барып шегінерге мұрсаты жоқтығын сезгендей бауырына икемдей берді.

Орда ішіне сыймай жыртғылып-айрылған қауым да бөрінен иығы асын отырған зор денелі батырдың анау бір-біреуі күректей, домбыра емес, найза мен гүрзі, шокпар ұстауға ғана лайық қолдарына қарап қалыпты. Қазір бір-ақ шерткенде домбыраның құлпаршасы шыға қаусап түсетініне жандары ашып отыр ма деп қалғандайсың.

— Би аға, — деді батыр жанындағыларды селт еткізерлік дауыспен гүр етін. — Бұл домбыра тарта алмаса, ащы тері бір шықсын деп сынағаныңыз ба ійіңізді?

— Онда домбыраға неге сонша телміресің?

— Мен жай... Домбыраңыздың үнділігіне... Мен сіздей қайдан шебер тартайын. Енді болмас, келіп қалды ғой. Домбыра киелі. Киесі үшін күр қайырмай, тым құрыса шертіп берейін.

— Барын тарт, — деді хан жайсаң үнмен. — Қалмақтың Сайқын батырын жеңгенін үшін домбырадағы кем-кетігінді мына жамағат көшіреді.

Жақсылар жалатармағай құптасып бір аударылып түсті. Батырға олардың мұнысы дем берсе керек, лезде бас перне мен сағаның арасынан сан құбылта үн саумалап, сыдырта ойнақтатып өтті. Сосын...

Сосын әуелі домбыра көмейінен сарнауық сарын лықыдағты. Ол да ұзаққа созылмай өксіп, ыңыранған үн шығарды. Бір-біреуі жас баланың білетіндей саусақтар іліп-қағып, ырғып-секіріп томен құлдилап берді де, сағактан сапқ еткен үн шығарды.

Сол-ақ екен, есер де, ерен күш бітті күйге. Он саусақ шанақта ойнақтауда. Анау добалдай-добалдай дүрдиген саусақтар бір басқанда екі-үш пернені қатар басатындай. Сөйте тұра керекті әуенді табатынына қайран қалмасқа шараң жоқ. Сабылып, сапырылысып, арнасынан асқан әуендер тыңдаушыларының буын-буындарына түсіп, жүректерін алабұрттырып, атқақтатып жібергендей қозғалақтасты. Көздері көбесінен күй төгілген он саусақта. Қоңілдерінде күйін-перен желік бар. Алпыс алты тамырдағы қан құдды теріс ағып жатқандай жүздері сот сайын құбылғанын аңғарасың. Жасықты жасынға айналдырып, кеудесімен кок

тіреген “жеркүдіреттің” пысын басып, тәубасына келтірер сойқан күш он бойыңды тітірентіп бара жатқандай. Тыңдаушыларында елтуден гөрі толқу мен алай-дүлей орекпеу сезіледі. Тап қазіргі қаралай желіккен тұстарында: “Ал, ойсан жау шапты!” десе, өре ұмтылып, көзжұмбай ерлікке басар есерсоқ жігер үстінде екендіктерін көргендейсін!

Иә, күйде өшіксе отін жармай тынбайтын, кектенсе кегін қайырмай кемеріне түспейтін қаһарлы ердің ойсан қайраты мен буырқанысы бар.

Иә, күйде жерде қара сел жүргізбей тынбайтын қара нөсер мен иманыңды қасым етер күннің күркірі мен жасынының жарқылы ойнап жатыр.

Тек мына қаумалаған тыңдаушылардың жүзінде алмағайып аласапыран күйден үрейлену мен үркенден гөрі еміне, құшырлана, айыздары қана, айбындана түскен нышан асып-тасуда.

Күй ұзақ ойналды ма, қысқа ойналды ма – оны ешкім шамалап үлгермеді: өйтеуір төбе шашыңды тік тұрғызып, жон арқанды шымырлатып, бойға ғажайып қуат пен нәр күйіп, бір перне де жоғары көтерілместен сағақтан ғана селдеткен жойқын саз тәмамдалған шақта тепсіне, шамырқана, буырқана орындаған Шолан құйрығымен тынымсыз, ұмсына жылжи қозғалақтап барып қарсысындағы Жабай батырмен тізе түйістіріп тоқтаған-ды. Саулаған маңдай терін жеңімен сүйкей сүртіп, домбыраны бауырынан босата бергенде, мың сан кептер дүрк көтерілгеннен бетер орданың іші-сырты гу ете қалды.

–Күй деп осыны айт, міне!

–Жарадың, батырым! Жараттым, батырым!

–Намысыңды ақ алмастай суарған бұ не сиқыр өзі!

–Бөрінен қос пернеге сыймайтын саусақтары пернеден керектісін қалай табады десең-ші!

Акқоқіректен төгілген қошемет саябырсыған тұста:

–Қарағым, бұл өзі неғылған күй?–деді Едіге тәтті дөмін жұтуға қимағандай тамсанып. –Неғылғанда да бұрын-соңды біз естімеген дананың сөзіндей, кемеңгердің көзіндей ғапыл дүние-ау, сірә.

–Дұрыс таптыңыз, қария, – деді Шолан шегініп, өз орнына жайғасып жатып. – Бір кезде мына көуірдің айналасындағылардың тобесіне от ойнатқан шойын добын ойлап тапқан Алтын Орданың миясарлары екен дейді. Соны енді жауларымыздың басына жасын ғып ойнатамыз деп жүргенде, бір түнде көуірлер миясарды да, от қаруды да ұрлап әкетіпті деседі біздің жақтың өзіңіз секілді конекөздері. Содан көп ұзамай көуірлер от қаруды көбейтіп алып, Мамай ханмен Күлік* деген жерде соғысады. Тобелерінен от бұршақ нөсерлеген шақта Мамай қолы абдырап қоршауда қалады.

Ертең айыбын төлеп, тізе бүгіп, бітім жасасудан басқа шарамыз жоқ деп шешкен түнгі сардарлар жиынында Мамайдың оң қолы, Тоқтамыс сұлтанның жанында жүретін әрі батыр, әрі домбырашы Мірәсіл осы күйді тартып шығып, сосын: “Біз жауға тізе бүкпелік. Жау бізді аямайды. Қырады. Одан да еркек күсап өлелік. Қыран боп туған қазақ бөк жемеле қарға боп өлмек пе?” дейді. Оның сөзі мен күйі жігер берген қазақ сарбаздары мен сардарларының бетін

* Бұл арада 1380 жылы Күлік даласында Орыс әскері мен Мамай хан арасындағы соғыс жайында айтылып отыр.

хан да қайырмайды. Ойласа келе жаудың сол жақ қанатына келетін көмектің өлі жетіп үлгермегенін білген қазақ жасағы таң алдында қоршауды бұзуға аттанады. “Енді аяғымызға жығылудан басқа амалдары жоқ” деп масайрап жатқан кәуірлер бір сәтке мәкі жіберіп алады. Қазақ қолы сөйтіп кәуірлердің сол қанатын жапырып шығып, тегіс қырылудан, ең бастысы абыройсыз өлімнен аман қалады. Мірәсілдің сондағы тартқан күйі осы екен, —деп Шолан шырпы шалым бөгеле берген.

—Күй күдіреті деген осы...

—Ой, дүние-ай, сондай да асындар отті-ау бұ дүниеден! — десті жұрт күрсінісіп.

Шолан Байжігітке:

—Би-аға, домбырасын жан баласына ұстатпайды деуші еді, мынау сол домбыраңыздың қолүздігі болсын!—деп, жалт-жүлт етіп көз ұялтқан, сол жақ қолының шылдыр шүмегіндегі алтын балдақты алып, домбыраның құлағына іліп Байжігітке ұсынды.

Жұрт оның мұнысын жоралылықа балап қауқылдаса разалық білдірісіп жатыр. Байжігіттің құрдасы, жас Қадірберді әзілмен тұздықтап Шоланға ренжігенсіді.

—Қап! Шолан інім, сен оны жаман үйреттің-ау. Бәріміз де сенің арқаңда домбырасын бір-бір шертіп қаламыз ба деп отырғанда... Енді бас-басымызға қолүздік дәмептіп, қайтып домбырасын ұстатпайтын болшы.

—Қой, әрі!—деді Байжігіт оған ұрысқансып. —Домбырамды осы кезге дейін жан баласына ұстатпасам, мына Шолан секілді жоралғыға жүйрік інінің ұшыраспағаны шығар. Бір кезекте әлденеше қолүзік алып мал жинап жүр дейсің бе! Шоланның қолүзігі өзі үшін емес, баршаңыз үшін жасалған жоралғы деп тарта беріңдер. Кәне, қайсын барсын құлшынып отырған?

Орданың іші-сырты тегіс желпінісіп алды.

Әйтеке болса, Шоланның бұрын Сайқынды жеңгендегі аңызға айналған ерлігіне сырттай құмартса, бұл жолы оның өнеріне, жоралғыға жүйріктігіне, бекзаттығына сүйсінумен көз тойғызуда.

Бұл Мәртөбе көзден бұл-бұл ұшып, сайранды Сайрам сағымға айналғалы бергі түйілген қабақтың, құрысқан көңіл бұлтының сәл-сәл жидіген, болашақтың Үміті мен Сенімінің жалына қайта қол ұмсынып, көкжиегіне қайта көз салған алғашқы серпіліс түні еді.

Орда ішін күй аралады.

Орда ішін ән аралады.

Бұл осыдан аттай елу жыл бұрын өзбек Абдолла сұлтан талқандап кеткен Жылаңдықарауыл басындағы қазақтың қайтадан көңі серпілткен жиыны мен қызығының басы еді.

ОҢАША СҰХБАТ

Хан мен Кіші Орда биі оңаша.

Бұл — Тәуке таққа құйрық басып, тәж кигелі дүниеге келген тұқымы бөлектеу үрдіс. Арғы-бергі хандарда Алаш пен арыс ноктасын ұстаушылармен мұндай оңаша сұхбат болды ма, болмады ма—ол арасы беймәлім. Әйтеуір Тәуке жыл сайын өтетін “Хан кеңесінен” кейін үш алаш биімен осылайша оңаша сұхбат құратын.

Онда хан не айтты, Төле не айтты — ешкім білмейді. Ешкім сұрамайды да.

Онда хан не айтты, Қазыбек не айтты – оны ешкім білмейді. Ешкім сұрамайды да. Онда Хан не айтты, Әйтеке не айтты – оны ешкім білмейді. Ешкім сұрамайды да. Үш алаш биі де өзара “Хан олай деп еді, мен бұлай дедім” деп бір-біріне тіс жарған да, бір-бірінен сұраған да емес.

Әйтсе де, бұл бұқпантай, құпия пыш-пыш емес, ашық, бұқпесіз, батыл айтылатын сұхбат еді. Бүгін де сол үрдіске қылау түспеді: хан да, би де толғақты ой үстінде терезесі тең жағдайда сұхбаттасты.

– Би, ел неге азады, ер неге азады?

– Ер азса, сенімді серігін таппағаны шығар. Ел азса, білікті басшысын таппағаны шығар.

– Не көп – би көп. Бірақ әрдайым бірауыз емесі несі? Қайсысынан сұрасан да әуелі Алланы, сосын адалдық пен бірлікті айтады. Сол бірлікті бірлесіп қолға алуға келгенде неге әрдайым ыңғайток емес?

– Тұрымтай да қыран тектес. Одан откен үшқыр құс та сирек. Сойте тұра, оның қағары торғай ғана.

– Ондайларға бірлік жөнінде не айтар едің?

– Бұрынғы бабаларымыздың тірлікте үйірлестік үрдісінді бұза қорме, қауымдастық құшағынды жаза көрме дегенін қайталар едім.

– Алладан кейінгі күдірет басыңа қонса не істер ең, би?

– Бүкіл түркі жұртын екі туып, бір қалғандай етер ем. — Сонда арыстан Ресей мен аю шүршіттің ортасында жонымыз күдірейіп, жолбарыс боп біз жатпас па ек...

– Елді қалай басқару керек деп ойлайсың?

– Раймен. Ыммен. Алысты көре білуімен. Сосын бұрынғылар елді қорқытып басқарма, оқытып басқар деген тәлім қалдырыпты.

– Алысты қалай көруге болады?

– Ғұламалардың арқасына міну арқылы.

– Ондай алысқа жеткендер де бар, жетпегендер қаншама! Жетпегендері неліктен?

– Жетпегендер алысты көргенмен, орта жолдағы қиын-қыстау откелектерден қалай өтуді ойластырмай, асығыстық жасағандар. Асығыс істің ноктасы қашан да өзозілдің қолында кетеді. Әр ісінді бастамас бұрын оны қалай аяқтауды, орта жолдағы откелектеріңді ойлап ал дейді екен бұрынғының данагөйлері.

– Дүниедегі тұрақсыз не?

– Тақ пен тәж – тайғанак, бақ пен абырой – аққан су.

– Ұмытпауға тиісті нәрсе не?

– Ханның қаһары мен данышпанның бахилық әл-хаты.

– Кешірілмейтін нәрсе не?

– Зорлық қылғанды кешіру. Ондай кісіні кешіру – зорлық көрген мүсәпірді қосыла сабағанмен бірдей.

– Зорлық қылғанды ел алдында масқаралау да ордайым әділдікке жата ма?

Әйтеке ойланды. Хан сауалының қай жерге барып тірелгенін жазбай жорыды. Сірә, “Құн алғанымен қоймай, қайдағы бір күңтекей төмен етеккі үшін ақ нәсіліме дақ салды, торе басымды қорлады” деген Әлі сұлтанның қиқуы ханға да жеткені. Жалғыз Әлінің ғана емес, мұның “таяғын жеген” мырзалардың әлсін-әлсін: “Бүгін Әліні жер еткені – күні ертен сенің жағана жармасам дегені”, “Жеті атасынан жуан тұқым Әйтекеден бәрін күтуге болады, сақ жүргін, өзіңнен аулақ ұстағын” десіп, енді біреулері: “Әйтеке қартайған Сасықтың орнына түбі төбе би болмақ, одан әрі саған билік тізгінін ұстатпақ түгіл жалына қол да апардырмайды” десіп

хан табалдырығын тоздырушылардың барын талай құлағы шалған. Тәукедің ондай сыпсыңға ерме әлдекім еместігіне сенгендіктен бұл туралы жан баласына жақ ашып та көрген жоқ-ты. Әрі өзінің есімі ел аузына ілігіп, үзеңгіге аяқ артқалы мұндай қикумен миын борсытқандар аз ба! Сондай сасып, бөрсінп, бықсып барып тынатын көп күнсіктің біріне сайып, құлағынан асыра салуға дағдыланғалы қашан.

Әрине, ондай күнсіктен хан көкірегінің тазалығына иманы көміл. Сонау Самарқан медресесінде шәкірттік шақты қатар өткізген скеуінің бір-біріне ықыластары қылаусыз, ниеттері алғаусыз. Неғылғанда да Әлі төрені қарашы алдында шынында да сүйекке дақ салғандай ғып жер тұқыртып, жығып беруінің мәнісін, қаншалықты ақ-қарасын хан мұның өз аузынан естіін дегені шығар деген төктамға келді де, шаһшыла қараған күйі мүдіріссіз сөйлеп кетті.

–Тақсыр, Қауыснамада “Ей, адамдар, сендерге дейін де өскен, өркендеген көп елдер болды. Бірақ ол жерлерде лауазымды адамдардан шыққан қылымыскерлерді жазаламай, өлсіздер мен панасыздарды ғана жауапқа тартқандықтан ондай елдер жер бетінен жойылып кетті” делінген ғой. Басқаны былай қойғанда, “Жеті жарғымыздағы” “Хан талау” тәртібі де осындай лауазымдыларды ауыздықтаудың һамалы емесплет! Удың зәрін у қайырады, оттын алдын от қайырады. Бүгін зорлыққа тию бере алмағаның – ертеңгі зорлыққа айқара есік ашып қойғаның! Зұлымдық жайлаған ел Алланың қаһарына ұшырайды түбі. Әйтпесе бір кездегі Шұғайын, Лүк, Ғад, Сөмүк елдері имансыздық жайлағандықтан құрып кетпеді ме жер бетінен! Олар бізден әлдеқайда тұлғалы да, тұғырлы ел болған деседі қоненің әл-хатында.

–Ұйыттың делік, би. Хан алдында өзін қалай ұстау жөнінде басқаларға қандай төмсіл ұсынар ең?

–Балдан төтгі болма, тұздан ащы болма. Көп тыңда. Аз сойле, мөз сойле. Хан алдында басқа біреуді жамандама. Ханды құрметте – бірақ қорқақ болма! Ханды сыйла – бірақ жалтақ болма! Хан алдында әрдайым жақсыға да, жаманға да дайын тұр. Ойткені, хан алдындағы алам да бір, шетсіз-шексіз дариядағы қайықтағылар да бір. Қолыңнан келсе, сені өлтірген хан сен өлгеннен кейін өкінетін болсын... Иә, айтпақшы, алыстағы араб мөкәнінде таурих Білгесі Мұхаммед ибн Жарар ат Табарі* деген өтіңті. Соның “Таурих Әр-расул, Уә-л-мүлук”** деген кітабында “Ханыңның елін сатқаннан басқа құпиясын тісіңнен шығарма” депті.

–Менің қандай құпиямды білесің?

–Оны бүгін өзіңе айтсам, күні ертең басқаға айтпасыма ешкім кепілдік ете алмас-ты.

–Өзгенің алғаусыз көңілін қалай тануға болады?

–Қиын. Өте қиын. Өзгені қапысыз тануы үшін адам өзелі өзін тануы керек шығар. Бұл дүниенің қияметі – адамның өзін тануы. Өзге хақында ұшқары пікір – өзін танымаудан, өз жүрегіне үніле алмаудан болса керек.

–Адамды есіртетін не?

–Тоғышарды – байлық, патшаны – шексіз билік.

–Ақиқатқа қалай қапысыз көз жеткізуге болады?

–Әуелі естігенің түгіл көргеніңнің өзіне күдікпен қара. Күдік асығыс, ұшқары пікірден сақтайды. Естігеніңе де, көргеніңе де құлап түсу кім-кімді де сонында өкінішке ұрындыруы мүмкін.

* Мұхаммед ибн Жарар ат-Табар – 888–923 ж. өмір сүрген тарихшы.

** Таурих Әр-расул Уә-л-Мүлук – Әулиелер мен патшалар тарихы деген сөз.

–Болашақ туралы не ойлайсың?

–Болашақты ойлау – парыз, болжау – күпірлік. Болжау – Алланың ғана қолынан келетін іс. Сенің, менің, баршаның міндеті – бүгінге берік болу, ертеніңнің, болашақтың тұғыр тасын биік қалау, той жемей, қоя жеп, келер ұрпаққа мол мәпақа қалдыру. Бүгінгі беріктігің – болашағыңның ірге тасын берік қалағанын.

–Би, шұбат іше отыр, – деді хан өзі көзе мөлгідеген қымызға қол ұсынып жатып.

Бие сауымғы сұхбаттан шынында тамағы кебірси бастаған екен, көздегі шұбаты еңсеріп барып алдына қойғанда, хан сауалын жалғады.

–Би, қысылмай сұрай бер, менен қандай сый күтесің?

Әйтеке хан жүзіне сынампаз қоз тастап едәуір кідірді. Ханның үнемі қуқылданып жүретін бидай өңіне жылы шуақ ұялапты. Қырыққа енді жетіп жүрсе де, әлденеге іштей ренжи қалса, маңдайына сай-сай боп үйіріле кететін әжім сызаттары да байқалмайды. Іштей жалырап, жасаңғырған шақтағы кейпі. Мұның ма-надан бергі созінің бірін де бейтарап қалдырмағаны сезіледі.

–Тақсыр, менің сұрағанымды бере алмайсың ғой?

Енді хан бұған сынампаз жанарын шаньшты.

–Ә-ә! Бере алмайсың дейсің бе?.. Ол соншалықты қымбат, ә!? Ол сонда жеті қат жер астындағы не жеті қат коктің аржағындағы бірдене ме, әлде адамның жаны, қасқалдақтың қаны ма?

–Жоқ, хан, одан да қымбат.

Хан басын шайқап, еріксіз езу тартты.

–Шамалы нәрсені сұрамасыңды біліп ем. Қол жетпесті беру – Алланың ғана құдіреті. Енді өз қолымнан келмейтіннің не екенін де біле жүрейін, айта кет, би.

–Сенім. Ол – хан ием, сенің маған деген сенімің. Одан басқа сыйдың бәрі артық мен үшін.

Сонау бала кезінен санап сөйлеп, санап күліп жүруді дағдыға айналдырған хан бұл жолы сол байсалдылығын лекіме күлкіге жеңдірді.

–Тәйірі-ай! Әйтеке-ау, оны сен баяғыда менен сұрамай-ақ алып қойған жоқ па ең!

Хан мен би осы “сенім” деген сөздің аржағындағы жатқан кілттипанға қарай аяқ баспады. Күл астынан су жүгіртіп, екеуінің іргесін согіп бағуды көздеген қықым-сықымдардың қылықтарын қайыра еске алудан қашқақтағандары еді. Сондықтан би өңгіме арнасын кілт бұрды.

–Хан ием, дат!

–Кұлағым сенде, би.

Би ұзақ толғады.

Әсия елдерінің ой-шұқырын тегіс аралады. Машырықтағы Хинган мен мағырыптағы Қарлытау аралығындағы елдердің арғы-бергісін тәмам хаттап шықты. Үнемі олардың тозығынан гөрі озығына жығылды. Жақсысына ұйытты. Елдігі мен бірлігіне сусатты. Болашағына тамсандырды. Әсіресе олардың қазақ жұртындай емес, жан-жағынан анталаған жауының аздығын тілге тірек қылды.

Иә, олардың да таурих, тағдыр жолы даңғыл, өмір жолдары сайрап жатпапты. Сан қайыра өлім мен өмір таразысының басы кезек алмасыпты. Адасыпты. Торығыпты. Торығып, қамырығып жүріп те қайыра жандарын жалдап, намысын қайрап бағыпты. Тіпті боданы болып жандарын сақтап, кейін ес жиып, етек жапсымен өздерінің елдік туын сақтап қалған жұрттың өзіне тарпа бас салып, жер бетінен құртып жібергендері қаншама!.. Қазір бағамдап қарасаң, солардың да

казактан көші ұзап кетіпті. Көп мысалдың бірі ғып қаншама жыл Алтын Орданың боданы болған көуір жұртын айтты. Сойткен көуірге бүгінде қазақтың қалай жауаң көзденіп отырғанын өкіне еске алды.

Хан алаш биінің сөзін болмей, зейін-зердесімен тыңдады. Би баянының көбінен өзі де қорқулақ емес-ті. Бидің де мұны осының бөрінен беймақұрым әлдебіреудің санатына қосып, таурихтың қатпарлары мен ұңғыл-шұңғылын жайдан-жай қопарыстырмағанын бағамдап, ақырын, тоқетерін тосты. Әрі осыншама баян сөзі мен байызы, әуені үндескен, қаншама тындасаң да құнықтыра, шолдете түсерлік, құдды Қотан мұқамымен мұсадас* айтушыларша бүкіл зейін-зерденді, ақыл-ой ауаныңды билеп аларлық әсерлі еді.

— Хан ием! — Мұқамын өзгерткен тосын дауыстан хан селк еткендей боп кірпігін көтеріп алды. — Біздің шежіре, біздің таурих әр тобенің астында ұмыт қалып жатыр. Бір кезде Отырарда Әсиялық, Мысырда хазарлық исандар көп откен. Сол исандар жазған көтибеттер мен дастихтар, дуандар мен таурихтар ойсан көп болған деседі. Мысырға ат аяғы жетуі қиын. Отырардағы исандардың жазған шежірелерін ойраны шыққан шаһардың қай күлінің астынан табарсың. Шежіресін, елінің өткен-кеткенін білмейтін ұрпақ не — қарауызын ембей қалған шарана не!..

— Ниетің — оң. Озің жазбақысың, Әйтеке?

— Маған несібе ат арқасынан бұйырыпты. Мұрсатым да, ғұмырым да жете қоймас. Жазатын кісісін тапқаным да шүкіршілік.

— Отінішім — сол де.

— Лөмімді түсіндіңіз. Датым — сол. Жанында аға билер бар. Жалғызсырамас-сың. Ақыл айтарлар қашанда жыртылып айырылады. Бір қазаққа жолықсаң, екі ақыл айтады. Өзі соның біреуін орындауы да неғайбыл. Ондай ақылдың азарынан алыстап, базарынан керегінді алуға өз ақылын да жетеді. Уәзірінді үш айға босат.

— Алысқа кетпегей ендер?

— Алысқа ұзамаймыз. Шүршіт асып, ат арылту — артық машақат. Екі қайыра түрік исандары жазған тері кітаптарды түгел ортегені өзіңе аян. Олар шежіре атаулыны өз қалауларыңша бұрмалап, барша Әсия жұрты бізден таралы дегенді баяндап әлек. Ыстамболға жылдап кетуге тағы шақат жоқ. Әзірге Бұқара мен Самарқаннан әрі аса алмаспыз. Ала алғанға осы жерлерде де біраз нәрсені талға-жау етер ек.

Әйтеке сөзі ханның да көптен көкейінде жүрген ахуал еді. Әсіресе алты алаштың іргесі ыдырап, қазақ жұрты дараланғалы ел шежіресін, елдік ұлағаты мен мұрағатын хаттаудың жолын іздестіргенмен, біраздан мұрсаты мен орайы келмей қойған. Тап қазір жеті жұрттың тілін білетін Мүсірөліден басқа ыңғайлы ешкімнің төбесі көрінбейді. Екі сөзге келмеді. Келісті.

— Бұл орынды іс екен. Тағы қандай қолқан бар? Айтпақшы, анада жоңғармен соғыстың жайын сұрағанда, соған байланысты әлдене айтпаққа оқталғандай ең.

— Иә, соны қазір айтпақпын. Таксыр, анада Нурата жанындағы ұрыста өзімізден екі есе күші басым жаумен тең түстік. Демек, қазақ соғыса алады. Шейіт кеткен сарбаздарымыз да жаумен қарайлас. Алайда, бұл қазақ үшін ойсан шығын. Жоңғардың жауы — шүршіт пен қазақ қана. Онда да өздері тиіспесе, қазақ оларға қолын шошайтпайды. Ал, қазақтың жан-жағы самсаған жау. Егер солардың әрқайсысымен кешегідей бір-ер күндік қақтығыста қазақ сонша қырыла берсе, қатындарымыз

* Мұсадас — діни хиссалар.

жыл сайын егізден туса да, енді біраз жылда қолына найза ұстайтын еркек қалмай ма деп қауіптенем. Нұратада да қазақ соғыса алмағаннан тең түсіп қойған жоқ. Қазақты шалғымен шапқандай жусатқан – жонғардың қой құмалағындай қорғасыны. Шүршіт өзі атылып өлсе өлер, бірақ қаруы бізге алтын берсек те көрсетуге бермесі хақ. Кәуірдің шойын добынан сірә дә үміт үзілген. Солардың шойын добын алам, не соның құпиясын ұғам деп жүріп, асылдың тұяғы Ораз Құлмұхаммедтің сүйегі кәуір жерінде қалды. Менің Самарқанға баруымның екінші себебі осында.

Хан аузына апара берген қымызын дастарқанға қоя салды. Басқаны айтпағанда, Әйтекенің үй іргесінен әрісі Парсы, берісі Самарқан, Бұқара, Қокан, Хиуа жақтардан келім-кетімдердің дүбірі саябырламайтыны белгілі. Жан-жақтың шуылы мен дуылынан құлағдар кісі іздесең, ол – Әйтеке. Естин демесе де естіртеді. Әйтеке жақсыға қалай бас шұлғиды, жаманға қалай бас шайқайды – естіртушілер сол ауанына қарай андап басады. Айыр тіл, жуан тұқым, арғысын кім білген, әйтеуір жеті атасынан бері айдарынан жел есіп келе жатқан Әйтеке алдында жарым ауыз жалған сөз айта алмайтындары өз алдына, небір аузымен құс тістеген байың да, бағыланың да, тілінен шырасы тамған, теріс азу биің мен “ә” десең, “мә!” деп қынындағы қылышына жармасатын Кіші жүздің небір доңайбат батырлары да оның ығын бағатынын көргенде, хан талай сүйсінген де еді. Сосын да Әйтеке сөзінде қыл-қыбыр жүрмейтініне шәксіз. Қазір ол мұның өз сөзіне қалай зейін қойғанын аңдасымен баянын одан әрі сабақтады.

– Өзің де білесің, тақсыр, Самарқанда кәуірдің шойын добы жоқ. Бірақ бір саусақтары бүгілулі екендіктері шүбасыз. Кеше көп ұлыстары құлағдарлана тұра Қалданмен ұрысқа шылбыр салыспады. Ерімізді мойнымызға алып туламасақ та көңілде қалған кіді түбі енші ажыраспасақ неғылсын деген күман туғызары көміл. Ең бастысы Самарқан, Қокан, Бұқара бектері кәуірден ақберен мылтық сатып ала бастапты деген сөздің жаны бар.

Би бұл хабарға ханның үнсіз қалмайтынын біліп, әдейі тосып, алдындағы шұбатқа қол созды. Болжамы дөп шықты: хан ауыр тыныстап, үні ыңырана естілді.

– Бұл кәуірдің айла-шарғысы неткен ұңғыл-шұңғыл еді. Мылтығын беріп жоңғарды көк желкемізден кісінетіп қойғаны анау. Енді... Сонда өзбек кәуірді қай қылығымен қызықтырғаны? Әлде кәуірдің алдында өзбектің де қазаққа қарағанда ауыздары дуальырақ болғаны ма?

– Ауызы емес, айласы дуаты. Әрі қылығымен қызықтырмапты, алтынымен құнықтырыпты. Сонау Мұрынтау мен Боқантауларынан алтын құм табылыпты. Үш қанар құмға бес мылтық алатынға ұқсайды. Өзбек жартыны бүтін, бүтінді егіз қылмаса, сауданың сызды жеріне аяқтарын қия баспайды. Қауіпті қаруды жай құмға ауыстыратындай кәуірдің миын құрт жеп пе! Соған қарағанда, екі жағының да ұпайы түгел. Менің екінші мақсатым – Самарқанға барып, өзбектің тамырын тартып қору. Шартағындағы шіріп жатқан шыртылдағы мен қыршылдағын бұлдайтын өзбек алтын құмға алғанын қанша бұлдайтынын шамалау қиын. Сонда да жарты тиын артық түсетін жердің саудасынан қапы қалмайды. Сәті келіп, ыңғай танытса, дүния-мұқамал бастан құлақ садақа – ештеңе аямау керек.

Би сөзі ханды ұйытты.

Екеуі тағы да бие сауым оңаша сұхбат құрысты. Қару сатып алатын мүмкіндік туса, ауқаттылардан жедеғабыл мал-мүлік жинауға таңғұттарды көндіріп беруге хан үде етіп, бұған оң сапар тіледі.

Долегелі ордадан би түс ауа бір-ақ шықты.

САМАРҚАНДА

Даңққа дақпырт, мансапқа марапат, көңілге желік қосып, Мүсірәлінің атын Әйтеке, Әйтекенің атын Мүсірәлі тағы бір көкке көтерген той үш күнге созылып, игі жақсылар тараған соң, ауылда екі-үш апта аялдады да, би жолға жиналды. Үнемі жанынан қалдырмайтын Қараға бұл жолы ауыл-аймаққа көз болуды тапсырып, Мүсірәлі, Қойшым қажы мен өзінің бала кездегі тәлімші тұтқан көршісі Қосуақ бидің немересі Әбілғазымен бірге екі-үш серік ілестіріп жүріп кеткен. Ен-таңбасы айырғысыз үш ақбоз бен үш ніл қараны кезек-кезек қосам-жарлай ауыстырып, парсының ұзақ жолға жайлы, солқылдақ күймесімен арадағы бекеттер мен қоныстарға алты түнемелеп, жетінші күні сиыр сөскеде Самарқанның көкпен таласқан сансыз сәнді күмбездерін көздері шалған-ды.

Бидің Самарқанда таныстары да, өрен-жарандары мен сарысүйек құда-жек-жаттары да жырттылып-айырылатын: басқаны айтпағанда, Ақша атасынан тарайтын да, одан анасы бөлек демесең, бабасы Сейітқұл Әулиеден туған Жалаңтос атасының да немере, шөберелері түгел дерлік осында. Сол туыстары мен таныстарын адақтаса көп күндерін зая оздыратындықтан әзірге онашалана тұруды көздеп, шаһар шетіндегі бейтаныс сарттың жамбасақыға сұрағанын беріп жайлы үйін жалдады.

Тірліктің өмірі таусылмайтын қиқы-жиқы тауқыметімен жүріп, соңғы он жылдан бері Самарқанға ат ізін салуға мұрсаты жетпеген. Әлден-ақ байқағаны — шаһардың алыстан көз сиқырлайтын бұрынғы рабатының күрт солғын тартқаны. Әсіресе шаһардың шеткі жақтарында тұратын егіншілер мен малшылардың жеркеле секілденіп жапырайған, талай жылдан өктелмей, жел мен жаңбыр жеп тастаған үйлерінің саз қабырғалары топырақ түстеніп, аса сұрықсызданған сықпыттары ондағылардың тұрмыс-тірлігінің қандай екендігін әйгілегендей. Бүкіл балалық шағы осында өтті десе де болғандай бидің көз алдында Самарқанның сонау бір жылдардағы гүлстан шағы мәңгілікке сақталып қалған еді. Онда әмір атасы Жалаңтос жыл сайын не күзде, не көктемде шаһардың барлық тамдарын өктетіп, қамал-қорғандар мен сарайлардың, медреселер мен мешіттердің бәрін сырлатып, айналаны мұнтаздай ғып ұстауды қатты қадағалайтын. Тіпті диқандар мен малшыларды былай қойғанда, әр қиырдан әкелінген құлдар жатағының төңірегі де бау-бақша мен жеміс-жидек ағаштарына бөгіп тұратын.

Ертеңіне азаншының муәзінен бұрын оянып, таң намазына қоса, жол үстіндегі қаза намаздарын өтесімен, соншалықты ертелігіне карамастан құмырсқаның илеуінше құж-құж қайнап үлгерген орталық Алай базарын айналып өтіп “Рәсім алаңына” тартты. “Ораза айт”, “Құрбан айт”, “Наурыз тойы” және басқа да қабыл, көріс күндері, әр алуан шерулер мен жиындар, мәслихаттар мен мәмлелер осы алаңда өткізіліп, тіпті әлдебір кешірілмес құнаһарлыққа батқандарды жазау үшін жиналған әмірлер мен кеңесшілердің, сұпы-ишандардың үкімі де осы алаңда жарияланып, дарға асылып не бастары шабылатын. Қазір де соя үрдіс үзілмепті деп естиді.

Осыдан екі жүз елу жыл шамасы бұрын, мұның бесінші атасы Ораздың тұсында өзбектің бір асқан байы өзінің алпыс үшке — пайғамбар жасына толған құрметіне ұлан-асыр той жасайды. Ат жарыс, балуан күрес, жамбы атумен бірге жаяу жарысқа да бәйге тігіледі. Осы тойға Моғолдың Барлас руынан шыққан Тарағай бектің он жеті жасар баласы Ақсақ-Темір де келіп, жаяу жарысқа қаты-

сады. Мөренің қашықтығы, аяғының кемістігіне қарамастан жүйріктігін байқаған Ораздың баласы Тоқпан мен қарақалпақтың бір жас батыры Темірдің жолын кес-кестеп, алдарына түсірмей қояды. Сойтіп, бөйгеге тігілген зінгіттей-зінгіттей жиырма бес күлді бөліп алмаққа келіседі. Темір бұлардың алға түсірмесін білген соң, мөреге жете бере басындағы тақиясын лақтырып, өзінің озғандығын білдіреді. Алайда, бөйгені беруге келгенде дау-жанжал шығады. Көпшілігі бөйгені Тоқпан мен қарақалпақ батырына беруді ұйғарады. Темір оған келіспейтінін және тек Ораздың билігіне ғана жүгінетінін айтады. Ақыры, Оразға келіп мәлімдейді. Ораз өзінің баласы Тоқпан мен қарақалпақ жігітінікі дұрыс еместігін айтып, бөйгені Темірге бергізеді. Оған разы болған Темір өзінің Тарағай бектің баласы екендігін айтып, Ораздың алдына қос уыс алтын мен күміс аралас ақша тастап, батасын беруді өтінеді. Ораз оған батасын, қосымша Көреген деген лақап есім беріп, аттандырады. Осыдан кейін арада небары оншақты жылдың мұғдары отер-өтпесте Ақсақ-Темір бес арыс Тұран жамуриятының өмірі атанған кезінде өзіне бас ақылмандыққа Ораз қажыны шақырады. Ораз қажы өзінің онымен бірге ұзақ сапарлар мен жорақтарға шыға алмайтынын, жасының ұлғайып қалғанын айтып, Алла разылығын білдіреді. Соған қарамастан әмір оны сарайда бас ақылман етіп біраз уақыт қалдырады. Сондай күннің бірінде Ақсақ-Темір: “Тұран жамуриятының тұрақты пайтағы жоқ, Үргеніш, Жызак, Африсафтың қайсысын қолай көрер едіңіз?” деп сұрайды. Сонда Ораз қажы: “Қазір күннің нағыз ыстық шағы, бұл сауалынның жауабын беру үшін Үргеніш, Жызак, Африсафтан үш қой алдырып, терісін сыпырған күйінде он күн сыртқа ілдіріп қой, жауабын соларды көргеннен кейін айтайын” дейді. Хан дегенін істейді. Шартты күні келіп қараса, Үргеніштен келген қой мүлдем борсып кетіпті. Жызактан әкелінген қой енді-енді іістене бастапты. Ал, Африсафтан әкелініп сойылған қой еті сол күйінде сақталған екен.

“Үргеніш жақсы-ақ мекен, бірақ күндердің күнінде тоңірегі азып, маңынан ел үдере көшпесе неғылсын, Жызак та жайлы шаһар болар еді, айналасына ел тым жиі қонғандықтан түбі ауа райы аса қолайлы соға қоймас, іздесе таптырмас мекен түбі осы Африсаф болмаса неғылсын” дейді Ораз. Әмірші ақылманының жорамалына ұйып, ежелгі гректер Марканд, бертінде Африсаф, монғол шапқыншылығынан кейін Самарқанд аталған осы шаһарды бес арыс Тұран жамуриятының пайтағы деп жариялайды. Монғол ойранынан кейін, енді-енді бой көтере бастаған Самарқанд Темірдің кезінде нағыз гүлстан шаһарға айналады. Айналасы аз-ақ жылда әлемнің әр қиырынан ағылған патшалар мен шахтардың, елшілер мен саяхатшылардың аузының суын шұбыртқан сәнді шаһары санатына қосылады. Талай шайырлар мен исандардың Самарқанда айлап, жылдап жатып, Ақсақ-Темірдің жорық жолдарын, әйгілі жеңістерін, шаһардың әлемдегі ең сәулетті шаһар екендігін тамсаныса сүйсінісіп, талай кітаптар, шежірелер мен жырлар жазуларына тура келеді. Әлемдегі ең сәулетті шаһардың бірі деп соны мақтайды, соны мансұқтайды.

Ай астында кім мәңгілік! Жер-жиганды қаһарымен қалтыратқан Ақсақ-Темір де қайдағы бір Қытай жіберген жансызының ұстарасымен шашын алдырам деп дүниеден озып кете барды. Одан кейінгі Самарқанның құлпыруын әміршінің немересі Ұлықбек кезімен айғақтайды. Ұлықбек әкесі Шахрух секілді жай ғана әмірші атанып қоймапты. Самарқанда мешіттер мен медреселерді көптеп салдырып, әлемнің аяқ жетер жерлерінен ғұламаларды жинап, барша Тұран жамури-

ятының тұрғындарын жаппай сауаттандыруда теңдессіз қызмет атқарыпты. Медреселерде араб, парсы, шағатай, қытай тілдері мен бірге таурих, математика, жұлдызнама, дін және ежелгі жарғы жоралғылары тәкірәлана дәрістеледі.

Ұлықбектің немересі Задашахпен бірге оқып, бірге өскен Жалаңтос үш мың жылдық тарихы бар Самарқанның шын мәніндегі әйгілі үшінші әмірі деп танылады. Міне, сол атасы салдырған керуен сарайлар, медреселер, намазғақтар, мешіттер, оқтай түзу мақаллалар мен ғұзарлар, хиябан*, кешк, хамом**, шартақтар мен марабтар — бәрі сол қалпында оңін алдырмастан, сәнін солдырмастан сақталыпты. Тіпті солардың мандайшаларындағы “Бұл ғимаратты салдырған алшын Жалаңтос баһадүр” деген жазулары да алыстан көзге шалынып, жүректі ыстық сағыныш қармайды.

Көп жағдайда аса қатал көрінетін бидің көңілі аяқ астынан жүндей түтіліп, көзіне оқтын-оқтын үйіріле қалған жасты жанындағы Мүсірәлі мен Қойшым қажыға байқапмай, қайта-қайта сүртіп келе жатты. Сондай сәтте буалдырланған көзін құрғата беріп, алдарынан “Рәсім алаңы” шыға келгенде әлгідегі борпылдақ сезім кері лықсып, күймедегілермен бірге алға еріксіз ұмсынысты. Ат-көлік аялдап, бәрі сыпырыла жерге түсті.

Алаңның шаш төріндегі әйдік үш медресе бұрынғыша салтанатты, бұрынғыша рабатты. Сол қапталдағы Ұлықбек медресесі қарсысындағы және қақ төріндегі атасы салдырған “Тіллә-Қари” мен “Шер-Дор” Самарқандағы сәулет сәнімен таласқан жиырмадан астам мешіт-медресенің ішіндегі ең зәулімі, ең сәулетті де, ең жаңасы да еді. Тап қазіргідей күн енді алаулап ұясынан көтеріліп келе жатқанда “Тіллә-Қаридың”, тал түсте “Шер-Дордың”, кіші бесіннен ымырт үйірілгенге дейін Ұлықбек медресесінің сәулет бояулары мың құбылған сиқырға айналатын. Әр медресенің сегізден он екіге дейінгі көк күмбездері аспанмен астасып, мандай қабырғаларындағы алтын буымен зерленген жазулары кемі қозықош жерден көз арбайды. Айналасына және алдындағы алаңның тай шаптырым аумағына қырынан қаланған қызыл кірпіш бармағынан бал тамған қыз кестесі секілденіп өрілген күйінде баяғы қалпы: қылаудай мұқалған, мүжілген жалғыз кірпіш жоқ. Құдды жаңа ғана өрілгендей.

Ұлықбек медресесінің ішкі-сыртқы кестелі көркем көрінісіне таңырқай тағзым етіп, енді “Шер-Дорға” ене бергенде, медресе ішінен жалт-жұлт ойнақтай ұшып шыға келген қос қарлығаш Қойшым қажыны талдырып тастай жаздады. Бір аяғы іште, бір аяғы сыртта, табалдырықтан аттай беріп сілейген күйі:

—Я, рабым!—деді тілі зорға көлимаға келіп. —Иә, Жасаған ием!.. Әруағыңнан айналдым! Баһадүр баба, мынау бізді қарсы алған қос пірің екеніне енді иландым. Қапысыз иландым. Ұйыдым қапысыз. Естіп ем. Сенбеп ем. Жаздым, әруақты баба, кеше гөр. Махтым ағзам әулие, жар бола гөр! Қолдай гөр!..

Кезінде “Алтын медресе” атанған “Тілла-Қари” да, “Арыстанды медресе” атанған “Шер-Дор” да — шынында қанша көрсен де көз құртын жеген, құмарын қанар сәулеті бөлек ғимараттар. Ішкі қабырғалары тегіс қызыл алтынмен апталып, сонау зәулім күмбездеріне дейін ақ алтынмен күптелген, ірілі-ұсақты жазулардың сыры да құмарттыра, ынтықтыра түсерлік құпияларға толы еді. Жазулар әр тілде: қабырғаларында арабша аяттар, түрікше ғибраттар, парсыша шайырлар жазған жырлар маржандай көркем тізіліпті. Әйтеке мен Мүсірәліден басқа-

* Хиябан — гүлзар.

** Хамом — монша.

лары бірқатарының қаріптерін танығанмен, мән-мазмұндарына тістері батпай аңтарылуда. Әлден кейін барып Қойшым қажы жанындағы Мүсірәліге иек қақты.

– Сұпы-Әзиз, сен мұнда бұрын бір қайыра келдім деп ен...

– Иә, ертеректе, тіпті бала кезімде.

– Мына жазу не сонда? – деп сұрады кіре берістегі ұсақ, алтын қаріптерді иегімен нұсқап.

– Е, бұл – Мәулен Шерғожа шайырдың жыры. Осы медресенің көркемдігін, оны салған Жалаңтөс баһадүрді мадақтаған. Парсы тілінде.

– Дегенмен, сен оқышы. Не дейді сонда?

Мүсірәлі жырды бірден тәржімалай оқи жөнелді.

– “Әмір-қолбасшы, әділетті қақ жарған Жалаңтөс баһадүрдің кемелдігін топ жарған інжу-маржан қызыл тіл ғана дәріптер. Ол тұрғызған медресенің биіктігі мен сәулеті ерен әйбат. Оның күмбезі көкке тірелгені соншалық – ақылдың қыраны қанатын қанша қақса да, жылдар бойы биік аспалы дарбазасына жете алмас. Оның ұшар биігіне ілмекті арқаны бар небір айлакер баукеспе де ғұмыр бойы жете алмас. Мұбашылар* оның аспалы дарбазалар тізбегін бергенде аспан таңданғаннан, қызғанғаннан ішін тартып, жаңа толған айды қарпып алды. Осы ғимараттың ірге тасынан соңғы ұшар бйігіндегі соңғы тасына дейін қалаттырған Жалаңтөс баһадүр болғандықтан, бұл жыл – Жалаңтөс баһадүр жылы деп аталады...”

– Жырдың мазмұны осы шамада.

– Ой, дүние-ай! – деді Қойшым қажы таңдана күрсініп. – Алды-ау қара жер осындай асылдарды да. Мынау алтын күмбез ішінде алтын қаріптермен сөз қалдырған кімдер екен?... Сұпы-Әзиз, сен мұндағы жазулардың бәрін оқыдың ба? Не дейді мына жазулар?

– Қойшеке, мұнда осы медресені салған Мұбашы-мәмірлердің** басшысы Абдул-Дәптерден бастап барлық бандғарлар*** мен хаттардың**** қолтаңбасы бар. Олардың бірі Жалаңтөс бабаны дәріптеп, оның кемелдігін, даңқын, өділдігін айтып сүйсінсе, енді бірқатарлары өмірдің, мына жалғанның бәрін жаратқан Алла тағаланың күдіретін айтып қысқа-қысқа ой толғайды. Кейін арнайы бір келгенде бәрін оқып түсіндіріп берермін.

– Апыр-ай, сонда олар осынша өнерді қайдан үйренген!? – деді Әбілғазы таңданғаннан түрі өзгеріп.

– Мына жазулардың ішінде олар өздерінің сонау Әмір-Темір кезіндегі есімі жалпақ жиһанға мәшһүр Шәрәфидден Әли, Жүсіп Шәрази, Фарх-Әли ибн Арабшах секілді мұбашір-мәмірлердің шәкірті екендіктерін, ол үшін Жасаған Иеге шексіз разылықтарын да білдіріп кеткен тұстары ұшырасады. Үш медресені, оның айпара ауласындағы махсұрларды, мінберлерді, марабтарды, шәкірттердің жатын орны мен намазғақтарын аралап шыққан кезде күн де ұясына мөлт-мөлт тамып бара жатқан. Енді бір сәтте бұлар пәуескемен ілби жүріп хауыздарды аралап келе жатты. Хауыз ірілі-ұсақты арыстандар мен жолбарыс, оның өлекшіні мен шөңжігінің, қаншыры мен сабдандарының қола мүсіндеріне толы. Кейбірі озді-өзі айбат шегісіп, артқы аяқтарынан тік шаншылса, кейбірі бір-біріне еркелей, күйрықтарын бұлғалап тұрғандай. Хауызға су шаһар шетіндегі тоспалардан

* Мұбашылар – Бас сәулетші деген сөз.

** Мұбашы-мәмірлер – сәулетшінің тапсырмасын орындайтын кескіндеуші.

*** Бандғарлар – өрнектеуші.

**** Хаттар – жобалаушылар.

жер асты құбырлары арқылы келетін. Мына ірілі-ұсақты арыстандар мен жолбарыстардың ауыздарынан кемі үш кісі бойы биікке атқылаған су маржан күмбездер жасай келіп, сыр-сыр төгіліп жатыр.

Бұл арада сонау Темір кезінде де сан алуан хауыздар салынған деседі. Ол кездегі кескіні – жұмбақ. Ал, мына арыстандар мен жолбарыстар, сөз жоқ, Жалаңтос баһадүрдің қолтаңбасы.

Шаһарда оған дейін мұндай хайуанаттар кескіні ұшыраспаған. Баһадүр салдырған ғимараттардың бәрінің жандарында, қабырғаларында “Бұл ғимаратты тұрғызған Алшын Жалаңтос баһадүр” деген тақталар мен тастуғырлар орнатылған.

Жолбарыс, арыстан, екі басты самұрық, жеті басты айдаһар кескіндерінің көбі қарапайым кок тастан гөрі мәрмәрден, қола мен жезден бейнеленген. Соған қарағанда, Жалаңтос баһадүр тірлігінде арыстанның айбатына, жолбарыстың қайратына тәнті болп өткен бе дерсін!..

Атасы өмір бойы Бибарыстың “итген арыстанға айналғанынан қорықпа, арыстанның итке айналғанынан қорық!” деген тағлиматын Құран сөзіндей ұстанып өнеді ме!..

Күймедегілер мына айнала жарқыраған хаштақтардың* жарығымен сүйсініп, құпия сиқыр-сұлулық төккен машанның сәулелі жұлдыздарындай жоғарыдан күмбездене, құйыла саулап жатқан хауыз кереметіне әсерлене арбалып келеді.

Әйтеке сонау бала кезіндегі өзі куә болған гүлстан шаһарда қалған көз секілденіп, өзгермеген осы хауыз ғана екенін бағымдады.

Ақсақ-Темір, Ұлықбек бастап, Жалаңтос жалғастыра құлпыртқан шаһар маңындағы “Сарай гүл”, “Жұмақ бағы”, “Самал бағы”, “Әлем бейнесі”, “Шынар бағы”, “Жүрек сиқыры” секілді толып жатқан бақтардың бүгінде жұрнағы да қалмады деп естиді. Мұрсат тапса аяқтай барып көз жеткізбек. Әлдебір кезде ғана мамыр тыныштықты Әбілғазы бұзды.

– Би аға, ертең бізді қайда апарасыз?

– Шахизинда аланына.

– Онда не көреміз?

– Онда Мұхаммед пайғамбарымыздың немере інісі Құсым ибн Аббас әулие жерленгендіктен о жерді бұл жақтың мұсылмандары “Кіші Мекке” дейді. Әмір-Темір де, барлық туыстары да, әмірге адал қызмет еткен небір ғұламалары, әруақты әулие-әмбиелері сол жерде мәңгілік тыныштық табуда.

– Сосын?

– Сосын Махтым-ағзам әулиенің көрханасына тағзым етіп құран шығарамыз.

– Жаңылмасам, Жалаңтос баһадүр мен бір баласы сол жерде жерленген деп естідім бе?

– Иә. Онда Махтым-ағзам мен бабамыздан басқа осыдан мың жарым жыл бұрын бақилық болған сүлей патшалар, хандар, елді аузына қаратып өткен небір абыздар, бақ қонып, бата дарыған әруақтыларға тағзым етеміз.

– Сараймүлікханым, Бибіханым, Тұманак ханымдардың мешіт-медреселері де сол тұста ма?

– Жоқ. Олар осында. Самарқанда. Оларға да барамыз. Бірақ әуелі сен Бибіханымның есімін бұрын ата. Әмір-Темірдің бәйбішесі бұрын аталады әдетте, – делі Әйтеке аяқ астынан жүрегі шым ете қалғандай қабағы шығынап. – Бибіханым “ел ене”, Сараймүлік ханым “Сұлу ене”, Тұманак “Кіші ене” деп аталған кезінде.

* Хаштақ – фонар шам.

Бибіханым кесенесі есіне түссе, бойы мұздап жүре беретін баяғы әдстiнен арыла алмағанына айран-асыр.

Медреседегі шөкірттік алғашқы жылы. Бірде Қоқан ханы боп жүрген Ақша атасы Самарқанға келді. Бұл оған еріп Бибіханым медресесіне барды. Ол кезде медресе алдындағы жазғы сарай да, мешіт те сондай еңселі, сондай сәнді. Аумағы айпара алаң тегіс қырынан өрілген қанқызыл кірпіш. Оның қызылдығы соншалық – ұзақ қарасан, көзiңді қызыл шел қаптағандай біразға дейін айналандағының бәрі алаулай қызарып тұрғандай көрінетін.

Әрине, атасы ол хикаяны бұған емес, жанындағы парсы жұртынан келген әлдебір кексе екі қазаққа айтты. Қайғылы баян былай өріліпті.

Ақсақ-Темір бәйбішесі Бибіханымға арнап сарай салмаққа ниет түзейді. Ізінше бүкіл Әсия мен мағырыптағы ат қолтығы соғiлер жерлерден әйгілі мүбәшiрлер мен мәмірлерді, хаттарды, бандғарларды тегіс алдырады. Солардың ішінде Темрез, Шираз, Исафахан шаһарларынан Шарафидден Әли атанған Махмуд Дәуіт пен ибн Араб-шах атанған Жалды Махмуд бастаған хас шеберлер келгенде, әмірдің өзі тобесі көкке жеткендей разылығын жасыра алмай: “Сарай сәнді шықса, алдағы жеті ұрпақтарың қам-мұңсыз гүмыр кешерлік алтын мен күміске шо-мыласыңдар” деп салыпты- мыс. Бұл екеуі тек мүбәшiр-мәмір ғана емес, аттары бүкіл мағырыпқа машһүр таурихшы да еді. Сол үшін де екеуін жалпақ жұрт әулие тұтып сыйлайтұғын. Енді сарайдың сәнді шығатынына қатқысыз сеніммен Ақсақ-Темір кезекті жорығына аттанып кете барыпты.

Он айдан кейін жорықтан даңқты жеңістiң, мол олжаның буына балқып оралған қаһарлы әмір масайрап, көңілі шалқи түсу орнына сарайды көрісімен қынындағы қылышына жармасыпты. Сөйтсе, ажалдарына көрінді ме, әлде өзге түсіне бермес сәулет өнерінің жаңа үлгісін салғысы келді ме – мағырып үлгісіндегі төртiптi бұзып, қасбетін өзге қабырғалармен бірдей етіп қойыпты. Ал Самарқандағы медресе, сарайлардың қасбеттері өзге қабырғаларынан әлдеқайда биік қаланып, ондағы алтын буына қақталған жазулар күн ашық кездері қозы өріс жерден көз арбайтын-ды. Соншама қаржыны рәсуа санаған қаһарлы әмір кешіре алмапты: қылышпен бастарын шаба салуды да жазаңың жеңіліне санап, екеуін осы Бибіханым сарайының айпара ауласының ішінде екі шу асаудың құйрығына байлап, жан шошырлық жағдайда сүйретіп өлтіріпті. Сарайдың қасбетін қайта биіктетіп, қасына мешіт пен жазғы сарай салуды қажы Низам бандғар мен оның баласы Мұхеммед Шейхқа жүктелті. Соны естіген бала жүректің түршіге тітіркенгені сонша талай түндер бойы түсіне сарай ауласы ішінде қанға малшынып, мылжа-мылжасы шыққан міскiндерді сүйрете, әрлі-берлі шапқан шу асаулар еніп жүрді. Кейін де, сарайға барған сайын өрілген әр кірпіш қанмен боялғандай ерекше қып-қызыл көрінетін.

– Би-аға, мұндағы бақтар ертегідегі Иран бағынан да өсем деседі ғой. Сол рас па?

– Әмір-Темірдің өзі “Сарай гүл”, “Самал бағы”, “Әлем көркі” секілді таңғажайып он бес бақ ектіріпті. Бақ өсіру жайында бағбандарына қағида кітап жаздыруды да сол кезден бастапты. Ұлықбек пен Жалаңтөс аталарымыз да одан қалыспауға тырысыпты. “Жәннам бағы”, “Жүрек гүлі”, “Шынар бағы” секілді оншақты бақты менің бала кезімде екті. Асылы, Самарқанның бақтарын жұрттан естігеннен гөрі көзбен көрген мақұл. Тек сол бақтардың бүгінде орны да жоқ деген қауесет қате болсын деп тіле...

Нұраталықтар Самарқанды тағы да екі күн шарлады. Үшінші күні Әйтеке жанындағыларға: “Аяқ жолдарыңды біршама таныдыңдар, енді өздерің аралай беріңдер. Біздер, Мүсірәлі екеуміз келген шаруаларымызға бет бұралық” делі.

Келгелі шаһардың көркіне таңырқағаннан ауыздарын ашып, көздерін жұмумен жүрген Әбілғазы мен Қойшым қажы қасындағы серіктерімен ұбап-шұбап кете барысымен:

– Бұрын да келген екенсің, – делі Мүсірәліге. – Не байқадың?

– Самарқан шіркін тұнып тұрған шежіре, тұнып тұрған таурих қой.

– Соның ішінде керегі не деп ойлайсың?

– Әрине, Самарқанның тарихы мен шежіресі емес. Оны жаза-жаза талайдың саусақтары мүйізгекке айналған шығар. Тек сол Самарқанды жазғандар басқаны жазбады деймісіз?

Әйтеке әзілдей күлді.

– Тегін кісі Тәукедей ханға уәзірет бола ма!.. Дұрыс байқапсың. Шынында, мұнда есімі әлемге мәшһүр жиһанкез таурихшылардың ат ізін салмағандары кемде-кем. Низамиддин Шәми, Шәдимүлік Түгел-Тегін, Әмірзада, Қазызада Рұм, Сайд Әли, Қожа Ахрар, Қожа Әбді Берун, Жүсіп Шарази, Махмуд Дәуіт, Мұхаммед Жалды, тағы қайсысын түгендеп тауысарсың. Соңғы екеуін Әмір-Темір ат құйрығына сүйретіп өлтіргенін кеше айттым. Бірақ екеуінің де жазған-сызғандары түгел сақталыпты деп естимін. Сен әлі араламаған ишаратханаларда, кесенелер мен медресе-мешіттерде қаншама жұлдызшы мен мұбашир-мөмірлердің, мұхадисшылардың жазып қалдырған есімдері бар десеңші. Захараддин Бабыр мен дүниенің төрт құбыласынан келгендердің жазғандары – жатқан комбе. Таба біл, тани біл, ала біл деп тұрған қазына шетінен.

– Әй-аға, бағытын сілтеліңіз, енді жетер көкжиегін түспалдасаныз, қалғанын бір Аллаға сиынып кірісіп көрейін.

– Жетер көкжиегінді түспалдайтын басқа кісі. Ол – Самарқан Мәлік Білге.

– Ол кісі әлі бар ма еді?

Би Мүсірәлінің әр нәрсеге құлағы түрік жүретініне әрі Самарқан Мәлікті білетініне іштей разы боп қалды.

– Былтыр ұзынқұлақтан әлі тың деп естігем.

– Сізге ашылмаса, білгенін жария қыла бермейтін, жазғанын кез келгенге көрсете бермейтін жан деген не сөз?

– О жағын бара көрелік.

– Сонда Білге деген – білімі шүңіг деген сөз бе?

– Нұсқасы – сол. Мағынасы – одан да тереңдеу.

– ?..

– Нақтырақ айтсақ, шүңіг білім мен бірге бір ғылымның құпиясын білетіндерді ертеде солай атаған деседі. Бұл – бір. Сосын біз Шыңғыс әулетін “төре” дейміз, “ақсүйек” дейміз. Ал, бұрын көп білетін, әлгідей ғылым құпиясын білетін ғұламаларды ғана “ақсүйек” деп таныған. Білге деп аса құрмет тұтқан.

– Ғажал екен!

– Саған тағы бір есіңе саларым – Самарқан Мәлік Білге Лқасада, Бағдаттын “Даналық мектебінен” тәлім алған адам. Лқаса тауларының үңгірлерінде құпия таңбалар мен жазулар бар деседі. Оны Білгелердің де білетіндері ошанда біреу. Аса құпия сақталады. Оны ғайыптан-тайып біле қалғандарды бұрынғы ламалар

мен ел басшылары ортеп олтіріп жіберген. Ақша атам мен осы Самарқан Мәлік кезінде өте сыйлас еді. Сондай бір жолығуларында оңаша айтып отырғанын кулағым шалғаны бар. Әрине, ол жазуды білемін не менде бар деген жоқ. Қазір ойлап қарасам, сол жазуларды сол кісі не көрген, не өзінде бар секілді көрінеді де тұрады. Әрине, ондай әңгімені көлденең қок аттыға айтпайтыны белгілі. Дегенмен, кім білген, екеуің тіл табысып, түсінісіп кетіп жатсандар, қартты үркітіп алмай, суыртпақтап сұрап қор.

— Ол не жазу соншама күпия?

— Ақырзаман белгілеріне ұқсай ма, анық-қанығын мен де білмеймін. Мен естіген шамада сегіз-тоғыз шамасындағы кезім еді, дұрыс зерделей алмаппын.

— Сонда ақырзаман бұрын болған дегені ме?

— Оны анық айта алмаймын. Алайда, үңгір ішіндегі жазулар мен таңбалардың осыншама уақыт күпия ұсталып келуі де тегін болмаса керек. Болмады деудің де қисынын келтіре алмайсың. Болмаса, Нұх пайғамбар баяны қайдан, қалай шықты?

— Рас-ау...

— Халқы Алланың жолынан тайып, азғындық, зұлымдық, небір шайтан қылыққа түскен елдерді Жасаған Ие топан су қаптатып, таудан от бүркіп, найзағай түсіру арқылы от қаптатып, жел сілкіністері, неше түрлі зілзала арқылы жойып жіберіп отырғанын озиң де білесің. Соған қарағанда, әлгі күпия жазуларда бір гәп сақталған ба деп қаласың.

Мүсірәлі айран-асыр қалған күйі, сыртқа беттеген Әйтекеңің соңынан ерді. Екеуі көшеден жәмшік жалдап, шаһар шетіндегі Самарқан Мәліктің мекен-жайына бағыттады.

Жанындағы алғаш көргендер қаншама таңырқай тамсанысқанмен, шаһар бұрынғы сәнінен мүлдем жүрдай, тым репетсіз еді. Мұнын жасөспірім кезіндегі тақтайдай тегіс тас жолдар ойқы-шойқы боп мүжіліп бітіпті. Шет жақтағы малшылар мен диқандардың ғана емес, шаһаристанға таяу қолөнершілердің, миясарлардың, қарауылшы жасақтардың да тамдары сықпыт-сүдінсіз. Әсіресе кішігірім мешіттердің, намазғактардың, медресесымактар мен моншалардың кейіпі тіпте жүдеу. Тек орталықтағы байлар мен саудагерлердің ақшағала үйлері, қызыл кірпіш сарайлары мен кейбір гүзарлар* болмаса, Самарқанды әлдеқашан адыра қалған қыстақтардың бірі ме деп ойлағандайсың.

Қошір сөзуар неме екен. Бұлар арбаға жайғасар-жайғаспаста тұрмыстарының ауырлығын, өзінің бала-шағалалығын, оларға киім-кешек түгіл күнделікті тамақ тауып берудің өзі Самарқанда қиындап бара жатқандығын сарнап жағын саууда. Бұл да ала шапанды арбакештерге тән қулықтың бір түрі. Осылай саруайымдана сарнай түссем, жолаушы аяушылық жасап, тиесіліден көбірек мөпақа айырам ба деген дәме. Қалада қайыршы қолтігін кеше өздері де көрген. Әрі шетінен сұрағанын алмай қоймайтын Мысырдың қайыршысы секілді сұрамсақ келер ме!.. Арбакештің ызыңына көп мән бермеген жолаушылар әлдебір жапырайған мешітсымақтың тұсынан өте бергенде:

— Міне, мына қараңдаршы! — деді арбакеш еріксіз назар аудартып. — Көріңде өкіргір Жалаңтөс менің атамды дарға аспағанда, мына мешіт бүгінде сырты сыңғырап, іші күңгірлеп жатпас па!

Қос жолаушы оның мына сөзіне талып түсе жаздап, шырпы шалым тіл-ауызсыз қалды. Арбакеш сарнай түсті.

* Гүзарлар — қоғамдық орындар.

—Өзінің алтынмен аптап, күміспен саптап салған мешіт-медресесі аздай... Менің атамның салған мешітін көре алмай...

Арбакештің нені меңзегенін түсіне қалған Мүсірәлі оны қыт-қыттай бастады.

—Ақсақал, Жалантөсіңіз кім? Ол не үшін сіздің атаңыз салған мешітті көре алмай жүр?

—Е, Жалантос пе? Осында бір кезде болған әмір. Жұртқа ес жоқ. Тобыр оншен. Қайда айдасаң, сонда жүретін қой ғой бәрі. Соны да атакты қолбасшы деп... Тіпті соғыс жеңімпазы дейтінін қайтерсін. Соны да дін атасы дейді-ау тіпті. Баяғыда сүйегі қурап қалған немеге күні бүгінге дейін ауыздарының суы құритынын қайтерсін, оншен шуылдақтардың! Ақсақ Темірге балайтынын қайтерсін, оншен есек миын жеген тобырдың!.. Менің атамның мына мешіті салынғанда, мен бүгінде бүйтіп арқа етім арша, борбай етім борша арбакеш атанып жүрер ме ем!..

Мүсірәлі одан әрі “жетектей” түседі.

—Апырмай, ә! Сонда атаңызды Жалантос деген пәле мешіт салғаны үшін дарға асқаны ма? Сонда атаңыз кім болып еді кезінде?

—Атамыз Көркемкентте* жетім-жесір балаларға арналып салынған медреседе тәлім берген, өте сауатты адам еді. Ыстамболда оқыған.

Әйтеке селк етті.

Бәрі күні бүгінгідей есінде. Зады ондай оқиға ұмытылар ма!

Бір күні медресе ахуны ертен дәрiс оқылмайтынын хабарлады. Шәкірттер мұны естігенде қуана ду ете түсіп, ахунның ызғарынан демде жым болды. Бұл ертеңіне өзбек серіктеріне ілесіп, балық аулауға кеткелі жатқан. Жалантос атасы мұның өзімен бірге жүретінін айтты. Оны естігенде бұлар “кіші ене” атайтын қарақалпақ әжесі: “Баланы о жерге апара көрмеңіз, атасы! Тым жас қой, жүрегі қозғалып кетер!” деп безектей жөнелген. Атасы оған көз қиығын салғандай еді, әжесі заматта жым болды.

Атасы мұны қолынан жетектеген күйі “Рәсім алаңына” қарай беттеді. Жақындағанда алаңдағы құж-құж қайнаған жұрттың кескін-кейіпі мен сөз ләмі өзі көріп жүргендегіден сұрқылттау, салқындау сезілсе де, атасына еріп тас мінберге көтерілді. Осы кезде бұларды күтіп тұрған Самарқанның бас имамы Ахонджан күміс сақалын екі-үш қайыра сыйпай түсіп, алға аттады. Жұрттың күбір-сыбыры су сепкендей тылды. Томаршадай ғана имамның дауысы зор, әулетті еді.

—Уа, халайық! — деді дауысы таңертеңгі тұнық ауаны тйіп түскендей естіліп. — Біздің бүгінгі жиналу мақсатымызды сіздер жақсы білесіздер. Біз бүгін...

Сосын ол Аллатағаланың пендесін жаратқанда әрқайсысының пешенесіне лайық несібе беретінін, одан артықты дәмету күпірлік саналатынын, тағысынтағы бұл мән-мағынасына әлі де түсіне бермейтін жұмбақ қағидаларды тізбелеп, Құранкәрімнің “Қиямет”, “Адамдар”, “Тыйым” сүрелері мен аяттарындағы мұқамдардан сай-сүйегінді сырқыратар үнмен мысалдар келтіріп, арғы-бергі адамзат шежіресінен ғаклияға айналған оқиғаларды тізбелеп шықты. Сосын барып:

—Күн сәулетті Самарқан шаһарының әйгілі әмірі, Алланың нұр сыйпатына боленген құлы Әмір-Темір “Діні мен заңын сақтай алмаған — өзінің елдігі мен күшін, пәрменін, беделін сақтай алмайды. Елдің дінін де, заңын да бұзатын жекелеген пенделер. Сондықтан оларды дер кезінде жазалау — елдік қорғанын бекітіп, болашағын ойлағаның” деп еді. Ендеше Көркемкенттегі жетім-жесір

* Көркемкент — қазіргі Шахрисабз қаласы.

балаларға арналып тұрғызылған әулие Сейітқұл оғлы Жалаңтос баһадүрдің мешіт-медресесінің барлық асыл мұқамалдарын, алтын-күміс қаржыларын ұрлап, өзіне Самарқан шаһарынан мешіт салып жатқан Нүридден ахунның ісі әуелі күдіреті күшті, барлық тіршілікті Жаратушы Иенің және оның киелі, қасиетті уағызын жерге жеткізуші ұлы пайғамбарымыз Мұхаммед ғалейс-саламның хадистеріне қайшы екенін мойындап, оған ғаділ хукім шығаруды мақұлдайсыздар ма? – деді.

–Мақұлдаймыз!

–Мақұлдаймыз! – десті алаңдағылар бір дауыстан қосылып.

–Олай болса, Аллатағаланың мүміндері, сондай-ақ, шаһардың өмірі, әулие Сейітқұл оғлы Жалаңтос Баһадүрдің атынан Алланың адалдық жолын қарамдаған, жетім-жесірлердің несібесіне харрам қолын сұққан Нүридден ахунның дүния-мұқамалы төркіленіп, жоқ-жітіктілерге таратылуына, өзіне қандай жаза кесуге келісетіндіктеріңізді шын пыйғылдарыңызбен растаныздар!

Әлі де істің ақырғы байыбы немен тынарын білмей, жан-жағындағыларға жалтақтаумен тұрған. Бәрі алдын-ала кесіп-пішіп келгендей күнше күркірей үш қайтара қайталанған көпшіліктің үні жүрегін зырқ еткізді.

–Қара жер!

–Қара жер!

–Қара жер!

“Осы рас па?” дегендей жалма-жан атасына жалт қараған: оның кірпік те қақпастан тас мүсінше сазарып, бетінің әр тал түгіне дейін сабаудай-сабаудай боп шыға келгенін қорғенде, одан әрі өн-бойы қалтырап кетті.

Бұл кезде Ахонжан хазірет те кідірместен үстеріне бірыңғай қара киім киген, бетерін де қара матамен түмшалап алған төрт кісіге қолымен ишарат жасаған. Қауға сақал, кеспелтек келген, қара шұбар, жүндес қабақ, шүңірек көз біреу оларға ұстатпай қорбандай жүгіріп, еңіреген күйі атасының аяғына келіп жығылды. Мандайын тасқа соға еңіреген байғұс:

–О, күдіретті өмір! Кеше гөр! Жаздым! Жаңылдым! – деді жас баладан бетер бебеулей жылап. – Алланың бұйрығы – сенің бұйрығын! Сенің бұйрығын – Алланың бұйрығы! Мені ақ сайтан арбады. Қия гөр шыбын жанымды. Екі дүниеде құлағы тесік құлың боп өтейін!...

Ол тағы да небір түсініксіздеу сөздерді айтып зар жылап жатқанда атасы аяқ астына бір түкірді де, сазарған күйі бұрылып кете барды.

Енді бірде әлгі төрт қара киімді күнаһар пақырананы тулақша сүйреп, дар ағашына қарай апара жатты. Бірақ, олар дар ағашына жетпей-ақ әлденеге абыр-жыса, күйбендесе қалды. Жандарына жүгіре жеткен екі-үш кісі серейе сұлаған әлгі күнаһардың бетін шүберекпен жауып, басқа бір жаққа ала жөнелісті. Сойтсе, жаны төтті байғұс дар ағашына жетпей-ақ бақилық сапарына кете барыпты.

Қарғадан қыран тумайтыны ақиқат: көшір байғұс жақ жабар емес.

–Қылышынан қан тамған жан деседі Жалаңтөсті. Адамды аяуды білмепті деседі. Нағыз қаражүректің өзі болған деседі. Мен көзіммен көрдім ғой атамды қалай дарға асқанын.

Әйтеке шыдай алмады.

–Япыр-ай, ел ағасының жасынан асқанда, сіздің де жалған сөйлегеніңіз жараспады, – деді баяу ғана жымиып. –Сіздің атаңыз дар ағашына жетпей-ақ жантаөсілім етпейт!

Кошір аяқ астынан абдырап, Әйтеке мен Мүсірәліге кезек жалтақтады.

—А-а! Сіздер... Сіз не, сонда? Со жерде сіз де боп па еңіз?

Бұлар осы кезде межелі жерлеріне де жеткен-ді. Әйтеке оның қолына он тиындық күмісті ұстатып жатып:

—Сенің атаң мен менің атам қайсысы—ақ, қайсысы— қара екендіктері жөнінде жәбірейілдің алдында әлдеқашан жауаптасып, арыздасып та қойған шығар, — деді.

—А-а!— деді арбакеш ауызы ашылғанмен, тиын алған алақаны жұмыла түсіп.
— Сонда сіз?... Жоқ, мен сіздерден ақы алмаймын.

—Ал! — деді би зілсіз кекетіп. — Ал, бейшара. Атаңа қарағанда, сенің бүгінгі тапқаның — ақы-адал еңбегің.

—Мағшарлықтардың жамандығын айтқын келсе, бұдан былай тек ақиқатына жығыл, отағасы, — деді Мүсірәлі арбадан түсіп жатып.

САМАРҚАН МӘЛІКТІҢ СЫРЫ

Әуелден де сүйегі ірілер санатына қосылмайтын Самарқан Мәлік жасы жетінші мүшелге аяқ басқанда қайдан сом тұлғалана қойсын. Әбден шоғып, шоміштей ғана шалға айналыпты. Әйтекені де атын сұрап барын есіне түсірді. Әйтсе де, санасы сайрап-ақ түр екен, биді танымай қалғанына ақталып:

—Көз сау. Құлақ сау. Тек соңғы кезде жадыға күрт түсті. Адамдардың атын ұмытып қала берем, — деді. — Бірақ, Әйтеке, сені неге ұмытайын. Сен менің жанымда қалмай, ерте атқа тақым қажаттын. Соз ұстадың. Би аталарыңның жолын қаладың. Мүмкін о да керек шығар. Дегенмен, нағыз әділдік пен оянылық кітапта екенін зерделемедің. Мен оған опындым. Сені жанымға алып қала алмағанымға өкініп жүрдім. Қате өзімнен. Сен жөнінде атаң Ақша қайтпастан бұрын сойлесуім керек-ті. Ал, саған Жалаңтос атанның ықпалы басым болған секілді... Сен зерделі едің. Алғыр едің. Қателестің. Қатты қателестің.

Әйтеке риясыз күліп, әзілдей жұбатты.

—Сол қателігімді кеш те болса түзейін деп, өзімнен де өткен шәкірт әкеліп тұрмын сізге.

Қарт ғұлама кішкене көк көзін сығырайта, Мүсірәліге ұзақ, сынампаз пішінде қарады.

—Шәкірт деймісің? Бұл шәкірт жасынан асқан бала ғой. Кім баласы? Сенің балаң ба?

Әйтеке әріден қозғап, Мүсірәліні таныстыра бастаған. Қария тарамыс саусағын көкке шошайтып:

—Тұра ғал! — деді, әлі де о жақ, бұ жақтан құлағдарлығын таныта. — Сен маған шәкірт әкеліп тұрған жоқсың, ақылшы әкеліп тұрмын десей-ші! Тәуекел хандай болмағанмен, һәм барша қарашының ынта-ықыласын өзіне баураған мархаматты Тәуке хан айналасында ақылман төресі, айбарлы сұлтаны мен бегін азсынғандай, әлі түбіт мұртына ұстара тимеген бір жасты өзіне уәзір етіп алды деген қауесет расқа шыққан-ау, сірә?

—Қауесет емес, шындық екеніне көзіңіз жетті дей беріңіз онда.

—Жүзінде иман, көзінде нұр, болмысында бекзаттық сіңген бұл жігіт шындығында уәзірліктен гөрі ғылымхалға бек лайық екен. Сонда бұл уәзірлігін Лұқмандыққа* біржолата айырбастап келіп тұр ма?

* Лұқмандыққа — Лұқман хакімінің атымен білімге деген мағынада айтқаны.

–Жок, мархаматты ұстаз, мен мұны ханнан небары үш айға сұрап өкеп тұрмын. Сізге сеніп өкеп тұрмын. Сізде төрткүл дүниенің ілімі мен қоса мағрипат* та бар шығар деп ойлайтынмын, – деп бастаған би оздерінің бағыт мақсатын біраз мөлім қып барып жалына өтініш білдірді. –Сізде он сегіз мың ғалам турасында мағұлмат барына күмәнсізбін. Оны игеру үшін бұған сіздің жасыңыз да тапшылық ететінін білемін. Сіз тым құрыса, қазақ жұрты жайындағы мағұлматыңыздан хабар сіңіріңіз. Көмектесіңіз. Қазақ жұртының көне соқпағына салыңыз. Қолыңыздан келеді деп сеніп келіп тұрмыз. Қазақ жұрты таурихсыз, шежіресіз қала ма деп қауіптенем. Адаспастай ғып бағыт сілтесеніз аржағында сізге салмақ салмас та еді... Шежіресіз, таурихсыз жұрт та бір, ұрпақсыз мүсөпір де бір демеуші ме ет бұрынғылар.

Қарт ғұлама сияны өзі дайындайтыны байқалады: қаламды енді ұстап жүрген шөкірт секілді саусақтарының бәріне сия тиіпті. Аппак, шидиген саусақтарымен шоқша сақалын тарамдап, басын қалт-құлт шайқап қойып нали сойледі.

–Әй, мен тым қартайып қалдым ғой тегі. Менің бар ғұмырым таурихты оқу мен жинауға сарп болды. Шұқып, түртіп, тарамдап жазып отыруды үнемі кейінге ысыра беріппін де, көртышқан құсап жинай беріппін. Енді жазуға ми тапшы, қол қалтырайды. Көңілде қорқыныш қана қалыпты. Ғұмыр тапшы. Сосын да налимын. Бұл әдыра қалғырды не үшін, кім үшін жинадым деп... Менде ізімді басар ұрпақ та жоқ. Құдай ұрпағың мынадай болады дегендей көзіме көрсетті де ала берді. Ала берді құтайтпай. Өзің беріп ең ғой, мұның не деп көкке қолымды жайып аңырап ем, онымды күпірлік санады ма – сарықарын жасына жеткізбей қосағымды алды. Саған керегі кітап болса, сен-ақ кенеле ғой деп кітапты ғана қалдырды. Жағыр ғой, әне бәрі ана жақта тышқан кеміріп... Иә, мына шөкірттің Баба Түкті шашты Әзіздің ұрпағы де. Олар шетінен қағаз шимайлаған, кітап ашқан сұңғылалар деп естуші ем. Бұ бала неғып кеш оянды? Иә, айтпақшы, бұ да сен секілді атқа мінуді мансұқтаған ба әлде? Ондай болса, үш айда ғылым қонар қояр ма екен басына... Жә, оқыған-тоқығаны бар ма осы кезге дейін?

–Өз қатарының алды, ұстаз, – деді Әйтеке ғұламаның күдігін тезірек сейілткісі келгендей жылдамдата. –Менен сауаты жоғары болғасын әкеліп тұрмын сізге.

Қарт уайымшыл, тезбейіл екен. Тұрмысы да тым жұпыны: екі-үш көрпе-жастық жиналған қазақы жастағаштың ою-өрнегіне қарап дубара өзбек шеберінің қолынан шыққанын аңғарасын. Кіре берістегі, кішкене құжыраның бұрышындағы аласа жозы үстінде түптері қалайымен құрсауланған екі-үш кесе мен темір шөйнек, шайқұман, едендегі түсі өлдеқашан сортаң тартқан парсы алашасынан басқа көзге ілінер дүние-мұкамал атымен көрінбейді. Есесіне шаһар үлгісімен қарағайдан қиылып тұрғызылған төрт бөлменің үшеуіндегі кітаптарды көргенде би мен жас пірдің таңданғаннан тынысы тоқтап қала жаздады. Мұнда не жоқ: ешкі сақтиянына жазылған шежірелер мен қиссалар, балық қабығымен зерленген Үнді ұлағаттары, ықылым замандағы түркі жылнамалары, кішігірім қобдишадай-қобдишадай қыпшақ ширатпалары. Әбунасыр Фараби секілді исандардың ой түспалдары мен дастихтарын** былай қойғанда, ғылым-ілімнің ғұмырлық, бақпалық құпиялары хақында жазылған қат-қат қаптапалары, бармақ уәзімен жазылған жырлар, ай, күн, жұлдыз қозғалыстарын жорамалдайтын қиял-толғақтар, диуандар қаншама!

* Мағрипат – о дүниелік ғылым деген мағынада.

** Дастих – трактаттар.

Осыған қарап-ақ, кара көленке, сыз қабырғалы бөлмелерде түтін ширатқан балауыз жарығымен қағаз шимайлап, санасын сарғайтып, бар ғұмырын сарп еткен исандар мен қатибтардың ой-мұратына баға бере алмай, қиялық сан тарапка алып қашады. Мынау қисапсыз жазбалар ғасырлар қойнауынан, торткүл дүниенің сан қиырынан жиналғанын айғақтағандай сарғайып, шет жақтары, қаптамалары, түптері мүжіліп, қаріптерінің өзі танығысыз жағдайға жеткені байқалады. Кітаптарын ордайым мәртебе тұтатын исан бұлардың танданғаннан ауыздарының ашылап қалғанын көргенде қопаландап, әлгідей сары уайым, кеуек кейпінен тез серпіліп, тіпті бір сәтке қодиланып шыға келді.

— Сен, Әйтеке, кезінде қатты қателестің, — деді манағы сөзін қайталап. — Мен сені біршама сусындатып ап, Бағдаттың Даналық мектебінен доріс алдыруды да мұраттап қойғам. Бәрі зая кетті. Алла хош қормегені, яғни, Бағдаттың мәуленаларынан сусындаудың қадырын ұға алмадың. Егер сен аталарыңның жолын қуып атқа мініп кетпей, менің жанымда қалғаныңда екеуіміз ақтармаған таурих қатпары қалмас-ты, екеуіміз жазбаған шежіре қалмас-ты. Таурих жалғыз кісінің қауқарын місе тұтпайды. Ғылымхалға ұстаз қандай қажет болса, шәкірт те сондай керек. Бір-біріңсіз бірдене бітірем деу күр әурешілік. Енді бәрі кеш: опын, опынба — көп іс тындырар менде қауқар да, ғұмыр да жоқ. Әке балаға фәншілік ғұмыр сыйлайды, ал ұстаз мәңгілік ғұмыр сыйлайды дейді бұрынғылар...

Самарқан Мәлік жалғыздықтан іші пыса ма, әлде қартайған шағында ғұмыр бойы жинаған ғылыми мұқамалының тағы біреуге керектігіне іштей ширағаны ма — әйтеуір көп сөйледі.

Дәулеттің опасыздығын, бактың алдамшылығын төкіралай келіп, ғылымға Ақсақ Темірдің соншалықты көңіл қойғанын аса күрметпен еске алды. Ал оның немересі Ұлықбекті дәріптегенде дүниенің пейіш ғұмырын кешкендей шоліркей тамсанды. Дүниенің бар тарабынан небір исандардың Ұлықбекті іздеп келгендігін, оларға өмірдің қалай айқара құшақ ашқанын, аз-ақ жылдың мәуірінде Самарқанның өлемдегі ойгілі ғылым-шаһарға айналғанын іңкәр көңілмен марапатталды. Жалаңтөс баһадүр жорық жолына ден қойды. Үнемі жеңіспен оралды. Халықтың ол-ауқаты жақсарып, медреселер мен мешіттер, сәнді үйлер көбейсе болды деп тар пішті. Жалпының сауат ашуымен шектелді. Ол аз еді. Сауат ашудың аржағында ұшан-теңіз ғылым дариясы жататынын бағамдай алмады. Халықтың бар мұраты — ауқатты болу, сәнді-сәулетті үйде тұру ғана емес-ті. Ақсақ Темірден Ұлықбек секілді бір тұяқ қалай қалса, Жалаңтөс пен Ақшадан сондай бір тұяқ ғылым шыңына шырқауы керек-тұғын. Қасына ханнан туған қырықты қосшы ғып еріткен Жалаңтөс те мұны зерделей алмады. Зерделей алса, сенің жолың басқа екенін бағамдар-ды. Асылы таққа, билікке, данққа бейіл жаралғандар болады. Олар көп оқымайды. Құдай берген зердемен ел-жұртын билейді. Хикматты көп оқыған шүңейт исандар тақтан, биліктен, данқтан аулақ жүреді. Керек десең ондайдан қорқады.

Қос қонақ исанның сөзін бөлместен, ұйып тыңдады. Бұл шынында екінің бірінің аузынан айтыла бермейтін ақиқат, керек десеңіз, бір аяғы жерде, бір аяғы қорде тұрған көнекөздің опына, өмірге ашына бағыштаған арызындай естілген еді.

Би мен пірі мұнда сиыр сәскеде келіп еді, енді қараса, үй іші күнгірт тартыпты. Мәліктің де дауысы қарлығып, едәуір қалжырағаны сезіледі.

— Үйдің іш-сыртын әктетіп, тазартып алғандарыңыз мақұл. Хикматтарыңызды да шаң басыпты. Кісі жалдап алғандарыңыз жөн.

Әйтеке күміс тиынға толы кішкене жібек дорбашаны қарттың алдына тастады. Ол разылық та, қарсылық та білдірместен биге сынампаз кейіпте қараған күйі қала барды.

ӘМІРМЕН АРБАСУ

Келесі күні пірімен де жұп жазуына тура келді: Мүсірәлі Мәлікке, өзі Самарқан өмірі Абдоллаға тартты. Бұл – Шәйбани хан әулетінен тараған он бесінші ұрпақтың ішіндегі сегізінші Абдолла еді. Кезінде осы Абдолланың атасы Абдолла-Әзиз Бұқараны билеп тұрған кезінде айналасындағыларға сыйлы, мұның аталары Жалантөспен де, Ақшамен де оң қабақта өтті. Әкесі ерте қоз жұмған осы Абдолланы атасы Самарқанға Жалантөстен кейін құтаймай қойған өмірлер тағына отыруына бар күшін сарқып бақты. Өкініштісі Абдолла атасынан оң бата алғанмен, игілікті қасиеттерін бойына сіңіре алмаған боп шықты. Әсіресе атасы бақилыққа аттансымен, сарай маңындағылардың пыш-пыш сөзінен өріте бой асыра алмай, үйкүшік өмірші атанды. Ол аз десеңіз, беті жылтыр томен етектеріні көрсе көзі мөлтендеп, мойыны қарсақша қылқылдап шыға келетіні алыс-алыс аймақтарға небір күлкілі жағдайларда тарап кеткен-ді.

Кеше Самарқан Мәліктің сөз ләмінен оның шайырларды, жыршыларды, исандарды сұқаны сүймейтінін аңғарған. Шаһар сәулетіне мүлдем енжарлығына өзінің де келгелі көзі анық жеткен. Сонау Әмір-Темір кезінде бой көтерген небір соулетті ғимараттарды зерлеудің орнына сыпыра құлатып, тып-типыл ғып жатуының мәнісін тіпті ұға алмай қойған. Әсіресе Бибіханым кесенесінің алдындағы коздің құртын жейтін намазғақ пен жазғы Сарайдың шылпарасын шығаратындай оған не кеселі тигеніне айран-асыр. Сөйтіп жүріп, Мұрынтау мен Боқантаудың алтын құмына көуірден қару-жарақ сатып алуының құпиясына бидің басы қатулы.

“Неғылғанда да бұл Қоқан мен Бұқар өмірлерінің ықпалы шығар, – деп топшылады жолда келе жатып. – Сонда уысынан есепсіз қарабақыр шығармайтын өзбек өмірлері мен бектері керуен-керуен алтын құмды көуірге қалай қоздері қиюда? Қару-жарақ бұларға соншама неге керек бола қалды? Соғыспақ па? Кіммен?.. Көнелі-жаналы таурихта өзбек өзгемен жалғасып, жондасып, үшқаттасып көп соғысыпты. Талайға шылбыр салысты. Талаймен Ту түгендесті. Жансыздыққа барып, талайды бір-бірімен қанжығаластырып, өздері ханталапайға кенелген кездері де аз ұшыраспапты. Әйтсе де, өздіктерінен... Басқаны ежіктемегенде, әлемнің жалғыз өміршісі өзі ғана атануды көксеп, жолындағының бәрін қан жоса ғып келе жатқан Шынғысты да тоқтатқан өзбектің керуен-керуен сыйы мен бастары жерге жеткенше иіліп-бүгілген “ілттипат-ізеті-тұғын”. Сонда бұлар болашақта кімге көз алартпақ? Әлде өздері біреуден қауіп-қатер күте ме? Кімнен?..”

Абдолланың Самарқан көркіне қосқаны – Тұманак бегімнің кесенесі жанынан өзіне арнап асты-үстің тақтай, іші-сыртын сырмақтай ғып салдырған жазғы әйдік хиссары ғана. Бұл жалдаған күйме сол хиссардың жанына келіп, түсе бергенінде, есік алдындағы темір құрсанған төрт миршаб* жалғыз жүргенмен, әулетті жердің бегі екенін сезіп, бастарын жерге жеткізе иді.

– Бар болыңдар, жарқындарым!

Бі өзіннің өмірге келгендігін айтып, қабылдауын сұрамақшы-тын, жігіт ағасы миршабтың саңқылдап қоя ала жөнелгені.

– Аллатағаладан кейінгі нұр сыйпатты ұлы өміріміз Абдоллаға алшын Бәйбе-қоғлы Әйтеке би келіп тұрғанын хабардар еткілерің!

Хабар сарай ауласын одан әрі кезіп кете барды.

* Миршаб – күзетші жасак.

“Астағыперіалла! Алладан кейінгі нұр сыйпатты ұлы әміріміз! – іштей кекете мырс етті. – Сарай жәдігөйлері!

Мыналардың сөзі – кәміл әмір маңындағы уәзірсымақтардың сөзі. Қашанда осы!.. Әмірлерін ат аяғы жетпес жерге күлкі етіп сыпсың сөз тарататындар да, тірі кезінде табанын жалап, өлген соң корінен сүйреп шығарып тастайтындар да осындай жорға құлдар мен жәдігөй уәзірлер. Өзі мұнда келгелі бой тасалап бақса да, бәрібір қалай баршаға мәлімденіп қалғанын, хабар тез жетсе де, іштен жауаптың кідіре бергенін ойлап, іштей ыдырына бастаған. Едоуір тастырып барып түйелі кісінің бойынан биік қақпаның аржағынан “Аллатағаладан кейінгі нұр сыйпатты ұлы әміріміз Абдолла алшын биі Бөйбекоғлы Әйтекенің кіруіне рұқсат етеді!” деген дауыс естілді. Шойын қақпаның аржағындағы қырық қабат есіктен өтіп, әмірдің көуір кінәздерінің үлгісіне еліктеп салдырған сарайының қабылханасына жеткенше жүйкесін шытынатып болған би дияр бөлмедегі жалпақ ақ мәрмәр суффа* үстіне парсы кілемін, оның үстіне бес қабат шәйі көрпе тосетіп, дәу үш құсжастыққа кисая жатқан иесін көргенде, ешбір әмір мен патшалардың қабылдауында ұшыраспайтын “салтанатына” күлерін де, қынжыларын да білмей, табалдырықтан әрі екі-үш атпаған беті қалт тоқтады. Бар пошымы қолтоқпақтай ғана, жалқын сары, шадырақ көк көз, маңдайы екі елі, ұрты салбырай толысқан әмірдің қазіргі кейпі ғайыптан-тайып ішке кіріп кетіп, көпшік үстінен енді секіргелі отырған қолбақадан аумайтын. Егер қазіргідей күні түсіп келмесе, тіріде есігінен қарар жаны ма!.. Тіпті сонау бір жылдары ол Бұқарадан келіп “Тыло-Қарида”, бұл Ұлықбек медресесінде қатар төлім алған шәкірт шақтарында да екеуінің бала болып үйірлесіп, бірге ойнамағаны да бидің есіне орала кеткен еді. Ал, ана бір жылы көуірдің ашқарақтары қарабалыққа уланып мұрит кеткенде, бар бөлені қазаққа жауып, орыс кінәзінің жанында жөпектеп жүргені қайыра есіне түскенде, жиіркене жиырылып, бұрқ-сарқ шапшыған ашуын саф-саф тежеп бақса да, дауысы ызғарлы естілді.

– Әмір, малайларыңыз кімнің келгенін ұғынықты хабарлаған секілді еді, мұны-ңыз қалай?

– Сөлемді оуелі сырттан кірген кісі бермеушімет қазақта.

– Жатқан кісіге сәлем берілмейді.

Жылан да жылына төрт-ақ қайыра түгін алмастырады. Абдолланыкі – қас-қағым-да. Енді танығансып, домалана орнынан көтерілді. Домалана келіп, быттиған, бол-быраған майлы саусақтарымен мұның сіңіртлі ірі алақандарын қысқансыды.

– Алшынның әйгілі биі болмағайсың!.. Әлгіде малайлар хабар қылғанда қалғып жатқанмын. Жете түсінбей қаппын. Енді, міне, Самарқан шаһарының әйгілі әмірі, Әсия мен Машырықтың даңқты қолбасшысы, һәм барша алты алаш жарылқаушысы Жалаңтөс баһадүрдің өзін көріп тұрмын ба, көзін көріп тұрмын ба деп есімнен танып қалғаным. Өзіңді басы-бүтін көргеніме қырық күн Құдая атайын ба, Самарқанның барша жоқ-жітігіне садақа таратайын ба! Естіп жатырмын. Естіп жатырмын, жөңкіліп келген жоңғарды желкелеп жүріп жеті қырдан асырғаныңды! Ғазауат майдан, ғаламат мұғжиза іс қылыпсың!..

– Әмір, мұғжизалық – *тек пайғамбардың қолынан келетін қайрат. Тым әсерлеңкіреп барасыз.

Мұны тындар әмір жоқ: өзі сөйдеп, өзі жауап беріп, жанағы өзі отырған жерге әкеп тізе бүктірді.

* Суффа – сөкі.

— Ұрматты Тәуке хан мұбарак шығар? Ол өзі аталарынан да асқан бимарал, үйде отырып та дүниенің торт қиырындағының қылығын қылшығынан танип-тын сұңғыла саясаткер ғой. Арқасын қандас төре-сұлтандарына емес, қарашыға тірепті. Білгендігі. Көрегендігі. Төре тұқымы — кекшіл де, текшіл де. Тегіне тартпағанды тегін жібермейді дейтуғын. Тәукеге Алла жар болғай да! — Әйтеке жалаңаш денесінен жылан жорғалап өткендей тітіркенсе де, сыр алдырмауға тырысып бақты. — Барша алаш жұртының арқа сүйері — қазақ туғандар бұрынғысынша өл-қуатты ма?

— Алланың арқасында.

Абдолла екі қайыра алақанын шарт-шарт қақты. Есік сықырсыз ашылып, саратанның инелігінен аумайтын қапқыш қытай пашасы* кіріп, басы жерге жеткенше үш қайыра иіліп-бүгілді.

— Мейманға дәм мен серте** әкел.

“Қолын екі қайыра шапалақтаса — қытай, үш қайыра шапалақтаса — өзбек, торт қайталаса — жонғар жыланжысы*** келеді деуші ет, рас болмағай” деп ойлағанша, желді күнгі қоғаша жапырыла шайқақтап қайта кірген паша алдарына торғауыш толы қыз емшек жүзім қойып, екі кәрлен көзеге серте толтырды да, тағы да үш қайыра иіліп-бүгіліп шығып кетті.

“Өзбек малайы таза жүзім сусынын әкеледі, қытай малай сусынға боза араластырады, қаласа қожайынының қас-қабағына қарай басқаны да араластыра салады” дегенді “ұзынқұлақтан” талай естіп те жататын. Әмірдің кейде қолөңкесінен қаралай үркіп жүретін кезі де ұшырасады. Түбі өзіме қауіп төндірмесе неғылсын дегендерінің талайы қытай пашасы әкелген “сусын-сертеден” шейіт кететіндері де ұшырасқан секілді. Әзірге “ұшырасқан секілді” ғана. Өйткені, көзімен көріп, қолынан ұстаған ешкім әзірге жоқ.

Әрі қытай бірдеңе істесе, көзге көрінбейтін, қолға ұстатпайтын ғып істейді. Басқаны түгендел жатпағанда, әлемді қаһарымен қалтғыратқан Ақсақ-Темірдің өзі сол қытай әміршісі жіберген күрд жансызының қолынан мұрит кеткенін кім ұмытсын!

Әйтеке осы бір бұралқы оқиғаларды жадылағанымен, күдіктен аулақ. Бес бересі, алты аласы жоқ Абдолланың аяқ астынан ондай жамандыққа баруы екіталай. Алда-жалда жолымды кеседі-ау дегендерге шүйлікпесе, елі бөлек, еншісі басқа Әйтекеге халап жасап, тап іргесіндегі қазақты жауықтырар реуеті қайсы!

— Қашан келдіңіз, би?

Би қарсы сауал қойды.

— Менің келгенімді қашан естідіңіз?

Әмір жалтарап кетті.

— Сусын алыңыз.

Сертеден шынында боза дәмі мен иісін сезген бұл да жалтара ризашылық білдірді.

— Алла разы! Күндіз сусын ішпеймін. Тершілмін.

— Самарқанға ат ізін салмағаныңызға қанша уақыт? Сағынып-ақ келген шығарсыз?

— Сағыныштың орыны басқа. Тап осы жолы ат басын өзіңізге тіреп келдік десе де болғандай.

* Паша — күл бала.

** Серте — жүзім сусыны.

*** Жыланжы — тыңшы-баскесер

Ор мінезді әулеттің бір-ер көзе серте мен қос уыс жүзім андитын қыдырма еместігін де, ердің артқы қасын сұрамаса да арнайы шаруамен келгенін оуелден-ақ сезген әмір әңгіменің беті аңғарылғанда, сәтте қоқырайма мінезіне ауысып, биге бір шекелей қарады.

—Әмір, казактын іргесі тыныш, керегесі бүтін болса, өзбектің де іргесі тыныш, керегесі бүтін. Өзбектің іргесі тыныш, керегесі бүтін болса, казактын да іргесі тыныш, керегесі бүтін. Бұл — кашаннан Аллатағала хош көрген бұйырмыс. Біздегі ниет те сол үрдісті ұйыта түсудің амалы.

—Әрине. Әрине. би. Тек кешегі өзің жасаған ғазуат майданда өзбек ағайын күш қоспады деп ренжіп келмесең етті?..

Коршілес, еншілес жатқан ауылдардың бірінің оқыста бота-тайлағы жел шығарып қойса да, екі намаздың арасында дабырайып жетіп жататын осындайы бар: Әйтеке өзінің Күлтөбелегі жиында жоңғармен өткен соңғы қақтығыста құлағдарлана тұра, өзбек аламандарының тым аз қатысқаны жайындағы назының Абдоллаға да жеткеніне аса таңғала қойған жоқ.

—Ағайынның арасындағы өкпе-наз жібек орамал кепкенше. Өкпені — ренішке, назды дауға ұластыру — жаман-жәутіктің қылығы. Кектенген болсам, бүйтіп алдына келмес ем. Бүгінде казактың керегесі бүтін дегенмен, іргесінен тыныштық кеткелі тұр.

Әріден басталып, жүйесімен баяндалатын уәжді аяғына дейін тындаудан бей-ауыз, тақ-түк сөйлеп, дік-дік жауап қайыруға дағдыланған әмір сөзін бөліп, жұбатқансыды.

—Қой! Қой, казакқа әзір ешкімнің тісі батпайды.

Келген шаруасын әлі де жаймалай түсіндірмек ниетпен би өздерінің араларындағы қарым-қатынас сирегенмен, бір кезде аталарының дауда да, жауда да үзгенгілес және өмсе солай жүруге серттескен кездерін баяндауға көшкен. Абдолла өз қиялымен безіп кетті.

Шындығында, Абдолланың Самарқан өмірі деген аты ғана. Бұл күнде бар билік Бұқара мен Қоқан өмірлерінің қолына көшкен. Солар не десе — Абдолланыкі жетім баспақ құсап соңдарынан ере беру ғана. Жақында Бұқараға мұны шақырып алып, біраз мәслихаттасқан олар көмейлерін ашық танытқан-ды. Олардың болжамынша, жоңғар қазір әбден әлденіп алды. Әйтсе де, аржағындағы құмырысқаның илеуіндегі құжынаған шүршітке әлдері келмейді. Егер алда-жалда шүршіттен шет қақпай көре қалса, амалсыз бейғам жатқан казакқа қарай атойлай лап қояры көміл. Ондай жағдайда казак жерінің бір қонды тұсынан өзбек өз “сыбағаларын” асап қалуы керек. Ол түс — Сыр мен Әму маңы. Ол үшін тез арада Боқантау мен Мұрынтаудың алтын құмын көуірдің көмейіне тығып, қару-жаракты мүмкіндігінше көптеп сатып алып қалудың қамын ойлау. Бұлардың есебінше, қару казак жерінен біраз үлес алып қалу үшін, сосын кейін өздеріне жоңғарлар қозғалтпау үшін ауадай қажет. Қазак жеріне бүйірі шығып, көздері тоймаған күнде де қарулы шаһарларға жоңғарлар тоте шабуылдай бермейді.

Әмірдің ойы мүлде басқа жақта екенін би де көп ұзамай сезе қойды да, әңгіменің төтесіне көшті.

—Жаттың тісі батып, ерте ме, кеш пе казактын қапы қалар сынайы бар. Әмір, сен бізге қару бер. Тегін бер демеймін. Пұлын айт. Ақбереннің қанша тұрады?

—Ақберен!? —Абдолла ондай қарудың атын бірінші естігенсіп, оскырына қозғалақтап кетті. Сосын әлі құмы ауысып ұлгермеген құмсағатты екінші жаққа

төнкере салып, сәтке ойлануға мүрсат алды да, сөздің бағытын жалт бұрды. — Ол өзі өлі пісіп-түсіп тұрған өңгіме дей алмаймын. Оны көуірден сұрағаның — ақыл.

— Көуір өзі атылып өлер, бірақ жуық маңда қазаққа мылтық сатпайтышына көзім жеткен соң келіп тұрмын, әмір. Өзім деп келгенде, өзекке теліссің. Ертеректе бір ақберенді бір жүйрігімді беріп алып ем, қазір қанша құны?

Абдолла өздерінің Бокантау мен Мұрынтаудан өнген алтын күмге қару сатып алып жатқандарын қанша құпиялағанмен, мына бидің естіп келгендігіне күдігі қалмағандықтан енді саудаласып көруді мақұл санады.

— Ғайыптан-тайып ондай жағдай туа қалған күнде алтынға алынған нәрсе арзан болушымет. Қымбат. Бек қымбат. Көуір зәру дүниесін тегін берушімет.

— Мен көуірден емес, өздеріңнен сатып алған мылтықтың пұлын сұрап тұрмын.
— Он бестіден кем соқпас.

“Мына имансыздың пиғылы әбден бұзылған екен. Бір мылтық он қылқұйрық болғанда... Озі қабағат жұттан қалжаурап шыққан қазақтың қай жаны қалмақ! Өттеген-ай!. Көнбеске лажы қайсы!..”

— Онда уағда болсын, әмір!

Әмірді аяқ астынан тағы Құдай ұрды.

“Күні түсіп келген қазақ қай сұрағанына да көнбес пе ет, тым кем пұлдап қоймасам неғылсын!” — деп ізінше түлкі бұлаңға басты.

— Біз уағдаласа, келісе жатармыз-ау, би. Гәп басқада. Біз бүгінде Бұқар, Қокан уәлияттарының құзырындағы жұртпыз. Әуелі солардың ауызын алмаса...

— Самарқан қашаннан бері Қокан мен Бұқардың дәрегейінде?

— Е-е, би сіз білмейсіз. Сіз баяғы Қоканды Ақша атаңыз, Самарқанды Жалаңтос атаңыз билеп-төстеген шақпен ғұмыр кешіп жүрсіз өлі. Бұқар, Қокан — жалпақ жұрт бүгінде. Самарқан деген не — бүгінде құл-құтанның қыстағы ғана.

“Сонда Самарқанды осыншама бейшара халге жеткізген кім?” деген комейіндегі сауады әлі де қайырлы істен дәмелі би айта алмай іркілді. Екеуі бірде “сен”, бірде “сіз” десіп біраз арбасты. Су ішіндегі ақшабақтай бұлтақтаған әмірдің сөзінен түйір сүзе алмай әбден жалықты да. Әрі мына әмірдің қолында ақберен бар демесең, биліктің баяғыда Қокан, Бұқар әмірлеріне көшкенін мұнда келмей тұрып-ақ көзі анық жеткен. О жақтағы қалың алшын мен өзге ұлыстардың да соңғы жылдары қазақ ортасына қарай үдере ойысуы алаңдайтын жай еді. Бұрынғы қобалжуына мына әмірдің жатқа лайық қылығы қосылып күдігін қоюлата түскен.

— Сонда Бұқар, Қокан әмірлерінің ауызын алу үшін тағы қанша қылқұйрық қосуымыз қажет?

— Он.

— Бір ақберен — жиырма жылқы!..

“Есебін білсең, несіне сұрайсың?” дегендей тақ иесі құмсағатты тағы бір аударта төңкеріп, жастығына шынтақтады.

“Жалпақ қазаққа мын ақберен де түк емес. Сонда мыңы үшін екі жүз мың тұяқты санап бергенде, қалған уақытта қазақ ақбереннің қалайы дүмін жалап күн кеше ме!?”

— Әлгі әмірлерінің ауызын алу сіз арқылы септестіріледі ғой, шамасы?

— Әлбетте.

— Таупияқтылық пен ынсапты ұмытқан екенсің, Абдолла. Алты алаштың түбі іргесі ыдырамаса неғылсын. Қайырың тілейік те!

Әйтеке шалт қозғалып орнынан тұрды да, әмірмен қоштаспастан дік-дік басып, қарағайдай еңсесін тік ұстаған беті сарайдан шығып кете барды.

Ол шығысымен Абдолла алақанын төрт қайыра шарт-шарт еткізді. Ішке мысықша басып, дымын шығармастан жоңғар жалынжысы кірді.

—Әлгі қазақ биінің әр қадамын қалт жібермей хабарлап тұрындар. Ол түскен үйді біліп “күлак” жіберіндер. Бар!

—Хопмайлы, тақсыр!

Жоңғар жалынжысы қалай дыбысын білдірмей кірсе, солай дыбысын білдірмей шығып кетті.

Бұл әмірдің соңғы жылдардағы бір бітірген “ісі” еді. Жаны жайбарақаттана шалқалай сұлап, мырс-мырс кекетті.

“Солай, тәккапарсыған, қазақ биі!.. Бермеймін, сатпаймын десем, қазақ пен өзбектің арасына сына салды дер ең. Енді не дер екенсің! Саудада достық жоқ. Оған ешкім кінә арта алмайды. Бүгін саудамыз піспеді деп бара тұр. Жан-жағыңнан жау анталаған кезде Сырынның бойын қалай тегін бергенінді өзің де білмей қаларсың. Мылтықшылын! Мылтықты күні ертең жоңғарға кезейсің бе, өзбекке кезейсің бе?.. Тапқан екенсің, ақымақ Абдолланы!..”

Сүт пісірім өзінің бүгінгі тындырған “ісіне” ісініп-кебініп жатты да, ойына кенет әлдене орала кетіп атып тұрды. Жастығының астындағы кішкене шойын қоңырауды суырып алып, үсті-үстіне сынғырлата соқты. Ішке ентелей басып мириаб бастығы кірді.

—Тез! Бұқара мен Қокан әмірлеріне хабар жеткіз! Қазақ биі Әйтекенің қару саудалап маған келгенін жеткізсін! Қандай диуан* бұйрық беретіндерін біліп оралатын болсын!.. Жоқ, сен өзің бар! Бұл жайындағы сөз тісінен шығушы болмасын! Бар! Қазір аттан!

—Ләббай, тақсыр!

Дүниенің қапылған жұмысын тындырып тастаған жанша қисая беріп, басын көтеріп алды. Есіне кеше ғана Хиуа бегінің бірі сыйға жолдаған қиғаш көз сұлуы түскен-ді...

* * *

“Көззап!—деді би күйме ішінде ыдырына қозғалақтап. — Саудагер қырт! Сенің орның әмірдің тағы емес, өзіңнің қыртылдағың мен шыртылдағыңды сатып тұратын көкбазар әрі кетсе! Бұқара мен Қоканның қолшоқпары!.. Дәуіріндегі бес арыс Тұран жамуриятының пайтағы Самарқанды ішіп-жеу үшін ғана жаралған сен секілді сүмелек билеген соң жерге көк шығар ма!”

Самарқаннан су суымады. Үміт үзілді. Енді мұнда аялдаудың мәнісі қанша! Мүсірәліні Самарқан Мәлікке қалдырып, өзі... Хиуа... Ендігі бір үміт Хиуада. Расқа шықса, Хиуада мылтық жасайтын миясарлар бар деседі. Естуінше, мылтықтары ерен тигіш. Тек, сәті түсіп бектерімен...

Жошының алтыншы ұрпағы, “Түрікмен шежіресін” жазатын ғұлама әмірі Әбілғазы баһадүр мен баласы бакилық сапарға аттанғалы бері хиуалықтардың да қазаққа көзқарастары қиғаш-қиғаш. Токта!.. Бұқар мен Қокан әмірлері Хиуаның бетке ұстарларына астыртын сөз салыпты деген кім еді осы?.. Мәті ме? Жоқ, Болпыш секілді. Иә, Болпыш. Араларындағы әңгіме Сыр мен Жойкындария маңындағы күйқалы жерлер төңірегінде өріліп, келісе алмай таралы деседі.

* Диуан — үкім, кесім.

Алайда, араларындағы ала шапқын әлі сиремепті. Қап! “Хан кеңесінің” алаңымен жүріп, Болпыштан қайыра пысықтауды тарс есінен шығарғанын көрмейісің!.. Келісе алмағандары – сірә, олденені бөлісе алмағандары да. Нені?.. Нені бөлісе алмаулары мүмкін сонда олар?.. Жойқындарияның біраз жерінде қазақтар көшіп-қонып жүр демесең, негізінен бағзыдан бері Қокан, Бұқар бектерінің меншігі десе де болады. Ол үшін бұқпантай келіс сөздің керегі қанша?.. Онда сулы да, нулы Сырдың маны көкейлеріне күрт түсіріп жүрмесе неғылсың! Сонда бірі жанталасып, мылтық жасатып, екіншісі алтын құмын айырбастап жатқандағы мақсаттары не? Бір-біріне қокан-лоқы жасау ма, әлде... Жок. Екеуінің де бір кезде мылтығы қазаққа қарай козделсе ше?..

Бидің жонарқасынан сан мындаған тақырдың құмырсқасы жортып откеннен бетер тітіркеніп кетті.

– Мырза, деген жеріңізге келдік.

Көшірдің сөзі мәңгірген, бұралқы ұры тазы күдігін селт еткізіп, күймеден түсуге оңтайланғаны сол-ды: айналасын “Ассалаумағалейкум” жауып кетті.

Қаумалай келіп қол ұсынған төрт-бес жігіттің ішінен танығаны – төленгіт Сәуірхан саудагердің баласы Жайылхан ғана.

– Би аға, бұл қайдан келді деп таңырқап қалдыңыз ба? – Жайылхан аржайы күліп, құшағын кең аша ұмтылды. – Сіздің осында келгеніңізді естіп...

– Келгенің мақұл-ақ. Тек соны кімнен естідің? – деді Әйтеке оны бауырына қысып жатып.

– Ағасы-ау, бүкіл Самарқан білетін жайды естімейтін не бар!

– Солай де. Бүкіл Самарқан біледі де. Жарайды, жүр, ішке кірелік.

Әйтеке оларды үйге бағыттады.

– Әкем марқұм өле-өлгенше сіздің сөзіңізді аузынан тастамай кетті. “Әйтекенің алдында ғана емес, бүкіл ел алдында масқара болудан бір жолға сақтап қалды ғой” деп.

– Токта. Қарағым, әкең марқұм боп па ет? Алды пейіш, соңы кеніш болғай!

Тізе бүге бере би қысқа аят қайырып, бетін сипады.

– Иә, аға, откен жылы ұйықтап жатып оянбаған беті уақыт жетті.

Осыдан үш жыл бұрын Жайылхан арып-ашып Нұратаға келген. Ұсқыны үй-күйсіз тентіреп жүрген қайыршыдан айырғысыз. Таңғы оразасын ашып отырған мұның үстіне кіріп сөлем берді. Қайыршыдан гөрі сөзі – жіті, зерделі, батыл.

– Шырақ, дәмге кел, – деді бұл оны сынай қараған беті дастарқанға шақырып. – Аяқтай тұрып айтқан сөздің асығыстығы басым.

– Би аға, мен алыс жерден сіздің әділдігіңізге жығылғалы келдім, – деді ол дастарқан шетіне тізе бүгіп жатыр. – Бүгіннен бастап менің тағдырым сіздің қолыңызда.

Сөйтсе, жігіт Бұқараның аржағындағы бір ауылдан келіпті. Әкесі бай, саудагер. Айыбы – әкесінің қарақаллақ тоқалынан туғандығы. Анасы откен жылы қоз жұмыпты. Сол-ақ екен, әкесінің бәйбішесінен туған үш ағасынан көрметен зобаланы қалмағанға ұқсайды. Шектен шыққандары сондай еншіге ортақтастырмас үшін мұны әкесінің кіші тоқалымен көңілде деген сөз таратып, шағыстырыпты. Ақыры, әкесі мұны үйден қуып шығыпты.

“Хан кеңесіне” жүргелі жатқан бұл оны атқосшысының бірі ғып өзімен бірге ала кетті. Салар үстінде оның оңқай асықтай лыпып тұрған лездігіне, қағілездігі мен ақкөкіректігіне, имандылығына көзі жете түскендей боп оралды. Нұратаға келісімен жігіт отінішін жанғыртты.

“Аға, менің жәйімді қалай шешпексіз?”

Бұл оны сынап түсті.

“Өзіне сенімсіздік білдірген жерде сергелдеңмен күн кешу де өмір ме? Алдына мал салайын, жарасқан біреуін табылса, отауынды көтерейін. Осында жүре берсең-ші жан бағып”.

“Олай ету – тап қазіргі жағдайда мен үшін ит тойған жерінде жүреді боп шықпай ма!”

“Мақсатың не?”

“Әкемнің алдында анамның ақ сүтін адал емгенімді айғақтау.”

“Адалдығына көз жеткізіп, еншіңді алып берсем, ағаларын мен өкене деген өкпенді ұмытар ма ең?”

“Би аға, сіз менің арымның тазалығын дәлелдеп берсеңіз, мен олардан енші түгіл, тышқак лақ та алмас ем. Мал түгіл жанды да ардың жолында құрбан қылуға дайын қазақпыз. Оның қасында дүниеқоңыз ағаларымның арандатқанына иланып қалған өкеме деген өкпені ұмыту да сөз бе екен!”

Бұл оның сөзіне тоғайды. Көп кідірмей жолға жиналды.

Нұрата мен Бұқараның арасы сыдырта желіген аттылығы жеті тәуліктік жол. Сегізінші тәулікте, Бұқарадан аса бере, “ымырт үйіріле жер қарасын көріп қалармыз” деп келе жатқанда, алдарынан мол қарасын байқалды. Алыстан көзге ұрған қызылды-жасылды кейіптеріне қарал: “Мынау келін түсіріп не қыз ұзатып жатқандар болмаса нетті” деген Қараға Жайықхан: “Жоқ, бұл дәу де болса, біздің ауылдың марғасқаларының бас қондырысы. Алдындағы қара қасқа аттылы біздің әкеміз Сәуірханның өзі көміл” деді.

Шынында, солай болды да шықты. Сәуірхан бұларды жарты күншілік жерден ауылының сыйлыларымен күшак жая қарсы алып, екі күн қонақ қылды.

Ат-көліктің белін суытып, үшінші күні бұл кері жиналды. Екі жақ та Жайықхан жайында жақ ашпаған-ды. Сәуірхан тағы да у-ду қосшыларымен мұны жарты күншілік жерге шығарып салды. Тек қоштасарда ғана:

—Әй-еке, баламды өзіме, үйіріне қайыра табыстырғанына Алла разы болсыннан басқа не айтайын,—деді пейілдене ақтарылып. —Басқалай бақ та, байлық та жеті атаңыздан бері қонған жансыз. Қызырыңыз ұрпақтарыңыздың жанына қонғай. Сіздің тектен-текке ат қолтығын сөкпейтініңіз белгілі. Сіз келе жатыр дегенде-ақ баламның кіреукесіз адалдығына қапысыз иландым.

Ол сөз мүдіре бергенде, жанындағы ауыл қарияларының бірі іліп әкетті.

—Би, Құдайға шүкір, екі жақ та бір-бірімізді айтпай-ақ ұғыстық. Енді қандай ойда кетіп барасыз?—деді. —Шаруаңыз егер тап осылай ойлағандай бітпесе не деп кетер едіңіз? Жолашарыңызға жорылық, жарым ауыз ләм қалдырыңыз-шы!

—Шаруасы орайына келген кісі не деп кетуші ет, — деді бұл күліп. — Мен қазір:

Қаһары мен қайырымы бірдей екен деп,
Рабайы мен рақымы бірдей екен деп,
Көндесуге де, елдесуге де тұратын,
Бү да бір ел екен деп аттанып барам,— деді.

—Ал, шаруаңыз бітпесе не деп кетер едіңіз?

—Онда:

Кигендері кілең зер екен деп,
Мінгендері кілең кер екен деп,
Сонда да қайтып тер тоғуге тұрмайтын,
Әйтеуір бір көрген жер екен деп кетер ем.

—Қалған ғұмырымызда бетке шіркеу, сүйекке дақ түсуден бір жолға періште қақты десей-ші!—деді қария.

Жайылханның жанағы сөзі соны жаңғыртқандағысы еді.

Әкесі дүниеден озсымен ағаларының рұқсатымен еншісін бөліп, Самарқанға жақын бір ауылға қоныс теуіпті. Осындағы әріден қосылатын сүйек шатысымен селтесіп, делдалдық кәсіппен күнкөріс айырып жүргенін көңілсіздеу қайырып, соңында:

—Би аға, баяғыда жанымда қал, жақынымның санатына қосыл деп едіңіз. Қарайлағаным — әкемнің алдындағы арымның ақталуы еді. Арымды өзіме қайырып да өзіңіз. Әкем бақилық сапарына аттанды. Енді артымда қарайлар ешкімім жоқ. Бірде күс екеш, күс та қайырлы мекеніне қайырыла соғып жүреді дегеніңіз есімде. Соның орайы енді келген сықылды. Қалған ғұмырымды ығыңызда өткізуге бел байлаған жайым бар.

—Жон-ақ делік. Ал, мына жаныңдағы серіктерің кім?

Жайылхан оларды таныстырып шықты.

Серігінің жасамыстауы мұсылманның қай бұтағы екенін өзі де шамалай алмайды. Ойткені, есін білгенде көуір көпесінің малайы екен. Ныспы — Иуан. Шошқа бағып жүріп, жиырма жасынын шамасында қашып шығып, ұрлық қылып түрмеге түсіп, одан шығысымен, көуірдің мылтық жасайтын зауытында он бес жыл оластың күнін кешеді. Итке бергісіз күн кешіп жүріп, өзін ұрған көп басшысының біріне қарсыласып, қолы батыңқырап кетсе керек. Қайтадан түрмеге түсетін болғасын тағы да қашып шығып, ел кезіп жан баққанына да бес жылдан асыпты.

Екіншісі, арғы түбінің түрік екенін ғана біледі. Сосын ұмытпағаны — атының Ығдын екендігі. Бес-алты жастың шамасында әке-шешесі өліп, басқа бір жақтағы жақын-жуықтарына бармақ боп ел кезіп жүріп, көуір дүбәрәнінің қолына түсіпті. Шошқасын бағыпты. Көуір қойған ныспы — Қарамай. Мұның дүбәрәндағы тұрмысы Иуанға қарағанда алхам шүкірлеу. Тамағы тоқ, киімі бүтін. Тек жиырмаға жетер-жетпесте Құдай атып, дүбәрәнінің қызына әукесін созыпты. Қыз да кет әрі болмай, екеуі біраз жерге барып қалғандарын кеш сезіпті. Қызының осыдан аяғы ауырлығын білген қожасы әуелі көп ашулы ит ұстайтын көршісіне беріп, аш иттерге талатады. Сосын нендей пәле жапқаны белгісіз түрмеге отырғыздырады. Әуелі үш жылға сотталып, кейін бес жыл тағы жамап алады. Одан қашып шығып, қару-жарақ зауытына қара жұмысқа кіреді. Иуанмен де сонда танысып серіктеседі. Түрмеден де бірге қашып, көп қиындықты бірге кешеді. Самарқанда бой тасалағандарына жылдан асыпты. Бір күн болмаса, бір күні шаһардың құлағы түрік, көзі қырағы тыңшыларының тырнағына ілінуі де ықтимал. Қазіргі жанбағыстары Жайылханның мойынында. Айтуынша, екеуі де бір сөзді, сертке берік жандар.

–Түрмеден нендей айыппен қашып шыққан?

–Түрмедегі карауыл бастығынан қорған қорлықтарын айтқызсаңыз түсіңізден шошисыз. Ақыры, бір күні жандарындағы екі серігімен тортеуі карауыл бастығын соққыға жығады да қашып шығады. Серіктерінің бірін ну орман ішінде аю жарып өлтіреді. Екіншісі жылан шаққаннан оліпті. Маған жолыққаннан бергі жыл ішінде создерінен не істерінен қылаудаі қылшық ұшыратпадым... Аға, мүмкін десең бірге ала кетелік.

–Сонда бұлар мал бағып, егін сала ала ма?

Алдымен Қара Иуан тіл қатты.

–Мал бағу, егін салу дегендеріңізге аса зауқым жоқ. Өз басым соңғы жылдары кірпіш күйіп, мылтық жасауға тікелей араласпасам да, біршама жақсы білемін. Басқа қолымнан келмейді.

Манадан көз қнығын Әйтекеден алмай отырған Ыңдын қазақшаға мүдіріссіз бол шықты.

–Мен де өмірімнің соңғы он бес жылын сол зауыт төңірегінде өткізгендіктен қорғасын балқыту, темір илеуді қалап тұрамын. Зеңбірек күйе да қолдан істемесем де қозбен көріп жүрген ісім. Әсіресе тобын күйе – тер шығаруға тұрмайтын іс. Бірақ қасымыздағы он бес серігіміз түрмеден қашып кеткелі біз секілді мүсылмандарды зауыт ішіне жолатпай, сыртта кірпіш күйіп, қорған салумен шұғылдандық. Өйткені, әлгі қашып кеткендер Хиуа асып, сонда мылтық жасайды дегенді естігелі бізге деген бақылау мен тәртіпті тіпті қатайтты. Алған қашып шыққанымызда ұстап алып, аш итке талағты.

Әйтеке оз құлағына озі сенбеді. Жүрегі қайта-қайта аунап түскендей терең тыныс алды.

“Рас па, мыналардың айтып отырғаны!? Рас шығар. Күні ертең жарияланып қалар отірікке кім боршықтырды бұларды! Тегі Хиуа жақта миясарлар пайда болғаны да қауесет емес – шындық. Сонда... Мұның көккен іздегені қалайша жерден табыла кетті? Бір түрлі сенімсіз. Әлде жарылқаушы Жаббардын қазаққа оң қабақпен қарайтын кезі енді туғаны ма? Иә, былайғыда қойын құрттап, қойыртпағын қорек қылған, қозыдан қоныр қазақтың Жаратқанның алдында басқадан күнәсы көп болмаса керек-ті...”

–Би мырза, қымыз алып.

Жоза үстіне көзе-көзе қымыз қойып жатқан ала шапандыға би озіне жат қылықпен тесіле шаншылды. Күндегі үй иесі емес, ботен біреу. Талпақ танау, тайқы маңдай, жұмық көзін жерден алмайтын мұндай сімсікті келгелі бұл маңнан ұшырастырмаған сықылды. Қожасының отымен кіріп, күлімен шығып жүрген барабы малайға ұқсамайды: тырнағы алынған, үсті-басы таза. Мүләйім кейпі әлденеге зейін қойған жанның сыңайы. Осындайлардың ғұмырында қаншасын кезіктірді: сырты мүләйім, нәті былжыр көрінгенмен, мұндайлардың ішкі сарайлары жынойнақ келеді ылғи.

–Би аға, көріп отырсыз, мойынға масыл болатын жандар еместігін, – деді Жайылхан мұның үндемегенін әрқилы жорып.

–Уақыт бар, кете-кеткенше ойлана жатармыз, – деді би есік алдында кебістерді жинағансып, күйбендеп жүріп алған “малайдан” көзін алмай.

СӘТСІЗДІК

Абдолла қолын үш қайыра шапалақтады. Өзбек малайы кіріп, кеудесіне қолын қойған күйі өмір күтті.

—Әлгіден не хабар бар?

—Ол мана келген. Сіз ұйықтап жатқан соң...

—Кірсін.

Өзбек малай шығып, жоңғар жалынжысы кірді. Бұл — Әйтекелер түскен үйдеп “малай” еді. Жұмық көзі ашылып, әлдебір жымысқы жытыл ойнай қалыпты. Май жаққандай бидай өңінде тапсырылған істі қалысыз орындаған кісінің маркайған кейпі айқайлап тұр. Қылқылдаған қарсақ мойын неме әлдебір хабарды жеткізгенше асығулы сыңайда.

—Не тындырдың?

—Күдігіңіз әбден орынды екен, мархамматтым. Қазақ биінің ойы — бұзық. Ресейдің қару зауытында істеп, түрмеге түскен, кейін одан қашып шыққан екі шатамен танысыпты. Айтуларына қарағанда, екеуі мылтық жасайды. Қазақ биі оларды өзімен бірге ала кетпек.

—Оны қайдан тауып жүр?

—Таныстырған, сірә, Алай базарының делдалы Жайылхан деген төлеңгіт.

—Ана екі шатаның қайда тұратынын білдің бе?

—Әлбетте, өміршім! Екі күн бойы андығаным — солар.

—Сенен сезік алмады ма ешкім?

—Сіз секілді жеті қат жер астындағыны біліп отыратын әулиелік қазақ биіне қашан біткен, өміршім. Өздерінің құм ішінде адасқан түйелері секілді маңқиып қала барды.

Абдолла қара шағи шапанының қалтасынан бір манаттық күміс тиынды алып, терезеден алдына түскен күн сәулесіне тосып, жылтылына өзі қызыққандай біраз қарап отырды да, шыра шертіп кеп жіберді. Малай жерге түсірмей қағып алды.

—Бар, Икматты шақыр!

Қалай тез шықса, солай тез оралды. Алдында — суаттан шыққан түйеше маңмаң басқан Икмат. Ерен тұлғалы неме кердең-кердең басып, кіре бере оң қолын кеудесіне қойды. Бар сөлемі, ишараты — осы. Әмірмен кішкентайынан бірге өскен. Нәсілі — парсы мен жоңғар аралас шата. Өмірі езу тартып күлген емес, өмірі қабақ шытып ашуланған емес. Сенімді. Кесек тұлға, кере қарыс маңдай, ер мұрын, ақ сұр өңіне келте қойған қаба сақал мен тобылғы мүрт ерек сипат беретін. Орамалды түгіл бөріктінің өзі бір бұрылмай отпейтін оның бар тіршілігі тұнған жұмбақ; шаһардағылар түгіл сарай маңындағылар оның оқта-текте өміршіге кіріп-шығатынын көреді, одан басқасынан мүлдем беймақұрым.

Міне, сол Икмат Абдолланың алдында. Оның Алланың өзі сыйлай салған сымбатына Абдолла тантық болып өсті. Тантық боп келеді. Сол тантықтық соңғы жылдары мұны сескендіретін де. Ол өзінің әр тапсырмасын қалтқысыз орындап оралған сайын кеудесін күдік кеміретін шығарды. Өйткені, ол мұның бар күпиясына қанық. Ұғымынша, жер бетіндегі ең қауіпті жау — өмірдің күпиясын білетін кісі.

—Икматқа әлгі екі шатаны таныстыр.

—Ләббай!

—Күдікті ештеңе сездіруші болма!

—Лоббай!

“Таныстыр” деген сөздің мағынасы Икматқа ғана түсінікті. Аржағын сәжіктемейді. Бүкен қаға сыртқа беттеген малайдың соңынан еріп кете барды. Таудың қок тасын тесіп шығар шынардай Икматтың ерен тұлғасына әмір бұл жолы сұқтана қызығу мен қызғаныштан гөрі сұрлана, сескене қарап қалды. Бір тұтам сақалын саусақтарымен ширата отырып: “От пен су секілді тілсіз жау — осы, — деп ойлады. — Бәрін үндемей жүріп тындырады. Мұндайлар үндемей жүріп өзінді де иманыңды үйіруге шаманды келтірмей қатыра салудан жүз жанбайды. Көп біледі. Тым көп... Осы тапсырманы орындағасын... Әлгі қазақтың құжағын да осыған тапсырса, тастай батырып, суша сіңіре салар еді. Жоқ, әзірге ойту — ағаттық. Бір жерден ши шығып кетуі ықтимал... Ол кетеді. Лажсыз кететін қылуы керек. Сосын құрығымен, сырығымен қай малың, қай жауын қайырап екен!..”

Әмір масайрады. Тағы бір үлкен істің басын қайырған тірлігіне шөксіз шәділеніп, жібек бөсте үстінде аяғын соза бергені сол-ды, харам жақтағы көп бикештердің бірімен күнұзаққа хабарсыз қалғаны есіне түсті. Көзіне жылтыл ойнап, мұрты жыбырлай түсіп, жастық астынан күміс қоңырауды алды да, сарайдың ауыз болмелерінің біріндегі қызметші кемпірге ғана түсінікті “тілмен” әлденеше қайыра сынғырлатты.

* * *

Арада тағы үш тәулік өтті.

Әйтеке ойда-жоқта кезіккен осынау сәттілікті неге жорырын білмей, тезірек елге қайту қамына кіріскен. Әуелі Ығдын мен Қара Иуанды базарға апарып, су жаңа киіммен мүрсіндей ғып киіндірді. Жуынып, қырынып, киініп шыға келгенде екеуі қунаһар қашқындардан гөрі осы шаһардың көп бегінің біріне ұқсаған кейінтеріне өздері мөре-сөре жүріп, кеше кеште тұрған пәтерлеріне барып, керек-жарақтарын алып, таңертең оралуға уағдаласып кеткен-ді.

Мүсірәлі Мәлік исанның жанында қалып, үш айдан кейін бір-ақ оралмақ. Енді ештеңеге қарайламастан, күндізгі ми қайнатқан аптапқа ұрынбай, таң салқынымен жүріп кетуді көздеп, қос күйме күн шықпай-ақ даярланған. Әйтсе де, Қара Иуан мен Ығдан уағдалы уақыттарынан кідіре берді. Ақыры, шыдамы шытынаған би Жайылханды жұмсаған. Арада сүт пісірім уақыт отер-отпесте қос жирен жегілген қосалқы күйме құйын-перен ағындатқан күйі үй бұрышын дертесімен қағып кете жаздап шақ тоқтады. Түсі әлемтапырық боп кеткен Жайылханды қорғанда, әлдебір жайсыздықты сезіп, жүрегі бүлк ете қалды.

—Жайшылық па, шырақ?

—Аға, бұл тегін емес, — деді Жайылхан дауысынан діріл аңғарылып. — Біз барсақ, үй жаны қарақұрым кісі. Үй иесіне бізді тауық шақыра оят деп жатқан екен. Айтқан шамасында оятуға барса, киімдері жатыр, өздері жоқ. Жатқан жерлерінен табалдырыққа дейін қызыл жоса қан. Өзім көзіммен көрдім. Бұл не керім!?

Жолаушылар түгел тіл-ауыздары байланып, тұрған-тұрған жерлерінде сілейді де қалды.

Қызыл шоқ күн бүгін де ми қайнатар ыстығынан хабар білдіріп, ұясынан қарға адым көтеріліп үлгерді. Әркім окта-текте байламы тұрлаусыз жорамал жасағансиды. Осы кезде әлдебір жақтан қожайын оралды. Кеше бақшаны дұрыс суармаған, бүгін малды өріске кеш шығарған малайларына бұрқан-тарқан ашуланып өуіз ішіне енген оған Әбілғазы шалт қозғалыспен жанына жетіп барды да, жағасынан алып жерге тымақша атып ұрды.

– Айт, жаныңның барында! Әйтпесе, жаныңды жәннамға аттаңдырам! Біз келгенде үйіңде жоқ малай, бұрнағы күні қалай тап болды? Қазір қайда? Айт! Неманыңды үйір!

Қожайын парсы қауқиған бойы болмаса, қауқарсыз неме екен. Өзінің иығынан келер-келмес, шынжау Әбілғазының астында аяқтары ғана тырбаңдауға шамасы жетіп қырылдай бастады.

– На-на-н ұр-сы-ын! Бі-ме-йім.

– Білесің! Білесің, найсап! Сен білмесең, тек қашан өлетіңді ғана білмейсің! Айт, көне!..

Қожайынның үні әлсірей берді.

– Бі-і... О-о... Бі...

Шарғы денелі Әбілғазының қолы қатты боп шықты, қожайынның көзі ала-рып бара жатқанын көрген Әйтеке Жайылхан мен атқосшы жігітке иек қақты. Екеуі Әбілғазыны шаққа айырып алды. Бет-ауызы кокбақаланып кеткен қожайын екі езуінен ақ көбік атып біраз жатты да, орнынан созалаңдай көтеріліп, қалтақ-құлтақ басып барып, үйінің есігі алдына таяй бере кері бұрылды.

– Қазір, – деді қырылдап. – Қазір кетлесендер, әмірге хабар жеткізем. Онда жағдайларыңды иттің басына бермесің. Асылы, қараларыңды батырыңдар бұл жерден!

Ол сыртқы емен есігін қатты жапты.

– Мына ит өлі күш көрсетеді! – деді Әбілғазы. – Жаңа шынын айтқанша жаның көзіне көрсете түру керек еді.

Басқасы “не істейміз?” дегендей бір-біріне қарасты.

– Кету керек! – деді Қойшым қажы кесімді түрде. – Іс ушығып кетпей тұрғанда.

– Ана екеуінің мән-жайын білмей, тұра қашқанымызды кім неге жориды, – деді би күймеге қарай жүре беріп.

Қос күйме Мәлік Самарқанның қақпасы алдына бас тіреді. Үйдің осыдан бір апта бұрынғыдан сыйқы мүлдем бөлек. Сырты ақ кіреукедей боп өктеліп, қақпасы мен терезелері ашық көк сырмен сырланыпты. Нағыз шебер қолдан өткені ішке кіргенде тіпті анық байқалады. Едені сырланып, арнайы кітап сөрелері де жасалыпты. Мәлік пен Мүсірәлі екі бөлменің қабырғаларына қағылған сөрелерге кітаптардың шаңын сүртіп, рет-ретімен жинастырып жатқан үстіне бұлар келіп кірді.

Қарт исанның жүзі шырайлы, қимьлы қунақы. Жадырай сөлемдесіп қарсы алды.

– Тым ерте. Ерте келіп қалдыңдар, – деді бұлармен сыпыра қол алысып. – Ертең келгендеріңде шалдың үйін танымай қалар еңдер: – Ол бұлардың жабыңқы жүздерін аңдап, лезде сұраулы пішінде аңтарылып қалды. – Айтпақшы, сіздер бүгін қайтпаушы ма еңдер?

Әйтеке мән-жайды қысқаша баяндап шықты. Қарияның онсыз да әжімді жүзі бір уыс боп шүңкіе, жүдеу тартты. Қайта-қайта басын шайқап, ыдырынып, үнсіз тыңдады да, соңында мүжіле, күйзеле сөйледі.

– Солай де. Біліп ем. Жоқ, сезіп ем әлденені... Сенің мақсатың жай ғана Мүсірәліні маған жолықтыру еместігін. Мына иек астындағы Нұратадан Самарқанға жол тауып келе алмайтын ол жас бала емес қой. Сен өзің шешілмегенсің, тықақтағым келмеген. Алжыған шалдың кімнің не істеп, не қойып жүргенінде шаруасы қанша деп ойлай ма деп... Иә, сен маған айтқанда да, не тұр? Болар бұйырмыс осылай болар еді. Бұл – Самарқан дегенің осындай шаһар бүгінде. Тұра ібілістің ойнағы. Бұл саған баһадүр Жалаңтөстің ашса алақанындағы, жұмса

жұдырығындағы жер деп келдің-ау, сірә. Темірдің де, Ұлықбектің де, Жалантостің де заманы откелі қашан Самарқаннан. Енді опын-опынба – бұйырмағанға жүірік жетпейді. Ойың не?

–Дұрыс айттыңыз, ұстаз. Ендігі опыныстан ештеңе оңына баспайды. Қаупім – бүгінгі опыныс болашақтағы іргеміздің ыдырауы, оңғақ пен бұлғақтың басына айналмаса неғысын!

–Түсінік-түйсігің шамаға соғады. Бұқара мен Қоқан әмірлерінің пиғылы теріс. Мен елдің ішкі-сыртқы ірі-тірінен аулақ адаммын. Сосын да олардың хиуалықтармен неге әмпей-жөмпейлесе қалғандарының мәнісін түсіне бермеймін. Білетінім – Абдолланың соларға қуыршаққа айналғаны. Оз қара басында билік жоқ. Ойткені, тым тайыз. Өнер, ғылым, таурих дегендер – тым сирек еститін сөздері. Өнер дегенді өзінің харамындағы әйелдердің биі мен әні ғана деуден аспайды. Ал, елдік пен бірлікті, менің ұғымымша, ол күштінің ығында жан бағу деп біледі. Одан арғысын өзің бажайлай жатарсың... Сен мұнда мен үшін текке келмедің. Бәрінен безіл, бәрінен баз келіп жүрген кәрі қақсалдың кеудесіне үміт шоғын жылтыратып барасың. Тіпті қолымды ұзарттың десем де артық емес. Ғұмыр бойғы жинағанымды хаттауға менің шақатым жетпейтінін анада айттым. Мүсірәлі де үш айда ештеңе опырып тастай алмайды. Мен тек осы уақытта оған мендегі мына жиналғандардың неге, қандай көдеге жарайтынын ұқтырып үлгерсем көне... Мүмкін, ханыңнан сен мұны үш жылға менің жанымда қалуға лұқсат аларсың, ә? Сенің сөзіңді хан да жерге тастамайды деп естігем.

–Оны сәл кейінірек ойласалық.

–Сен енді не істемексің? Қашан қайтпақсың?

–Мына екі пақыранаға қарайлап тұрғаным. Тірі шықса, өзіммен бірге әкетем. Олі болса, көзін жауып кету мүсылманшылық болар-ды.

–Мүсылманшылық парызыннан аттамағаның – ақыл. Тек сендер бүгін осында түнеп, ертең жолдарыңнан қалмағандарың мақұл. Бұл – бәлелі істің басы ма деген жүрегімде күп бар. Сен, Әйтеке, маған көп қайырым жасадың. Менен қайтпас. Алланың рахматы мен пайғамбардың шапағаты бұйырсын әуметіне! Менің мүбәрәктігім болсын – ендігісін маған жүкте. Тірі болса, ол екеуін өзіне жеткіздірейін. Дәм-түздары таусылғаны расқа айналса, мүсылманшылық ишаратымен беттерін бүркейін. Мына піріңе аландама. Салауат қауышатынына келімін.

Исан ақылына құлақ аспасқа шарасы қалмаған-ды. Іші қан жылаған күйі серіктерін ақылға шақырды.

–Ешкім Самарқаннан “сарқыт” сөз алып қайтпайтын болсын. Ештеңе болған жоқ, ештеңе көрген де, естіген де емессіңдер!

–Әрине.

–Мақұл.

–Ділі бір, діні бір егіз жұрттың бауырын ірітіп, өкпесін қабындырсак, ібілістен біздің айырмамыз не?

–Жөн айтасыз, – десті жанындағылар. –Әмір сөйтті екен деп, жақыңды жат, жатты жау қыла берсек, жанымызда кім қалмақ!

–Онда атты туарындар. Бүгін аңысын аңдап корелік. Сен, Жайылхан, екі-үш қосшы жігітті базарға жібер. Бүгінгі уақиға ондағыларға да жеткен шығар. Аңысын аңдап, құлақ салып қайтсын. Шаһар жұрты мұндайда сыбыссыз қалмайтуғын.

Би үйге бір кіріп, бір шығып, ұзақты күнді кеш қыла алмай сарсылды.

Базарға кеткен үш қосшы жігіт ымырт үйіріле бір-ақ оралды. Ешқандай сыбыс жоқ. Ешкім ләм-мим тіс жармайды. тіпті ондай уақиға мүлдем болмаған секілді. Басқалай ел ішінің алыпқашты күбір-сыбыры көп. Тек қанды уақиға жайында жан баласы жақ ашпапты. Екі бейшараның опат болған үйіне де таңертеннен бастап тірі жан аяқ баспапты.

“Бү қалай!? Біреудің бұзауы өліп қалса да базар ішінде едәуір әңгіме қылатын шаһардың желауыздарына не тиым бола қалды?..”

Ақырында Мәліктің сөзі бөріне жауап бергендей еді.

— Сендер білмейсіңдер, — деді ол. — Бүгінде мұндай қауіпті уақиғалар туралы базарда ешқандай әңгіме айтылмайды. Айтса, үйлерінде ғана күңкілдеумен басылады. Неге дейсіңдер ме? Оның себебі — мынау. Базарда осы уақиға жайында күлақ салып әмірдің тыңшылары да жүреді. Егер осы секілді уақиға әмірдің пәрменімен жасалған болса, әлгі әңгіменің анық-қанығын тұспалдаған кісінің өзі тал түсте қарасы ұшты-күйлі жоғалады. Оны айтасыңдар, туыстары бейшараның комуге сүйегін де таппайды. Енді түсінген шығарсыңдар мән-жайды?..

Жолаушылар әмірдің зымияндығына бірі шегін тартып, бірі таңдайын қағып, тағы бірі жағасын ұстағаны болмаса, ешқайсысы тіс жармады.

Ертеңіне, таң қараңғысы сөгіле Ғазірстан қақпасынан шыққан қос күйме Нұратаға қарай жедел аттанып бара жатты.

ХИУА САПАРЫ

Үміті желбуаз, сенімі тайғақтау көрінгенмен, күдерсіздікке біржолата күрмеліп қалмай, ауылда бір-ер апта аялдасымен Хиуаға аттану еді ойы. Тек ауылда өзін осынша жайсыз хабар тосып тұр деп өсте ойламаған.

Бұл Самарқанға аттанысымен, арада бір апта өтпей жатып, Сырдың төменгі жағындағы және Үстірттің Хиуа бетіндегі ауылдардан суық хабарлар келіпті. Айтуларына, хиуалықтар ауылдарды шауып, көптеген мал-жандарын тентеп кетіпті. Онысымен де қоймай: “Бұдан былайғы уақытта сіздер бізге “ат аламан”, “Үшір”, “зекек” салықтарын төлеп тұрасыңдар, ойтпеген жағдайда жыл сайын жасөспірім қыз-жігіттерінді күндікке, құлдыққа алып тұрамыз” деп әбден бимазасы тасыпты.

Мына жай биді қатты тықыршытты. Өйткені, былтыр да осы ауылдардың бірнеше өскін қыздары мен тепсе темір үзерлік жас жігіттері ұшты-күйлі жоғалып, кейін Хиуа базарында қызылбастарға құлдық пен күндікке сатылып кеткенін естігенмен, қолмен ұстап, көзбен көрген куә табылмай, жігері күмға айналған. “Көрдім-білдім” деген бірді-екіліні хиуалық саудагерлер ұртын майлап, сөзінен таныттырып жіберген де, қазақ жоқшылары айраны қара суға айналып оралғанды. Енді мына уақиға жара үстіне шикан шығарып растаған айғақшысындай еді.

Қазақ қыздары мен жігіттерін ұрлау хиуалықтар мен бұқаралықтардың ежелгі “кәсібіне” айналған қылық. Сонау жылдары, атасы Жалаңтөстің балғын жігіт шағында да хиуалықтар мен бұқаралықтар жас өскіндерді ұрлауды сүйексінді дағдыға айналдырыпты. Өншен өндіріс өскіндерді боктеріп әкеліп, Бұқара, Қокан, Хиуа базарларында Үрім, Мысыр, Үнді саудагерлеріне қызын күндікке, ұлын құлағы тесік құлдыққа сату етек жая бастапты. Сол кезде он алты, он жетілерге келіп қалған Жалаңтөс жанына өзі іспетті қайратты жеті-сегіз жігітті ертіп алып,

әлгідей адам ұрлаушылардың жолын кесіпті. Талайын топырлата айдап әкеліп, әкесі Сейітқұл әулиенің алдына жүгіндіреді екен. Бүкіл сол аймақтағы мұсылман жұрты “синесоф буа” атандырған би солардың ішіндегі “жаздым-жаңылдым, қайтып қиянатқа қарай қадам баспаймын” дегендеріне бостан беріп, сөзінен тайып, ібілістің еліктегеніне қайтадан ылыққандарын шу асаудың күйрегіне байлап не орасан көп мөлшерде айып-пұл төлетіп отырыпты. Жалаңтөстің де қайраты мен қабілеті, ақылы мен айласы танылып, жанына үйірлескен қарасы молаятын түс – сол кез еді. Кейін ол Самарқанға, ағасы Ақша Қоканға өмір болып әйгіленген жылдары мұндай жаман әдет атымен ұмытылған-ды. Жарыннан бері қайта құлақ қалқитқан қасіретті қылықты індетіп, хиуалықтардан сұраса, бұқаралықтардан көреді, бұқаралықтардан сұраса, хиуалықтарға сілтейді. Бағзыдан бері қазақтардың қамшысынан ығып тұратын бұл екі жұрттың ым-жымдасып, жең ұшынан қол жүгіртісіп, неліктен әмпей-жәмпейлесе қалуының сыры да жұмбақ. Бағы да аумалы-төкпелілеу осы екі жұрттың бір-біріне найза шошаңдатысқан жылдары да қаншама. Хиуалықтар – әуелден қырық құрау жұрт. Алғаш басы бірігіп, бақтары жанған түсы – Ильбарыстың кезі. Ол дүниеден озысымен, шілдің қиындай шашылып кеткен шағында екі туып, бір қалғандай қылмағанмен, бір-біріне шапыраштана қарап, сөт сайын қындарын қарманудан тиғаны үшін Әбілғазы баһадүрге екі дүниеде қарыздар шығар. Ай астында кім мәңгілік: тентегін тиып, момынының мойын омыртқасын басқалармен теңестіріп, тарихып түгендеп, тағылымын қалдырамын деумен сабылған ол да уақыты жетіп, жақсылық пен жамандықты жер бетіндегілерге аманаттап бақилық сапарға аттанды. Тап әкесі Әбілғазыдай болмағанмен, баласы Мұзафар Мұхаммед ата жолы – әділдіктен қия аттамауға иманы кәміл, діні берік-ті. Өкініштісі – тұмыры келте соқты. Озбырлықпен бірге жаралған бұқаралық өмір Ереннің қолынан мерт кетті. Бәрінің көксегені өмірдің алтын тағы мен алтын тәжі. Тақ пен тәждің даралығы, ақыры, қиюы кетіп, қисыны қашып, бауырдай іруіне әкеліп соқты. Бөлінгенді бәрі жейтін қашанғы әдеті: әуелі қызылбастардың қайқы қара қылышы күнара төбелерінде ойнады. Бүлінген жерден құрыса бүлдірген алып қалмаса. ішкен-жегендері бойларына тарамайтын бұқаралық, қокандық өмірлер мен күшбегілердің қокан-лоқысы қызылбастардың қиянатынан асып түспесе кем соқпады. Түтілген жүннен бетер әбден селдіреген шақтарында бұқаралықтардың апарып отырғызған өзбек Ниязын “ханымыз” деп мойынсұнбасқа лаждары қалмаған еді.

Мақтансүйерлеу Нияз өзбектің “өмір”, қазақтың “хан” деген лауазымын қомсынып, көп кешікпей өзін “Шах” деп жариялатты. Сыртқы қокан-лоқидан әбден запы болғандарын былай қойғанда, өзара да қызылжаға арпалыстан шалажансарланған хиуалық күшбегілер енді біраз уақыт Шах-Нияздың ығынан шықпаған. Бірақ ес жиып, етек жауып жатпастан, арада екі-үш жыл отер-отпесте Сихай маңындағы қарақалпақтарға қарай ат ойнатты. Мәужіреген көрінің тісіндей селдіреген қарақалпақ жұрты Сыр бойының жоғарғы жағындағы қонысы жиі қазақтарға қарай дүрліге ойысты. Енді келіп қазақтарға тіс көрсетуі хиуалықтардың ішіне “шарбы май” жүгіргенін аңғартқандай еді. Так несі Тәуке атанғалы Еділ маңындағы құба қалмақтардың ханы Аюке қазақтарға деген қиғаш қылықтарынан тиылып, терістіктегі қара қалмақтармен тіл табысқандай боп Қазыбектің оралуы – енді қазақтардың іргесінен ат тұяғының дүбірі сирей ме деп үміттендірген-ді. Енді келіп, ежелден еншісі бір саналатын самарқандықтардың сырт айналуы, хиуалықтардың ойламаған жерден бұлайша жасырған бармағын

көрсетуі Әйтекеге шындап ой торлатты. Жығылғанға жұдырық — оның үстіне Жайықтың бергі бетіндегі қандастардан тағы екі рет суық хабар жетті. Бірі байбақтының жас батыры Шоланнан. Ол хабаршысынан: “Кәуірдің қолтығына кіргеніне құйрық көтерген естек бүгінде қазақ ауылдарының тыныштығын алып барады. Хиуалықтардың да құйрығы қайқайып, күн ара іргемізге ат ойнататын шығарды”. Алаш биінің “Ә” дегенге “Мә” деп найза шошаңдата берулерінді қойындар деген сөзінен аттай алмай қарайлаудамыз. Әйтпесе, қырық сідік хиуалықтар мен кәуірдің итаяғын жалаған естектер қашан біздің жағамызға жармасып еді. Би бір шарасын тапсын. Әйтпесе, батырлардың қолын байламасын! деп морт кетіп, сөлем жолдапты. Әншейінде жүзінен таупықтылық төгіліп тұратын сол жігіт ошпккеннің өтіп жармай тынбайтынын Сайқын батырмен жекпе-жекте көрсеткелі соңындағы қарасын молайғанын бұл да еститін. Хабаршының айтуынша, жанындағылар да шетінен жұлын жұтқандар. Жас болса да көсем танылып үлгерген Шолан иек қақса, “Жау қайдасыңдал!” жоңкіле аттанарына және ешкімге есе жібере қоймасына сенімді. Алайда, мұның ақыры неге апарып соғарына кімнің көзі жеткен. Қотандас жұрттың иті үрді екен деп, бүгін сен найза шошаңдатсаң, күні ертен бір есері жағана, екінші бір тәйтігі етегіңе жармаса кетпесіне сенімің қайсы? Ондай екіталай күн туса, қазақ ұялы қасқырдың ортасына түскен торпақтың кебін кешпей ме! Сондықтан бірін діндесім едің деп, екіншісін ділдесім едің деп бауырыңа тартып, тағы бірін бағзыда сүйегі қурап қалған бабаларының бейіл бірлігін жақауратып, алдарқатып баққаннан басқа лажың қоне?

Дүниеде өткенді бағамдаудан жеңіл, келешегінді болжаудан ауыр не бар екен? Пенде пақыр әсіресе болашағын болжауға келгенде тауық көз боп шықты. Қаншама өкшесін көтерсе де, көрері көкжиектің бержағы. Бір анығы — әлдебір қауіпті сезетіні. Тек қашан, қайдан, кімнен екені — жұмбақ! Айнала жұмбақ. Көкжиектің аржағы тұманытады да тұрады. Бұл жөнінде ешкімге әзірге ашылып тіс жармаса да, күпті қоңілдің тұманына тұмшаланып қалмай, тез сергіліп, сергек жанның кейпіне ауысуына тура келеді. Бұнысы — өзін қайтер екен деп қараған сынампаз көз барын, қайтер екен деп зейін салған түрік құлақ барын зерделегендегісі.

Ертеңіне Жайық беттен келген хабаршыларды кері қайырды. Алтанарларында батырларға қайталай шегелеп тапсырды.

“...Батырлар әзірге бәсең бола тұрсын. Естек те, түптеп келгенде, оз бауырын. Кешегі Алтын Орданың көшіп сайран, қонып мейрам жасаған шағында суымыз да, нуымыз да ортақ, Туымыз да бір еді. Бір-ер үйір қылықүйрығымыздың барымтаға кеткенін біз кешпедік, бірер үйір қарымта мен сырымтаға кеткен қылықүйрығын олар кешпеді. Тұтас бүйрегің бөлініп, тұтас жүрегің жарылғаннан басқа тапқаның не? Жеткен мұрат-мүлдең сол ма?.. Ақыры, бауырдан қашып барып олардың кәуірдің күшағына кіргені ме? Енді келіп кәуірге арқатаңып бір-ер тентегінің жұдырық көрсеткеніне біз қынабымызға жармассақ, білгеніміз қайсы! Кесапатқа — кек, егеске — қысас жасай берсек, мына жер бетінде күндердің күнінде өзімізді өзіміз қырып тауыспаймыз ба! Елі иесіз, әруағы киесіз ебелек жұрт біз емес! “Башқұрт — бауырым, татар — төуірім” демеуші ме ек. Екіталай күн туса, білекке — білек, тілекке — тілек қоса ма деген көршімен қолдан келсе, арамызды алшақтаптып алмалық. Әрі сол гентекке аржағынан кәуірдің өзі ұритсоқтап отырса қайтпек! Қалай десе де, екі бауырға жат төреші бола алмайды. Бүгін естек барып жүгінсе, кәуір “Сенікі жөн” деріне, ертең қазақ барып жүгінсе, “Сенікі жөн”

деріне мен келді. Екі қыран таласса, қарға мен құзғынның жемі. мен қателеспем, көуірдің арғы мақсаты екі бауырдың басын екі дүниеде де қоспай, үритсоқтап апарып, қансоқтаға тұншықтыру. Ықылымнан келе жатқан қулық... Батырлар шыдас қылсын. Озім Хиуа сапарынан оралысымен естек билермен жүздесейін. Қалған жайды сосын ақылдасалық. Әзірге құрыққа сырық жалғамай шыдас қылсын. Бұл менің отінішім әрі қажет десе, қалетсіз бұйрығым деп білсін!..”

Бұдан кейін, кешінде Қойшым қажы мен Қожамқұл биді шақырып алып, Ясыға жүруді, ханға Самарқан сапарының бүге-шігесін оңаша мөлімдеуді жүктеді. Мәнді шаруаны Қараға не өзге билердің біріне тапсырмай, ара ағайын қарақалпақтың “қос қоңырына” жүктеуінің өзіндік астары бар-ды.

Самарқаннан небары атты кісінің сүт пісірім уақытта жетіп барарлық Дағбит қыстағында қоныс тепкен Тасым батыр ежелгі мекенін жерсінбеді ме, әлде Қалдан Бошақтымен қақтығыстан кейін немере ағайыны Әйтекенің жанында қалуды қалады ма -- әйтеуір жақында ғана жанындағы екі жүз “көк бөрісімен” Қыз-Бибінің батыс стегіне біржолата көшіп келген-ді. Елдегі ғұмыры таусылмайтын бықы-жықы шаруаны Қара мен баласы Отебасқа аманаттап, қасына Әбілғазыны, Тасым мен оның он “көк бөрісін” және көзін таңып тастасаң, күні-түні жер танабынан жаңылмайтын екі-үш құланкөз жігітті ерткен би үшінші күні бозала тәннан бозторғаймен таласа тұрып, Хиуаға қарай сапар түзеді.

САРАЙДАҒЫ ӘБИГЕР

Хиуаға “Алшынның айыр тілді биі келе жатыр” деген хабар Әйтекенің өзінен бір апта бұрын жеткен-ді.

Шах-Нияз – мақтансүрейлеу, қоналақтау, кейде мүләйім, кейде көкірек, бірде қол, бірде шол, мінезі мөлімсіздеу жан. Хабарды естісімен әуелі қатты тіксініп, ішгей жиырылып, түрлі айла-шарғы іздеп бақты. Ойткені, “Алшынның биі үй арасының дау-дамайына бола тоқым терлетпейтініне” әуелден құлағы қанық. Әрі “ұрының арты қуыс” демекші, былтырғы қазақ ауылынан қолды болған ондірдей он бес жігіт пен он екіде бір гүлі ашылмаған жиырмаға жуық қыздың ізі осы Хиуада жатқанын, оған бұның белнемере інілерінің де қатысы барын сол “жеті басты” бидің сезіп келе жатқанына күмансыз. Иран, Ауған, Мысыр асырылған сол қыз-жігіттердің жоғын жоқтап келе жатқан оның бетін қалай қайыруды ойлап, ыдырынумен үйге сыймады. “Тілі қылыштан бетер етіңнен өтіп, сүйегіңе жетеді” дейтін бидің алдында, мұның естуінше, бұлтарып, жалтарып, құтылғанды естісе құлағы кереңге айналсын. Оның үстіне жақында барымталап қайтқан әлдебір есерсоқтар иналшықтардың* айтағымен: “Бұдан былай үшір, зекет, ат аламан салықтарын төлейсіздер” деп әуліккендеріне жол болсын! Ондай солекеттікке қонетін қазақты тапқан екен! Мұның бағамдауынша, қазақ – барып тұрған көнтерлі: көбіне етінен өтіп, сүйегіне жеткенше “Құдай жазды – мен көндім” деп өздерінің маңырмалары секілді сөлпип жүргендері. Ал, бір көтерілсе... Құдай оның бетін әрмен қылсын! Жуас ат тепсе, жұлын үзеді. Онсыз да терістігінде қызылбастардың қылышы жалақтап тұрғанда...

Шах-Нияз дереу сарай ақылмандарын жинады. Олар да осыны күтіп отырғандай әп-сәтте сау ете қалды.

* Иналшық – бек және би деген ұғымда

—Алшынның азу тісті биі келе жатыр дейді, естіген шығарсыздар?—деді Шах-Нияз өңшең ақ солделі, жас-кәрісіне қарамай сақалдары кеудесіне түскен ақылмандарына.

Бірнеше жерден “естідік” деген күңкіл естілді.

Орталарына сауал тастап, шетінен тізе, сынай қараған. Самсаған жанарлар мұның өзін сынай шаншылып қалған екен. Қашан өзін бір жүйелі сөз бастағанша, өйістіп “тышқан-мысық” ойынына басатын ақылмандарының қылығына қанық тақ иесі қайыра сауал тастады.

—Қасына басқа бектері мен билерін ілестірмей, батыр туысын ілестіргені қалай?

Бәрі “Өзің қалай ойлайсың?” дегендей мұны аңдулы. Тек іштерінен қоңыраттың жас бегі әдеттегісінше суырыла алғаш жауап қатты.

—Оған бас қатыратын не бар. Адуын би не сөзіме жығыл, не күшіме жығыла-сың дегенді меңзегені-дағы.

Өзге иналшықтар әуелі кулықтарын таразылап алмай пікір жарыстырмайды. Ал түбі қазақтан шыққан делініп жүрген қоңыраттың жас бегінен осындай тік айтатыны үшін іштей ығатын. Соңғы кезде оның мығым, сенімді уәжіне өзге иналшықтардың ден қоя бастауы да ұнай бермейтін. Сосын да оның қандайма болмасын орынды пікірлерін естімегенсіп, елеусіз қалдыруға тырысатын. Бұл жолы оны әдейі мұқатып, бақайдан қақты.

—Колөңкеде өскен ит күнге де үреді. Алшынның биінің адуындығын, айбарын дөріптегенше, сесін қайырап һамалын неге қарастырмайсыздар?

Нұратадағы қазақтар мен қалмақтар арасындағы шайқас дақпырттан-дақпырта ұласып, мұнда әбден дабырайып жеткен. Бұлардың естуінше, Әйтеке жарты түмен жасақпен жоңғардың үш түмен әскерінің шырпарасын шығарып талқандапты. Сол аңызды перделей сөйлеген түрікмен бегі мұртсыз су ағарын бас бармағымен бір сүйкей өтіп, сол қолымен дөңгелек ақ сақалын қызықтаған-дай саумалай сыйпалап, тісі жоқ кемиік аузымен балп-балп етті.

—Шегірткеден көп қалмақты ат төбеліндей әскерімен тәубасына келтірген алшын биінің сесін қайырам деп текке қызылмайланбалық. Оны азсынсаңдар исі қазақ Өз-Тәуке деп көкке көтерген ханының өзі әуелі сол Әйтекеге, Төлеге, Қазыбек деген билеріне бір қарап алмай сөз бастамайды деседі. Ендеше, Әйтекенің сөзі — ханның сөзі. Бұл келе жатқан Әйтеке емес, қазақтың ханы келе жатыр деп біліңдер, бекзаттарым. Олай болса, басқамен бопсаландар. Басқа жолын қарастырыңдар...

Қоңырат бегінің сөзін шаншулап отырған Шах-Нияздың қабағы одан бетер түнеріп кетті. Бірнеше күшбегі түрікмен бегін күңк-күңк етіп кекетті.

—Бопсасын емес, айтсаң сол, басқасын өзің неге айтпайсың?

—Ақылды болып көрінудің де жолы қилы-қилы екен ғой.

—Иә, десей-ші. Ақылды көріну үшін аса ақылдылық та керек емес екен.

Шах-Ниязды иналшықтарының осындай күнделікті күңкілі мен кержамбай сөздері әбден мезі еткен. Алайда, оларды ешқашан тиып та тастамайтын. Қайта осы қырық ру бектерінің бірауыздылығын қалай қоймайды. Олардың пікірлестігі, ұжымдылығы өз тағына залалды, қауіпті санайтын. Тіпті сол ақылмандарының ішіндегі немере, шөбере ағайындарының да жөн сөзін мақұлдаған, құптаған нышан танытпай бағатын. Мұның есебінше, бүгін бұған арқатанған ағайын ертең өзгенің алдында беделі асып шыға келуі ықтимал. Шах жанындағы ағайын — бедел жинап алғанша ғана ағайын. Аржағында “тақ саған лайық па, маған лайық па?” деген кеудемсоқтың қайдан шыққанын білмей қаласың. Әрі мына ақыл-

мандар мен күшбегілер неғұрлым алаусыз болса, солғұрлым мұның тағы жайлы. Алабақан, бітуажасыздар қашанда бұған қарсы бас көтере алмайды. Қауқарсыз. Қауқарсыздың бар лажы – күштінің аяғына жығылу ғана. Аяғыңа жығылғанды қалаған жағыңа қамшысыз айдайсың.

Бүгін де солай: бір-бірін әрі итеріп, бері жыққан ақылмандар тағы да шай қайнатым кержамбайласты. Бұл олардың әр сөзінен бір-бір “дән” жинап, соның-да өзінше жарлық етті.

– Біз алшын биін құрметтегенсіп, әуелі айбын танытып бағамыз. Кәуір елінде аспанға шойын доп атқылап, қонаққа құрмет көрсететін дәстүр бар. Бізде шойын доп болмағанмен, мылтық біршама. Мың жарым мылтық та садақ пен қылыштан басқа қаруы жоқ қазақтың үрейін алуға жетіп жатыр. Бұл – бір. Сосын, тап қазір ауқатты деген алпыс иналшық пен күшбегілерге ат шаптырындар. Мал-мүлік, дүниә-мүкамалдан көз тұнатын қылсын! Оған үлес қосудан мына сендер де ешқайсың тартынбайтын боласындар. Би мен батырына сегіз қанат төрт үй қотерілісін, өзгелеріне жеке-жеке төрт қанат үй тігілісін. Кешінде әрқайсысының көрпесін жабатын қыз-келіншектер әзірленсін. Қолды болған қыз-жігіттерінің құнына не сұраса да бас шайқамалық. Құнға қосатын үлестен тартынғандарға жаза! Ондайлардың жазасы дүниә-мүкамалы талапайға түседі. Кәне, осыны мақұлдамағандарың қазір, тап осы арада бас ашындар!

Өзара кегжиісіп, кірбін қабақтанып алған ақылман иналшықтар Шах өміріне іштей келіспегенмен, қыңқ деуге шамалары келмей, бәрі мұрындарының астынан міңгірлесті.

– Ал, керек болса! Жетіскен екенбіз!

– Жеті атасынан бері байлыққа кенеліп, көше алмай жүрген бидің жемсауы осал деймісің!

– Басқа лаж қалмаса, көңтабан қазақтың к...н жаламасқа не шара!..

Шах-Нияз бұл жолы да өзінің діттеген жерден шыққанына іштей масаттанып, жарлықты үсті-үстіне үдемелетті. Кенет шошып кеткеннен бетер:

– Әй, әлгі қазақтың сұлтаны мен қасындағы жиенсымағы қайда? – деді жұлып алғандай.

Сұлтаны – Қайып та, оның жиенсымағы – Тәукенің ағасы Уәлібақы еді.

Шах-Нияздың сауалына әлгі қауға сақал түрікмен бегі бір түрлі айызы қанған нышанмен жауап қайырды.

– Қызылбастар жағында жүргендеріне бүгін бір ай.

Шах-Нияз іштей жиырылса да, сыр алдырмағансыды.

– Кетсе, одан әрмен! Ал, кәне енді не отырыс!?. Іске кіріселік!..

Сарайда қиян шабыс, сүргін сабылыс, алақызба әзірлік басталды.

ЕЛ ЫҚЫЛАСЫ

Биылғы ыстықтың беті мүлдем төтен: саратанның бастапқы жұлдыздарында-ақ жылдағы әсеттен өткен қапырық аспанды айналдырып жерге түсіргендей. Әсіресе ұзақ жол үстіндегілерге аса қолайсыз. Сондықтан Хиуа сапаршыларына үнемі ертеңгі және кешкі салқынмен жүрулеріне тура келді. Айдың оlara кезіне кезіккендіктен түнде де жүріп мандыта алмады. Күндіз бұлар аялдаған кезде күннің аптабынан аттар жарытып оттай алмай бабы кетуде. Шүйделі шөп танабы

басқан жол сорабын жеті қаранғыда танудың өзі қосымша бөгеу. Әрі бұлардың хабарын жел жеткізгендей алдын-ала естіп-біліп алған ауылдардың оңшең жақсылары мен жайсандары күншілік жерден қарсы алып, келесі ауыл қарасына дейін ұзатып салып келеді.

Қыдырып жүргендер емес, арнаулы сапаршылар екенін білсе-дағы үйлеріне бас сұқтырып, дәм таттырып аттандырудың орайын, сәтін, себеп-салдарын табуға келгенде шеттерінен сұңғыла. Шетінен ебшіл. Ебшілдік – “сондай бір ел аузында жүрген адам үйлеріне түсіпті” деген атақ-абырой дүмітіп қалу үшін емес, есеіптен тыс, жайма-шуақ көңілден ақтарылған ықылас, биге деген ақаусыз, риясыз бейіл. Бір көрген адамның көмейін ашса, көкірегін көретін, жарым ауыз лебізінен-ақ бар болмысын қалтықсыз тап баса танитын би сапарынан да бөгелмей, шылбырына оралған үлкеннің де, кішінің де осыншама асып-төгілген құрметінен де аттап кете бармай, әр жақсының сәтке болса да, шаңырағына бас сұғып шығуға, ниетке – бейіл, ықыласқа – ілтифат білдіруге уақыт табуға тырысып бакты. Соның бөрінде еркек біткеннің жас-кәрісі бидің аузынан өзінен-өзі төгіліп, бірде носсрлен, бірде тасқындап ала жөнелетін нақылдың маржанын, ақылдың алтынға айырбастағысыз асылын бір естіп қалуға ынтығулы. Көрі әжелер мен мосқал бәйбішелер бірі еріндерін сылп еткізе танданып, бірі еріксіз шектерін тартып қалып, өзді-өзі күбірлесе: “тірі әулие деген осындай болар ма!” десіп, ізінше келіндерінің құлақтарына өлденені сыбырлай ықтияттап жатқаны. Сол-ақ екен, әлі табалдырықтан аттап шығып үлгермеген Әйтекенің әлгіде отырған көрпе-жастығына жас келіндер бесіктегі не енді қаз тұрған ұлдарын аунатып “Иә, Жасаған, әулие атасының сәуесін түсіре гор сәбиіме!” десіп жалбарынысып жатқандарын көресің. Кейбір пысықай сабадарлар би мен батырдың әлі орталанып та үлгермеген қымыз көзелерін іліп алып: “көңі, толтырып жіберейінші” деп, көз ілеспес лездікпен басқасына ауыстыра салады. Орта көзе қымыз есіктен, үй іргесінен жылтындап жүрген балаларға ұзатылады. Көбіне бар гәп сол арада ашылып қалып жатады. Бір ұрттап басқаларға жағалату-дың орнына кейбір пысықайлары сіміркіреп жібере ме – сарқыт жетпей қалған еркетотайлары жер тепкілей бақырып-шақырып, ел көшіре жаздайды. Қолға су куюға келгенде де есік алдында біраз жейде жырттылып, қызылкенірдек керіс жүріп жатқаны. Қып-қызыл керістің мәні “ата қолына су құйып, батасын мен алам” екенін ғана ұғасын. Балалар үшін мұндайда қойдың құлағы небары екеу болғаны да – орны толмас өкініш.

“Ата ұстаған”, “аға ұстаған” бастың құлақ дәмі олар үшін айрықша.

Былайғыда сөзін бөлген балалардың дабырасына көз алартып, жекіп тастап жатағын үлкендер де мұндайда кен пейілді. Қонақ келсе, бала құтырады демекші, тіпті кейбір салқамсоқтаулары: “атамның қолынан ет асауға келдім” деп костен-деп кіріп келгенде де ренжігендерінің өзі: “Бұл бар болғырлар сойтеді енді” деуден аспаса, аса көңілділері: “пәленшекемнің баласы жанып тұрған от, түбі би атасына тартып кетуі де ықтимал” десіп, кешірімшіл, жылы лебізбен шығарып салады. Үлкендердің бәрі қоғаша жапырылып, алабөлек құрмет көрсетіп жатқан, сонау шаш төрдегі екі адам алдында өздеріне әке-шешелерінің де, басқалардың да қабак шығпасын білген балалар одан бетер жырттылып-айрылысып жатқандары. Құдды осы ауылға ертегілерден еститін жарылқаушы не періште қоктен түсе қалғандай еркінсиді. Ауыл жақсылары қонарыла көтеріліп, “аңыз ағаны” көш жерге шығарып салғанда, қолдары жеткендері құнан-тайларына міне шауып, бұт артары жоқтары жаяулай-жалпылай жүгіріп, бір қырқа асырып тастап қалып

жатады. Сосын сол “аныз аға” келген күнді жарыса айтысып, әркім өзінің ол кісі туралы көп білетіндіктерін көрсетуге тырысып, жоқтан өзгеге таласып қалып жатқандары. Тіпті әлгі “аныз ағаның” өздері есіктен, іргеден там-түм естіп қалған сөздері, қолға су күйғанда берген батасы, оның өзгеден ерекше, көркем қойған қара сақалы, бетіне ерекше тұрпат беретін жазық маңдайы, ол ұстаған шашақты сегіз орме қамшысы мен беліндегі құлаң терілі, жазуға толы қарыс жарым зерлі кісесі, ол мінген төрт доңғалақты қок күймесі, жеккен қос-қос ақбоз аттары, қасындағы темір күрсанып, “көкбөрі” атанған жасағы – бөрі-бөрі таусылмайтын, көп-көп күндерге созылар хикая боп қалып жатады. Кей уақ бірі “аныз аға”, бірі “батыр аға”, өзгелері осы ауылдың қонақ қабылдаушы жақсылары боп таласып, жағаласумен тарайтын “жиын” өткізеді. Бірақ бұл ойынның тұмыры ұзаққа созылмайды. Ойткені “аныз аға” да біреу, “батыр аға” да біреу ғана. Ол қайсысына жетсін...

Бидің сапар үстінде анық зерделегені – енді бір-ер жыл жалпақ жұрт “Жау келді, ел көштіден” тыныш тұрса, қабырғаларына май бітпегенмен, іштеріне “шарбы” жиналары көміл. Жалпақ жұртты екі жылдық рамааттан азаттау жөніндегі ұсынысын қарашы қолдап, хан күп алғаны мұндай оңды болар ма!..

Дегенмен, тоқмейілсуге де ерте. Ел сөзін ұстарлардың көңілі – алаң. Ол – Бұқара, Қоқан, Хиуа, естек секілді қандас жұрттардың тентектерінің ылаңы. Бүгінгі барымта мен сырымта ертеңгі таусылмас дауға, ымырасыз жаулыққа ұласып кете ме деген мұның күдігін құлағы түрік, бүгіннен гөрі ертеңді, өздерінен гөрі ұрпақ келешегін, ұрпақ көрешегін көбірек уайымдайтын данагойлердің сөз ләмі растай түскен. Әсіресе сұғын салған екі көздің бірі жат пиғылда тұрған бүгінгідей қысталаң шақтағы бұл сапарында қаракан бастың беделі емес, ел беделі, ел бедері, қазақ деген жұртының тағдыры безбенге түсер сәті алыс қалмағандай көңілін қатты алаң билеп алды.

* * *

Күн маңдай тұсқа көтерілмей жатып күйіп сала береді. Содан екіндіге дейін тандыр леп ішін тартпай қояды. Қарсыдан ауық-ауық лықылдай ескен “Ауған желі”* онсыз да бет күйдіріп, аңқа кептірген аңыздық керімсалға қосылады.

Хиуа маңына биыл табиғаттың маңдайы тырысып, көктемі де, жазы да ығал атаулыдан нәр тамызбай, айнала бедеулене безеріп алыпты. Сүйемге жетпес боз коде мен сәтті бас қок барқын жусан атаулы май топыраққа көміліп, зәуде жалғыз салт атты өткенде жебе тартар жерге дейін көтерілген ақсылан шан қолбен қағып барып зорға тұнады. Шөлката болған молдаторғайлар мен қара бұлдырықтар сынық сүйем жусан мен боз коде түбіне бұға түсіп жандалбасалайды.

Естулерінше, соңғы бес-алты жылдың мұғдарында осы маңға табиғаттың пейілі тым сараң. Күні-түні соққан ебі жел кейде апталап тынбайды. Оған шілденің керімсалы ұласып, қарға миын кептірген ыстық қара күзде ғана сақаусырайды. Әсіресе тау баурайында тірлік кешіп, табиғаттың мырза пейіліне сусап өскен мал-жан үшін аса ыңғайсыз.

Бұлар ықылым заманнан біреуге өмір, біреуге өлім жолына айналған “Жібек жолының” ұлы аңғары – Ишанқала** мен Ғират*** арасындағы құдық қуалап

* Ауған желі – Әмудария жақтан соғатын аңыздық жел.

** Ишанқала – Хиуаның көне астанасы

*** Ғират – Ауған жеріндегі қала

жүретін керуен соқпағына түскен. Судан шөлқата болмағанмен, қуаң тартқан аңызак жол ауыр соқты. Бұрынғы кездегідей әрлі-берлі ағылып жататын кіреңілер аяғы мүлде сиреген. Оқта-текте ұшырасқан бес-алты түйеге жүк артқан кірекештер бұлардың қарасы көрінісімен қалт тоқтай қалып, состия қарайды. Тек бұлардың саржеліспен өз жөндеріне кетіп бара жатқан жолаушылар екеніне көздері жеткеннен кейін ғана көліктерін шу-шулейді.

Әйтеке он шақты жыл мәуірінде осы маңға ат ізін салғаны бар. Қыдырыс емес, қуғыншы хақында. Отыз шақты түрікмен бір топ қазақ қыздары мен жігіттерін алып қашып, із жаңылыстыру үшін осы Хиуа бетпен кетпекші болғанда, естек бағытынан келе жатқан би бес қаруы беліндегі он бес қазақ қуғыншысына ұшырасып, ойланып жатпастан шылбыр салған. Мақсаты – қайрат қосу емес, қолдан келсе, жосықсыз қан төгіске ұрындырмай, қандастарын бостан қылып алып қайту. Із кесіп, үш күн сандалды. Адам ұрлап әккіленген қарақшылар қоян жымданып бұлталақтап бақты. Әйтсе де, жеті қараңғыда көзін таңып қойсаң да, күншілік жерде жатқан табынды жаңылмай табатын екі-үш жылқышы жігіттен із жасыру оларға оңайға түспеді. Үшінші күннің ымырты тұмшалар шақта бұларға жоғалған жылқысын іздеген сыптағыр қара жігіт қосылды. Қазақ сөзіне іліксіз секілденгенмен, кейбір қосамжар мақамдарынан түрікмен жерінен екенін сезіп қалған Әйтеке күдіктеніп, қоналқыда көз жазып қалмауды қосшыларына қайыра тапсырған. Осыдан бес тәулік бұрын қара үзген қарақшылармен араны апшырту үшін үш күннен бері кірпік ілмей, атқосақты боп келе жатқан қуғыншылар Есекқырғын туа талмаусырап, қалғып кетсе керек, таң бозара “жөкшының” орнын сипап қала барысты. Сөйтсе, ол әлгі қарақшылардың сондарына әдейі қалдырған шолғыншысы әрі қазақ ауылдарына келіп-кетіп жүретін “құлағы” ма, “көзі” ме – біреу боп шықты. Хан сәскеде серіктерін қуып жетіп, қуғыншылардың ізден жаңылмай келе жатқанын және іштерінде Әйтекенің барын хабарлапты. Енді анық тұтыларын топшылаған қарақшылар нәсір қыз-жігіттерді залал-зардапсыз қалдырып, қарабастарын сауғалауды ғана ойлайды. Сөйтіп, екінді шамасында қазақ жөкшылары айдалада үйірітіп, ұлардай шулап, ботадай боздап, өздерін зарыға күткен мұңлықтардың үстінен түсті.

Ол жылдары бұл маңның көк майсасы ат тізесін қағатын. Міне, содан бері он шақты жылдың оябындағы аймақтың сыйқы мынау. Тұяқ кесті болған екен дейтін реуеті жоқ: малды ауылдар жақын маңда ошанда біреу ұшырасады. Неғылғанда да содан бергі уақытта табан аудармай ел қоныстанып тоздырғаны ма, өлде осыдан екі жүз жыл шамасы бұрын мұның бесінші атасы Ораз қажының Әмір-Темірге айтқан болжамы айна қатесіз келгені ме – кім білсін! Май шан тұтқан алаботаға қарап келе жатып: “түбі ит қуығы байланатын маңға айналмаса нетті!..” деп ойлады. Ол ойын Тасымның ренішті сөзі бөліп жіберді.

– Мына нойыстар қайтеді-ей!.. Ұзақ сапарға бағыштап бара жатып, ат басын кері бұра ма екен кісі!

Алдарында, қозы өріс жерде кетіп бара жатқан қос шолғыншы кері бұрылып, сыдырта желіген беттері бұларға таяп қалыпты. Жүздері абыржыңқы. Ересектеуінің үнінде қобалжу бар.

– Ишанқаланың бергі беті самсаған жасақ. Сап түзеген. Үстері темір құрсау. Қайтеміз?

Ишанқала – хиуалықтардың ескі пайтағы. Әбілғазы баһадүр хандық өмір жүргізген кезде осы ескі пайтақтың аржағынан жаңа Үргеніш шаһарын тұрғыз-

ды деп еститін. Ендеше, оның бержағындағы самсаған қолдың мақсаты жұмбақ еді бұлар үшін.

—Жарайды, енді кідірудің реті жоқ, — деді би сабырмен. — Не болса да бара көрерміз.

Қос шолғыншы сыдырта желіп тағы да ат оздырысты.

—Сен не байқап келесің?—деді Тасым.

—Манадан бері ме?

Би оң қапталдағы, мүшелік жердегі ақсүмбеге, оның басындағы ербиген сұлбаның келесі ақсүмбеге ақ орамал бұлғап, шартты белгі бергеніне қараған күйі өз сауалына өзі жауап қайырды.

—Сірә, бұлар біздің келе жатқанымыздан хабардар болды, күншілік жерге қарауыл қойғандарына қарағанда.

—Бейнәсілдеу әміршісі жоқтан жоралғы жасап жүреді деуші еді. Мынасы тағы қай қылығы?!

—Шах-Нияздың сол бейнәсілдігі де — қулығы. Өзбектің алдында әкесінің өзбектігін, қазақтың алдында шешесінің қазақтығын, түрікменнің алдында әжесінің түрікмендігін бетке ұстап, үнемі майлы жілік кеміріп жүрген ку. Жер түбіндегіні иіскеп білетін желмірдің өзі. Әттең, сол білгенін халқының игілігіне жұмылдырса, бағыштаса ғой. Әбілғазы баһадүр кезіндегідей Хиуа қайтадан дүркірей көтерілер еді. Жоқ, оған билері мен бектерінің бірауыздылығы емес керекті. Негүрлым олар алауыз, қарашысы негүрлым әбеқоңыр тірлік кешсе, билеп-төстеуіме жеңіл, тағым мен тәжіме қоз алартушы азаяды деп ойлайды ол антүрған. Бүгінде Хиуа — сатқынға сая, қарақшыға уя.

—Өзбектер таққа өздері отырғызғанмен, соңғы кезде әжесінің, шешесінің басқа жұрттығын бетке шіркеу еткісі кеп, Хиуадағы тазақанды өзбектерге “датқа” деген лауазым беріп, Шах-Ниязбен арпалыстырып қойыпты деген не сөз?

—Жаны бар сөз. Қоқан, Бұқара әмірлері сондай лауазым беру арқылы Шах-Ниязды өз уыстарына ұстауды көздейді. Әлгідей лауазым алғандар — Құдай да емес, Құдайдан былай да еместеніп, Шах-Ниязға әзірге азу көрсетпегенмен, жал күжірейтісетін сияқты. Солар арқылы Хиуаны уысында ұстамақ. Реті келсе, қазаққа қарсы айдап салу — мақсаттары. Оған көнбесе, әлгі датқаларын айдап салып, тағынан тайдыру.

—Шах-Нияз соны сезе ме өзі?

—Сезгенде қандай! Жаңа айттым емес пе — оның қулығы ұнғыл-шұнғыл...

Талқы морт үзілді...

ҚАРСЫЛАУ

Жатағандау, бетегелі белдің үстіне шыға келгенде, самсаған қарулы жасақты өз көздерімен көргенде екеуінің де іші қылп ете қалды.

Жасақ алқа-қотан емес, түзімі оқтай: жолдың қос қапталына бес-бестен қатар түзеп, соны сонау Ишанқаланың бержағына сынсырта тігіліп тасталған ақшағала киіз үйлерге дейін созылыпты. Оның төңірегіндегі жиын да қарақұрым. Тағы бір ерекше аңғарылғаны — саптың алдындағылары өңшен ақ дүм мылтықтылар екендігі. Ақ қалайы дүмдері мен ұнғылары күнге шағылысып әрі сәнді, әрі суық көрінеді. Одан кейінгі екі қатар — қылышкерлер, соңғы қос қабат — найзагерлер.

Әйтеке: “саптағылардың нобайы кемі үш ок шамасы шығар” деп ойлап үлгергені сол-ды: он “көк бөрі” қоршаған қос күйме саптың бергі шетіндегі жүздіктің ішіне бойлай бергенде, тойбастар тоғашыға да, самаржак жарапазаншыға да не жасақшыға да ұқсамайтын әлдебіреу ашық, саңқылдаған әуенді үнмен сұңқылдап ала жөнелді.

—Күллі ата-бабасына жауһари нұр сәулесі қонып, әруақ қолдаған Алшынның айыр тілді биі, жалпақ жиһанды билеген айбынды Тәуке ханның оң қолы, оң көзі, Бәйбекоғылы Әйтекеге оң сапар!

Сол-ақ екен алғашқы жүздік аспанды қак айырғандай боп үн қосты.

—Жаса!

—Жаса!

—Жаса!

Мұнысы үш қайталанып тына бергенде, жер дүние теңселіп кеткендей сан мылтық бір мезгілде гүрс етті. Аттар үркіп, қонақтардың әлгідегі түзімі шашылып, әп-сәтте абыр-сабыр боп қалды. Аттары тезек тастап қойғандардың құңкілдеген наразы боқтықтары да естіліп қалды. Иелері шаққа дегенде тізгінге қайта иелік етіп жолға бағыштағанда, екінші жүздіктің де тұсына келіп қалған-ды.

Бұл жолы әлгіден әлдеқайда жуан дауысты біреу қансып қалған бөшкенің ішінен үн қатқандай дүңк-дүңк етті.

—Кесірткедей қаптаған қалмақтардың шырпарасын шығара тас-талқан қылған Әйтеке баһадүрдің даңқы көкжиһанға жетсін!

Айбарлы жүздіктің дауысы аспанды үш қайыра тағы да тіліп түсті.

—Жаса!

—Жаса!

—Жаса!

Оған тағы да найзағай шартылынан аспаса кем соқпас мылтық үні қосылды.

—Әй, мұнысы несі тағы!—деді Тасым таңырқап.

—Батыр, былқ етпе!—деді би мырс етіп. —Кәуір жерінде құрметті қонаққа осылай мылтық атып құрмет көрсететін мәуіріт-рәсім бар деседі.

—Сонда мұнысы да құрмет боп па!

—Күте тұр. Шах-Нияздан кете-кеткенше мұндай “құрметтің” талайын көресің әлі. Мұны құрметі де, бізге көрсеткен сесі де деп біл.

—Желмір жәбірейілдің таппайтыны болса-шы!..

Бұлар үшінші жүздіктің тұсына таяды. Бір шәңгірлектеу ащы дауыс күлак кемірді.

—Ұлан-ғайыр Әсия мен Машырық жамурияттарының айбыны мен айбарына айналған алшын Жалаңтөс баһадүрдің бел немересі, Телес оғлы Тасым баһадүрдің жаулары алдында мерейі әрдайым үстем болсын!

—Жаса!

—Жаса!

—Жаса!

Бұл жолы жарапазаншының үніне мылтық шатыр-шұтыр етіп екі қайыра “үн” қосты.

—Қап! Жауға табылмас көзайым дүниені мыналардың текке ысырам қылғанын қарасайшы!

—Батыр, шыдас бер.Түбі бізге керегі де осы.

—Мұнысы құрмет те, сес те емес, барып тұрған мақтансүйерлік қой!

Сойткенше болмай, келесі жүздіктің түсына таяй берген-ді. Қылыштай қайқы сақал түрікмен оташысының* дауысы сүңк-сүңк етті.

— Исі алшын жұртының ханы Бөйбек оғлы Әйтеке бастаған қазақ елшілігіне тағзым етеміз!

— Тағзым!

— Тағзым!

— Тағзым!

“Тағзымға” үш қайыра ұласқан мылтық үні құлақ тұндырды.

— Шах-Нияз — оң “әніне” шындап басқан екен, — деді Әйтеке миығынан күліп.

— Басың айналып қалып жүрмесін!

Әйтеке жауап қайырып үлгермеді. Жүздіктердің соңғы тобынан ат басын оздырып тұрған тобылғы мүрт, доу қараның дауысы әлгілердің бәрінен басым, айбарлы естілді.

— Күллі өзбек, қазақ, түрікмен, қырғыз, қатаған, қарақалпақ жұртының басын қосқан жауһари нұр сәулелі Шах-Нияздың қореген басшылығымен әлемге әйгілі Хиуа жамуриятына хош келдіңіздер!

— Хош келдіңіздер!

— Хош келдіңіздер!

— Хош келдіңіздер!

“Хош келдіңіздерге” қосылып, үш қайыра атылған мылтық үні манағылардан да ашы, күдіреттірек күркірегендей естілді.

— Мыналар кісі дуалап өлтіретін шығар!

— Шах-Нияз текке шашылмайды. Сағымдай құбылған неменің осыша дәріптегені айыбын ғана жуып-шайғаны емес, аржағында әлдебір дәмесі де болуы ықтимал. Дегенмен, оң шынында батыр екенсің.

Тасым таңырқай бұрылды.

— Жана мылтық атылғанда кірпік те қақпадын.

Әйтеке мен Тасым құрдастығын бетке ұстап, кейде осылай әзілдей беретін. Бұл жолы батыр жауап қайырып үлгермеді. Жүздіктердің шетінде, қос арқан тастам жерге жиналған алқалы топты енді аңғарды. Оңшөң ақ бұйдас шапан, зер мәсі киіп, бастарына қарқара шалма салған кекселер. Шамасы, осы өңірдің бетке ұстарлары: билері мен бектері.

Күйме тоқтап, бұлар жерге түсуге ынғайлана берген-ді. Қайдан сап ете қалғандары бәймәлім, қос-қостан жұптанған жылмаң жігіттер екеуін қолтықтарынан демеп жерге лып еткізді. Әр ноянға да екі жігіт жетіп барып, бірі аттарының басын ұстап, екіншісі қолтықтарынан сүйей түсіріп алып жатыр. Енді қауымдаса қозғалып мосқалдарға беттегенде, олардың ішінен қара бұйдас шапанды, қарқара ақ шалмалы, бойы сырықтай біреу өзгелерінен қол созым алда жүріп келе жатты.

— Мекке-Мәдинеге үш қайыра барып қайтқан, Ишанқаланың хазіреті, — деді жаңағы жылмаң қимыл жігіттердің бірі. — Ныспы — Әли-Баба.

Хазірет ащан өңді, көк көз, жалқын сары, бойы қарағайдай тіп-тік, кісіге сынай қарайтын адам екен. Түр-түсіне қарап өзбектен гөрі арғы тегінде барабының не естектің қаны басым ба деп қалғандайсын. Би оның өзіне қарсы жүріп келе жатқандағы түр-түрпатынан-ақ зиянды, текті, нәсілінде негіз бар жерден төлім алғандығын сезгендей болды. Ныспысы — жаңылмаса Әлиғатур. Жасы қырықтың бел ортасында болса да, бұл аймақтың үлкен-кішісі “Әли-Баба” деседі деп еститін.

* Оташы — Түрікменнің жүз басы деген мағынада.

—Ақжарылқап күн осындай болар ма!—деді дария көңілін жұмсақ, мейірлі үнмен сездіріп. —Өзіңмен аман-саулықта дидаластырған дидалар ғайыпқа құлшылық!

—Бар болыңыз, хазірет!—деді Әйтеке. —Ниетіңіз Алладан қайтсын!

Ол мұны қаусыра құшағына ала беріп қолын оқыс тарта қойды. Секем алса да, Әйтеке оны байқамағансыды.

—Апырай!—деді хазірет абыржыңқырап. —Арқаң бар екен-ау, замандас. Неғып ұстанбай жүрсің!? Жауырының қол тигізбейді екен. Қолымды қайырып тастағаны... Оң сапар, жолың ақ!

—Әумин!—десті жастарына, дәрегейіне лайық қол алысып шыққандар қосамжарласа.

Жаңа сүрен айқай, тасыр-тұсыр атылған мылтықтың алаңымен аңғармаған екен, шоге кеткен арық түйенің өркеші секілденген жатаған тобенің үстіндегі самсаған ақ шағала үйлерді енді байқады. Солардың ең шетінде ала-боле сәнімен сегіз қанат төрт үй ерекше көз тартады. Одан сәл беріге төрт қанат ақ жұмыртқа үйлер шоғырланыпты. Олардан ешкі мүйізі көрінер жерге тағы да сегіз қанатты төрт үй көтеріліпті. Одан әудем жерде алты қанат ақ үйлер сығылыса орналасыпты. Нобайы шағын-шағын екі ауыл іспетті. Соңғысының жанында жиналған қарақұрымның үстеріндегі күн көзімен жылт-жылт еткен шапандарына қарағанда, мына жиыннан да әулетірек, айбындырақ топ екені алыстан көзге ұрып тұр.

Өздерін қарсы алған жақсылар мен жайсандар орталарынан жарылып жол ашқан сәтте хазірет:

—Алдиярымыз аяғынан тік тұрып өзіңзді күтулі,—деді әлгі оң жақтағы сәнді де айғыр жиынды иегімен меңзеп. —Сол жақтағысы өздеріңіздің қоналқыларыңыз.

—Шағыңыз өзіне де арнап үй көтерткеніне қарағанда, бізді шаһары төнірегіне жолатқысы жоқ қой шамасы?—деді Тасым өзіндесе де әлдебір ұштықты пысықтай түскісі келгені сезіліп.

—О не дегеніңіз, батыр,—деді хазірет білінер-білінбес езу тартып. —Ауыл, шаһар шетінен қарсы алып, дәм татыру — ежелгі мәуәріміз. Бүгін жалпақ ауылымыздың сыбаға күні. Ертеңгі өздеріңізге арналған ойын-сауық ордада. Шағымыздың шаһардағы құрмет рәсімі одан арғы күні. Алыс жолдан арнайы келген меймандарды он күндік ойын-сауықсыз қайырмайтынымызды мына Әй-екен өзіңе айтпады ма?

Тасым әр қимылы тасыр-тұсыр, оजारлау батырлардың санатынан болмағанмен, оқта-текте шайпау сөзбен шымшып алатын әдетіне басты.

—Шағыңыз бізді қарсы алуға кожамсүрейлеу батырларының не мәймөнке биілерінің бірін жібермей, сізді алға салғанына қарағанда имандылыққа бет бұрайын дегені ме?

Хазірет оның нені түспалдап келе жатқанын түсінгенмен, жаңағы жұмсақ жымиысын қайталап, сөз бағытын бұрып өкетті.

—Сапаршы меймандардың қарасыны молырақ деп естігендей ек.

—Барымыз — осы,—деді Әйтеке. —Өнгелері жолай қарсы алушылар мен шығарып салушылар.

Оңшең зер шапан, айыр қалпақ кигендерге таяй бергенде, орталарынан суырыла, екі-үш аттап алға шыққан қара бұйдас шапанды, зерлі айыр қалпақты, біз түмсық, көк көз, шикі сары Құран сүресінің бір аятын оқығандай әдемі мәдінде әуелете жөнелді.

—Һәммо қазақ жұртының Әзі атанған Тәуке ханның ең сенімді ақылманы, күллі Алшын жұртының айыр тілді биі, әділдігімен мүмін мұсылманды ұйытқан,

айбарымен ата жауының мысын басқан, аталы да, баталы да Бөйбек оғлы Әйтекеге өзбек, парсы, қазақ, қарақалпақ, түрікмен, қырғыз, татар, ноғай секілді жеті жұрттың қайырлы мекеніне айналған киелі Хиуа аймағының нұр сипатты, шахтардың шахы, бір ғана Алланың рахымына, Мұхаммед пайғамбардың шапағатына бөленген Шах-Нияз ақордасының есігі ашық, торі жазық!

—Алла жар, алдияр!

Оң қолындағы он екі өрме, жібек шашақты, күміспен нықтаған қамшысын кеудесіне апарып, басын болмашы иген ишарат білдіріп, шаш торде аласа піл сүйекті тағында отырған қаба сақал жұнт қараға шаншыла қарап демге аялдады.

“Әйтекенің киесі қамшысында” деп еститін Шах-Нияздың аңғалақты қоңыр көзі әуелі мірін қадаған бидің көзіне, сосын қамшысына түсе бере, орнынан лып қозғалып қарсы жүрді.

—Алыстағы айбарымыз, терістіктегі қорғанымыз — һәммәсі қазақ жұртының асыл текті биінің Ақордамыздың есігін ашқанына бек разымыз. Осы күннің орайына жар болған Хақтағалаға мың шүкіршілік!

Үш қайыра тос түйістірген шах қолтығынан демеген күйі биді торге оздырып, оң жағына жайғастырды.

—Жау келгенде елдің панасы, дау келгенде ердің данасы — Тасым баһадүрдің айбары мархаматқа тігілген Ақордамызға қонғай!

Апайтос батырдың жанында түйенің жаңа туған ботасындай шомип қалған шах тос түйістіру рәсіміне шамасының жетпейтінін сезіп, оны қос қолдай жетектеп апарып, сол жағына орналастырды.

Бұлар тізе бүгіп жайғасысымен, манағы жақсылар мен жайсандар қаздай тізіле ішке еніп, дөрегейіне лайық орналасып, қайыра оң сапар тілесе, бет сипасты.

Қазақ сахарасының қос арысына бағышталған нағыз ұлықтау мен марапат енді басталды. Шахтан бастап шетінен иіліп жастық, бүтіліп төсек боп жүргендердің қайсысының шын ықыласты, қайсысының жалған құрмет екенін айырудың өзі қиын-ды...

КҮЙГЕНҚАЛАДАҒЫ ҚҰРМЕТ

Құрмет те жосығымен ғана бойға сінетініне осы жолы анық көздері жетті.

Бүгін келгендеріне үшінші күн: содан бері бұлардың құрметіне аламан бөйге өтті, апайтос, бура сан талай палуандар қапы кетіп күм қапты. Жебе сайысы қызды-қыздымен бір емес, үш қайыра өткізілді. Ең қызығы Тасымның өзінің қонақ екенін ұмытып, жамбы сайысына үш қайыра қосылғаны болды. Үшеуінде де тайтүяқ алтын жамбыны қанжығасына байлады. Ал, хиуалық небір сұрмергендердің жебесін неге екені белгісіз “жел қағып” кете берді. Тасымды қолпаштаған күшбегілер мен датқалар алдына неше түрлі қымбат аң терілерін, Қытай мен Үндінің небір көз құртын жейтін жібектерін, Бұқара мен Парсының қалы кілемдерін, Иран мен Самарқанның сиқырлы зер бұйымдарын үйіп тастады. Сонда барып, құралайды көзінен ататын сұрмергендердің неге жебелерін “жел қаға” бергені біршама түсінікті боп қалды. Ол — кешегі уақиға.

Бұлардың басқа уақытта да ордаларында келім-кетімдерден саябыр жоқ. Ал, бүгін жарапазаншының тілгі жақ жабар мұрсасы болсай-шы.

“Пәлен деген шаһардың атақты пәлен деген мырзасы Сейітқұл әулиенің өзін болмаса да, көзін көріп, қолын алуды өзіне мәртебе санайды...”

“Пәлен деген жердің пәлен деген тәніркүты казактың қос арысы — Әйтеке би мен Тасым батырға Алладан рақым, пайғамбардан шапағат тілеп, аштына тағзым етпек...”

“Пәлен деген жердің пәлен деген әйгілі күшбегі казактың қос марқасқасына сәлем етуді мәртебе санайды...”

“Хиуаның қатындары шетінен бек пен мырзаны егіздетіп табатын болса да, түгесілген шығар” деп енді аяқтарын соза бергенде, жаралазаншының дауысы әлгіден де басымырақ, әлгіден де салтанаттырақ шығады.

“Арғы бабалары Сейіткүл әулиенің тізесін басып отырған, бергі аталары күллі әлемге мәшһүр Жалаңтос баһадүрдің ертауылы болған пәлен дегеннің пәлен деген ұрпағы сәлем-сауқатымен келіп тұр...”

Өңкей жосықшыл, бетегеден биік, жусаннан аласа, созге саз, топқа сән берген жақсылар мен жайсандар бірінен-бірі асырып, жаттап алған Құран сүресіндей марапаттарын тәмамдады-ау деген шамада сықырлауық есік айқара ашылып, екі-үш зінгіттей-зінгіттей жігіт дедектей, мықшындай көтерген тең-тең мұкамал сыйлықтарды алдарына топ еткізе салады.

Тай-тай жібектер, тең-тең патсайылар, кез-кез шытыралар. Атын атап, түсін түстей алмайтындары қаншама! Төрткүл дүниенің қай қиырынан әкелінгені беймәлім, көздің құртын түсірген қалы кілемдер мен зер бұйымдарда есеп жоқ. Берідегі Қорасан мен Қоқанды, Самарқан мен Бұқараны айтып бас ауыртпағанда, әрісі Үрім мен Үндіні, Қырым мен Қытайды сан қайыра коктей өтіл, жер-жиһанды шарлаған бір-ер саудагердің тайтұяқ алтын тастағандарын да көздері шалды.

Мұндай қымбат сыйлықтар жүрген жерде арбасқан сәттер де сезілмей қалмайды. Қаншама ағынан жарылғансығанмен бекшоралар мен мырзалардың бағатындары — би мен батырдың көзі. Қас қылғанда би мен батыр әлгідей сыйлықтарға көз қиығын да салмай қояды. Өздерінің бұларды емес, бұлардың өздерін сынағанын байқағандары лезде әбі-тәбі күйге еніп: “Осылар шынында, адам ба, перште ме? Менікі қайыры да, қайырымы да жоқ, текке шашылу болмаса нетті!...” деп, созіне тамсандыра алмағандарына, асылына таңғалдыра алмағандарына опынған пішінде шығып бара жатады.

Шах-Нияздың өзі көзге көп шалына бермейді. Бәрін де алыстан аңдап жатқаны кәміл. Көбіне кешкі думан шақта ғана бас сұғады. Кеше: “Бү жақтың жақсылары өздеріне көз суарып үлгермей жатқан соң, ырық беріп, өзіңізге көп жолығуды кейінге қалдырғанды мақұл санадым” деп ақталғанси отырып, көмейден сыр суыртпақтағысы келген. Би: “Жоң ғой, дегенмен, мұндай сауық-сайранға уақытымыз да тапшылау еді” деуден аспады.

Думан үстінде бахшылар мен бардтарды, мұбашак пен ғазелдерді тыңдап, оған қасидалар мен желдірмелер ұласып, қаралай бой балқытар Хотан, Қашқар, Долан, Түрікмен мұқамдарына бейілдене балқып отырған шақта ішке коктен түскендей боп ақ, қызыл, көк, қара жібек пен шыпыра алтын көйлекке малынған, аяқтарына қоңыраулы күміс сақина салған он екі көнізак кіріп келіп, дутар мен сыбызғы әуеніне қосылып, зауаның гүлдерінен қуана нәр алған көбелектерше шырқ айналып, мың бұралып билей жөнелгенде, лезде көз тұманданып, көңіл түкпіріндегі қайдағы бір сайқал сезімдерді дүркірете қоздыра жөнелгені. Ондай сыйқыр сезімнің жанында ібіліс иектеп жүретіні сөзсіз. Мынау адам емес, сәуле мен нұрдан жаралғандай он бес пен он жетінің аралығындағы көнізактарға көз сүзінкіреп қалғанын кеш ұқты. Әлгіде мұның сол жағына жайғасқан, бет-аузында бүрге мұртындай да қылтанақ жоқ, естек бегіне Шах-Нияз көз қиығын жүгірткендей-ді. Енді ол мұның құлағына сыбыр ете қалғаны.

“Мырза, мынаның қайсысы бүгін сіздің қорпенізді жапсыр?”

Шахтың ымынан болғанын білсе де, қылтанақсыз айтақыр қосенің бет-аузына, қараңғы түнде комескі сәуле түскен мысықтың көзіндегі жап-жасыл боп жарқыраған жанарына кірпік қақпай шаншыла қараған. Бақабас бектің мұңын жанарынан не ұққанын кім білсін, табанда әбі-тәбісі шығып, қатты абдырады. Жалмажан алдындағы көрлен кеседен жүзім сусынын жұтып еді, оңбай шашалды.

Биге он екі қыздың жүрек қылын суырған мұңды үні қосылды. Озі түсініген бірқатар пұштан сөздерінен қыздардың ағандықтар екенін түспалдады. Ән сөзі жүректі жаныштай түседі.

“...Анам, мені неге қыз ғып тудың. Зәріне бой алдырдым ішкен удың. Білсем, солай боларын бұ өмірдің, дүниеге ешқашан да келмес едім. Дүниеге ер боп тусам майдандасып, қайтар ет, зұлымдарда кеткен кегім...”

Әннің мағынасы осы шамада. Сірә, мына әнге сөздерді қыздардың өзі қосқанға ұқсайды. Пұштын сөзінен беймақұрым мына жұрттың олардың мұң-шерімен шаруалары шамалы. Әуезге елігіп алыпты. Алақандарын сарт-сұрт соғып, бастарын шайқалақтасып, қыздардың сұлулығына, билеріне сұқтана, елеурей түседі. Шетінен ынтыққан немелер шала мас кейіпте.

—Уә-Әһ!

—Уә-әһ-һә! Әйбат-ау, әйбәт енді!

—Жұмақ періштелері осындай-ақ шығар тегі!

—Қыз емес, шетінен су перісі десей-ші!..

Бидің бойындағы әлгі сайқал сезім лезде жел үрлеген көпіршікше жоғалып, көнізактарға көзі түскен сайын із-түзсіз жоғалған қазақ мұңлықтарының соқыр тұман тағдыры жанын бебеудете бастады. Мұндай көнізактардың күс қанаты талып, ат тұяғы тозар шалғайлардан әкелінетіні белгілі. Бүгін көнізак, ертең көрінген көк аттының “сарқытын” ішіп, көрінген иттің сарын кетер мазағына айналуы қас пен көздің арасы. Дүниенің қай торабында тентіреп жүргендері беймәлім, құлағы тесік мөңгүрт құлаға айналған бозбалалар мен он екіде бір гүлі ашылмаған көксолмас қыздарының бір Жаратқанға ғана аян күнгірт халі көкірегін қаусатып сала берді. Сірә, жүзі де мүлдем өзгеріп кетсе керек. Шах-Нияз есік жақтағы біреуге иек қаққан, биші көнізактар су жағалап жүгірген киіктердің лағынша лып-лып қозғалып, лезде көзден ғайып болды.

Ордадағылар тер құрғатып, желпіну үшін қопарыла қотеріліп, сыртқа шыққан кезде Әйтеке Шах-Ниязға жанамалай келді.

—Алдияр, келгелі көрсетіп жатқан құрмет-қадіріңізге Алла разы. Мұнынызды маған емес, қазақ жұртының мәртебесіне бағыштаған игі ықыласыңыз деп қабыл еттім. Дегенмен...

Шах-Нияз бидің ойын аяқтатпады.

—Білем. Шыдас беріңіз, тектім. Ас бағып, ел ақтап жүрген қыдырмаға санасам, қабылдау рәсімі басқаша болар-ды. Сапарыңыздың жолы ақ боларына кепілмін. Қонақ...

—Қонақ шаруасын кетерде айтады демексіз ғой, шамасы?

—Әлбетте.

Шахпен арадағы әңгіме осымен біткен. Жаумен айкаста жолбарыстай қайратты, арыстандай айбатты, сауысқаннан өткен сак, түлкіден өткен айлакер Тасым Шах ордасынан қайтар жолда былайғыдағы баладан өткен аңғалдығына басып, компалаңдай күлді.

—Әй, бұл өзі не? Нендей құрмет?.. Кешеден бері мыналардың жылмаң бектері “би екеуінен үрпак алып қалсақ деп ек” деп құлағымды сарсылтуда. Әлгі жел-қабаз шайырлардың “Шіркін, Хиуаның өн мен күй, әйел үстемдік құрған мақ-қалалары-ай!” деп тамсанғанын талай естуші ем. Жанағы туша кәнизактарды осылар текке көрсетіп жүрмесе керек-ті. Дегенмен, оздері періштедей-ақ, о! Әгер-әки, дейім-ау! Егер бала өскен соң әкеме барам десе жібере ме екен бұлар?

Әйтеке осында келгелі рахаттана, сылқылдай күлді.

—Күлкің ұнайды,—деді Тасым әлденеден емексі дөметіп. —Озың де кет әрі емеспісін қалай?

—Қой, батыр-еке! Жатта жақсы тұқымым қалып қойды-ау, қашан өсіп, қашан үйіріме қосылар екен деп пұшайманмен олмеуің үшін бір жолға желіндемей тұра тұр. Ана үш әйеліннен қалған ашы терің болса, барғасын хан қызын алам десен де, қалыпматын өзім-ақ төлейін. Ал, мұның — аңғал ерді сайқал аздырадының кебі.

—Жетті жетемізге, би-еке!—деді батыр кеңк-кеңк күліп.

Міне, бүгін таңғы оразаларын ашысымен басталған сәлем-сауқатшылардың аяғы кіші бесін шамасында барып сиреді.

—Япырмай!—деді Тасым бір қаға берісте. —Нәсіпке жазылған құрметтен адам жалықпайды да, тоймайды да деуші-тұғын. Құрметтерінде қылап жоқ. Сойтсе де...

Ол сөзін аяқтап үлгермеді. Ішке жарапазаншының хабарынан кейін түбіт мұрттары енді-енді тебіндей бастаған өншең бір өңкей, сұқсырдың балапанындай бозбалалар кіріп келе жатты.

Сегіз қанат орда үшін өсем әуен кернеп ала жөнелді. Кезектесе дутар, ғижак, қомыз, сазсырнай, даңғыра, шаңқобызға қосылған жастар өні сұңқылдай шырқап ала жөнелсін. Қотан, Бұқар, Түрікмен, Долан, Қашқар мұқамдары төңірекке бөлекше нұр шашып жатқандай. Қай-қайдағыны еске түсіретін небір ақық күйлер мен қан қыздыратын небір тентек термелер мына, өншең өнердің нұрынан жаралғандай өскіндердің түл бойларына қалай сыя бергеніне танданасың. Өз өнерлеріне оздері елтіген сазшылар тындаушыларын да еліктіріп, заматта көңілдіге қуаныш. көңілісізге жұбаныш сыйлаған сыйқырға айналған еді.

Елігіп, сусап, құныға құмартумен, мезгілдің екіндіге таяп қалғанын да сезбепті. Қызметші жігіттің бірі келіп, Шах-Нияздың бүгін жаңа пайтақ — Үргеніштегі өз ордасында қонақасы бергелі тосұлы екенін хабарлады. Бұлар өскін өнерпаздарға ырым қылып күміс тиын үлестіріп, уыз баталарын беріп, сыртқа шыққанда желі тартар жерде жүз қаралы жасағымен хазірет — Әли-Баба тосұлы екен. Бұларды нөкерімен қоса орталарына алып Ишанқаланың аржағындағы Үргенішке бет түзеді.

Келгелі хазіретнен біраз сұхбаттасып, іш тартып қалған-ды. Оның құрашылығын* әуелден еститін, алайда, календарлығы** да барын жанындағылардан қаға берісте құлағы шалғаны кеше. Сонысына көз жеткізгісі келгендей жолшыбай тіл тартты.

—Замандас, біз келгелі құрашылық не календарлық қасиетіңізден хабар тартпадыңыз ба?

—Сіздер келер шамада бір құмалақ тартқаным бар.

Би де, жанындағылар да оған жалт-жалт қарасты. Хазірет жайбарақат, бейжайлау үнмен уәжін ұштады.

* Құрашы — кітап ашушы

** Календаршы — бал ашушы.

—Елдеріңізде, қашан екенін ажырата алмадым, бір даулы іс өткен бе, тек бәрі сәтімен оңғарылған екен. Аттанарда сол жерден сусын ішпегендерің де ақыл болты. Қастарыңда бір жас адам бар секілді ме... Сол-ау деп қалғаным сендерді сақтандырған. Құрашылығы мықты сол жігіттің. Сенің жаныңда, би, Сұпы-Әзиз деген жас жігіт бар деп естігем, сол қайда қазір?

—О да сапар үстінде, —дей салды іштей қатты толғанып кеткен би.

“Көреген қозіңнен айналдым, Мүсірәлі! Көріп-біліп отырғаныңды емеурінмен білдіретін кемелдігіңнен айналдым!.. “Кілем жайғандағы” ауыл қарияларының құрметінен аттап кете алмай бір-ер күн аялдағанымызда, бүгінде Нұратаның күлі шашылып, әлі де түтіні басылмай жатар ме еді... Сен сонда ел жаққа қайта-қайта мойын соза жалтақтап, әлдебір қолайсыздықты сездіріп ен-ау... Сен хош қормей, ішкізбеген қымыздың да...”

Откен уақиғалардың салмағынан ба, әлде қанша қауіп-қатерден сақтаған пірінің жаныңда жоқтығына опынғаны ма — жеңіл ғана күрсініп салғаның өзі де сезбеген. Хазірет қалт еткенді қапы жібермейтін қағілездігін байқатты.

—Оқасы жоқ, би, — деді мұны серпілткісі келген нышанмен. — Әрқашан жолыңыз жазық, алдыңыз ашық жаралған жансыз ғой, іркілменіз.

“Іркілменіз... Бұл не сөз? Бұл ғұмырыңда неден іркілді? Нені мензегені? Шах-Ниязға барар алдында мені әлденеге қайрағаны болмаса нетті!.. Мұның келу мақсатын өрине бұлар біледі. Сонда Шах-Нияздың алдында қояр талабыңнан іркілме дегені ме? Сірә, бұған бүйрегі бұратынын сездіргендегісі ме? Не үшін? Қандай мақсатта? Өзіне оның емешесі үзілетіндей қандай бұлы өтті!?”

Жауабын тоқетерлей алмаған беті ит бүлкілмен келе жатып, әлдеқашан малшылар мен дикандардың ғана мекеніне айналған көне шаһары Ишанқаланы айналып өтіп, бір кезде Әбілғазы баһадүр іргесін көтерген жаңа пайтақ — Үргеніш бағытындағы қос бұрым жолға түскен-ді.

Бір майдан уақыт отер-өтпесте жұпар иісі бүркыраған қалың сандал ішіне енді. Сосын жолмен жарыса, сылаңдай, сыңғырлай, ирелендей аққан бұлақ үшырасты. Осы бұлақтың шығыс бетіне Хиуаның жаңа шаһары бой түзепті де, қарсы бетіне елден ерек үш ғимарат сәулет салыстыра орналасыпты. Оның бірі Фақыр-Жалым ишан салдырған медресе, екіншісі он екі күмбез мешіт, батыс шетіндегісі Шах-Нияздың қабылхана сарайы екен. Үш ғимараттың да қабырғасы қан қызыл кірпіштен өрілген. Мешіт күмбездері батып бара жатқан күннің қызыл шұғыласына шомылып, сыйқыр көрніспен көз қарықтырады.

Бұлақтың шаһарға қарсы бетімен жүріп отырып, қабылхана-сарай тұсына келгенде, сыпырыла аттан түсті. Бұдан әрі тек жаяу баруға тиісті. Бұлаққа малжан аяғы тимейді. Құмырамен ғана су алуға рұқсат. Медресе мүрилері, мешітке мінәжат етушілер, намазғаққа, қабылханаға барушылар мен сақшылар аспалы, қарағай көпірлер арқылы қатынайды.

Жасауылдар тегіс осы бетте қалып, хазірет бастаған меймандар ғана тақтай көпір арқылы қабылханаға қарай өтті. Медресе мен мешіт маңында қыбыр еткен жан көрінбейді. Қабылхананың әр тұсында қаққан қазықша қақшиып қалған сүнгілі қарауыл-жасақтардың сұлбасы байқалды. Ішкі жағы қарағайдан қиылып салынған қос қабат қабылхананың қабырғасындағы ою-өрнектен осы маңның хас мүбәшірлері бес саусақтың өнерін тамызып баққанын сезесің. Айпара аула ішінде бұларды осыдан үш күн бұрын қарсы алған күшбегілер мен датқалар, сарай ақылмандары қол қусырып, тәжім етті. Жолай әлденеше дәлізден өтіп,

дияр қабылханаға кіргенде, тас тордегі алтын орнек, піл сүйек тағында жалғыз жайғасқан Шах-Ниязды көрді. Ол өзі бастап бұларды торге оздырды. Сондарынан ере енген қарық қосшы осы сарайдағы өз орындарын дәрегейіне лайық әлдеқашан таңбалап қойғанға ұқсайды: қақтығысып, қабаттасып, сапырлыснастан мамырлай қонақтап жатыр.

Айнала күміспен жиектеле орнектелген аласа жозалар қойылыпты. Үстіндегі дәм мына қырық кісі түгіл қырық ру жақсыларының кекірігін аздырарлық. Құстың сүтін, жылқының отін іздемесен, ат аяғы жетер маңның тіл үйіретер дәмдісі осынан табылары анық. Сонау Самарқан, Қоқан шаһарларында Жалантос пен Ақша аталарының қолында оқыған кезінде талай қабылдауларға көзқарықты өскен Әйтекеге мұның бәрі таңсық емес. Тек сарай маңындағы үйлесім тапқан тәртіп пен дәстүрге іштей разы еді. Әсіресе бұл күнде Үргеніш медресесінің мүридтер тәрбиелеудегі аты алысқа жайылып кеткен кезі. Құдай хош көрсе, атсоқты шабысты азайтып, алдағы уақытта Нұратадағы медресені қайта қолға ашып, Сыр бойындағы Жалаң ауылынан “Тіллә-Қари” мен “Шер-Дор” секілді болмағанмен, тап осы Үргеніштегі секілді бір медресе салдыруды қолға алуға іштей бекем бел буған-ды.

* * *

Хиуалықтар қонақ алдында қаншама сыз жерге жуымай, сарқыла құрмет көрсеткенмен, қоңіл кірі айтылмай кетпес еді. Шах-Нияз келген меймандарды жөк үрдіспен дүркіретіп мылтық атып, кірпік қақтыра алмағанын, сабыла шабылып, сый тартып, таңдандыра алмағанын анық сезіп, енді меймандардың ыңғайына жығыла, мәймөңкелей сөйлеуге ауысты.

–Күллі қазақ жұрты емес, һәм тіл жетер жердегі Алланың үмбетіне әйгілі ата-бабаныздың қадырына лайық, кара қылды қақ жарған әділдігіңізбен, наркескеннен өткен ақ алмас сөзіңізбен, айбарыңызбен тәнті еткен құзырыңызға жарасымды қызмет ете алмай жатсақ, әдейіліктен емес, білместіктен кеткен қалы тұсымыз деп қабылдаңыз, мархаматты би.

Шах-Нияздың шұбалаңқылау мағынада қолтыққа көпшік тастай айтқан сөздері шын мәнінде “келгелі көрсеткен құрметіміз, жайған дастарқанымыз, сый-сияпатымыз ұнады ма?” деген сауал теңірегінен аспағанына қарыны ашқан Әйтеке оны “мақтамен бауыздауға” көшті.

–Біздің қазақ қазан жайында көп сөз айтқан ғой. Соның бірі Алланың сүйгені – азан, қазының сүйгені – қазан. Қазанды кім жек көрсін. Сосын мол берсең, молда да бәйек болады дейді. Бір емес, әлденеше молда бәйек боларлық ас-су ішкен секілдіміз. Аз қайғыны ас басады дейтіні тағы бар. Асқа басылатын қайғы болса, бізден өткен қайғысыз да болмас. Асты көрсең, қадір тұт дегеннен аттай алмай, “асқұмардан ойы қашады, тәні семіреді”, дәмді ас араныңды ашырады, нәпсінді қоздырады, айдай ажарыңды тоздыратын да нәпсі дегенді айта алмай, бордақыланған қысырақша ой қашыртып, тән семіргіп жатқан жай біздікі. Жаманның ашуы асқа тойғанша демекші, бір жаманның ашуы қанша қатты болса да басылатындай ыдыс босатқан сықылдымыз. Енді айдай ажарымыздан жұрдай болмай тұрып, өкше ізімізге түссек, әулекі би ат үстінде шаруа айтты деп сіз де соға жамандамассыз, алдияр.

Бидің егіз мақалдың ылғи сынарын ғана айтып, қылыштын қырымен сынаған сөздерін түсінбейтіндей Шах-Нияз кешенің санатына қосылмайтын. Түсіне тұра, сырғақси жалтарып бақты.

– Біздікі ақ пейіл ұлпаттының пиғылы. Байқауымша, бұ бағытқа алғаш ат ізін салыпсыз. Сосын да елімізді, пейілімізді алғаусыз танып қайтсын деген. Кем-кетігімізді атқа жүк қылмай, өзімізге қалдырып кетсеңіздер болғаны... Иә, қашан шаруа айтсаңыз да құлағымыз сізде. Ұсынармыз да – өкпе емес, бауыр екеніне шұбасыз аттансаңыз деп ек. Қонағынды көп кідіртпе, жолынан қалады деген, құлағымыз сізде.

Мақалдың “жауынды көп кідіртпе, сырынды алады” деген келесі сыңарын көмейіне сақтап қалғанын сезген би ендігі “сылап-сыйпасудың” шап айылы бос әйелдің көрпе астынан киінгені секілді қылымсу ғана екенін тездеп, келген сапарының турасына көшті.

– Біздің шанды алыстан көргеніңізді қырағылығыңға жорып ек, қырағы қырдағыны да, ойдағыны да көреді. Сіздің қырды көргенмен, ойды көрмегеніңіз қалай?

– Би, – деді Шах-Нияз Әйтекенің бір көсілсе, тақылы сөзі мына бекшораларының алдында етінен өтіп, сүйегіне жететінінен қорғалақтай, мүдіртіп бағуды көздеп. – Кейде тау күнәні төуба жуады деуші ет...

Әйтеке де оны кілт үзді.

– Жок, алдияр! Ас-су, сый-сияпаттың төубамен сорпасы қосылмайды. Мен сізді алғаш күннен арылып сөйлер деп күткем. Ақталып сөйлер деп күткем. Қазақ асын берсе де, ішін бермейтіңге сенбейді. Менің ішкенім, менің жегенім, менің көрген сый-сияпатым – соңымдағы қазан соққандай боп, қара жамылып жүрген жұртымның аяқ асты тапталған арының садағасы.

Менің көрген құрметім, менің көрген сый-сияпатым он екіде бір гүлі ашылмаған тұлымшақтысының бір сығым көз жасының садақасы!

Шах-Нияздың бас уәзіреті Байохон кіндігіне түскен ақселеу сақалын бипаздай саумалаған күйі сөзді бөліп жіберді.

– Әйтеке, сіз сөйлесеңіз күн күркіреп, жасын ойнап, ақырзаман төнгендей боп жүре береді-ау, әмсе. Қазақ ері өлсе – күнмен, қызы өлсе... Қызды жау да алады дейтін де қазақтар емес пе ет!

Әйтеке шамырқанды.

– Жок, Байохон ақылман! Қазақта ерінің арынан да қызының ары қымбат. Қазақ көктегі ең өдемі жұлдызды Қыз деп атайды. Қазақтың қызы – көктегі жұлдызы. Қол жетпес асылы. Ол ешбір асылмен бағаланбайды. Ерінің ары – иесінің ары, қызының ары – елінің ары... Жок, жақсылар, бұл жолғы дау – ысқырса желдікі, қуса жаудікі қылқұйрықтың, не маймақ түйе, маубас қой, сасық түмсық сиырдың құны емес. Ел – назасы, ел – наласы. Қазақ малға жарлы, намысқа бай. Қазақ жуас. Бірақ жуас ат тепсе, жұлынынды үзеді. Дініміз бір, діліміз бір елдің іргесін сөкпелік деп бір шыдадық. Біріміздің желкемізден қалмақ, біріміздің желкемізден қызылбас көк сүңгісін күнде шошандатып тұрғанда, орманның қасқыры, қоңсыластың қарақшысы үшін жандасып, жаға жыртыспалық деп екі шыдадық. Бауырласты бастан ұрып, бауырдан тебу – білместік емес, безбүйректік.

Мен сіздерден айыптарыңды мойындарыңа қойып, сый-сияпатқа кенеліп қайтайын деп келгенім жок.

Мен екі елдің арасына ала арқан тастайын деп келгенім жок.

Мен ағайын екі жұрттың арасында ат кекілін кесісуге келгенім жок.

Мен қазақ сөзін, ел кесімін, ел бігімін жеткізгелі келген елші ғанамын.

Мен екі елдің арасына дау келсе, көкірек емес, көшелілік танығысалық дегелі келдім.

Мен екі елдің арасына жау келсе бағзыдағы бауырластық, кіндік байланыспен шылбыр салысып, телімдеселік деп келдім. Ол үшін менің кесіміме құлақ саласыздар.

Әуелі екі елдің арасын алауыздыққа апарып, азарын өткізген аярларды өкеліп, аяғымызға жығасыздар. Бізге, қазаққа керегі — олардың қасықтай қаны емес, елдеріңізде тентекке тізгін, жақсыға тәлім барына илану. Сондықтан олардың үкімі мен жазасын өз ырықтарыңызға қалдырамыз. Сосын Үрім асты ма, Қырым асты ма, әлде Мысыр асты ма, Ауған асты ма — қайдан болмасын тірі жетім ұл-қыздарымызды табасыздар. Тірі жүрсе өздерін, өлі болса сүйегін жеткізесіздер.

Осы кезде етекте отырған таңғұт бектерінің бірі сайқалын сездіре мырс етті.

—Жігіттерінің жөні басқа. Ал, қыздарына о жақта гүл тергізіп, қуыршақ ойнатып...

Әли-Бабаның даусы жерді солқ еткізгендей естілді.

—Тәйт өрі! Аузыңа келгенді езбей!

Әйтеке осы таңғұттың бір желпініс үстінде, далада тұрып әйел затының атына айтқан әжептарқы оспадарсыз сөзін естіп қалған-ды. Мынасы ит жынын қоздырып бір шүйіп өтті.

—Әй, жазған! Айта алмай, комейінде кептелгені — қыздарымыздың ары ма? Ол бишаралар аш күзғын шүйген балапандар емес пе! Балапандарыңды қорғай алмадыңдар деп мені кіналасандар да, жарқыным, оларға тілің тие көрмесін! Айтпағың ары болса, оны әлдеқашан мына дүниеде адам, о дүниеде Алла кешіріп қойған. Мен іздесем, оларды болашақтағы талай қазақ жайсаңының анасы деп іздеп жүрмін. Алып та, жер-жиһанды аузына қаратқан өмір де анадан тумай, аспаннан салбырап түсті ме! Сен екі аяғың салбырап аспаннан түссең көрсетші, көне, сол жерді! Қызға ғайбат айтқаның — анаңа ғайбат айтқаның. Пейіш те ананың басқан ізінде дегенді естімей өскен қай жүгенсіз ең!

Шах-Нияз зірк еге қалды.

—Ағат сөйлеп, арга тигенің үшін, бек, жүз жылқы айып тартасың!

—Жоқ!— деді хазірет ашудан жалқын сары оңі орттей алаулап. —Сыйлы мейманның арына тигені үшін, оған көрсетілген құрметті тәрк еткені үшін жаңағы айыпқа тағы жүз жылқы қоссын!.. Құлағымыз сізде, би!..

—Мен бұл жолы жаман ырым бастап күн сұрамаймын — деді Әйтеке, жүрісінен жаңылған жорғадай кібіртіктеп. —Татар дәмі таусылғандар болса, құны үшін қайтып жүз шайыспаспыз деп ойлаймын. Ал, әзірге сол жастарымыздың ата-анасы мен жақын жуығына жолдаған айып-ажындарыңызбен шектеле тұрмақпын.

—Сонда ол қанша?— деді бүйірден біреу.

Әйтекенің алдын Тасым орап кетті.

—Ел жақсыларының алдындағы айыбы ретінде екі жүз ақ мылтық қоссын!

“...Апыр-ай, үш күннен бері алдарына үйіп-төккен сый-сияпаттан мынау ауыр соқты-ау. Алдарынан мылтық атып, айбар көрсетеміз дегеніміз неткен онгүдіктік еді!” деп ойлады Шах-Нияз.

Сарай ішін сәтке тыныштық жайлады.

—Жаманға ісің түссе, ақысына еріңнің артқы қасын сұрайды деп отырмысыз, алдияр?

—Жоқ,— деді Тасымға қарап зорлана жымиған Шах-Нияз. —Тентегімізді тия алмаған өзімізден көрмесек... Әрине, күнде көк желкемізден қызылбастар қылышын жалақтатып тұрғанда бізге де онай соқпас. Дегенмен, сіздер бері қарай ат мандайын түзегенде-ақ қандай өтініш-талаптарына да бейілміз деп мына жақсылармен мақұ-

лдасып қойғанбыз. Екі жүз ақ мылтық үшін қазақ алдында тағы жүзімізді күйдірмеспіз. Бұған үш жүз жылқы тағы қосамыз. Енді жастарды іздестіруге қара күзге дейін мұрсат беріңіздер. Амалын істеп бағалық қолдан келген.

Келісім осымен байығандай еді. Алайда, іштен борсып, түйілгендер әлі де бар екен. Айыр сақал, шалғы мұрт бек аяқ астынан моңкіп шыға келді.

—Оз қолынан ұстап, көзінен тізген ұрысын Хиуадан тапқандай бидің алдында неге осыншама жортақтайсындар!

—Болды, датқа! Болды!—деді хазірет шорт кесіп. — Уәде етілді... Орындау — шарт. Уәде — Құдайдың аты. Құдай атын ауызға алдың екен, сертке тұр. Ендігіңіз — рәсуа сөз. Елдігіңе сын әкелетін іске барған ер кінәлі. Тентегіне тию бере алмаған ел кінәлі. Ендігі артық кеткенінді тентегінді тап та содан сұра!

Бітуажа мәуріті осымен тәмамдалды.

ҚАЙТАР ЖОЛДАҒЫ БҰРЫЛЫС

Ертеңіне, танәлеуімде бес қосын жылқыны алдарына салып, тоғыз нарға жүк артқан қазақ елшілігі тол сахарасына маңдай түзеді.

Қозы көш жерге хазірет екеуі ғана шығарып салған Шах-Нияз қайыр-хош айтысар шақта бір түрлі мұная да, ашыла-арыла сөйледі.

—Би, сен келеді дегенде мактансүйерлеу мінез көрсетпек, сол арқылы не дөнай-батпен ықтырмақ та, сый-сияпатпен тандандырмақ та болғанымызды Құдайдан жасырмағанда, енді сенен жасыруымыз келіспес. Өйткені, сен оның бәрін ешкім ымдаусыз-ақ көріп-біліп қойдың. Біз қазақты білмейді екенбіз. Қазақ бізден кош ілгері озып кетіпті. Сені көріп, өмірі көрмеген Тәуке ханымен дидарласқандаймыз. Сені көріп, сөзінің дәнектілігімен, ойының дәйектілігімен ат арыр жерге аты мәшһүр Толесімен, Қазыбегімен жүздескендейміз. Ел тізгіні ұстындарында екеніне енді шұбасызбыз. Қазақ бақытты екен. Қазақтың жолы данғайыр екен...

Ол ұзақ сөйледі. Әйтеке оның бұл жолы қазақ жұртына сүйсіне бағыштаған жүрекке жұғымды ықыласын тыңдап келе жатып: “Бізге де қызығатын жұрттар бар екен-ау! Тәуба!” — деді іштей үш қайыра ұйып. — Баяғы алты алаштың түтінін бір ошактан шығара алмағанның өзінде Үш жүздің жаманын жақсысына теңестіріп, жарлысының жыртығын жамап, тесігін бүтіндей алсақ, анау-мынау жат жұрттықтар көз аларта алмас елге айналар ма ек...”

Шах-Нияз сөзін тәмамдады.

—Кешегі қырық иналшықтың жартысына жуығы Қоқан мен Бұқара өмірлерінен датқа деген лауазым алып, өз ұлыстарына өздерін танғұт емес, хан деп жариялап алды. Солардың ішінде Тәукенің ағасы Қайып та бар. Соңғы кезде қызылбасшысы болып алған Уәлібақымен екеуінің түпкі ойы не екені бір Аллаға аян... Ханбыз дегені — менімен терезелеріміз тең дегені. Оған бір-бір ұлысты сондарынан ерткен бас асау, бірде көл, бірде шөл батырларды қоссаң, Хиуаның жақын маңда киюы каша ма деп қорқам. Көк желкемізден күнде найзасын шошандатып қызылбастар тұр. Би, қандай жағдайда да қилы-қилы кезең туса, бір-бірімізге шылбыр қосуға қалайсыз? Тәуке менің бұл тілегімді қабыл алады деп ойлайсыз ба?

Шах-Нияздың шаңқай түстегі көленке секілді бұлтың-сылтың мінезі баршаға мәлім. Алайда, екіталай күнде шылбыр салысалық дегені Хиуа жұртының болашағына алаңдағандық көрінгенмен, қазақ жұртының атына бағыштаған лебізі ақ көкіректен шыққандай сезілген-ді.

–Қазақ жұртының мұрат-мүддесі – өздеріңіздей қандас, корші елдермен кетісу емес, келешекте көшін бірге түзеу екеніне шүбаңыз болмасын, шах, – деді би алғаусыз көңілмен.

Манадан үнсіз келе жатқан хазірет:

–Бір хан, үш биіне тізгін-шылбырын біржолата ұсынғаны рас болса, жуық маңда қазақ елін суық соға қоймас, жау жерін жағалай қоймас. Қазақ елінің көші әлі алысқа барады, көр де тұр, – деді. –Ал, би, әрдайым оң сапар үстінде жолықтырғай, Жасаған ием!

Би оның сүзіле, алысқа кадалған жұмықтау жанарынан көп-көп айтылмаған сыр қалғанын көргендей болды.

Қоштасу рәсімі қысқа қайырылды. Екі жақ та айтарларынан істерлері көп жұмыстың салмағын сезініп тарасқан еді...

Қазақ елшілігінің алғашқы күндері жүрістері маңдымай қойды. Аптап ыстық аяқтан бір шалса, әр тараптан жиналған үйірі басқа жылқылар ауық-ауық қайыруға көнбей кері кашумен әлекке түсірді. Тек бесінші тәулікке қарай “жершілдіктерінен” ештеңе өнбесіне мойынсұнып қайырма бағытпен жосылып сала берді.

Жетінші күні, көлденең ұшырасқан көк майсалы, қамысты, қопалы, атаусыз, ауқымды сайдың жағасына түнемелеп, таң бозында атқа тақым артқалы жатқандарында кернейге ұқсас сазды әуен қысқа қайырылғанмен, ойда-жоқта бұларды алаңдатып тастаған. Әркім әр түрлі түспал айтып бөгеле берді.

–Жолымызды тосқан қарақшылар болмаса нетті!

–Қарақшылардың бір-біріне хабар беріп жатқаны болса, қарасыны аз болмағаны, сірә.

–Әй, Хиуа иналшықтарының сұры ұнамап еді маған. Солардың өкшемізге салған барымташылары шығар, мүмкін?

–Қой әрі! Әлгі саз “Ел айырылған әнінің” қайырма сазы секілді ғой.

–Е, тәйірі-ай, – деді Әйтеке басу айтып. –Жайық бойының батырлары бір-біріне хабар саларда не алыстағының жау екенін, дос екенін айыру үшін осылайша керней не өңсер* арқылы саз береді деуші ет. Солардың бірі де.

–Олай болса, қазір көріп алалық!

Әбілғазы өзі қолдан жасап алып, қалтасынан тастамайтын бөкшағын** суырып алып “Шилі өзеннің” бір тармағын сызылтты. Сөйткенше болмай, өздері қоналқылыққа тандаған қамысты сайдың аржағындағы қопалы тұсынан дабырлаған дауыс еміс-еміс естіліп жатты.

–Әй, мынау өзіміздің қазақтар!

–Хиуаның керуеншілері де...

–Дегенмен, аныс болған жөн.

–Құдай біледі, осы біздің Әй-екендер кәміл.

Ә, дегенше, қамыс ішінен қырық-елу аттылы сау етіп шыға келді. Топтын алдыңдағы көстендеген кереге жал, сауран көктің үстіндегі, бозала шақта адамнан гөрі диоға ұқсанқырайтын дәуді би бірден шырамыпты. Дауысы да жарқын естілді.

–Мына байбақтының батыры таң шайтанымен бірге көшетінді шығарған ба!?

–Айттым ғой, өзіміздің қазақтар деп. Құдай біледі, міне, мынау Әй-ағаңның дауысы, – деді Шолан батырдың дауысы төңіректі көшірердей әуіпідей естіліп.

Екі жақ арқа-жарқа. Батыр биге кең құшағын жая ұмтылды.

* Өңсер – қатерді білдіретін ежелгі дабыл құралы.

** Бөкшақ – қамыстан жасалатын сырнай.

—Ой, Әй-аға, қуып келе жатқан естектеріміз екен деп сіздерге тарпа бас са-
луға шақ қалдық қой.

—Иә, Тасым ағанның бес батпан гүрзін жууден бір жолға сені Құдай сақтады...
Шайтан кошер шақта бұл не жүріс? — деді би батырды құшағынан босатып жатып.

—Ой, аға, айтпаңыз, сіздер кеткелі терлік құрғатар шақатымыз жоқ.

Бәрі сыпырыла аттан түсіп, сай бойының тізеден асқан өлең шөбі үстіне
жайғасып жатыр. Шолан сабылу мән-жайын баяндады. Сойтсе, анада қазақ ауылын
барымталап кеткен естектер сондарынан қиқу шықпағасын, қайыра борліктіріп
тағы екі жүз жылқыны қуып кетіпті. Бұларға хабар кешігіп жетіп, із кесіп
сондарына түскенмен, тым ұзап кеткен барымташылардан күдерін үзіп, енді
Хиуадан оралар бұлардың жолын тосып жүргендері екен.

—Сәлеміңізді естігенбіз. Сосын да өзімізді кісендегендей шыдас қылдық.
Шыдамның да шегі бар. Басқаның басынғаны аздай, бақанын көтере алмайтын
башқұрт бозымбайларының тәйтіктігі зығырданымызды қайнатуда. Батырлар
олардан енді ұстаған жерде қолымыз, тістеген жерде тісіміз қалсын деп кіжінулі.
Мыңнан астам жылқы қолды кетті. Қазақтың жоқшысы келер деп бағып отыр
деймісің, ханбазарға салып, ұшты-күйлі қылған шығар ендігі.

Шығыстан алау күннің қызыл жалқыны көтерілді. Жылқышылар қанжыға-
ларындағы жаужұмырларын, жолдорбаларын ағытып, көк майсаға жайылған ас-
жаулық үстін қазақтың құрт, май, ірімшігіне, өзбектің құрма, жүзіміне сықас-
тырып тастаған. Қымыздан оқта-текте сораптап қойып, дәмге бас қойған жоқ-
шылар башқұрттарға тісін қайрап, қолдарына түссе, екідегісін естеріне
келтіретіндіктерін қызулана айтысты. Енді бұлардың жолына сөзбен тосқауыл
бола алмасын білген Әйтеке жүреміге шешім қабылдады. Дастарқан батасы жаса-
лысымен, Тасымға жедеғабыл тапсырмасын ықтияттады.

—Енді екеуміздің бағытымыз — екі басқа. Сен мына мал-мүкамалды елге
жеткіз. Жағдайдың бүге-шігесін хабар тосқандарға түсіндір. Малы жоғалғандарға
тұяқа тұяқ қайыр. Дүние-мүкамалды жоқ-жітіктілерге үлестір. Тайтұяқ ал-
тындарға жолай соғып, қарақалпақ байларынан мал сатып алып, кембағылдарға
нәпақа тарат. Ал, жаны жоғалғандар өзiрге айып мал-мүкамаларға разы болып,
шыдас қылсын. Хабар-ошар, қанық іс қара күзге қалғанын айтарсын. Жаны
жоғалғандардың мөңкітіні де ұшырасар. Күзде тірі болса жанын, өлі болса
кұнын қайыртамыз. Тек қанға — қан деп онсыз да екі ел арасындағы қураған
қауға от тастамасын. Ұғындар. Басып бақ. Қан-құмарлық — жыртқышқа ғана
лайық. Мал-мүліктен сынық сүйем үнем қылманыздар. Мына он ноянның маң-
дай тері, табан ақысы менің мойнымда.

—Ой, бұлар мен тұрғанда аштан өліп, көштен қалар деймісін, — деді Тасым. —Онан
да ауылға соғып, бір-ер жұма ат белін суытып, сосын аттансаң да үлгермейсің бе!

—Жоқ! — деді би кесімді түрде. —Бүгінгі шала — ертеңгі өрт. Бұл — ауыл
арасындағы ағайын адамдардың арызымсыз арызы мен бықсып-түгіндеп барып
түбі бір басылатын күңкіл-шүңкілі емес!

Ол бұдан кейін Тасымға өзі Құлынды, Ор бағытынан оралысымен Бұқара
мен Қоқанға жүретінін, жол қамына қапиясыз қам жасауын ықтияттады. Сосын
Шоланға бұрылды.

—Ал, баста батыр!

Қамысты сай, жекенді көл жағасында жолыққандар жапыр-жұпыр, асығыс
коштасты. Тасым бастаған топ бұрынғы бағытымен түстікті бетке алды. Шолан

мен оның сайдың тасындай екі-үш сарбазын ғана жанына ілестірген Әйтеке күн ұясынан қарға адым көтеріле бере, сүрлеу-соқпақсыз сахарамең Ор, Құлынды, Самара бағытындағы естек жұртына тура тартты.

Еру алмастырып, үнемі соқтыра желіп отырды.

Тағы да ақшам алмастырып, сау желдірген бірнеше күн артта қалды.

Терлік құрғатуға шақаты жетпес әлі де алда талай жолдар жатыр.

Атасы басканың арасынан дау шықпасын деп, ауылы басканың арасынан жау шықпасын деп, ағайын арасынан әділет қашпасын деп, айналасын өбілет баспасын деп, жетімім ешқашан жыламасын деп, жерімді жау жағаламасын деп сарыла да, сабыла да сынға түсер сүренді шақтың әлі қаншасы күтіп тұрғаны Жасағанға ғана аян!

Ол сонда қай бір сүрлеуі анық, аңғары даңғайыр жол дейсің: ащы терінді ғана үгіп қоймай, қасық қаныңның да құны саудаға түсер күндер ұшыраспасына кім кепілдік бермек.

Өзің үшін, қарабасының қамы үшін емес, өзгенің ары мен жаны үшін жонарқаңды тосып, шыбын жаныңды сәт сайын қайыра шүберекке түйюіңе тура келер!

Қалай болғанда да елді ерімен, ерді елімен сынар алмағайып күндер мен жолдар күтулі.

Ол – елдің маңдайға басар Ері ғана, ат сүрінгенше жол табатын дананың дарасы ғана шыдас беретін сындарлы жол.

Ауыр десеңіз де, жеңіл десеңіз де, тіпті Жазымыштың бұйрығы десеңіз ырқыңыз: әйтеуір Ұлы би қалаған Өмір жолы, Ар жолы – осы!

Бұл – үйде туып, түзде олуға бел буған Ер байламы, Ер қорешегі!..

Бірінші кітаптың соңы

СӨЗ АРАСЫ

Бұл фәнидің барынан жоғы көп екен.

Сосын бір өкініштісі — аспанға із, суға белгі сала алмайтының секілді желқанат Уақытқа ілесе алмайтының екен.

Сол жоғын табамын деп табанынан тозып, Уақытына ілесем деп төзімінен таусылып жүргенде, арада тағы бір он жылдың жел-құйыны шаңына көміп кете барыпты.

Ана сүтіне тойып алып, тамсанып жатып, бір Аллага ғана аян қиял құшағында ұйықтау — сәбидің ғана еншісі: аяғыңа міндің екен — армандайсың, ат жалын тарттың екен — айналаң қарыз бен парызға толады екен. Сол қарызы мен парызын өтеймін деумен ат терлігін құрғатуға шақаты келмей өткен ғұмырын кейде елеске емініп, сағымға үмсынып, текке зая кеткен, қызық пен қызылға құмар бозбаланың қысырақ қиялына балайтын тұстары қаниама!.. Соның бәрін талай түнді таңға ұластырып таразылап та көрген. Түнде соның бәрінен айниды, бәрінен түңіледі. Ал, ертеңіне... Бұл араласпаса, қара су кері ағатындай, бұл бармаса, Қаратау біржолата шөгіп, аласарып қалатындай таңмен таласа тұрып, қайтадан атқа ер салып жатқаны.

Сонда не тапты?

Не көрді?

Не түйді?

Не тындырды?

Жеткен бұланай биігі қайсы?

Тапқаны, көргені — ел ішінің ғұмыры бітпейтін ырың-жырыңы ма?

Бүгін ырыңын түгендейді, ертеңіне жырыңы қоздайды.

Бүгін жырыңын бүтіндейді, ертеңіне ырыңы егіздейді.

Не тындырғанын өзі айта алмайды екен. Аз тындырып, көп марқайды ма, көп тындырып, аз марқайды ма — оның куәгері халық та, таразышысы — иығындағы періштесі болса керек!..

Анық түйгені — адам байғұстың қайдағы бір сағым мен елеске ұқсаған үмітке желбуаз боп жаратылатындығы. Қиялық қырқылып, арманың алыстап, “тоналдым”, “таусылдым” деген шақтарында төзуге, шыдауға шыңдап бағар Үміттің ғана жаныңда қалады екен.

Сол жалғыз ғана Үміттің жалына жармасып, жоқты бар, барды көп қыламын деумен өмірдің де бел ортасын артта қалдырыпты...